

ЗЕЙНОЛЛА МУТИЕВ

**Фариза
Оңғарсынова
лирикасы**

Элективтік курсқа арналған оқу құралы

ОРАЛ-2019

УДК 821,0 (075)
ББК 83.3 Қаз я 7
М 88

Пікір жазғандар: **Тебегенов Т.** - филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Ысқақұлы Д. - филология ғылымдарының докторы, профессор, С. Демирел атындағы Қазақ-Түрік университеті

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған. Хаттама №11, 22.12.09 ж.

Мүтиев З.Ж.

М 88 Фариза Оңғарсынова лирикасы: Оқу құралы (толықтырылған 2 - басылымы). – Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2019. - Орал: «Шұғыла Принт», 2019. - 222 б.

ISBN 9965-709-96-3

Ұсынылып отырған оқу құралында қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын-қайраткер Фариза Оңғарсынова лирикасының көркемдік болмыс-бітімі, шығармашылық сан-алуан қыр-сыры сөз етіледі. Ақын сомдаған лирикалық кейіпкерлер әлемінің өзіндік ерекшеліктері, қаламгер шығармашылығының Шығыс пен түркі халықтары және қазақ поэзиясы дәстүрімен тығыз байланысы, суреткерлік шеберлік мәселелері қарастырылып отыр.

Оқу құралын пединституттар мен педагогикалық профильдегі университеттердің филология факультеті студенттеріне әдебиеттанудан элективтік курс (арнайы курс) есебінде пайдалануға ұсынылады.

Кітапты қазақ әдебиеті пәні тереңдетіліп оқытылатын мектептер мұғалімдеріне, лицей, гимназия шәкірттеріне факультативтік сабақтарда пайдалануға болады.

ISBN 9965-709-96-3
(075)

УДК 821,0

ББК 83.3 Қаз я 7

© Мүтиев З.Ж., 2010, 2019.
© Өтемісов ат.БҚМУ БАҚ және БО, 2010, 2019.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі қазақ поэзиясы әлемге танымал рухани қазына десек, оның бастау-негізі ауыз әдебиетінде, от-жалынды жыраулар жырларында жатырса, биіктеуі ХІХ ғасырдағы Махамбет, Абай есімдерімен байланысты екендігі, ал ХХ ғасырда Мағжан, Ілияс, Сәкен, Әбділда, Жұбан, Қасымдар көтерген поэзия күмбезін, олардың ақындық эстафетасын 1960 жылдардан бастап Мұқағали, Қадыр, Жүмекен, Фаризалардың жемісті жалғастырғаны белгілі.

Отандық әдебиеттануда жүйелі зерттеліп келе жатқан тақырыптың бір саласына 60-90 жылдар поэзиясын жатқызуға болады. Ұлттық лириканың дамып-өркендеуіне зор үлес қосып келе жатқан ақын-жазушылардың шығармашылық болмыс-бітімін, ақындық қарым-қуатын зерттеу әр кезде де күн тәртібінен түскен емес.

Қазақ әдебиеттану ғылымында лирика жанрына, жалпы поэзияға арналған мақалалар да, зерттеулер де баршылық, алайда қазіргі поэзия өрісіне (70-90 жылдар) арналған зерттеу еңбектері (Қ. Мәшһүр-Жүсіп, Б. Кәрібозұлы, А. Шәріп, т.б.) бірен-саран, жетімсіз.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілінің бірі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық жазушысы Ф. Оңғарсынова шығармашылығы әр уақытта да жыр сүйер қауымның, әдеби сынның оң назарында болып, жоғары бағаланып келеді.

Бүгінгі қазақ өлеңінің өресін, жалпы қазақ поэзиясының деңгейін Фариза туындыларынсыз толық елестету, анықтау мүмкін еместігін оңды ұғынсақ, ақын шығармашылығы бір емес, бірнеше зерттеу еңбектері мен оқу құралдарына негіз бола алатыны күмәнсіз.

Фариза - үлкен ақын. ХХ ғ. 60-жылдарының ешкімге ұқсамайтын үлкен өкілі, жаңалығы мол. Ақын лирикасының тақырып ауқымы өте күрделі әдеби процестерден тұрады.

Фариза - алдымен, лирик ақын. Оның ақындық әлемінің айшығы мен әшекейі де осы лирикасында жатыр. Лирикалық кейіпкер әлемі, дәстүр жалғастығы мәселесі кейбір ақындар шығармашылығына қатысты бірсыпыра қарастырылғаны рас,

алайда Ф. Оңғарсынова лирикасын ЖОО арнайы курс есебінде оқыту алғаш қарастырылып отыр.

Оқу құралын жазу барысында мынадай алға қойған мақсаттарды шешуді көздедік:

- қазақ лирикасының жалпы зерттелуі мен даму жайы;
- ақын поэзиясын зерттеу, тану мәселесі;
- лирика тегінің табиғаты туралы тұжырым-түйіндер;
- ақынның лирикалық кейіпкері және онымен рухани байланысы;
- өлең өнеріне көзқарасы, өзіндік өлшем, бағам-байлауы;
- азаматтық әуен, әлеумет мәселесін жырлау;
- махаббат, көңіл-күй лирикасы, туған жер тақырыбы, дала образы;
- әйелдер әлемі, әйел психологиясы - ақын лирикасының басты қайнар көзі;
- ежелгі түркі халықтары әдебиеті және классикалық Шығыс поэзиясының дәстүр көздерімен байланыс;
- жыраулар поэзиясының арнасында;
- Махамбет дәстүрінің әуен-әсері;
- Абай мектебі және дәстүр жалғастығы;
- XX ғасыр поэзиясының сүрлеу-жолы (аға, замандас, кейінгі толқын);
- ақын поэзиясының тілі, бейнелілік жүйесі;
- ақынның стильдік ажыратымы, суреткерлік қолтаңбасы, қаламгерлік ұстанымы.

Аталған мәселелерді шешу үшін зерттеу нысанына ақынның "Шілде" (1978), "Сенің махаббатың": Әйелдер әлемі жыр кітабы (1979), "Сұхбат" (1983), "Дауа" (1985), "Екі томдық: Таңдамалы шығармалары" (1987), "Қыз-ғұмыр" (1996), "Мен саған ғашық емес ем" (1999) сынды жыр кітаптары алынды. Сонымен бірге әр жылдарда мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған танымдық мақалалары мен пікір-сұхбаттары пайдаланылды.

Оқу құралы кіріспеден, төрт бөлімнен және бірнеше тарау мен қорытындыдан тұрады. Әр бөлім соңында тапсырмалар мен сұрақтар, өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар және әдебиеттер тізімі берілген. Оқу құралының бірінші бөлімінде жалпы қазақ лирикасының зерттелу жолы мен сын назарындағы

болмысы қарастырылып, отандық әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу еңбектері хронологиялық ретпен жүйелі шолу түрінде талданады.

Екінші бөлімде Фариза Оңғарсынова шығармашылығының (лирикасы) қазақ әдебиеттануында зерттелуі, яки фаризатануға түрен салған аға ғалымдар тұжырымдары мен соңғы буын зерттеушілерінің ізденістеріне назар аударылып, барлау жасалады.

Үшінші бөлімде Ф. Оңғарсынованың өлең-жырларындағы лирикалық кейіпкердің характері (сан қилы іс-әрекеті, ішкі сезім-сыры), адамдық болмысы ақын шығармаларын талдау арқылы көрінеді. Ақын және лирикалық кейіпкер әлемімен рухани сабақтастық та осы аталған бөлім тарауларында сөз болады.

Төртінші бөлімде Ф. Оңғарсынованың ақындық тұлғасының қалыптасуы табиғи талантымен қатар дәстүр көздерімен тығыз байланыста алынып, қарастырылады. Ақындық шеберліктің басты-басты белгілері де - аталған бөлімнің еншісіндегі дүние.

Қорытындыда кітап бөлімдерінде баяндалған ой-пікір нәтижелері жинақталып, түйінделеді.

Оқу құралының соңында тест тапсырмалары берілген.

Оқу құралын пединституттар мен педагогикалық профильдегі университеттердің филология факультеті студенттеріне әдебиеттанудан элективтік курс (арнайы курс) есебінде пайдалануға ұсынылады.

Сонымен бірге жоғары және орта арнаулы оқу орындарында "Қазақ әдебиеті» пәнінен арнаулы курстарда жүргізілетін лекциялық, семинарлық сабақтарда, сондай-ақ қазақ әдебиеті пәні тереңдетіліп оқытылатын бейіндік мектептері мен лицей, гимназия шәкірттеріне "Қазақ лирикасы" тарихы мен теориясынан мағлұмат беруде факультативтік сабақтарда пайдалануға болады.

Еңбектің жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларына ақын шығармашылығын терең танып-білуде қосымша оқу-әдістемелік құрал есебінде тигізер көмегімен қатар оқулықтар жазғанда пайдалы жақтары бар деп есептейміз.

*Дүние де - өзі, мал да – өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Абай*

Бірінші бөлім

ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ДАМУЫ ТАРИХЫНАН

§1. Қазақ лирикасы отандық әдебиеттану аясында

Қазақ әдебиеттану ғылымында жалпы қазақ лирикасының даму тарихы, зерттелуі өте әріден басталады. Қазақ топырағында дүниеге келген асқан өнер данасы Әбу Насыр Әл-Фарабидің поэзия туралы еңбектері [1, 8-14 б.б.] ұлттық лирикамыздың бұлақ бастауы саналмаса да жалпы өлең-сөздің әлемдік мәдениеттегі «жалпы ақындық өнер хақындағы аса бағалы байыптаулар болып табылады»[2, 52 б.б.]

Қазақ өлеңінің тұңғыш ғылыми негізде қарастырылуы Шоқан Уәлиханов есімімен байланысты. Шоқанның өлеңге қатысты қисындарының [3, 162-168 б.б.] «қазіргі зерттеушілер үшін құнды мәлімет болып есептелетінін» [4, 35 б.б.] айтумен бірге ғұлама ғалымның мол мұраларының қатарында «қазақтың халық поэзиясының теориясы... зерттеуі де ерекше назар аударғаны» [5, 75 б.б.] ғалымдар тарапынан айтылды да, жазылды да. Лирика жанрындағы Әл-Фараби, Шоқан салған ізденіс-тексеріс сүрлеулері кейіннен қазақ поэзиясының қалыптасу, өркендеу даңғылына айналар алғашқы адымдар болды.

Қазіргі қазақ лирикасының зерттелуіне ХХ ғасыр бедерінде көз салсақ, М. Дулатовтың Абайға арналған екі мақаласы ("Уақыт", 1908, "Қазақ", 1914) [6, 212-249 б.б.], А. Байтұрсыновтың "Қазақтың бас ақыны" ("Қазақ", 1913), "Әдебиет танытқыш" (Ташкент, 1926) [7, 137-298 б.б.], С. Торайғыровтың "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан", "Өлең һәм айтушылары" ("Айқап", 1913) [8, 196-202 б.б.], М. Жұмабаевтың "Ақан сері" ("Сана", 1923) [9, 323-348 б.б.], Ж. Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы туралы" ("ЛЖ",

1923), М. Әуезовпен бірігіп жазылған "Абайдан соңғы ақындар" ("Абай", 1918) [10, 264-293 б.б.], М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы», (Қызылорда, 1927) [11] сынды еңбектерін алғашқы бұлақ-бастаулар есебінде танимыз. Қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын қалаушылардың бірі, қазақ тілінде жазылған тұңғыш әдебиет теориясының авторы А. Байтұрсыновтың "Әдебиет танытқышы" ұлт ғылымы өркендеу жолының түп қазығы болғаны даусыз. Қазақ өлең жүйесінің құрылысына толымды, жан-жақты талдау жүргізген «Ахаң қисындары біздің ұлттық әдебиетіміз бен әдебиеттануымызда тыңнан туа тұра, әрине, не көктен түскен, не жерден шыққан нәрсе емес, бүкіл әлемдік сөз өнерінің күллі адамзатқа ортақ үлгісі мен үрдісінде жасалған дүниелер» [12, 87 б.] екендігін академик З. Қабдолов атап көрсетсе, профессор Р. Нұрғалиев: «Бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет» [13, 14 б.] деп тауып, қаперімізге салады. Зерттеушілер пікірін зерделей келгенде ой түйіні мынаған саяды: «Бірақ, бір даусыз шындық: қазіргі қазақ өлеңінің теориясы Ахаңсыз аттап баса алмайды» [12, 86 б.].

Қазақ лирикасын зерттеу кеңестік дәуірде де жалпы әдебиеттің даму, қалыптасу процесімен сабақтастықта өркен жайып қанаттанды. Әдетте әдебиеттің даму процесі оның сыны арқылы дамитынын, ұшталатынын ескерсек, сонау 20-30 жылдардағы әдебиет жанрларының зерттелу, тексерілу әдісіне де көз жүгірткеннің артығы жоқ. Арада өткен отызыншы жылдардың ойраны мен қырықыншы жылдардың қырғыны кезінде де қазақ поэзиясы зерттеліп, лирика тегінің түлеуіне әдебиет сынының ерекше ықпалы тиіп отырды. 1920-30 жылдардағы әдебиеттің даму, өркендеу, өсу барысы мерзімді баспасөз бетіндегі айтыс - тартыстардан да жиі көрініс тапты. Қай жанрда болмасын дүниеге келген жаңа туындының айналасындағы пікір - пайымдардың дұрыс - бұрыстығы, жетістік - кемшіліктері «әдебиеттің таптығымен», «социалистік реализмнің» жетістігімен өлшеніп бағаланды.

Өткен дәуірдің өркенді суреттерімен бірге күнгейлі дидагы және көлеңкелі көріністерімен қоса кереғар ойлары сын сапары

тарихында ұзақ жылдардан бері қалам тартып келе жатқан белгілі ғалым Т. Кәкішевтің зерттеу еңбектерінде [14] терең зерттелініп сараланған.

Кеңестік дәуірдегі поэзияның тарихынан сыр тартар отыз – қырық жылдық (1920 - 1960) дамудың дәрежесін (кей жағдайда социологиялық тұрпайылық қуаласа да) кәсіби біліктілікке көтерген еңбек - С. Мұқановтың «Өсу жолдарымызы» (1960) болды. Қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп - өркендеуіне сын болған аталған кітапта «Поэзия мәселесі» (1933) батыл көтерілді. «Әдебиеттің жалпы мәселелері туралы» әр жылдардағы мақалалар жинағынан тұратын аталған зерттеудің құндылығы сол - «Ол мақалалар кезінде қоғамдық әдеби пікірдің қозғаушысына айналды» [15, 414 б.].

Қазіргі қазақ лирикасының іргетасын қаласып, «отына күйіп, суығына тоңған» ірі филолог-ғалым, жазушы-ақын Ә. Тәжібаевтың «Өмір және поэзиясы» (1960) отандық әдебиеттану ғылымындағы жарқын құбылыс қатарында аталып, алдымен ауызға алынады. Аталған зерттеуде «Әбділда ұзақ уақыттың, әр дәуірдің лирикасын, көптеген ақындар творчествосын сөз етеді, талай даулы мәселелерді талқылаған; қай - қайсысы жөнінде болсын бірталай ойлар, тұжырымдар айтқан» [16, 53-54 б.б.], «Бұл еңбектерінен жазушылық тәжірибе мен зерттеушілік тәсілдің бас құрап, ұтымды түрде ұштасуының жемісті нәтижелерін көреміз» [17, 154 б.], «Оның ойшыл ғалым, нәзік сыншы, кең құлашты әдебиетші екендігін тапжылтпай дәлелдеген» [18, 227 б.] жетістіктерімен қоса «Бірақ, кейде Әбділда әсерге беріліп отырып, талдау орнына, тамсанып, сөздің, сөйлемнің сырт бояуын қуып кететін» [16, 58 б.] кемшіліктері бары да айтылмай қалған жоқ.

Қазақ әдебиетінің жалпы даму тарихына байыпты барлау, толымды талдау жасаған еңбектердің елеулісіне Е. Ысмайыловтың «Ақындар» (1956), М. Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» (1959) сынды монографияларында ғалымдар поэзия табиғатының тәлім-тәсіліне әр қырынан келеді. «Ақындарда» автор ақын және оның тұлғасын тануды халық ақындарының шығармашылығымен байланысты тексерсе, «Туған әдебиет

туралы ойларда» зерттеуші ұлы Абай мен Пушкин сабақтастығына, поэзияның қырық жылдық (1918- 1958) даму жолдарына жіті үңіледі. М. Әуезов еңбегінде Абай бітімінің бар болмысы зерделеніп, кейіннен ұлттық поэзиямызды зерттеудің бағдар шамына айналған әйгілі «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатында» әдебиеттің қырық жылғы тағдыры мен талайы сөз болады. Өлең-сөз егесінің ақындық шеберлігін, өзіндік өнегесін, даралық қасиетін, қаламгерлік стилін атап-ажыратып көрсетуде ұлы Мұхаңнан қалған мүсінді тіркестер: «қырғи тілді Асқар, сырлы сазды Сырбай, салқын ойлы Саин» сықылды сұрыптап талдау тәсілі алды академик Қаратаевтан [19, 111-112 б.б.] бастап, соңы қазіргі сындарлы сыншы, зерттеуші ғалым Т. Шапаевқа [20, 18 б.] дейінгі дүйім жұрттың әдеби талдаудағы әдіс- пішіңдемесіне айналып кетті.

Қазақ әдебиетінің (соның ішінде поэзияға қатысты да) өсу жолына қысқаша шолу жасаған кітаптың аталуы «Қырық жылда» (1957) делінсе де, сол кезең үшін құнды әдеби очерк туындысы екендігін баса айтқан ләзім. Ақын әрі ғалым С. Сейітовтың бұл ғылыми еңбегінде қазақ кеңес поэзиясының (1917-1957) қалыптасу, ер жету, өсу бағдары өзге де жанрлардың даму деңгейімен қатарлас берілген.

Қазақ өлеңінің құрылымы мен теориялық тәліміне, тарихы мен жанрлық ерекшеліктеріне назар аударған Қ. Жұмалиев [21], Е. Ысмайлов [22], Б. Кенжебаев [23], З. Ахметов [24], З. Қабдолов [25], М. Базарбаев [26], С. Негимов [27], М. Дүйсенов [28], К. Сейдеханов [29], Қ. Өмірәлиев [30], Қ. Мәшһүр-Жүсіпов [31] т.б. ғалым-зерттеушілер ұлттық поэзияның сыр - сипатына тереңірек үңіліп, әдебиеттану ғылымының алтын қазынасына айналған құнды-құнды еңбектер жазды.

Лирика тегінің дамуы эпоспен өзара тығыз бірлікте құстың қос қанатындай қатар қалықтап, өрістеп келе жатыр. Қазақ лирикасының өркендеу жолы халықтық поэзия дәстүрінің үлгісінде дамығандығы әдебиет тарихынан белгілі үрдіс. Әдебиеттану ғылымының өлең жанрын зерттеушілердің қай-қайсысы да халықтық поэзияға соқпай сөз айта алмайды.

Лирика тарихын өткен кезеңнің еншісіне үңілу арқылы тану, поэзия құдіретін халықтық лирикадан, ұлттық жырдан, бай фольклордан іздеу Ы. Дүйсенбаев, Х. Сүйіншәлиев, Б. Уақатов, М. Жармұхамедов, Н. Төреқұлов, М. Дүйсенов, К. Сейдеханов, Тұрлыбек Сыдықов, Қ. Сыдықов, А. Сейдімбеков, Т. Рақымжанов, Т. Тебегенов т.б. көптеген ғалымдардың зерттеу кітаптары мен баспасөздегі ғылыми - әдеби мақалаларында жан - жақты көрініп, ерекше сипат тапты. Туған әдебиетіміздің ежелгі дәуір мұрасы мен көне түркі және шығыс әдебиетімен байланысы, поэзиядағы ортақ арнадан тарайтын тек пен түр, тіл мен ой мәселелеріндегі тарихи проблемалар түйіндерін терең танып зерттеу жұмыстары Ә. Қоңыратбаев, Б. Ысқақов, Р. Бердібаев, Ә. Дербісәлин, М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов, Ө. Күмісбаев, А. Қыраубаева, Ш. Ибраев сынды ғалымдардың көп жылдық ізденістерінің қайнар көзі болды.

Бұл күндегі қазақ лирикасы өркені өсіп - жетілген, тұғыры тұрлаулы, ғылыми тұрғыдан жете зерттелген көркем әдебиеттің іргелі де өскелең жанры саналады. Қазіргі лириканың зерттелуіне маман - ғалымдармен қатар ақын - жазушылардың өздері де үлкен үлес қоса алды. Есімі мәшһүр қаламгерлердің туған әдебиеттің жай - күйі туралы мерзімді баспасөз беттерінде проблемалық мақалалар жариялауы, оны жинақтап кітап етіп шығаруы қалыпты дәстүрге айналды. Қаламгерлік қадамын ақын - жазушылықтан бастаған біраз сөз шеберлері ғылымға ден қойса, енді бір топ екі салада да шығармашылық шабыт танытты. Өлең - сөз жанрында сыншылар қатарының өсуі әдебиеттің гүлденуіне үлкен пайдасын тигізді. Сынның қарышты құлашы лирикада эстетикалық мәдениетті көтерді. Зерттеу көздеріне ақын-жазушылардың тартылуы ұлттық поэзияның сапалық қасиетін көркейтуден бірге көркемөнердің көсегесін көгертті, яки ар ісінің ажарын кіргізіп, мәртебесін биіктетті. Мәселен, Ә. Тәжібаев [32], Ә. Шәріпов [33], С. Сейітов [34], Т. Әбдірахманова [35], Ә. Нарымбетов [36], Ә. Райымбеков [37], Ө. Күмісбаев [38], Т. Рахымжанов [39] сынды ақын-жазушылар поэзия зерттеуімен жүйелі түрде шұғылданып, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, арнайы монографиялар жазды.

Ақын әрі аудармашылар Ә. Жәмішев [40], Т. Тоқбергенов [41], А. Егеубаев [142], Б. Ыбырайымов [43] өз кезеңінде сынға біржола ден қойды.

Ал, Т. Әлімқұлов [44], Т. Ахтанов [45], Ә. Нұрпейісов [46], М. Мағауин [47], С. Досанов [48], Е. Әкімқұлов [49], М. Ысқақбай [50] сияқты көрнекті прозашылар да жыл аралатып поэзия ауылына соғып, оны зерттеуге ат салысумен бірге сынға да араласты.

Белгілі ақындар Ә. Сәрсенбаев [51], Қ. Бекхожин [52], С. Мәуленов [53], Ғ. Қайырбеков [54], М. Әлімбаев [55], Қ. Мырзалиев [56], А. Нысаналин [57], Ж. Әбдірашевтердің [58] қаламынан туған лирикаға қатысты мәселелер мен ой-толғаныстар кейіннен кітаптарға айналып, әдебиет зерттеушілерінің кәдесіне жарап жатты. 70 - 80 жылдардағы поэзияда есімдері ауызға ілініп, өрнекті өлеңдерімен таныла бастаған ақындар С. Дәуітов [59] пен Ш. Сариев [60] қазіргі қазақ лирикасы төңірегінде кандидаттық диссертация қорғап, ғылымға біржола ден қойды.

Жалпы қазақ лирикасының зерттелуі жайында сөз еткенде әдебиеттану ғылымының өткен тарихына, оның өсіп - өркендеу жолына көз жіберудің маңызы зор. Жоғарыда есімдері аталып, еңбектері тізілген жазушы - сыншылардан өзге де белгілі ақын - лириктердің шығармашылығын әр қырынан алып тексерген ғалым - зерттеушілердің кандидаттық, докторлық еңбектері ұлттық поэзиямыздың дамып - жетілу бағдарын баяндайтын әдеби мұралар саналады. Ол зерттеулердің көпшілігі кейіннен жылдар өте келе қайта қаралып, салмақтау сүзгісінен өтіп, арнайы монографияға немесе әдеби мақалалар жинақтарына (толғаулар, талдаулар, портреттер, толғаныстар, эссе т.б. сипатында) айналып жарық көрді. Қазіргі қазақ поэзиясының халыққа кеңінен танымал өкілдерінің шығармашылық еңбектері зерттеушілер тарапынан тексеріске түсіп, зерделенді.

Лириканы шынайы түрде зерттеу, оған ден қойып, арнайы объекті өрісіне айналдыру жұмысы Отан соғысы жылдарынан кейін жүйелі түрде қолға алына бастағаны әдебиет тарихынан мәлім.

Әдебиеттанушы ғалым Қ. Жұмалиевтің 1946 жылы қорғалған докторлық диссертациясы "Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі" деп аталды. Бұл зерттеу кезінде С. Мұқанов айтып өткендей "терең ғылымдық еңбек" [61, 121-126 б.б.] болды.

Негізгі тақырыбы Абай поэзиясының тілі мен ұлы ақынға дейінгі қазақ поэзиясының даму тарихына арналса да, ғалымның аталған зерттеу жұмысы әдебиеттануға қосылған зор үлес еді. Қазақ лирикасының бүгінгі жайын сөз еткенде, академик Қ. Жұмалиев монографиясына соқпай өту мүмкін емес. Терең ойлы, үлкен ізденімпаз ғалымның жемісті жетістігі сол - ұлттық поэзияда өлең-сөздің күдіретін танытудың, оны тексерудің классикалық ғылыми үлгісін салушылардың бірі болды. Қ. Жұмалиевтің аталған зерттеуін ғалымның шәкірттерінің бірі, өзі де көрнекті әдебиет зерттеушісі, академик С. Қирабаев "Қажым туралы сөзінде (1977): "Қажым - XVII-XIX ғасыр әдебиетінің ғылыми жұртшылық мойындаған маманы" [62, 155-164 б.б.] деп әділ бағасын берсе және бір шәкірті З. Қабдолов өзінің "Ұстаз" (1967) атты толғанысында: «Қажекенді шын мәніндегі сирек кездесетін ұстаз» деп танумен бірге «академик Жұмалиевтің күллі әдебиетшілігіне күннің шуағындай тарап сіңіп кеткен абзал қасиет ...арлылық (әдебиет - ардың ісі-М. Шолохов)» [63, 134-143 б.б.] екендігін құрметпен қадірлей жазады.

Сан жылдық тарихи сатылардан өткен ұлттық лириканың туу, қалыптасу, даму сияқты өзіндік дәстүрі бар. Осыған орай көрнекті ақын-лириктердің шығармашылық табыстарын түбегейлі тексеруші, толыққанды пікір айтушы зерттеуші - ғалым мамандар шоғыры қалыптасты. Лириканың қазақ кеңес әдебиетіндегі дамуы, жай-күйі жөнінде пайымды пікір айтып, оны арнайы зерттеумен айналысқандардың (қазіргі көзқарас тұрғысынан алғанда кем - кетігі көзге ұрып тұрса да) алдыңғы қатарында жазушы - ғалым, академик С. Мұқановты айту ләзім. Оның жоғарыда аталған "Өсу жолдарымыз" (1960) кітабында 1920-1960 жылдардағы қазақ әдебиетінің жалпы мәселелерімен бірге поэзия жанрының өсіп жетілуіне де зер салынды. Нақты айтқанда кеңестік өмірдің шындылығын көтеріңкі пафоспен

жырлаған ақын- лириктердің өлеңдері талдауға алынып, әдебиеттің таптық мәселесі алдыңғы орынға қойылды.

Кеңестік әдебиеттің негізін салушылар - С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров сынды классиктерден бермен қарайғы Т. Жароков, А. Тоқмағамбетов, Қ. Әбдіқадыров, Ә. Тәжібаев, Ж. Саин, К. Сыздықов, Қ. Аманжолов, Ғ. Орманов, Ә. Сәрсенбаев, Д. Әбілов, С. Мәуленов, М. Хакімжанова, Ж. Молдағалиев, Қ. Бекхожин, Қ. Сатыбалдин және тағы да басқа ақындардың шығармашылық айдынына автор айқын да батыл, білікті талдаулар жүргізді. Бір жыл емес, бірнеше ондаған жылдардың жылнамасына айналған поэзиялық процестің поэтикасына жіті үңілген ғалым - сыншының назарынан сол заманда кітабы шыққан, «осы ақын» дегендердің қай-қайсысы да тыс қалған жоқ. Әдебиеттегі бет алыстың бағдары болған аталмыш еңбектің елеулі кемшілігі де болды. Оны біздер керітартпа саясаттың салқынына ұрынған әдебиеттің партиялылығынан, әміршілдік жүйенің жүгенсіздінен көретініміз де шүбәсіз шындық. Алайда егемендік алған елдің әдебиетші ғалымдары өткен дәуір жетегіндегі зерттеу кітаптарының "кешірімді кінәсін" әлі күнге толық ашып айта алмай, жариялы түрде жаза алмай, жазса да жаппай айыптаудан әріге аса алмай жүргені де жасырын емес. Солай бола тұра мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған көкейге қонымды ой-пікірлерден өзге соңғы жылдары әдебиет сүйер, ғылымды сыйлар қауымның қолына тиген белгілі сыншы-зерттеуші ғалымдарымыз М. Базарбаевтың "Көрікті ойдан - көркем сөз" (Зерттеулер, мақалалар, Алматы: "Рауан", 1994), С. Қирабаевтың "Әдебиетіміздің ақтандақ беттері" (Оқу құралы, Алматы: "Рауан", 1995), З. Қабдоловтың "Көзқарас" (Талдаулар мен толғаныстар, Алматы: "Рауан", 1996) сынды зерттеулері, сондай-ақ 1988-1989 жылдарда ақталған бес арысымызға байланысғы екі тілде (қазақ, орыс) жазылған белгілі ғалым әдебиет зерттеуші Ш. Елеукеновтің "Жаңа жолдан" (Алматы: "Жазушы", 1989), естеліктер мен мақалалардан құрастырылған ұжымдық жинақ "Бес арыс" (Алматы: "Жалын", 1992), сыншы Б. Дәрімбетовтың "Тазару" (Алматы: "Жазушы", 1991), Б. Әбдіғазиевтің "Асыл арна" (Алматы: "Қазақ университеті",

1992), Б. Кәрібозұлының "Сырлы сөз сипаты" (Алматы: "Қазақ университеті", 1997), т.с.с. өзге де кітаптар өліара шақтағы әдеби ағымның түзілісіне ауадай қажет шығармалар екендігінде сөз жоқ.

Өткен жүйе өміріндегі беделі күшті "коммунистік қоғам" мен "социалистік реализм" тіркестерінің архаизмге айнала бастағанына онша көп уақыт өтпесе де, зорлық заманның "таптық әдебиетінің" жемісі поэзия жанрына елеулі нұсқан келтіргені де - өткен тарих еншісіндегі ақиқат. Лирика тегінің томаға тұйық тар шеңберде жетілуі қанаты қырқылған құстың күнін кештірсе, өлең авторына "жеке бастың жай-күйін күйттеп кеттің", "интимдік тұмауға ұрындың" немесе "әлі күнге лирика жазады"-мыс сықылды міндер тағу - осыдан қырық- елу жыл бұрынғы поэзияның сынына тән зерттеу - тексеру бағыты болатын. Кеңес поэзиясының жетістік- кемшілігін "кемелденген социализм" қоғамының "толағай табысын" жырлай алуына қарай бағалау да өткен дәуір еншісінде қалған өлшем-таразы.

Лириканың тақырыптық-идеялық бағыты басты мәселеге айналып, көркемдік-шеберлік өрнектері екінші кезекке ысырылғаны да поэзия тарихынан мәлім мысал. "Социалистік құрылысқа ұраншы бола алмайтын лирика - бізге керегі жоқ лирика" (С. Мұқанов) [64, 235 б.] дегенді айтқызған қоғамда да поэзия дамып-жетіліп, көркейіп жетісіп жатты.

Үстіміздегі ғасыр поэзиясының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан үлкен сыншы, сыншылардың дүниежүзілік ассоциациясының мүшесі болған "Қазақтың Белинский" (З. Қабдолов) атанған ғалым, академик М. Қаратаев еңбектерінің лирика тарихын зерделеудегі құны зор. Қазіргі қазақ поэзиясының қалыптасу, жетілу процесіне айрықша назар аударып, бар саналы ғұмырын әдебиеттану ғылымының қанат жайып өркендеуіне арнаған ғұлама ғалымның лирика жанрын тексерудегі сын-зерттеу еңбектеріндегі тың тұжырым, ой-байламдары кейінгі зерттеушілер үшін бағыт - нысана көзі бола алды. Қазақ әдебиеті сынының профессионалдық дәрежеге көтерілуіне ұшан-теңіз еңбек сіңірген және сын жанрының талай тамаша жауынгерлерін тәрбиелеген ұлағатты ұстаз-ғалымның тырнақ алды туындысымен ("Қызыл ат және

социалистік реализм", 1933) ашылған алғашқы мақалалар жинағы "Туған әдебиет туралы ойларынан" (Алматы, "ҚМБ", 1958) бастау алған отызға жуық әдеби сын, зерттеу кітаптарында әдебиеттің басқа да іргелес жанрларымен қатар ұлттық поэзиямыздың тұтас даму тарихы қарастырылды. Кеңестік дәуірдегі қазақ поэзиясының өсу жолы, өлең-сөз өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселелері М. Қаратаевтың өзекті зерттеу объектісі болды. Әдебиетіміздің өсу белестерін ғасыр төңкерісінен бермен қарай тексерген ғалым мұрасының қомақты мол дүниесінің бірқыдыруы - отандық лириканың жай-күйі мен жағдаяты туралы болып келеді. Дәуір талабына мойын ұсынып, ізденіс іздеріне үңіліп, туған әдебиеттің мерейін көтеруге, өркенін өсіруге ғұмырын арнаған ғалымның: "Қандай қиын өмір картинасын түсірем десе де, қандай қиын өмір мәселесін шешем десе де қазіргі қазақ поэзиясының құдіреті мен өресі жеткілікті. Сонау 1917 жылғы Сәкен Сейфуллин мен 1967 жылғы Олжас Сүлейменовтің арасында қазақ әдебиетінің ауыр жүгін көтерген ақындар бар; олардың созылған ұзақ қиын-қыстау творчестволық жолы бар; талай ақынның шарқ ұрып жаңалық іздеген соқпақ, сүрлеуі бар; шыққан белесі, сүрінген шұқанағы бар" [19, б. 61 б.] деген бағамды байлауынан сыншы-қаламгердің аталған жанр өрісіне қаншалықты назар аударғанын байқаумен қатар эстетикалық мұраттар мұрағатына адал көзқарасын аңғарамыз.

Қазіргі қазақ лирикасының мәселелерімен жүйелі түрде ұдайы айналысып, сандаған зерттеу еңбектері мен монографиялар жазған ғалым-академик С. Қирабаев. Елу жылдан артық уақыттан бері (1948 жылдан бастап) әдеби сын, ғылыми зерттеу салаларында жемісті еңбек етіп келе жатқан ғұлама ғалым әдістемелік-педагогикалық қызметімен қабат поэзия жанрын тексерумен де жүйелі айналысты. Ғалымның "Спандияр Көбеев" (1958), "Сәкен Сейфуллин" (1962) сынды күрделі еңбектерінің қатарын көптеген сын-зерттеу кітаптары толықтыра түседі. Әдебиетші ғалымның шығармашылық еңбектерінің қыры сан алуан түрлі. Әдебиет сынындағы серпінді еңбектердің сүбелі сорабын былай қойғанда С. Қирабаев қаламынан қалыс қалған ақын-қаламгер яки осы күнгі

поэзия өкілі сірә да аз. Поэзия пайғамбары Абай, жыр жампозы Жамбыл туралы сөз жалғасы үстіміздегі ғасыр басында өмір сүрген ақын-жазушылар Б. Ізтөлин, С. Дөнентаев, М. Дәулетбаев, И. Байзақов туралы зерттеулерге ұласты. Ғылымдағы ізденіс сапарының жемісті жолы І. Жансүгіров, М. Жұмабаев, Б. Майлин, С. Мұқанов, А. Тоқмағамбетов, Ғ. Орманов, Қ. Аманжолов, С. Мәуленов, Ж. Саин, Ә. Тәжібаев, Қ. Бекхожин, Ж. Молдағалиев, М. Әлімбаев, А. Шамкенов, К. Салықов поэзиясын тексеруге ұласты. Қазіргі поэзияның көрнекті өкілдерінің өнерпаздық өмірінен көз жазбаған ғалымның зер-талғамынан С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, Ф. Оңғарсынова, Ә. Дүйсенбиев, Ж. Әбдірашев лирикасы да қалыс қалмай, сонымен бірге соңғы буын-жастардың ақындық орбитасына да шолу жасалынып, көңіл аударылды. Академик С. Қирабаевтың "Поэзиядағы азаматтық әуен" (1976), "Ақынның азаматтық тұлғасы" (1987) атты мақалалары қазақ лирикасының даму өткелін көрсететін көрнекті еңбектері қатарында ғалымның зерттеу кітаптарына [62, 20-35 б.б.], [65, 28-45 б.б.] енді.

Әдебиетті зерттеудің және бір тың жетістігі ақындар шығармашылығына арнайы тоқталып, дербес зерттеудің объектісіне айналуы дер едік. Аға ғалымдар М. Әуезов [66], Қ. Жұмалиев [67], М. Қаратаев [68], Е. Ысмайылов [69], Б. Кенжебаев [70], Т. Нұртазин [71], Ы. Дүйсенбаев [72] салған дәстүр жалғастығы өз ретінде М. Дүйсенов ("Ілияс Жансүгіров", 1965), Ә. Шәріпов ("Ж. Саинның өмірі мен творчествосы", 1964; "Сырбай Мәуленов творчествосы", 1985), Т. Әбдірахманова ("Ақын сыры", 1964; "Қасым Аманжоловтың поэтикасы", 1976), М. Хасенов ("Иса Байзақовтың ақындығы мен стильдік ерекшеліктері", 1976), А. Нұрқатов ("Абайдың ақындық дәстүрі", 1966), Т. Әлімқұлов ("Жұмбақ жан", 1978), М. Жолдасбеков ("Асыл арналар", 1986, 1990; "Жүз жыл жырлаған жүрек" 1992), Ә. Нарымбетов ("Қ. Бекхожин творчествосы", 1993), С. Негимов («Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі», 1991), Г. Смағұлова ("Асқар Тоқмағамбетовтың ақындық творчествосы", 1983), Т. Ибрагимов ("Өлең өрісі", 1979), С. Тәжіғұлов ("Хамит Ерғалиев", 1983), С. Дәуітов ("Көңіл сазы",

1989), М. Мырзахметов ("Абай және Шығыс", 1994) Ж. Ысмағұлов ("Абай: Ақындық тағылымы", 1994), З. Ахметов ("Абайдың ақындық әлемі", 1995), Ш. Елеуқенов ("Мағжан Жұмабаев", 1995), Т. Тебегенов («Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», 2001) сынды ғалымдардың ізденістерінде дербес зерттеудің көзіне айналды.

Аталған еңбектердің барлығы дерлік әдебиетші ғалымдардың кандидаттық немесе докторлық диссертацияларының тақырыбынан туындап жатты. Қазіргі қазақ лирикасының көрнекті өкілдері Ғ. Орманов [73], Ә. Тәжібаев [74], Ә. Сәрсенбаев [75], Ж. Молдағалиев [76], М. Мақатаев [77], Т. Айбергенов [78], Ж. Нәжімеденов [79], С. Жиенбаев [80], Қ. Мырзалиев [81], Қ. Шаңғытбаев [82] т.б. ақындар шығармашылықтары әдебиеттану ғылымында арнайы тексеріліп, жан-жақты қарастырылды. Ғылым сапарына алдыңғы ағыс-ағалардың аманатын арқалай келген кейінгі толқын - інілердің ізденіс іздерінде поэзияға байсалды көзқарас, ойлы да тереңдік тағылымдары қалыптасты. Сөз өнерінің зерттелу дәрежесін көрсететін, оның ішінде поэзияға қатысты зерттеулердің соңғы бес-он жыл ішіндегі жаңа белеске көтерілуі жас ғалымдар К. Сейітова, А. Тілеуханова, С. Айбергенова, А. Борашев, А. Пангереев, Ж. Сұлтанғалиева, Е. Құлымбетов, А. Шыныбекова еңбектерінде жаңаша сипат тапты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлт әдебиеттану ғылымында қазақ лирикасының зерттелу арналары.
2. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабының ұлт ғылымының өркендеу жолындағы маңызы қандай?
3. Қазақ өлеңінің құрылысы мен теориялық қисынына арналған еңбектердің құндылығы неде? Авторлары?
4. Ә. Тәжібаев, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов зерттеулерінің қазақ лирикасының тарихын таразылаудағы орны.
5. Қ. Жұмалиев зерттеушілігі және Абай поэзиясының тілі.

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

1) *Қазақ лирикасы: даму эволюциясы мен зерттелу тарихын*

бажайлау.

2) *М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов зерттеулеріндегі қазақ лирикасының табиғаты.*

3) *М. Әуезовтың «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатының» ұлт поэзиясының дамуына әсері.*

Әдебиеттер

Белинский В.Г. Шығармалары. А., 1987. - 352 б.

Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991. - 240 б.

Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және

Абай поэзиясының тілі. А., 1960. - 364 б.

Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. А., 1960. - 488 б.

Ахметов З. Өлең-сөздің теориясы. А., 1973. - 212 б.

Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1992. - 352 б.

Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. А., 1999.- 205 б.

Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Аст., 2002. - 474 б.



§2. Қазақ лирикасы сын назарында

Қазіргі қазақ лирикасының классикалық үрдіске дейін жоғарылап дамуына ең бірінші кезекте ықпал еткен сын жанры болды. Сын саясында өсіп-өрбіген лириканың тәрбие-таянышы да осы сын құралы бола алды. Сынның ролі республикамыздағы аты мәлім 1972 және 1976 жылдардағы қаулылардан кейін мейлінше өсе түсті. Әдебиет мерейін өсірген "Уақыт және қаламгер" (1973-1990), "Сөзстан" (1980-1987), жинақтарының ұзақ жылдар атқарған ұшан-теңіз еңбегі қазақ сынының да өрістеп өсуіне шынайы қызмет қылды. Екі- ақ кітабы ғана жарық көрген "Жастар жастар туралы" (1981-1984) әдеби-сын мақалалар жинағының [83] да лирика сынды өсімтал өнер түрінің тамырын тереңге жіберіп, гүл атуына ықпал еткені сол дәуір шындығы. Аталған әдеби сын кітаптарының кезекті сандарында әдебиеттану ғылымының бірнеше он жылдық белесінің көрсеткіштері тұтасынан дерлік жан-жақты баяндалып қана қоймай, сөз өнері жанрларының дамып-жетілу деректері де тарих парақтарына жазылып қалды.

Өз дәуірінің үніне қызу ат салысқан аға сыншылар І. Омаров, Т. Тоқбергенов, З. Серікқалиев, Ф. Оразаев және басқалардың эстафетасын аманатқа алып, жалғастырушы сыншылар қатары өсе түсті. Мәселен, поэзияға қатысты салмақты ой-пікірлердің иелері, шынайы зерттеушілері С. Әшімбаев, Ж. Дәдебаев, Б. Кәрібаева, Д. Ысқақов, Т. Мәмесейітов, Б. Сарбалаев сынды сыншылар еңбектерінде қазіргі қазақ лирикасының хал-ахуалы жете тексеріліп, зерделенді.

1960-1990 жылдардағы қазақ поэзиясын "алтын дәуір" атаған әдебиет сыншыларының ерен еңбектері мен ізденістері және кәсіби біліктіліктері қазақ поэзиясын "күр ойбайшылар" мен "өлеңшілерден" сақтап қалды. Сыншылар қауымына бір табан жақын зерттеуші-ғалымдар қазақ лирикасының көрнекті де белгілі өкілдері шығармашылығын хроникалық жүйемен (он, жиырма жылдықтарға бөліп) тексеріп қарастыру әдісіне жеткілікті мән берді. Көпшіліктің ілтипатына бөленіп, өз оқырмандарын тауып, елге таныла бастаған жас ақындардың туындылары туралы пікір-пайымдар (рецензия т.б.) жоғарыда

аталған сын-зерттеу жинақтарының беттерінде, сондай-ақ "Қазақ әдебиеті", "Жұлдыз", "Жалын" сияқты төл басылымдар мен жастар газетінде өз бағасын (жетістігі мен кемшілігі) алып отырды. Дер кезінде зерттеушілер мен сыншылардың қырағы көзіне іліккен жас таланттар әдебиет көшінің сапалы қатарын толықтырса, керісінше көк жасық дүниелерімен өңмендеген "өлеңшілер" ат басын кері тартты. Нәрлі нәтижесін берген озық тәжірибелердің бірі деп, ақындардың өз шығармашылық лабораториясынан ой бөліскен мерзімді басылымдардағы жарияланған мақалаларын айтуға болады. Өз кезегінде өлең-сөз иелерінің бір-бірінің өнерпаздық орбитасына көз жүгіртіп, ой қорытып пікір айтуы сын садағының салмағын арттырумен қатар қаламгер каламының ұшталуына, шеберлік нәшінің жетілуіне игі ықпал-әсерін тигізді.

Қазақ поэзиясының күн тәртібінде тұрған келелі мәселелері Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты жиі-жиі шығарып тұрған ұжымдық монографияларында қозғалыс тауып, ғылыми жұртшылыққа ұсынылды. Мәселен, сондай зерттеулер жемісі ретінде "Ғылым" баспасынан жарық көрген "Жанр және шеберлік" (1968), "Қазақ филологиясының мәселелері" (екі тілде, 1964), "Жанр сипаты" (1971), "Қазақ әдебиетінің жанр проблемасы" (1971), "Қазақтың қазіргі халық поэзиясы" (1973), "Стиль сыры" (1974), "Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы" (1975), "Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері" (1976), "Сөз өнері" (1978), "Қазақ совет поэзиясының жанрлық ерекшеліктері" (1979), "Дәстүр және жаңашылдық" (1980), "Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы" (1981), "Көркемдік кілті - шеберлік" (1985), «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Жаңаша бажайлау» (1997) т.с.с. кітаптарда әдебиеттің зәру мәселелері қатарында поэзия проблемасы да көтеріліп, лириканың жетілу, толысу жолдарына тереңнен көз жіберілді. Дәуір дидарының бет алысын бағамдаған бұл еңбектердің негізгі арқауы лирик ақындардың уақыт тынысын танытқан туындыларындағы тың үрдістер мен аз мәлім жаңалықтарды тауып, зерттеуден тарамдалып жатты.

Жалпы қазақ лирикасының зерттелу барысына үнілсек, халықтық поэзия өкілдерінің шығармалары көш сапын

бастайды. Жырлар мен дастандардың, өлеңдер мен толғаулардың негізін құраған халықтық поэзияның ғылыми тұрғыдағы орны өзіндік ерекшелігімен құнды саналады. Қоғам дамуының тарихи көрінісін сипаттайтын дерек көзі ретінде де тақырыбына қарай тармақталып кетеді.

Қасаң қағидаға айналған хроникалық жүйені былай қойғанда, қазіргі қазақ лирикасының беделді өкілдерінің ғана шығармашылығы тексеріліп қойған жоқ. Әрбір жаңа кітабы шыққан белгілі ақындармен қатар республикалық басылымдарда жылт еткен туындысымен сыншылар мен зерттеушілердің назарын аударған жас қалам иелерінің өлеңдеріне де пікір айтылып отырды. Түрлі конкурстар мен ашық немесе жабық бәйгелерден оза шауып шыққан жас ақындар есімдері атаусыз қалмады. Жазушылар одағының мәслихаттары мен жылдық есептерінде поэзияға жаңадан келген жас толқындардың аты-жөндері аталып, өнердегі ынта-қабілеттеріне көңіл бөлінді. Лирика жанрындағы хал-ахуалдың даму, өзгеру, жетілу, түлеу сияқты процестері мен заңдылықтарына жіті назар аударған сөз өнерін зерлеушілердің ғылыми еңбектерінің құндылығы мен маңызы бүгінгі күнде де өзіндік мәнін жоя қойған жоқ. Ондай дүниелердің парасатты парқы ғылыми жұртшылыққа методологиялық негіз есебінде көмек етіп қоймай, сонымен бірге үлгі-өнегелік мақсатында да ерекше күш-қуат бере алды. Мындаған оқырманы бар поэзия тарландарының танылу, бағалану бағдарына бағбаншы болған, ықпал еткен келелі күш-қуат әдебиет зерттеушілерінің көзге көрінбес ерен еңбегінің үлесіндегі рухани-танымдық дүние екендігін мойындаған да ләзім. Әдебиет сыны мен зерттемесіне бір кісідей ат салысып, үлес қосып жүрген Т. Шапаев зерттеуінде көпшілікті мақұлдатқан бір пікір бар. Ғалым: "... 60-80 жылдар аралығы қазақ поэзиясының "алтын жиырма жылдығы" болды десек, артық айтқандық емес" [20, 11 б.] деп көптің көкейіндегі көкейтесті сөзді тауып айта алғандығына бас изей келісеміз.

Гүлдену дәуірін бастан кешкен сол кезең лирикасының көш басында Ә. Тәжібаев, Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, С. Мәуленов, Ә. Сәрсенбасв, М. Әлімбаев, Ғ. Қайырбеков, Ж. Молдағалиев

сынды саңлақтар салған аға буын дәстүрін М. Мақатаев, О. Сүлейменов, С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, Ф. Оңғарсынова, Ө. Нұрғалиев, М. Айтхожина, С. Иманасов, А. Бақтыгереева, М. Шаханов, Ж. Нәжімеденов, Ж. Қыдыров, Т. Медетбеков, Ж. Набиуллин, Қ. Бұғыбаева ... сияқты езгеше бір үнмен, жылы леппен ұлттық лирикаға жаңалық әкелген, аға ұрпақ білімпаз атаған орта буын өкілдері жалғастырып әкетті. Одан төмен түссек, басы елуді асып өткен, жасы қырыққа жеткен топ жарған таланттар тобына кезігеміз. 1980 жылдардың екінші жартысы мен 90 жылдардың басында таланты толысып кемеліне жеткен, жауқазын жырларымен салмақты ой құраған Е. Бағаев, Е. Раушанов, Ұ. Есдәулетов, С. Ақсұңқарұлы, Ш. Жұбатова, Ғ. Сейтақов, Б. Жақыпов, Б. Серікбаев, Б. Анарбекова, Т. Оразбаева, Р. Медетбекова, Б. Бекетова, М. Ыбыраев, Г. Салықбаева т.б. маңдайы жарқырап туған дарындардың қатарын толықтыра түседі.

Ұдайы өсіп-өркендеу кезеңін бастан өткеріп келе жатқан қазақ лирикасының соңғы бес-он жылдығында кейбіреулер айтып жүрген тоқырау, құлдырау, тұйыққа тірелу жағдаяттарының болып-болмағандығын дәлелдеудің өзі әлі күнге зерттеушісін күтіп тұр. "Кемелденген социализмнің" күйреуі, "қайта құру", "бетбұрыс", тәуелсіздік алумен ілесе келген мерейтойлар, ұлттық сананың оянуы, "ақтаңдақтар ақиқаты", өтпелі кезеңдегі "өліара шақ", базарлы қатынас, т.с.с. қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік процестер әдебиетке де өңді-өңсіз өзгерістер алып келді. Таптық, қоғамның қасаң қағидасына мойын ұсынып қалған әдебиеттің әу дегенде айтары болмай абыржып қалғаны да расқа саяды. Тақырып аясының тарлығы тәуелсіздікті жырлаумен ғана шектеліп, айта-жаза жауыр болған мәйегі мәнсіз мазмұнның идеялық мақсатты тежегені де лириканың қанатын қайыстыра жаздады десек, жалғандық болмас. Жалпы 90-жылдар лирикасының даму барысы мен бет алысы әлі де зерттеуін күтіп тұрған тақырып болып тұр бұл күнде.

Қазақ поэзиясын сан алуан жаңалықтармен байытқан, өлең өнеріне өзіндік түр, соны ой, тың идея дарытқан дарабоз дарындардың даралық қасиеттері, жеке тұлғалық тәлім-

дәстүрлері өз уақытында жазылды да айтылды. Өлең-сөз өнерінің озық өкілдерінің әдебиеттегі бітім-тұлғасы жай жазыла немесе айтыла салған жоқ, барынша әдемі, тың да нақты көзқараста, ғылыми ойлау жүйесінде бағамдалып, таразыланып-талданды. Ғалым-зерттеушілердің бұл бағыттағы еңбектерінде үлкен ой, айтарлықтай мазмұны бай терең де жетелі ғылыми тұжырымдар дүниеге келген. Сондай ізгі де шебер ізденістің нәтижесі көрнекті ақын-лириктің ақындық лабораториясын алдыға жайып салды. "Стиль - өнер ерекшелігін" (Қ. Жұмалиев) танытқан танымал ақындар даусын мыңнан ажыратып алу кемелдігі бүгінгі өнер жайған лириканың өсу жолының жемісі. Жемісі мол мәуелі бақтың бағбандары бабын тапса, ас та төк жиын-терінге қарық болатыны сияқты жәйтті бастан кешкен лирика күмбезінің көк туы көкпен таласа бой көтерді. Суреткер талантының ұлттық лириканың гүлденуіне қосқан үлесі мен қызметін анықтау процедурасы қыруар қыры мен сыры бар әдеби-ғылыми және танымдық-рухани еңбекті қажет қылар бір қиын да қиялы іс сияқты. Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік шығар шынайы өнердің шашасына шаң жұқпас тарланын табу - күреңбайлық көріпкел сынды қажет қылар қиын шаруа. Осындай мұз үсті қауіп-қатері жеткілікті өнердің тайғанак өткелінен аман алып шығар әдебиеттану ауылы ағайындарының атқарған қыруар жұмысы ғылыми әдебиеттің алтын басын төрге сүйреді. Салыстыруларға жүгінсек, лирика тегінің зерттелуі әдебиеттің басқа да жанрларынан кем түспеді. Мәселен, 60-70, 70-80 жылдар лирикасындағы жаңашылдық белгілерін тарихи даму тұрғысынан зерттеу, көркемдік ерекшелігін өткен дәуір ішіндегі жанр дамуының дережесімен салыстырып тексеру тәлімі жетекші орын алды.

Зерттеушілер тарапынан әр ақынның даралық сипатын тану, өлең-сөздегі поэтикалық өзгерістер өрнегіне үңілу-бақылау назардан тыс қалмады. Сол жылдардағы поэзияның тілі, өлең ырғағы мен өлшемі, өлең құрылысы мен көркемдік қуаты, стильдік ерекшеліктері алдымен ауызға алынды. Қоғам дамуындағы ой-пікірдің, болмыс-бітімнің лирикадағы көрінісі сол дәуірдегі құрылыстың үгіт-насихатының шеңберінде бағаланып, белгіленді. Әдебиеттің аса өткір және өскелең

жанры ретінде лирикаға өмір проблемасын жүк етіп артудың аталған өнер түрінің жан-жақты дамуына, толығып, толысуына зор ықпал күші де болмай қалған жоқ. Ақындардың тақырып ауқымын кеңейтуі, билікші таптың таптаурын болған ұрандатқыш саясат сойылын қоса сүйреткен идеядан арылып, таза өнер туындысына сай сәйгүлік-жыр жаратуы - соңғы он жылдықтың яки тәуелсіз ел поэзияның тарту-таралғысына кіреді. Түп-тамыры Абай, Сұлтанмахмұт, Ғұмар, Мағжаннан тараған ақ жолдың басы азаматтық лирика дәстүрі отандық поэзияның берік бауқазығы болды. Заман шындығын жырлаған ақындар шығармашылығының шырайына айналып, рең берген көрікті өнердің өркендеу сатысының және бір қыры ұлттық табиғи ерекшеліктерді таныту болып табылады. Қазақ халқының қанына сіңген ұлттық бітімнен бастау алатын тамыры тереңге кеткен ой мен сезімнің парқын бейнелейтін парасат және пайым мазмұндылығы да қазіргі лирикада барынша бедер тауып бейнеленген. Ақынның суреткерлік келбетін, шеберлігін, стилін анықтауда әдебиет зерттеушілері арнайы айналысып, объекті негізіне көрнекті ақындар шығармашылығы алынды. Сонымен бірге лирикалық кейіпкер әлемі, лирикалық тұлға мәселесі, адам образын жасаудағы ақындық талант табиғатының қол жеткізген табыстары тұрақты түрде тексерілу аясына кіргізілді.

Ақындардың лабораториялық шеберханасына жіті үңілген мамандардың мерейлі жетістігі қатарына ұлттық тіл байлығының қолданылу шеңбері, тілдік оралым мен ажар-келбет мәселелері де шет қалмай зерттеу көзіне айналды. Қоршаған орта мен табиғаттың арасындағы байланысты нығайту, айналамен татулықты бекіту тақырыбы лириканың басты тұғыры болса, ол идеяға мұрындық болған ара ағайын-сыншы-зерттеушілердің үлесіндегі мәртебелі міндеттің де салмағы арта түсті. Лирикадағы тақырып жүйесінің кеңейіп, жедеғабал өркен жаюы, идеялық мұрат пен талғамның өсуі ғылымдағы кәсіби бағдардың күшеюіне әсерін тигізді. Екіншіден, сыншы мен зерттеушілер тарапынан білік пен дағды талаптарының қатал да әділ сұраныспен тексеріске түсуі де

оңды ізденістер мен игі нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Лирикада эстетикалық мәдениетті көтерудегі сынның рөлі.
2. Қазақ ақын-жазушылары лирика жанрын зерттеуге қаншалықты ат салысты?
3. Мерзімді баспасөз беттерінде қазақ лирикасы мәселелері қалай көтерілді?
4. Қазақ сыншылары М. Қаратаев, Е. Ысмайылов, С. Қирабаев, М. Базарбаев т.б. еңбектерінің лирика жанрын жандандырудағы ықпал-әсері.

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) *Қазақ лирикасының өркендеу жолы-халықтық поэзия дәстүрінде. Реферат дайындау.*
- 2) *Ұлт лирикасының ежелгі дәуір мұрасы мен түрк халықтары және Шығыс әдебиетімен байланысы. Ғылыми баяндама әзірлеу.*
- 3) *Қазақ лирикасының мәселелерін әр қилы жазу формасында (монография, әдеби мақалалар жинағы, толғау, талдау, портрет, толғаныс, эссе, т. б. сипатта) қарастырған ғалымдар еңбектеріне шолу жүргізу.*

Әдебиеттер

- Сейітов С. Қырық жылда. А., 1957. - 292 б.*
Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. А., 1958. - 444 б.
Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1959. - 556 б.
Мағауин М. Қобыз сарыны. А., 1968. -154 б.
Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1994.-448 б.
Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. А., 1996. – 240 б.
Дүйсенов М., Сейдеханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. А., 1982. - 192 б.
Ысқақ Д. Сын шын болсын. А., 1993. - 260 б.
Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. А., 1994. - 320 б.
Ержанова С. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. А., 2010. – 320 б.
Тебегенов Т. Өлең сөздегі дәстүр жалғастығы. А., 2010. – 256 б.

*Поэзия – дүние тіршілігінің соғып
тұрған тамыры, оның қаны, оты, нұры, күні.
Г.В. Белинский*

Екінші бөлім

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫН ЗЕРТТЕУ, ТАНУ ЖАЙЫНАН

§1. Талантымен танылған тұлға

Өнерпаздық тұлғасын дүйім жұрты танып-білген, елі мен халқына қадірі артқан, табиғат сыйлаған талантымен танылған поэзия тарланбоздарының шығармашылық өрнегінің өмірлік мұратқа айналып, зерттелуінің өзі - ғұмырлық рухани танымға ие заңды құбылыс сияқты.

1960 жылдары әдебиет әлемінің айшықты жанры-поэзияда адуынды жырларымен көпшілікті елең еткізген ақынның бірі Фариза Оңғарсынова болатын. Ә дегеннен оның өлеңдерін құлай сүйген оқырман ақынның отты жырларымен міне содан бері жарты ғасыр бойына үзбей жүздесіп-сырласып келеді.

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен орны бар тұғырлы дүние десек, ешкім де дау айтпас. Ф. Оңғарсынова поэзиясының табиғатын тану - алыптардан бастау алады. Көркем сөз зергерлері Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев өрбіткен баянды бағам-байлауды әдебиетші ғалымдарымыз М. Қаратаев, Ә. Шәріпов, С. Сейітов, З. Ахметов, Ә. Жәмішев, С. Қирабаев, Т. Тоқбергенов, Р. Нұрғалиев т.б. кезінде жалғастырды.

Ақынның өз тұстастарынан және қаламдас іні-сіңлілерінен К. Ахметова, М. Ысқақбай, С. Жұмабеков, Н. Оразалин, Ә. Кекілбаев, С. Елубаев, С. Әшімбаев, Ө. Күмісбаев, У. Қалижанов, Ә. Бөпежанова, А. Егеубаев, Т. Шапаев және басқалардың пікір-пайымдары мен байыпты талдау тұжырымдарының мәні зор болды. Бұның барлығы ақын-қайраткердің таланты мен болмыс-бітімін танып болдық деген сөз емес екені және түсінікті.

Ф. Оңғарсынова шығармашылығын жан-жақты кең көлемде арнайы қарастырылуы соңғы жылдары қоға алына бастады. Дарыны асқан дарабоз ақынның табиғи талантының тылсым сырын таратып айту да, жіліктеп жазу да зерттеушіден үлкен зердені қажетсінеді. Ақын мұрасы сонау алпысыншы жылдардың нақ ортасында "Сандуғаштан" (1966) серпін алып, сексенінші жылдардың аяғындағы құйылымы қадірлі, шырайы бөлек, қос томдық "Таңдамалыны" (1987) және "Қыз-ғұмырға" (1996) дейінгі аралықты қамтиды. Ақын Ф. Оңғарсынованың қаламгерлік қызметінің бір қыры аудармашылық және публицистикалық еңбегімен ұштасатынын ескерсек те, автордың тырнақалдысы - "Сандуғашынан" старт алған таза поэзиялық жыр жинақтары төмендегідей тізбені құрайды екен: "Маңғыстау маржандары" (1969), "Мазасыз шақ" (1972), "Асау толқын" (1973), "Көгершіндерім" (1974), "Мен сенің жүрегіндемін" (1975), "Шілде" (1978), "Сенің махаббатың" (1979), "Сұхбат" (1983), "Жүрек күнделігі" (1984), "Дауа" (1985), "Маңғыстау монологтары" (1986), "Екі томдық: Таңдамалы шығармалары" (1987), "Өсиет" (1995), «Қыз-ғұмыр» (1996) және "Мен саған ғашық емес ем" (1999) сынды дүниелермен толықты. Бұлардың ішінде Мемлекеттік сыйлыққа ие болған "Маңғыстау монологтарының" орны ерекше саналады. 1970 жылдардың бас кезінен бастап ақын туындылары көп көңілінен шығып, өз оқырманын тауып, ғалым-зерттеушілердің назарын аудара бастады. Мысалы, жазушы әрі ғалым Әди Шәріпов "Қазақ поэзиясы өрлеу үстінде" [84, 212-213 б.б.] аталатын мақаласында: "... Осы дәуірде келіп қосылған, қазір даусыз, жақсы талант есебінде жүрген қыз-келіншек ақындар жайында біраз сөз айта кету керек. Олар: Қ. Бұғыбаева, А. Бақтыгереева, Ф. Оңғарсыновалар. Бұлар бұрын аттары белгілі М. Хакімжанова бастаған Т. Әбдірахманова, Ә. Шалабаева, М. Айтхожиналардың тобына қосылған анық талантты, білімді ақындар" деп сол кезең көзқарасында байламын айта келе: "...Аз ғана қынжылатын жағдай - бұл аттары аталған қыз-келіншек ақындардың өлеңдеріндегі тақырып ауқымы, диапазон, азаматтық әуен әлі жетімсіз. Сондықтан да олардың даусы тым именшек шығып жатады... Даралану, ерекшелену, өсу

байқалмайды. Тек, Фариза Оңғарсынованың соңғы топ өлеңдері оқушы қауымды бір сүйсіндіргені бар" - деп, ағынан жарылады.

Сондай-ақ сол жылдарда шыққан академик З. Ахметовтың "Өлең-сөздің теориясы" [85, 205 б.] оқу құралында Фариза өлеңдерінің ("Мен - комсомол", "Тарихпен тілдесу", "Ұстазға", т.б.) ырғағын "өзінше өрнектеп", шығармаларындағы сөз қолдану ерекшеліктеріне, сөйлемдеріндегі синтаксистік құрылым мен "Ақынның өзіне тән публицистикалық үнділігіне, еркін сөйлеп айтылатын оралымдылығына" көз жүгіртілген. Ақын өлеңдерінің алғаш рет шын мәніндегі терең де жаңашылдық өрнегі аталған зерттеулерде тұңғыш рет сөз болады.

Фариза ақындығының болмыс-бітімі қаламгердің әр жылдары шығып тұрған жыр жинақтарына жазылған алғы сөздермен қатар сол кітаптарға айтылған сын-рецензия, пікірлерден көрініс тапқан. Айталық, жоғарыда аттары аталған сөз өнерін бағалаушылардың көпшілігі жаңа кітап туралы сын - пікірлердің, сондай-ақ ақынның мүшел тойларына байланысты мерзімді баспасөз беттерінде сөз қозғап, ой қорытқан авторлар болып танылды. Олардың ішінде Фариза шығармашылығының тұнық айдынына терең сүңгумен қатар "әй, осы бір жаза салайыншы" деген оймен "қалам сілтей салғандар" да болмай қалған жоқ. Әйтсе де, көбіне-көп біріне бірі ұқсас, ой қайталаған ондай мақалалардың ақынның қазақ поэзиясындағы орнын, үлес салмағын таразылауда белгілі бір дәрежеде үлес қосқанын да айта кеткен жөн. Мәселен, жоғарыда ғалым-зерттеуші Ә. Шәріпов айтқан ой-пікірдің екінші бір варианты тәрізді қабылданатын ақын шығармашылығына қатыс сөздің арада дәл он жыл өткенде академик М. Қаратаев аузымен айтылып қайталануы - ғалымның "Ізденіс іздері" атты әдеби сын кітабында [86, 48 б.] кездеседі.

Фариза ақынның лирикалық туындыларының тақырыптық мазмұны мен көркемдік ерекшелігі туралы әсем де әдемі айтқан аға буын өкілдерінің бірі Ә. Тәжібаев болды. Ғалымның "Ой мен сезім нақыштары" аталған мақаласы Фаризаның "Шілде" (1978) өлеңдер жинағына арналған. Мұнда көреген көз бен терең білімнің сынынан өткен Ф. Оңғарсынова поэзиясының

бет-ажары шын мәнінде өзіндік бағасын алғандай: "...Мен Фаризаның махаббат жырларынан бәрімізге ұқсамайтын өзгешелік көремін. Бұл қайсымызда болса да ойландыратын өзгешелік. Адамның шартты түрдегі ережелерге, канондарға, ескірген әдет, дәстүрлерге тұтқын болып қалмай босануын, өз сезімін ұрламай, жасырмай, бүкпей сөйлеуін қазақ поэзиясында батыл жырлаған осы Фариза" [87] дей келе Ә. Тәжібаев ақын өлеңдеріндегі ұйқас ерекшеліктеріне, жинақтағы бейнелі тіркестер қолданысына назар аударады. Сондай-ақ ақынның "Сенім", "Әйелінің маскүнемге айтқаны", "Дала дауысы", "Елесің қуантардай" сияқты өлеңдеріндегі кемшіліктерге де көңіл аударады. Әбділда ақынды өзіне ұстаз тұтқан Фаризаға арналған аға пікірінің қорытынды құнды сөзі жоғарыдағы пайым-танымнан соң он жыл өткенде мерейтой иесіне арналып «Фаризаны оқысам, қанаттанып қаламын» [88] деп ағынан ақтарыла жазылды да.

Ақын Ф. Оңғарсынова поэзиясының шырқау биіктерге көтерілгенін өз дәуірінде танып, бағамды байлауын айтып кеткен "алыптар тобының" өкілі Ғабит Мүсірепов болды. Сөз зергерінің ақынның 1983 жылы жарық көрген "Сұхбат" өлеңдер жинағына жазылған "Екі ауыз сөзінде" сарабал суреткердің салмақты ой-пікірі берілген. Мұнда кітап авторының атына жай ғана жылы сөз айтыла салмай, ақын туындыларының табиғи танымына терең көз жіберген сөз зергері ой-пікірін дәйекті мысалдармен тұжырымдаған. Мәрттік мінезбен мәпелей жазылған, дархан көңілмен ағынан ақтарылған асыл ағаның "Екі ауыз сөзінің" мазмұнына көз жүгіртсек: "Мен ақын Фаризаны бүгінгі поэзиямыздың ең жоғары сатысында тұрған замандастарымен қарайлас биікте көремін..." деп ой түйеді де: "...Біздің кейбір ақындарымыздың "жаңашылдығы" өлең түрінің айналасынан аса алмай жүр. Әлі күнге баяғы он бір буынды қара өлең жолын тура малап, үшке бөліп, "жаңа" түр деп ұсынуға әлі күнге ұялмаймыз. Оның үш жол деп гонорар алуға жәрдемі тиер-ау, поэзияға - ноль. ...Фариза поэзияны осылай алдастыру мен "көркейтуге" туа қарсы болған ақын деуге болады" [89, 3-6 б.б.] дейді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Ф. Оңғарсынова поэзиясының эстетикалық танымы мен ақын шығармашылығының шұрайлы шырайын байыптаған сыни еңбектердің қатарын академик С. Қирабаевтың [65, 129 б.], Р. Нұрғалиевтің [90, 355-361 б.б.], Ә. Жәмішевтің [91, 33-35 б.б., 39-40 б.б.], Т. Тоқбергеновтің [92, 133-144 б.б.], Ө. Күмісбаевтың [93, 115-116 б.б.], С. Досановтың [94, 287-289 б.б.], С. Жұмабековтің [95, 222-234 б.б.], М. Ысқақбайдың [50, 152-160 б.б.], Ә. Бөпежанованың [96, 69-85 б.б.], ақындар С. Сейітовтың [97, 241-247 б.б.], С. Мәуленовтың [98, 21-46 б.б.] әдеби сын мақалалары, зерттеулері мен эссе-портреттері де толықтыра түседі. Өмірі мен өнерін өлең-ғұмырға сыйғызған ақынның көп жылдық шығармашылық еңбегінің әр алуан кезең еншісінен өзіндік орнын ойып алып, әдебиет майданы күрескерлерінің қаламына ілігуінің өзі де заманға сай заңдылық.

Қазіргі дәуір поэзиясында парасатты ой мен пайымның зеріне іліккен 60-90 жылдар лирикасының "алтын дәуірге" айналып, тамаша туындыларымен таңғажайып үрдіске көтерілген таңдаулы тарланбоздар қатарында Фариза ақынның да жарқырай көрінуі - кестелі жырдың киелі иесіне бақыт боп қонған бармақтай бақ болса керек. Халық пен қоғамның адами тәрбиесінің түп қайнары эстетикалық-рухани тағылымының танымдық іс-әрекетімен ұштасатынын ескерсек, көркем өнердің төресі-әдебиеттің әмбебап тәрбие ұлағатының ұясы екендігін ұмытпаған абзал. Біз өмір сүріп отырған ғасырдағы қазақ поэзиясының маңдай алды жарық жұлдызы, жарқын құбылысы қатарында аталған Ф. Оңғарсынованың шығармашылық мұрасын жүйелі түрде, кең арнада зерттеу – енді ғана қолға алына бастады.

Күллі шығармашылық-өнерпаздық қабілет-талантымен әдебиет зерттеушілерінің назарын аударып, ойлы да сыншы, талғампаз оқырмандарының көңілінен шыққан Фариза ақындығының арнайы да мақсатты, сондай-ақ міндетті зерттеу көзіне айналып, объекті өрісіне ілігуі - өмір талабының пәрменіне сай рухани қажеттілік болар еді. Ақын туралы, оның шығармалары хақында қалам тербеген әдебиет майталмандарының көпшілігіне тән деуге болатын ортақ жәйт

(егер кемшілік деуге келсе) - Оңғарсынова суреткерлігінің сан алуан қырына тереңдеп барған жоқ, яғни арнайы тексеріп зерттеуді, арнайы ден қоюды мақсат та етпеген сияқты. Әйтсе те жоғарыдағы аты мәлім зерттеушілермен қатарлас сәтімсіз айтылған сүбелі сөздер мен ақынның шығармашылық тұлғасының ерекшелігіне байланысты ой-түйген пікірлердің бір алуаны мерзімді басылымдарда жарық көрді. Азабы мол әдебиет сапарында ақынның қатарлас, қанаттас, үзеңгілес келе жатқан қаламдас замандастары Ә.Кекілбаев [99], Н.Оразалин [100], К. Ахметова [101], У.Қалижанов [102], Б.Ақбаев [103], С. Елубаев [104] және басқалардың әріптестік арнау сөздері қаламгердің мерейтойлары кезінде көптеп жазылды. Республикалық басылымдарда жарияланған бұл материалдарда Оңғарсынова өнерпаздығының өнегелі қыр-сыры, ақынның ұлт әдебиетінен мекен тапқан ұшан-теңіз еңбегі қоғамдық өмірдегі қайраткерлік қызметімен байланыстырыла жан-жақты жазылып, байлауы берік білікті пікірлердің біршамасында тиянақты ой түйінделді. Жылдар өте келе ақын поэзиясына, оның көпшілікке (оқырманға) аз мәлім қыр-сырына назар аударушы зерделілердің қатары арта түсті. Мысалы, ақын-журналист М.Ақдәулетұлының [105], қайраткер-ұстаз Ш.Беркімбаеваның [106] жас өнерпаз Г. Ақұрпекованың [107] ақын шығармашылығы тұрғысындағы өз ой-толғамдары мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді.

Ширек ғасыр бойына әдебиетпен біржұптаса біте қайнасып келе жатқан қаламгердің шығармашылық мұрасы туралы бірталай жазылып, бірсыдырғы айтылып, әдепкі әдеби-ғылыми көзқарас, жүйелі негіз қалыптасса да, қаламгер қайнарының қуат-күшін, бұлақ бастауын жеткілікті өз дәрежесінде, өз биігінде, өз өлшемінде таразылай, бағамдай алдық па?!.. Яки, тақырып зәрулігі осындай идея-мұраттан туындап жатса керек. Өрт мінез ақынның "мінезді жырларындағы" (Р. Нұрғалиев) өмірлік өлшемдердің өнердегі өрісін кеңейтіп, өскелең жанрда (лирика -З.М.) қалай қызмет қылғанын, қандай өнеге қосқанын өрбіте қорыту - бұл дағы осы еңбектің ғылыми-әдістемелік маңызын міндетіне алады. Ақын Ф. Оңғарсынова лирикасының мән-жайын зерттеуден, тексеруден туған басты мәселенің бір

бағытында ақынның лирикалық кейіпкері кім және оның автормен байланысын көрсету тұрса, келесі айқын мұраттың өзегінде көркемдік-шеберлік өрнектері арқау болмақ.

Ф.Оңғарсынова өлеңдерінің идеялық-тақырыптық, көркемдік қуатын айқындау, ұлттық тіл байлығын пайдалану мен ой еркіндігінің өмір шындығын жеткізудегі өресін, болмыс-пайымын байыптау да осы оқу құралының аясына кіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Фариза Оңғарсынованың шығармашылық өмірбаяны.
2. Фаризатанудың негізін қалаушылар кімдер?
3. Ақын лирикасының тақырыбы мен идеясы.
4. Ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері.
5. Ақын-суреткердің қайраткерлік келбеті.

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) *Өзіңіз сүйіп оқитын ақын өлеңін жатқа айтыңыз.*
- 2) *«Өрт мінез ақын» тақырыбында реферат дайындау.*
- 3) *Ғ. Мүсіреповтің «Екі ауыз сөз» пікір-мақаласын талдаңыз.*

Әдебиеттер

- Оңғарсынова Ф.* Екі томдық таңдамалы шығармалар. А., 1987. - 352 б.
- Оңғарсынова Ф.* Қыз-ғұмыр. А., 1996. - 391 б.
- Мүсірепов Ғ.* Екі ауыз сөз. Кітапта: Ф. Оңғарсынова. Сұхбат. А., 1983. - 184 б.
- Нұрғалиев Р.* Мінезді жырлар. Кітапта: Ф. Оңғарсынова. Екі томдық таңдамалы шығармалар. А., 1987. - 352 б.
- Тәжібаев Ә.* Ой мен сезім нақыштары // Қазақ әдебиеті. 1979, 5 қаңтар.
- Елубаев С.* Я завидую вашему страданию // Казахстанская правда. 1989, 23 желтоқсан
- Мүтиев З.* Фариза Оңғарсынова лирикасы. Монография. Орал, 2002. – 156 б.
- Фариза Оңғарсынова (Естеліктер) / Құраст. Гүлсім Оразалықызы. А., «Қазақстан» баспа үйі, 2018. – 384 б.*

*Лирика – барлық поэзияның өмірі мен
жаны; лирика - поэзияның поэзиясы.*

Г.В. Белинский

Үшінші бөлім

ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР ӘЛЕМІ

§1. Лирика – әдебиеттің бір тегі

Лирикалық туындылардағы басты іс-әрекет жеке адам қаракетіне құрылатыны белгілі. Оны әдебиеттануда лирикалық кейіпкер дейміз. Лирикалық кейіпкерге байланысты пікір-пайымдар тасқыны бүгінгі зерттеу нөпірінде әр қилы талас-тартыстар тудыру процесін бастан өткізе келе, ғылымда жүйеге түскен, қалыпты дәстүрге ие тарихи тұжырымдар шарттылығын меңгерген әдеби процесс. Автор мен лирикалық кейіпкер арақатынасының ара жігін айыру мәселелерін қарастырғанда қателікке ұрынуға болмайды. Бұл туралы З. Ахметовтың: "Лириканы түсіну-пайымдауындағы үлкен және жиі кездесетіні қателік - ақын өз атынан айтқанның бәрін тек өзі туралы, өз басы жайында айтып отыр деп қарау, ол болғанды ғана емес, болатынды да, өзіне ғана емес, өзгеге де тән көңіл-күйін сезіне, айта алатынын ескермеушілік" [112, 32 б.] деген пікірін еске аламыз.

Лирикалық кейіпкер ұғымы туралы кең түсінік, лирикалық кейіпкер характерінің табиғатын таныту мәселелері және жанрлық ерекшеліктері туралы әдебиетші ғалымдар Б. Кәрібаева [113], Ә. Қоңыратбаев [114], Т. Шапаев [20] Қ. Мәшһүр-Жүсіпов [31], Б. Кәрібозұлы [115] зерттеулерінде биік сапа тапқан. Лирикалық "персонаж" терминінің қазақ әдебиеттануда лирикалық поэзияға яки өлеңге қолданудың еш сөкеттігі жоғын дәлелді теориялық талдаулармен тұжырымдаған филология ғылымдарының докторы Б. Кәрібозұлы: "Реті келгенде айта кетуіміз керек, әдебиеттануда лирикалық кейіпкер ұғымын лирикалық образбен шатастыру жиі кездеседі. Біздіңше, лирикалық образ лирикалық кейіпкерден әлдеқайда кең ұғым десек, бұл айтылғанның лирикалық "персонаждарға" да қатысы бар" [115, 123 б.] дейді.

Демек, "өлең өнері ілімінің жетістігін зерттеу үшін осындай жалпы қағидалардың пайдасы бар" [1, 14 б.] екенін естен шығармаған да абзал.

"Лирикалық кейіпкер - ең алдымен көркем бейне" дейді ғалым-сыншы Т. Шапаев, - шындықты көркемдік тұрғыда тану мен өрнектеу процесі, творчестволық субъектінің (яғни, ақынның) осы процестегі рухани қызметінің қажыр-қозғалысы лирикалық кейіпкер бейнесінен айқын көрінеді" [116, 11 б.].

Зерттеушілер пікірінің түбегейлі табан тірер тұғыры мынаған саяды: лирика тегі, оның жанрлық және мазмұндық ерекшелігі, лирикалық кейіпкер мен авторлық "меннің" ара жігін айыру мәселелері, лирикалық тұлға проблемасы, лирикалық "персонаж" бейнесі әлі де зерттелу үстінде екендігін аңғартады. Дей тұрсақ та, қалыпқа түскен, жүйеленген ой-пікір мен дәлелді дәйектемелер тоғысы лириканың ғылымдағы зерттелу әдіс-тәсілінің қаншалықты жетіліп, дамығандығына да өркенді өлшем бола алса керек.

Лирикалық кейіпкер бітімінен қоғамдық өмірдің көрінісі, заман ағымы оның толғанысы арқылы көрінетіні белгілі. Өлеңдегі өміршең бейне ылғи алдыңғы саптан табылып, халық атынан сыр ағытып, ой тоғытса - онда туынды авторының да азаматтық өресі, кісілік келбеті жарқ етіп көрініп қалады. Лирикалық шығармадағы кейіпкерлер әлемінің әр қилы қимыл-әрекетінен "сезімнің отты нәзіктігі" (З.Ахметов) сезіліп тұруы керек. Жалқының образдық рөлі бірте-бірте жекелеген туындыдан тарала, тұтаса келе жалпыға айналуы - лирикалық қаһарманды дүниеге алып келеді. Типтік бейне сипаты эпикалық шығармалардың өрісін еншілесе де, лирикада қас-қағымдық қуат-күшімен-ақ оқырманның көзайымына айналатын көркем образ бүгінгі поэзияда бар. Ақындық "меннің" ауылынан жырақта жатқан типтік образ табиғаты негізінен лирикалық қаһарманға жақын тұлға болар сірә да. Мәселен, ақын-лирик Ф. Оңғарсынова өлеңдеріндегі көпке таныс, ешкімге бас имейтін өзіндік дара мінезі бар, көбіне қатал характерімен оқырман есінде қалған әйел кейіпкерді автордың ондаған, жиырмалаған туындыларынан жиі кездестіреміз. Арнайы аты аталып, түсі түстелмесе де ол бізге бір табан жақын, белгілі іс-

әрекет (айтар ойы, пікірі, идеялық мұраты т.с.с.) дағдысымен оқырман миының бір қыртысында ұзақ сақталады да, кез-келген таныс әуенді өлең-жырда атой салып, қызу өмірге араласа кетеді. Сонда бұл не? Лирикалық қаһарман ба, не лирикалық тұлға ма, не лирикалық "персонаж"... әлде басқа ма? Күрмеуі қиын күрделі сұрақтың толық жауабын ақын шығармаларының шырайына үңілу арқылы таба аламыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Лирика қандай жанр, сипаттама бер.
2. Г.В. Белинский, А. Байтұрсынов лирика хақында.
3. Лирика туралы З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кәрібаева, Б. Кәрібозұлы, А. Шәріп, Қ. Мәшһүр-Жүсіпов пайымдарының ерекшеліктері неде?
4. Бүгінгі қазақ лирикасының даму деңгейін әңгімеле.

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) *Лириканың әдебиеттің басқа тектерінен айырмашылығын ажыратып, дәлелдеңіз.*
- 2) *«Лирика - ауыз әдебиеті мұраларында» тақырыбында баяндама дайындау.*
- 3) *«Абайдың лирикалық кейіпкерлері кімдер?» (сұхбат - жауап).*

Әдебиеттер

- Белинский В.Г.* Поэзияны тегі мен түріне қарай бөлу. Кітапта: Избранное. Эстетика и литературная критика. М., 1950. – 473 с.
- Гринберг И.* Три грани лирики. М., 1985. – 394 с.
- Мәшһүр-Жүсіпов Қ.* Өлең-сөздің патшасы. А., 1991. - 216 б.
- Кәрібозұлы Б.* Сырлы сөз сипаты. А., 1997. - 281б.
- Шәріп А.* Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. А., 2000. - 336 б.
- Мүтиев З.* Қазақ лирикасын зерттеушілер. Оқу-әдістемелік құрал. 1-кітап. Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Баспа орталығы. 2011. – 285 б.
- Мүтиев З.* Қазақ лирикасын зерттеушілер. Оқу-әдістемелік құрал. 2-кітап. Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Баспа орталығы. 2011. – 272 б.

§2. Ақын және лирикалық кейіпкер

Фариза лирикасы өзіндік сыр-сипатқа ие, тұрақты оқырманы бір, іздеушісі мен сұраушысы бар, өлең-жырдың жетік дәстүрін өн бойына жиған байсалды поэзия. Ақынның лирикалық кейіпкерлері жалпы қазаққа (оқырманға) жақсы таныс, күнделікті өмір тіршілігінің өтінде жүрген біздің замандастарымыз. Саналы ғұмыры, өнегелі өмірі өлеңге айналған ақын-лириктің жыр-сандығынан ақтарылар маржан ойлары образдылық тудыруда орасан мол байлыққа ие. Ойлы оқырманның көңіл төрінен өзіндік стилімен төл табиғатымызға тән мінез-құлық (сыршылдық, мұңшылдық, нәзіктік пен қайсарлық т.б.) әдебінің ажарын айқара ашып таныту - ақын поэзиясының нұрлы шамшырағы десе де болғандай. Мұқым жұрттың көкейіндегі келелі мәселелерді (проблемаларды десек те қате етпес) лирикалық образдың өн бойына жинақтап, өлең-жырдың жасампаздық құдіретіне әлеуметтік маңыз беру де ақындық мұраттың басты шарты болса керек. Фариза лирикасына тән тағылымдық процестердің параметрлік өлшемі өлең өлкесінің нақ төрінен құтты мекенін тапқан тереңдік пен биіктік атты бірліктің қосындысын құрайды. Тереңдік пен биіктік ұғымдарының асқар таудай асылы-ақыл мен парасат парқымен бағаланатынын ескерсек, ақын мұрасының қаншалықты және қандайлықты қасиетке ие болғандығына көз жүгірткеннің артықтығы жоқ. Көз жүгіртіп қою аз, нақтысы ақынның қаламгерлік, суреткерлік болмысы мен бітіміне барынша тереңдеп бару арқылы барлау жасауға болады.

Сезімді селт еткізер, жүректен шыққан жырдың балын тамызар ақын поэзиясының пернесі таза да тың лиризмге лайықталған. Өмірдің өзін өлең деп бағалаған ақынның өлең-сөзге жүгінуі де автор этикасын әйгілеп тұр. Фариза лирикасындағы шалқар шабыт ақынның сөз өнерін құрметтеу, оған табыну құдіретінен көрік алады. Нағыз ақынға тән кредо-жыр бұлағын аялап сүюден нәр алып, одан арғы биіктерге қол созады. Ақын түсінігінде поэзия патшалығы адамзат дамуы мен жеке адам психологиясына қызмет етер ерекше дүние.

Көктеуі келіскен көркемөнердің өзегі-өлең деп ұқсақ, "сөз патшасына" сыйынып сыр ашу- ақынға ғана жарасқан символика болғаны да. Ақынның өзекті өртеп шыққан "Өлеңінде" өміршең өрнектер автордың поэзия планетасындағы платформасын паш еткендей:

*Күлкімді, жайлы күнімді,
Азапты, қайғы мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
қатем мен жеңістерім үшін,
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем! [117, 5 б.]*

Өлеңді аялау, құрметтеу ақын біткенге ортақ қадірлі қасиет. Ақын болмай-ақ сөз өнерін бағалайтын пенде де жыр-жақұтын жан серігі етуге қақылы. Айырымы сол - жыр маржаны "жүрекке жылы тисе" (Абай). Парасатты ақын Фаризаның пайым-таныммен кестеленген лирикалық шумақтарында өршіл өлеңнің өресі өшпестің, өлместің өрмек жібінен өрілген. Фариза лирикасындағы "сөз сарасының" қадыр-қасиеті жеке бастың мұң-мұқтажынан жоғары тұр, өнегесі - адамды тәрбиелеудің қазыналы, қастерлі құралы.

*Біреудің күлкісін көріп,
бақыттының түр-түсін көріп,
шаттанып қалған шағымда
жеткендей арман-сағымға,
қуаныштан дірілдеп денем,
алдыңа күлімдеп келем.*

Өлеңнің өлшеуіші де, оны тартар таразы да басқалардың бақыты үшін, туралай айтқанда адамзаттың ар-ожданын қызғыштай қориды және қауымға қызмет қылуды мақсат еткен. Ақын жаны соны түсіндіреді. Өзгенің күлкісі, шаттық қуанышына бола күресу, өмір-өлеңді соған арнау дегеніміз-гуманист суреткерге лайық ғанибетті, ғибратты, келіскен бір іс емес пе! Лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесі, сезім толқыны, көңіл күйі өнерге барып қонақтаған. Өмір өткелі қиын да ұзақ жол. Теп-тегіс тақтадай даңғыл жатқан ештеңе жоқ. Күрмеуі қысқа жіптей келте ғұмырда тірі жанның көрер

қызығы, көгерер тауқыметі аз болмайды. Біреуге бал, біреуге мұз жалатқан өмір соқпақтарының ащы-тұщы дәмін байқап көруге де тура келеді. Күнгеі көңілді, көлеңкесі жабырқау шақтарда ақын "мені" өлең-жырдан жұбаныш табады.

*Біреудің насықтығынан,
біреудің жасып мұңынан
жүрегім сыздаған кезде,
жаным мұздаған кезде
мен сені саялаймын.*

Эмоция - лирик ақынға тән шабыт құбылысы. Ақынжандылықтың алмас шындығы жеке бас проблемасын баяндаудан аулақта жатыр, керісінше, ырық бермес шалқар сезімге нәр береді. Жан күйзелісі, тіршілік толқыны ішке сыймайды, өзгеге сыр ақтаруға асық. Сөз жоқ, лирикалық кейіпкер тағы да өлең - доспен ой бөліседі. Жыр маздаған жүректің шер тарқатар аяулысы өлең бопты:

*Дара күндерімнің
нала күндерімнің
серігі болғаның үшін,
сенімі болғаның үшін
мен сені аялаймын.*

Ақынның қырағы көзі қоғам болмысының бәтуасыз, берекесіз жақтарын жанардан жасыра алмайды. Өкініші көп өмірдің келеңсіз көріністері мен сұмпайы суреттері өлең-серікке соны сөз, ой-толғамның тезін тартқызады. Қиындығы мен қызығы, тағылымы және тақсыреті егіз өретін өткінші дәурен дүрмегінен ақын жаны байыз таба алмай алаң көңілде. "Жаман дос - көлеңке" (Абай) болған бес тиындық құны қалмаған құғұмырдың қамытынан қапиясын тауып құтылып көр:

*Ажалмен айқасқан сәтте
Қыршын жас көз ілгенін көріп,
өткінші сезімдерді көріп,
кешегі досын дегеннің
минутта жерінгенін көріп,
кімнен өшімді аларымды білмей,
алдыңа лапылдап келем,
жарылуға жақындап келем.*

Шабыттың шар тасын отты өлеңге жаныған ақынның ат басын тірер мама ағашы алдында тұр. Ол - поэзия. Жаратылысы жұмыр жаһанның жеңіл-желпі жалама тұзы ақын жанын жабырқата алмайды, мейлінше қиюы қашқан көңілді күн шуаққа сүйрейді. Дара күннің серігі секілденіп, нала түннің сенімі сияқтанып, ай боп туған қияқтанып, сыр ұрлаған өлең-ода ой отауына орнығып алған:

*Өмірдің өткелдерінен
Қиындық көп көргеніммен,
өртеніп от басқаныммен
өзіңмен қоштаспадым мен*

Қаламгердің өмірлік кредосы айқын. Ұстар бағдаршам байымы байлаулы, тұрақсыз тактикадан сырт, байсалды бағдарлама.

Оқырманын ойға жетелер "Өлеңмен" өзектес, оралымы ортақтас өлеңнің бірі - "Ақын". Көлемі кішігірім, әйтсе де келісімі кемерлі аталмыш өлеңде ақынның азаматтық ажары айқындала түседі. Айталық, "халқының махаббатымен түлер" ақынға тұғыр болар тірек төрттаған - елі ғана. Оқушы түсінігінде ақын жай ғана өлең шығарушы болмаса керек. Ол - "нәзік жүректі самалдан тоңар гүл" тәрізді бола тұрса да, "қияметтерге қарсы ағар бал шабыт" иесі. Семсер сөздің сүңгісінен мұз еріткен ақын идеясы игілікті іске құлаш ұрады:

*...Әділет үшін жан салып,
алдыңда тұрсын қанша алып-
шындыққа жетпей тынбайды
Сұлулық пенен пәктіктен
рахат күткен, бақ күткен
шығып кеткенше ақтық дем
арпалысып өтер қасқайып
күңкілмен, бұқпа сақтықпен [117, 7 б.]*

Ақ сөйлеген лирикалық кейіпкердің туған жері мен еліне деген махаббатында шек жоқ. Өсіп-өнген Отанының ана тілі мен салт дәстүрін, тарихы мен мәдениетін, ел еркесі - ерлерін құрметтейді, қастер тұтады. Ақын елдің ардағы атты тәлімді осы "Ақын" өлеңінен тап басып танимыз да терең түсінеміз. Тақырыбы жағынан төркіндес жоғарыда талданған екі өлеңнің

өміршендік сипатын ақын кредосының критерийі сынды алуымыздың да өзіндік мәні бар. Өлең және ақын немесе басқалай алып қараңыз, бірінсіз бірі толық мәнге ие бола алмайтын деректі зат есімдер. Айтулы екі ұғымның қамқоршысы халық болмай кім болады? Сол себепті шығар, ақынның көпшілікке айтар кісілікті сөзінде үлкен мән-мағына, ұтымды ұшқыр ой бар:

*Аяла, халқым, суынбай
Бұқардың мұрагерлерін!*

Бұрынғыдан қалған "алтынның сынығын" аялауға да ыстық қан, мұраттастардың демеу болар мейір-шапағаты, суымас сезімі керек. Ел-жұртқа етене жақын ақын-суреткердің әзіл-шыны аралас қазақы қалжыңмен жазылған және бір өлеңі "Ұнатып ем" деп аталады. Әп дегеннен ғашықтық отына күйіп-жанған бойжеткенге көз қырын салмай жүрген жігітіміз..., бақсақ... Өлең екен:

*Сол жігіт білсең атын Өлең деген
Жымияр: "Саған оңай көнем бе мен!" -
Ерте-кеш болса да бір естір ме екем
бір сөзін "Сені жақсы көрем!" - деген... [117, 8 б.]*

Өнердің биік шыңы - өлең деп түсінген ақынның суреткерлік шеберлігі жан-жақты жаңашылдығымен жарқырай көрінеді. Жазу мәнерінің мың да бір машығын игерген қаламгер туындыларының тұнығы тереңде жатыр. Өлең өлкесінің ой-қырынан өнімді жырларымен өрнек өрген өнерпаздың шалқыма шабыты, кең құлашты қарымы поэзия әлемінің айшығын аспандата биікке көтере түседі.

Ф.Оңғарсынованың ақындық лабораториясының ұлағатты ұтымтал тұсы - нені жазса да, өлең-сөздің парқын пайымдай білуінде. Үнемі ізденіске толы, жинақылығы жиһаздай жыр жолдарынан ақынның өзін-өзі қайрауы, өлең өрісін өзгертуге, тыңнан түрен салуға ұмтылысы байқалады. Шығармашылықтың шарайнасы-шабытпен жазылған өлең-сөзден сезіліп, жарқырай көрінуі үшін де тұщымды туындыларды оқу, білу керек дегенді "Жақсы өлең" аталған жыр шумақтардан асықпай барлауға болады. "Өлең сиқырын аңғармаған көңілге" қажеттінің бірі -

жақсы өлең оқу. "Жақсы өлең - жанның нәрі" деп ой қорытқан ақын үні:

*"...жақсы жыр оқып нұры армандай
жадыраймын, жанымда мұнар қалмай,
сол өлеңді дәл өзім шығарғандай" [117, 20 б.]*

- деп ағынан ақтарылады. Сөйтсе-дағы "қылаң берер емес-ау алдымда әлі Махамбеттің, Абайдың шалғындары...".

Ұдайы ізденісте жүретін қаламгер қадыр-қасиетінің бір төркіні тарихты бағалау, өткеннен үйрену үлгісінен өнеге алады. Сырлы өлеңнің сиқыры сыр бермес дуалы дүниедей дертке дауа тапқызбай бұлқынады. Ақ жырдың абыздарын (Махамбет, Абай т.б.) ардақ тұтқан албырт көңілдің көк кептерлері қолға түспей қалықтайды: "Сыр бермейді сырлы өлең, жүдесем де, көңілім дауыл, күшім аз күресерге".

Фариза жырларындағы ақынның "мені" мен лирикалық кейіпкер тұлғасын ажырату үшін айшықты әлем - поэзия табиғатының тегін тап басып тану қажет. Поэзияны пүліш жапқан пыраққа теңесек, "жыр дүлей" (Т. Тоқбергенов) атанған Фаризаның ақындық позициясы айқын, таңдауы таңдайға татырлық, керімі келіскен керімсал поэзия. Ақынның ақынға қояр талабы мен өлең-жырға адалдығында көзге көріне бермес, жалпыға бірдей байқала бермес бір ізгі сыр бар. Үлкен өнерден үміткерге таудай талап қойғыш ақынның өлең жазу машығында майда-шүйде мәнсіз мәнер атымен жоқ. Әрі әлеміш дүбәра дүниеге дәті шыдамайтын қаламгер құдіреті қанмен жазылардай өлеңді қадыр тұтады, қасиет көреді. Шеберліктің шұғыласынан от ойнатқан ақиық ақынның айтар сыры, салар салмағы шексіз. Әріптестен күтері - сөздің саумал бұлағынан бал тамызар тегеурінді жыр мен өміршең өлең.

Бұл жолда:

*"Төгіп-төгіп жазбай ма ақын деген!
Терлеп-тепшіп қиналса, пақыр дер ем*

немесе:

*Майлы ас сіңген таңдайға татыр ма өлең-
Қайтсем ойын оятам, ақыл берем?*

- деп қиналған суреткер санасының дайын схематизм үлгісінде түлеп жүрген ақынсымақтарға көрсеткен қарсылығы ма екен?!

Жыр-жақұттың жалынына оранбай "қылғынып", "қызараңдап" отырып өлең жазу - "ол ақынның білімсіз бейшарасы" (Абай). Сырлы сұлу сөз өнерінің сиқырын түсінбеген талантсызға, ақынша айтсақ "миына жырдың мәні кіріп-шықпай" жүрген сабазға қояр талабы мен талғамы таудай. Ақын үшін ел есінде мәңгі қалудың жолы қиын да азапты сапар. Ол сапарда саф алтынды тас мүсіннің онша қажеті жоқ, төзімді текті жырға жани біл де құлақ сал:

*Құрбандықсыз келмейтін жеңістердей,
жазылса жыр ақынның қаныменен,
ескерткіштей сол гана нағыз өлең! [117, 27 б.]*

Поэзияны құрметтеу, ол арқылы болашақты бағдарлау – Фариза лирикасының еншісіне бұйырған бояуы қанық тақырып. Ақын лирикасын қай қырынан алып қарасақ та, бұлжымас бірізділік бедерін аңғаруға болады. Ол - "өлең-сөздің патшасы, сөз сарасына" (Абай) деген құрмет. Ақынның лирикалық геройы өзі деп алсақ, ақын "мені" моншақ-жырдың мақсат-мұратын маздатудан жалықпайды. Жүректі жарып шыққан өлең-жырдың нұрлы насихатшысы бола білу, оны назардан тыс қалдырмау - қаламгердің перзенттік парызы сияқты. Үнемі талап үдесінен шығуды, поэзия сынды періште өнердің туын биікке самғата ұстауды ақын жадынан шығарған емес. Өткелі асу бермес өмірдің қай қиясында жүрсе де, ақын жанын жадыратар нұрлы сәуле - өлең. Сенімді болашақтарға қол созған сәттерде қиял қанаты арман шырларына самғасын не алыстағы ақ көңіл ауыл - ел мен ардақты адамың - ана құшағын аңсаған мезетте ақынға жол серік болар тағы да сол- өлең-дос.

*Өмірде мынау менің бір.
Қоштаспас мәңгі досым бар.
Ол - менің жолым сенімді,
болашақтарға жосылған.
Дос барда саспай табамын
жұмбақ сырлардың шешімін.
Өзімен бірге қағамын,
тәкаппар өлең есігін. [117, 64 б.]*

Өмір-өзеннің ағысты айдынында жалғыздық жанын жабырқатқан лирикалық қаһарман бақытын тәкаппар поэзиядан

тапқандай. Сөз сарасы - өлең-жырдан жас та, кәрі де көңілге жақын қажетін алып, құмары қанады. Сонысымен де ол - қымбат қазына, рухани байлық атанған. Өлең-сөз қуатының құнына байланар баға, өлшем бірлігі жоқ, болмайды да. Көңілге кіреуке түскен сәттерде қайғы-мұннан арылып, адал да сенімді бағдарды іздеген сезім сілкінісі арманның ақ бұлтына барып жасырынады. Қайғының қаймана құрығынан құтылу үшін де күйректік күйге түсуге не оған жол беруге болмайды. Өмір сықылды өктем өткелден өз соқпағыңды тауып, тура жүру - сыннан сүрінбей өтудің мәрттік мінезін танытады. С.Мұқанов "Поэзия мәселесі" атты мақаласында "поэзиядағы қазық - өлең" екендігіне кең түсінік бере келе: "Жанға жылы өлеңдер көбінесе, лирикадан табылады. Лирика дегеніміз - табиғаттың немесе қоғамның өмірінде болып жатқан көріністерге ақынның әсерленуі, сол әсерлеріне өз жанының толқыны қалай араласуын айтып беруі ғой" [64, 121 б.] деген тұжырымы қазіргі қазақ поэзиясы майталмандарының көбіне ортақ шырайлы шындық екендігіне талас болмас. Бұл тұрғыда Фариза ақынның "Поэзия" (Махамбет аудармашысымен әңгіме циклі) атты туынды қазақ өлең-күйінің керегесін кеңіте түскендей. Осы өлең-оданың беташар-эпиграфына ақын:

*Поэзия - әйелдей жұмбақ, әлем
сиқыр сырын түсінер тұлға да кем:
жаны - тұнған тұңғиық тереңдік те,
қимылы - ырғақ, әуен;
Поэзия - арудай құпиясын
Ұқтырар жылдап әрең... [118, 74 б.]*

- деген толғанысынан тамыры тереңге кеткен, сиқыры мен сымбаты тұңғиыққа тұнған періште поэзияның пәктігіне, авторлық көзқарастың парасатты парқына тәнті боламыз. Ұлттық поэзияның жан-жақты дамуына ықпал етер ілгері қадамның бірі - өткен тарихты білу, ұлы тұлғаларды тану. Ақынның "Махамбет аудармашысымен әңгіме" циклі поэзия дегеннің дүйім жұртқа белгілі ортақ теңгермешілігінен таза, абстрактілі "ағайыншылдықтан" ада, ап-анық ақ адал өлең. Ақын Оңғарсынованың қайраткерлік көрегендігі, кісілік келбеті,

азаматтық ажары осы өлең идеясынан анық аңғарылады. Ендеше ақынды тыңдап көрелік:

*Ұлылар да ортақ, де, жақсы ақын де,
өз халқыма таныту - мақсатым де -
бірақ, мүмкін емес-ау өз шыңынан
Махамбеттер сөйлеуі басқа тілде...*

Аудармашының мақсаты - біреу. Махамбетті патриот ақын есебінде өзгелерге таныту, өзге ұлт тілінде сөйлету. Ана тілінде түлеп туған "Махамбеттен қалған айбалта жырды" тәржімемен беру- толыққанды, қасиетті өлең-жырдың натурасын өзіндей жеткізе алмаса керек. "Әділетсіз дүниенің қабырғасын Махамбетше сөгер жанды" кездестіру былай тұрсын "білмеймін жел ме, сел ме, жырда онымен бір тұлға теңдесер ме.." Фариза ақынның айтары ақиқаттан алшақ кетпейді. Ақын афоризмі ұшқыр ойдың ұрымтал тұсын дәл аңғарған:

*Қалайы алтын болмайды зерлесең де,
дала емес кең көшең де,
құс қанаты бітпейді сен қаниама
қолыңды кеңге серме,
қараларға ағару бұйырмаған
опамен жемдесең де [118, 74 б.]*

Қазақ лирикасының тарихы, жай-күйі туралы айта келіп Ә. Тәжібаев: "Ұлы ақындар ұлттарына жетекші болар, оларды көркемдік рухта тәрбиелеуге ұстаздық етер шығармалар жаза жүріп, өздерінің эстетикалық принциптерін де жариялай отырады" [33, 16 б.] деген болатын.

Фаризаның "Поэзия" циклінде өнер өрісін өрге сүйреп көркем шумақтар ақынның әлеуметтік-танымдық, көзқарасымен ұштастырыла беріледі. Өлеңде ұлттық поэзияның болмысын Махамбет бейнесі арқылы көрсетумен бірге лирик ақынның суреткерлік келбеті, эстетикалық танымы, яғни ақын "менінің" мінезді күн шуағы бар. С.Мұқановтың: "Менсіз" ақын оригиналды ақын бола алмайды. "Мен" жоқ ақын өмірдің бейнелеушісі емес, регистраторы ғана. Бізге керегі - өмірдің әрбір көрінісін өз жанының елегінен өткізіп, сол көрініске өзінің "менін" қоса жырлайтын ақын" [64, 336 б.] дегенін оңды түсініп,

байыпты тұжырымдасақ, Фариза "Поэзиясының" төмендегі өлең жолдарына көз жүгіртелік:

*Толғанғанмен ел жайлы, қоғам жайлы,
кернесе де кеудесін соған қайғы,
Байрон емес -
Махамбет, ол өмірге
Уитмен боп тіпті де оралмайды;
қылыш байлап, дулыға кигізгенмен
Пастернак та Махамбет бола алмайды.*

"Солай семсер өмірдің тағдыры үнін, бойлатпас заңдылығын" арқалы Махамбет ақыннан ақын Фаризаға көшкен киелі өлеңнің оқалы зеріндей дәстүр және жаңашылдық деп ұқтық. Әйтпесе: "Махамбеттің сөйлеуі басқа тілде - наркескеннің жарқылы мен жаңғырығы" түрінде қалғаны жалғандық емес қой...

Сыншы Т. Тоқбергеновтың Фариза өлеңдеріне қатысты: "Төл әдебиетімізде қазақтың қанына сіңген шешендік өнердің, жыраулық өнердің жоралғысын жүрегімен ұққан қарындас ақын өзінен бұрынғы қарымды қаламдастардың жеткенін алып, жетпегенін жаңарта жаңғыртып, өрістетіп, өсіріп алып кеткені қуантады" [92, 139 б.] деген пікірінде үлкен мән-мағына жатқандай. Айдарынан жел ескен ақынның қарымды қуатынан қайнап шыққан жыр-бұлақтың болмысын бажайлай байыптасақ, ол былайша төгіледі:

*Жыр - менің жалғыз тарланым,
аялап өтер ардағым,
толықсып атар таңдарым,
Айымдай жалқы арман-үн;
Қарқылдай берсін қарға мың,
бұрқатсын боран шаңдарын,
жанымды жырмен жалғарым,
өзімді соған арнадым. [18, 76 б.]*

- сықылды шумақтардан жыраулар поэзиясының пырағын ерттеп мінген ақынның аманатқа қылаудай қиянат жасамағанына куә боламыз. Түп төркіні әріден тарайтын жыраулар дәстүріндегі ұлттық бояу, әшекейлі өрнек, көркем тіркестер, өршіл рухты афоризмдер - мұның бәрі ақын

Оңғарсынова лирикасының лейтмотивіне айналған аталы сөздер. Жыр-жебесін серік, жүрегін-желкен етіп, көкірегін мұң-шер кернеген лирикалық кейіпкер "шығарған шындық, арды естен, зұлымдықтарды қан кешкен Махамбеттен қалған наркескен - айбалта-жырмен шапсам деп", от сезімге оранып, ақиқат жолында күйіп-жанады. Әділет пен шындық сапарында сергелдеңге түсіп, сенге өрлеп, ағысқа қарсы жүзген кейіпкер күйзелісі: "қағілез құйттай денеммен дауылдарды құшып келем мен!..", деп ағынан ақтарыла сыр шертеді.

Ф. Оңғарсынованың "Семсер мен қалқан" атты өлеңі [117, 159 б.] арнау түрінде жазылған (Әбділда Тәжібаевқа арналған өлеңдер). Аталған арнауда әдебиет ақсақалы Әбділданың жеке тұлғасына табыну, жеке бас қарекетіне жағыну деген атымен жоқ. Әдетте арнау өлеңдердің көбінесе көңілі жақын аралас-құралас пенделердің туған күндері мен мерейтойларына, кеңестік дәуірде толып жатқан съездерге (идеологиялық саясат) т.б. от басы, ошақ қасы атаулы датасымақтар мен майда-шүйде жайларға арналып жазылып келгені жасырын емес. Ондай тапсырыспен (заказ) арнайы жазылған арнауларда кәкір-шүкір жәйттердің барлығы жіпке тізгендей баяндалғандықтан, олар сөз өнерінің әрін кетіркөк былай тұрсын, соры болатұғын. (Сөз әдебиеттегі риторикалық айшыққа, шешендік тәсілге қатысты арнау туралы емес).

Біз зерттеу объектісіне алған "Семсер мен қалқан туралы" арнау жоғарыда аталған кесірлі құбылыстан ада, лирикалық толғаныс иесі поэзия топырағына, жыр-әлемге жүрегі жанартаудай, жаны-бесіктей, құдіретті Алыпты іздеп шарық ұрады, жаны байыз таппай толғанады, тебіренеді. Ақынның қолына шырақ алып іздеп жүргені Махамбеттен қалған айбалта-жырды аялайтын, қадірін білетін, оған қорған болатын семсер-алып (Ә.Тәжібаев) - жыр жанашыры. Осылайша ой түйген лирикалық қаһарманға жетіспейтіні - рухани азық, таусылмас байлық - тағы да жыр. Табиғаттың тамаша тартуы адамзат жаратылысының кемшілігін (*дефектісін* - З.М.) көркем өнердің төресі - әдебиетпен, оның тегі - лирика-музамен емдеу ақындарға ғана бұйырған сүбелі сыбаға. Ендеше, жырмен егіз туған поэзия алыбы - Әбділданың біте қайнасқан суреткерлік

тұлғасына, адамдық бейнесіне, бапкерлік бітіміне ақын Оңғарсынованың оңды оралымдарымен көз салдық:

*Өмір - дауыл тұрмайды тас қажалмай,
жанарың да, жырың да жасқанардай,
Шүкір жырда бір алып болғанына,
Тазартатын жаныңды ақша қардай!
Сезесің бе -
бар осынау күрделі ғасырда ызғар,
алай-дүлей дауылдар, жасыл мұздар...
Қару десе тыяды бұлақ та үнін,
Мылтық бомба, қажетсіз!
Бірақ бүгін
тек қарусыз қалмасын асыл жырлар!*

Көркем шығарманың өзіне лайық ерекшеліктерінің бірі - эмоциялық еркіндік. Жоғарыда берілген екі шумақ өлеңнен ішкі түйсік-сезімнің қас-қағым сәтте лирикалық толғаныстан философиялық реңге ауысқанын байқаймыз. Нәзік нақышпен басталып, толайымы толысып, тақырыбы әлеуметтік лирикаға ауысқан арнау-өлеңнің ақыры кемеліне жетіп, айтарын шегелеп кетті:

*Жырлар керек
қияларға бастайтын,
нұр-шыңдарға
мезгілдердей мәңгілік тылсымдарға
Жер бетінде бар әлі күңкіл, егес...
Семсерлерді мұқалту мүмкін емес
Ана жырда сіздердей ұл тұрғанда!*

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ақынның лирикалық кейіпкерлері кімдер?
2. Өлең өнеріне көзқарасын ақын қалайша білдірген?
3. "Махамбет аудармашысымен әңгіме" циклінің жаңалығы.
4. Ақынның арнау өлеңдерінің дәстүрлі арнаулардан айырмашылығы.
5. Эмоциялық еркіндікті ақын туындыларынан мысал келтіре дәлелде.

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) Суреткердің өлең туралы кредосының мәнін ашыңыз.
(Сөз өнері туралы әңгіме).
- 2) «Өлең», «Семсер мен қалқан», «Ақын» т.б. туындыларынан үзінді жаттап, айту.
- 3) «Поэзия - әйелдей жұмбақ әлем». Көркем сөз оқу сағаты.

Әдебиеттер

- Махамбет. Менің атым - Махамбет. А., 2002. - 224 б.
- Оңғарсынова Ф. Шілде. А., 1978. - 320 б.
- Мақырұлы С. Қазақ поэзиясындағы Махамбет бейнесі. А., 2002. - 150 б.
- Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. А., 1990. - 366 б.
- Негимов С. Өлең өрімі. А., 1980. - 136 б.
- Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер. А., 1992. - 80 б.
- Әбисатов Қ. Махамбеттанудың мәлім және беймәлім парақтары. Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2013. – 76 б.



§3. Азаматтық әуен-жырлар

Фариза лирикасының маржан жырларының мәйегі қатарында ақынның құрыш-болаттай шымыр шумақтарымен қатар ажарлы көрінер күнгейі- азаматтық әуен-жырлары. Қоршаған ортадағы оңды құбылыстар мен келеңсіз көріністер де оғаш оқиғаларымен қоса қуаныш-қияметтің баршасы лириканың азаматтық айбарын танытатын абыройлы тақырып. "Азаматтық - ақынға, өлеңге сырттан танылатын жанама қасиет, жанама сипат емес... Азаматтық - өлеңнің, өнердің табиғи болмысы. Азаматтық- ақындықтың ең түп табиғаты", - дейді көрнекті жазушы Ә. Кекілбаев [119, 108 б.].

Фариза лирикасының басты бағдары интимдік интуицияға құрылуымен бірінші жақты қасиетті иеленсе, осыдан келіп, өлеңдегі азаматтық келбеттің тіні тарайды. Қазіргі қазақ лирикасының жай-күйі туралы зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, азаматтық лирика деп айдар таққан құбылыстың өзі әдеттегі саяси-әлеуметтік лирикадан, философиялық лирикадан, көңіл-күй лирикасынан т.б. өрбіп, оның ажарын ашатын тақырыптың тұғыры деп түсінген жөн сияқты.

Ұлы сыншы В.Белинскийдің: "Лирикалық шығармаларындағы мазмұны дүние мен өмірге негізгі қозғаушы болған-барлық жалпылық нәрседен, барлық идеядан, барлық пікірден құралмақ" [120, 43 б.] деуі азаматтық лирика, ақынның азаматтық ажары, азаматтық әуен, лирикадағы азаматтық келбет т.с.с. ұғымдарға берілген кең де нақты түсінік болса керек. Қоғамның бірінші байлығы - адамзат өмірінің еншісіне бұйырған рухани ырыстың (*әдебиеттің* - З.М.) ықтиятты ықпалы дәуірлік ортаға ықылым заманнан бері сәулесін төгіп, жарығын шашып келеді. Кемеліне келіп, таланты толысқан Фариза-суреткердің гумандық тұлғасын тану үшін де ақынның азаматтық лирикасы айналасында аялдауымыздың да мәні сол. Ақын поэзиясының төңірегінде ой тербеген қаламгер М. Ысқақбай аталмыш мәселеде тың тұжырымдарға барған: "Мен білетін Фариза- күрескер тұлға, - дей келе, - Фариза бүкіл шығармашылығымен, әсіресе, соңғы кезеңдегі азаматтық лирикасымен зұлымдыққа, екіжүзділікке, тоғышар топастыққа, алуан түрлі найсаптық көріністеріне - тағы басқа өмірдегі, адам

бойындағы жағымсыз қылықтарға қарсы ымырасыз күрес жариялайтыны тегін емес" [50, 155 б.] деген пікірімен толық келісуге болады. Бұл мақсатта ақынды қазақтың кең сахара сайын даласының өткен тарихы мен келер болашағы толғандырмай қоймайды. Отанын, жерін сүйе білу, оны қорғау - ер жігіттердің, асыл азаматтардың абыройлы міндеті мен борышы дегенді ақынның "Дала жайында айтыс" атты өлеңінен айқын аңғарамыз:

- Үйрене алар емеспін дала сенің:

отты жел, құмайт, елес

- Күн дара кешерім

Ат міне шауып қорғаған бабаң елім деп

сол қалпы әлі сор, далаң...

ана-жерім деп жер бетінде жұмаққа балап едің кеп...[117, 54 б.]

Өлеңдегі "сол қалпы әлі сор, далаң..." деген тармақта ойып түсер отты шындық бар. Заманы басқа, адамы бөлек бүгінгі даланың қадір-қасиетін қапысыз түсініп, қадағалау қажеттігіне көңіл аударсақ, ақынның жан айқайы мен абыржулы үнінде намыс қайрар қисынды қағида бар сияқты. Ел азаматы атану-Отанды сүюден басталады. Ата бабадан қалған ең асыл қазына, аса жоғары байлық, құнына баға жетпес дүние - ол қазақтың кең сахара сайын даласы. Ал сол телегей теңіз мекеннің бүгінгі жай-күйі ақын жанын жаралайды, тынымсыз толғандырады. Сөйте тұра ел еңсесін биік ұстар ұландарға ұран сынды ұшқын атқан жырын арнай айтып, армансыз ақтарыла сырласады:

мақсаты тұл боп қиянда қалар

арман алдында ұяңдағандар;

батырлы даламен өзектес едім,

өзегін өзгеге қияр ма жанар-

азаматы боп көгертпес елін

Отанын, жерін сүйе алмағандар;

Қажымас қайрат пен мұқалмас жігерге жанылған жыр иесінің айтпақ аманаты атамекеннің амандығына алаң болған көңілден туындаса керек. Сенімнің сертін келер ұрпаққа табыс еткен қаламгер өлең-отының қазығы:

бабамнан қалған далам, шағылым

*сендейге мүмкін қарар гүл атпай,
мен үшін жояр, жаңарса, құнын-
тек сол қалпымен маған жұмақтай!*

- деген шуақты шумақтармен қорытындыланады.

Фариза өлеңдеріндегі туған жер, Отанды құрметтеу және ондағы лирикалық кейіпкер бейнесінің болмысына назар аударған әдебиетші ғалым С. Мақпырұлы «Әдебиеттің тектері мен түрлері» (Алматы, 1994) атты зерттеуінде ақынның:

*О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен*

деп басталатын ақын туындысының тәлім-тарихын тексере келе, мынадай ой түйеді: «Өлеңнің лирикалық кейіпкері туған жерін, елін сүйген, өзін елінің ажырамас бір бөлшегі санаған жан. Ол өзінің балалық бал дәурені өткен туған жерін аңсайды, оның топырағын анасының аялы алақанына балайды, ол үшін атамекеннің тасы да қастерлі, алаулаған аспаны да аяулы. Ол туған жеріне «сағынышымды қанат қып саған қарай, балапандай талпынып ұшамын мен» десе, біз бұл сезімнің пәктігіне шынайы сенеміз. Сенгені сол-өленді оқи отырып, оның сағынышын өз сағынышымыздай қабылдаймыз. Онымен қосыла іштей біз де тебіреніп-толғанып, сағынышын бөлісіп, «Мен ел кезіп кетермін отансыздай, үмітіңді ақтауға жарамасам» деп ел алдындағы жауапкершілікті де бірге бөліскендей күйге түсеміз. Бұл шынайы поэзия күдіреті! Лирикалық өлеңнің күші де осындай әсерлілігінде, сезіміңе от тастап, оятатын сиқырлығында, шынайылығы мен суреттілігінде» [121, 57-58 б.б.] дейді.

Азаматтық лириканың алғы шарты ел мен жерді аялау, яки Отан атты мекенді мәпелеу, ата жұртқа адалдықты байқау - іңкәр сезімдерден бастау алатындығын ғалым пікірі айқын аңғартқан.

"Лирика - ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі дүниесі" дей келе академик-жазушы З. Қабдолов: "сонымен қатар лирикалық шығармадан ақынның өзін, өзіне тән өзгеше мінезін тануға болады" [12, 21 б.] дейді.

Оқырманын ойға сүйрер отты леппен өрілген өлең өрісін қалыптастыру - Оңғарсынова поэзиясының табиғатына әбден тән тағылым. Найзадай егеулі, тағадай табанды жырдың желкенін желбіреткен ақиық ақынның сезім сырларында болмыстың баянсыз байлауына қарсы жүзер батылдық бар. Зымыран дәуреннің тынымсыз тұстары мен ирек уақыттың мәнсіз түндерінде алыстан әуірімдеп көрінер, көңіл жұбатар сағым сынды сәттер болады. О да бір алға қойған мақсаттың мәйекті минуттары тәрізді мұнарлы шақ.

Арман - мұхиттың мұзбалақ құсы қияға қалықтар қас қағым сәтте мұрсат берместей мәрттік мінезбен жазылған өлең "Мен қорықпаймын" деп аталады. Айтар ойы айбынды азаматтық әсермен әдіптелген әсем туындының тұла бойы тұнған тәуекелшіл тебіреніс пен танымы терең тектілік. Сергек ойлы, сындарлы сөзді ақын лирикасының сезімді селт еткізер шымыр шумақтары оқушысын бей-жай қалдыра алмайды. Өктемшілдің өрепкіген өзімшілдігіне, көкірек керген күйбең-күй тіршілігіне күмілжімей "қорықпаймын" деп қарсы әрекет етуін лирикалық кейіпкердің көшелі ісі, келбетті кісілігі деп келіскен жөн шығар. Көсемсіп асыл сөздің әрін кетіру немесе бесенеден белгілі жағдаятты жайып салудан аулақ айналадағыны тез аңғарғыш кейіпкер тұлғасы тұрақты да таза, мейлінше абыройы асқақ. Ақиқатын ақыл-естің елегінен өткізе екшеп айту да ақындықтың аламан бәйгесіне тән алғы шарттың бірі саналады. Жоғарыда аталған өлеңде өткір ойдың отты ою-өрнегімен көмкерілген кестелі сөзге кез боламыз. Мазмұн мәнері мезгілдің шатыр-шұтыр шектеулі шәт-шәлекейіне көнбейтін күміс жырдың шашбауына байланар шашағы-құлашын биікке созған суреткер санасының сарабдал қасиеті ме деп қалдық. Көңіл шіркін ғұмыр-жалғанның жылт етпе сілкінісінен сыртқары серпіліп, жайдары жарастықты жырмен жүрек қылын шертіп өтеді де, арманшыл көңіл шырқау шындардан әрмен асып, дариялар тұңғиығына сүңгиді, құз-жартасты биіктерге самғайды. 3. Қабдоловтың қағидасы: "Лирикалық шығармадан оны жазған адамның өмір сүрген ортасын, сол ортаның саяси-әлеуметтік халін, адамдардың алуан-алуан мінез-құлқын, ой-өрісін, жан-күйін, арман-тілегін, мақсат-мүддесін, күйініш-сүйінішін

аңғарамыз" [12, 21 б.] деген теория-толғанысында дәйекті дәлдік бар. Фариза ақынның аталмыш лирикалық толғанысында кейіпкердің көңіл-күйі күнгірттенбей күрескерлік кейіпте көрікті көрінеді:

*Мен қорықпаймын
сұсты тұлғаларыңнан, асқарларым,
Жанартаулардан лапылдап шашқан жалын
Көңіл-сұңқар емес пе - келеді ылғи
асқарлардан да әрі асып аспандағым
Өршіп қайта жанымға от алмасам,
Мен әйтеуір құздардан жасқанбадым.
Сезем талай жанардан жас парларын,
тарлау жолда тайғанақ, тастар барын
Шырқау деген шыңдардан құлау емес,
Жасыма тек,
жас құсым - жақсы арманым [117, 81 б.]*

Мірдің оғындай мінсіз шумақтардан лирикалық кейіпкердің болашақтағы мақсат-мүддесін, жігерге жанылған мінез-кұлқын, ішкі толқынысының мән-жайын ұғынып, сезінеміз. Тар жол, тайғақ кешуден, "тайғанақ тастардан" сүрінбей өтудің өткелі - "жақсы арман" мен "көңіл-сұңқар емес пе" дегенді меңзейді өлең мазмұны. Дарияның "буырқанып аласұрған" толқынындай мезеттерде "жан шошырдай сұстанған қара сұр маң", - сондай селкем шақтарда "көңілің жүдеп" жабырқап, жаның күйзеледі дегенді аңғартады сыршыл лирика. Төзімнің таусылып, құлазыған уақыттарда "түнілген сәтің секілді жаңашырдан" көрінетіні де бар өмірдің. Осылайша қамыққан көңілді, кінәмшіл сезімді селт еткізер екпінді үн:

*Мен құлашты сермеймін-дарияны өтіп,
Әрі асуға қайтсем де ана шыңнан.*

- деп тіл қатады, сабырлыққа, төзімділікке шақырады.

Сезім еркіндігіне ерік берген ақынның алабұртқан көңіліне қарсы амалдар күш қалмағандай, құдіретті жыр құбыла келе қиял-құздың қиясына самғады:

*Мен құласам құлармын
Жалын сөніп жанымда, біткенде дем.
Әйтпесе түк емес қой жүктер деген*

*Биіктерге самғамай тұра алмаймын,
бұдан басқа бақытты күткен де емен.*

Әйтсе дағы айтар әні таусылып, әрі-сәрі әулекі күйде жүрген жолбикелерге әріптестің қояр талабы мен шарты қатаң да әділ шешім болса керек. Әуестік пен әуесқойлықтың әңгімесі әр басқа, әдебиетті текті өнер деп өз тұтқан талант пен талапкердің отты жанарынан сақтанудың, қауіптенудің орайлы орны бар. Жаны қасаң, тәні тас, өмірдің қуанышы мен азабын сезінбейтұғын сабазға суреткердің салмақ сала сөге сөз айтуы ақындықтың абырой-арын ойлағандығы, қаламдасты қайрағандығы да. Жанартаудай жалын ата лапылдаған өлең оралымдарында отты сезім басым, ой ояу, түйін тұрлаулы:

*Мен қорықпаймын
шырқап-шырқап, бұл күнде біткендерден
Самғай алмай, ызадан бұлт теңдеген.
Сезбей өмір азабын, қуанышын
Мелшиіскен, адамдай түк көрмеген.
Қауіптенем жалғыз-ақ: жерде тұрып
от жанарын қияға тіккендерден..*

Тегінде Ф. Оңғарсынова лирикасына тән ерекшеліктердің бірі - тақырыбы жағынан төркіндес бола тұра, идеялық мәні мен мазмұны тұрғысына келгенде, ақын өлеңдері сан алуан штрихтерге толы. Мәселен, аса асқақ айбынмен жазылған "Мен қорықпаймынға" қарама-қарсы баянда әдіптелген өлең - "Күйзелу". Бұл өлеңде лирикалық кейіпкер атынан аңғарылғандай көңілсіз күйде, күйзеліс үстінде көрінеді. Үнемі жалындай жанып, сергек сезімде жүрген қаһарман жаны жай таба алмай, дауылды аңсайды. Лирикалық кейіпкер тым-тырс тыныштықта күн кешуді місе тұтпайды, олай етуді ауыр санайды. Көңіл шіркін "теңіз сынды бір бұрқаныс сәттерді" аңсағандай...

*Көңіл-күйде тыншу жоқ,
әлденені аңсай ма, жабыға ма
Өрт кешкендей тынысым тарыла ма,
Әлде дауыл тілеген теңіз сынды
бір бұрқаныс сәттерді сағына ма...*

Жүргенім - ай

жаным бір жай таба алмай,

Жалтаңдаймын көп сырды айта да алмай,

Мазасыз бір күйдемін. Жанымдағы

Жалын оты шаршатты қайта жанбай.

"Бұл мазасыз көңілдің емін таба алмай", содан жанын күйзелткен кейіпкердің түңіліс-тіршілігінде тындырымды түйін бардай әсер қалдырады. "Сан ойлармен ақ таңдардағы көз ілдірмей" арпалысқан лирикалық бейне: «Қайда кеткен өзімді Жер бетінде бақыттыдай сезетін күнім менің ?!" деп елегізушілік танытады. Жаны жаралы, көңілі селкем лирикалық кейіпкердің осы тірлігіне "кейбіреулер" қызғанышпен "құдай мол бақыт сыйлағандай" қарайды. Өлеңнің оймақтай түйіні:

...Әлде адамға рахат келмей ме екен

Сан күрсінтіп жаныңды қинап алмай

дегенге саяды.

Академик С. Қирабаев қазіргі қазақ поэзиясындағы азаматтық әуен-үнді, азаматтықты жан-жақты зерттей келе: "Поэзия өзінді, өз құпиянды ашу, жария ету, Абай тілімен айтқанда "сырынды жұртқа жаю". Поэзиядағы азаматтық әуен де сондықтан ақынның азаматтық кейпінен туады" деген болатын [62, 22 б.].

Аға ғалымның бұл пікірімен ойы өзектес, тұжырымы сабақтас сындарлы сөзді М. Ысқақбай да айтады. Оңғарсынова лирикасының азаматтық парасатына жіті көңіл бөлген ол: «Фаризаның азаматтық лирикасы, ең алдымен, сыншылдығымен, талапшылдығымен назар аударады. Адалдық деп аңқасы кебетін ақын қыз қоғам денесіндегі, пенде мінезіндегі алуан түрлі бітеу жараларды дәл мұсқап, аяусыз нысанаға алғанда, ақын көзінің жітілігіне, аңғарымпаздығына еріксіз тәнті боласың". [50, 156 б.].

Зерттеушілер айтқан ақынның азаматтық кейпін ажыратудың бір жолы азаматтық әуенмен яки кісілік келбетпен байланыстырудың маңызы зор. Өлеңдегі кейіпкердің лирикалық тұлғаға айналуы туындының тақырып аясына қатысты мәселеде бір қырынан жарқырай көрінсе, екіншіден авторлық идеяның объективті мақсатын да ашып көрсетеді. Суреткердің сырт көзге

сыпайы көрінетін байсалды лирикалық "мені" азаматтық тұлғаға айналарда оқырманға басқа бір қырынан шуағын шашады. Бұл тұрғыда қоғамның тұрмыс-тынысын, ондағы адамзат тіршілігінің түйткілдерінен сыр шертер өлеңдер Фариза ақынның "Қыз-ғұмыр" (Алматы, 1996) атты кітабында мол ұшырасады. Азаматтық биік әуенді, салмақты ойды арқалаған ондағы туындылардың бірі "Арман" аталған өлең. Лирикалық кейіпкердің арман-тілегі бір арнаға тоғыса келе, әлеуметтік мәні зор өткен заманның шынжырлы шындығынан шер ақтарған елдік, халықтық мәселелерді ой тезінен өткізеді. Мысалы:

*Жұлдыздай шашыраған қалың елім,
Қалың ел қашан көрер таң іреңін?
Жаншылу, бейнет көру, бірлік кету-
Жанымды жейді осының бәрі менің [122, 391 б.]*

"Арманның" астарында лирикалық бейненің бейнет-мұңы жалқының емес, жалпының атынан баяндалған. Ата-баба армандап өткен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсаған ұрпақтар үні бар бұл өленде. Асты-үсті астан-кестең болған даланың экологиялық жағдайының сын көтермес зардабы өз алдына, сонымен бірге туған тіл тағдырының азабы да қаламгер назарынан қалтарыста қалмаған:

*Жаралы далам жатыр ыңыранып,
От құшып, шөлден қатып, дымы жанып.
Сырт бүтін, ішің түтін, тіл-тістеулі-
Барады бізде осылай ғұмыр ағып.*

"Жанын жегідей жеген" күйзелістен қайтсе де арылуды көздеген лирикалық кейіпкер ата-баба аруағы алдында тәу етіп, кешірім өтінеді. "Өртенген шалғынмен бірге өртенген" тұлғаның болашақтан күтер арман-жақсылығы зор, үміт-шаманының өшпесіне сенімі нық:

*Ұлдары ту көтеріп, әз халқыма
Ұлыстың-ұлы күні туар ма алдан ?
Инша алла!*

"Арман" сынды азаматтық лириканың қатарын "Ақыл", "Аға рухымен сырласу", "Парыз", "Заман перзентінің үні", "Тақ пен тіл", "Шыдам", "Мықты болса ұлдары", "Жалқы мен тобыр", "Ақиқат" т.б. туындылар толықтыра түседі. Дәуірдің бар

болмысы мен дем алысын дөп басқан бұл өлеңдерден күнделікті өмірден өзімізге етене таныс шындық суреттерін көреміз. Азаматтық рухта жазылған бұндай шығармалардағы көтерілген проблемалар әзірше күн тәртібінен түспейтін реалистік сипатта көтерілген. Көптің көкейіндегі көкейтесті жәйттердің ақын қаламынан заманға сай өткір қалыпта туындап жатуы да сол себепті болса керек.

Ақын лирикасында аталмыш тақырып қаламгер шығармашылығының өзегі, негізі екендігіне көз жеткізгендей болдық.

Лириканың түп-тұнық мөлдірін лайламай турасын айтсақ, Фаризаның поэзиядағы көркемдік ұстанымы өткінші дәуреннің дүрмегінен ада, даң-дұңынан таза мәңгілікті мұрат еткен дәуірлік мұра.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ақынның азаматтық жырларының мәнін ашыңыз.
2. С. Қирабаев, М. Ысқақбай ақын өлеңдеріндегі азаматтық әуен-үнді қалайша бағалады?
3. Дәуір тынысын танытатын өлең-жырлардан мысал келтіріңіз.
4. Ә. Кекілбаевтың азаматтық ұғым туралы түсінігін одан әрі тарата әңгімелеңіз.
5. З. Қабдоловтың лирикадағы ақын мінезі туралы қағидасын еске түсіріңіз.

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) «Фариза - гуманист суреткер» тақырыбында реферат дайындау.
- 2) «Дала жайында айтыс», «Мен қорықпаймын», «Күйзелу» өлеңдеріндегі күрескерлік рух бейнесін ашыңыз.
- 3) «Тақ пен тіл» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру.

Әдебиеттер

- Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. А., 1996. -391б.
Қирабаев С. Шындық және шығарма. А., 1981. -252 б.
Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. А., 1972. -184 б.
Ысқақбай М. Шығарма шырайы - шындық. А., 1994. -240 б.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. А., 1994.-74 б.

Жұмабеков С. Сын пернесі. А., 1989. -240 б.

Шарабасов С. Көкжиек. (ғылыми зерттеулер, эсселер, көркем проза). /Құраст. Зейнолла Мүтиев/ Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Редакциялық баспа орталығы. 2016. – 279 б.

Шарабасов С. Ойтолғақ. (публицистикалық жазбалар, әдеби толғаныстар, арнаулар мен естеліктер). /Құраст. Зейнолла Мүтиев/ Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Редакциялық баспа орталығы. 2016. – 278 б.



§4. Әйел-ана бейнесі

Қазіргі қазақ лирикасында әйел-ана, қыз-келіншектер бейнесін психологиялық пайым-танымда тереңнен толғап, жүректен қозғап өткен ақынның бірі – Фари́за Оңғарсынова. Оның лирикасындағы қазақ әйелінің қадір-қасиеті, болмыс-бітімі ерекше назар аударуды, терең үніле зерттеуді аса қажет ететін құйылымы бөлек жыр-маржаны саналып та жүр. Ақын өлеңдеріне арқау болған аталмыш тақырып аясында Фари́заға тең әріптесті табу - сірә да қиын. Жаратылыс - жалғанның жасампаз жаны - әйел ананың өмірдегі өрісі, қоғамдағы ролі мен орны қазіргі әдебиетте (оның ішінде прозада) барынша әдемі де терең жан-жақты бейнеленгені мәлім, алайда, лирика жанрында қаншалықты көтерілді?! Бұл туралы сөз етсек, тағы да әйел ақындар шығармашылығына соқпай өте алмаймыз. Айталық, М. Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, А.Бақтыгереева, К. Ахметова сынды ақын-әйелдердің (соңғы толқынды қоспай отырмын) әйел кейіпкерлері арамызда жүр. Ол - мәңгілік дүние. Ескерте кетер жәйт - поэзияда (лирикада) әйелдер әлемін тек қана әйел-ақындар ғана толық мәнінде жырлай алды деп үзілді-кесілді тұжырымдап, ал еркек кіндіктілерді даттасақ және дұрыс болмайды. Бұл жерде біздің айтпағымыз - бүгінгі лирикада ақ жаулықты ана мен қыз - келіншектер психологиясын сол әйел затының өкілі - Фари́за ақынның қаншалықты және қалай жырлай алғандығы туралы ой түйіндеу.

Әйел-ананың ішкі сезім дүниесін ақын "менінің" лейтмотивін айналдыру - суреткерлік шеберлік нәшімен болатұғын құбылыс нақтырақ айтқанда, ақын талантының трибундық (*шешендік - З.М.*) таразысының тәсіл-амалын табиғи үрдіс пен тарихи дәстүрден іздеген жөн. Бұрыннан белгілі өміршендік өрнектері жаңаша сипат беріп, жаңаша ойлау үрдісіне дейін көтере жеткізу - әу бастан бар дәстүр. Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол - ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. Ол қыз, келіншек, әйтеуір, әйел заты мейлі, кәрі әже болсын, ана атты алыптың бар болмыс-бітімін тұлғалық тұрпатын танытуымен құнды. Нәзік жанды бейненің күллі құпиясын қопара көрсету арқылы әйел образын лирикада қаһармандық

санатқа көтерудің бастауын біз Фаризадан анық байқаймыз. Әйел жанын, ана табиғатын ақын-әйелдің ой-діңгегі тұрғысынан таныту, қазақ әйелінің психологиялық ахуалын лирикада Фаризадай ашып айтқан ақын, сірә, да аз. Олай дейтініміз - өлең өлкесінде әйел жанын, оның бұлқыныс атқан сезім сырларын сарапқа салып, ақын "мені" мен лирикалық кейіпкер тұлғасы арасында біте қайнасқан көзге көрінбес көпір тұрғызған суреткер өте сирек. Ақын лирикасындағы әйел-ана бейнесінің болмыс-бітімі өзіндік өзгеше бір құдірет-қырымен, қадыр-қасиетімен ерекшеленеді. Фаризаның көптеген өлеңдерінде, поэма мен циклдерінде әйел табиғатының жас ерекшеліктеріне сай ішкі сезім бұлқынысы (қыз қылығымен, ана ақылымен, әже парасатымен) күрескерлік тұлғасына дейін көтерілген. Өлеңдерінің дені әйел жамығатының жаратылысына арналған ақынның аталған тақырыптағы шығармашылық шырайы "Шілде" (Таңдамалы өлеңдер, Алматы, 1978) жинағына, "Сенің махаббатың", (Алматы, 1979, Әйелдер әлемі жыр кітабында) қаламгердің қос қанатындай қос томдық "Таңдамалыда" (Алматы, 1987), "Қыз-ғұмыр" (Алматы, 1996) және "Мен саған ғашық емес ем" (Алматы, 1999) кітабында сырлы сипат табады.

Жұмыр жердің жарық шырағы - ананың, әйелдің жанашыры бола білген ақынның лирикалық кейіпкерлері әр қилы жастағы, алуан мінезді күнделікті өмірдің өтінде жүрген біздің замандастарымыз. Өткен тарихты терең біліп барлау, бағзы заманның құм астында қалған асылын іздеп тауып, жан бітіру де ақынның өнер өлкесіндегі ізденісінің бір қыры. Фариза әйелдері сертке берік, махаббатта тұрақты, нәзік жанды, сұлу келбетті, тәтті қылықты қыздар мен адамдық арды ойлаған, ата-баба жолынан қия басып өтпеген ардақты ана, ер мінезді, ақ кимешекті абзал әйелдер болып келеді. Ақын өзінің "Шілде" жинағының алғы сөзінде-ақ өлең өңіріндегі әйел тағдыры, әйел психологиясы деген сұрақтардың жауабын былайша берген-ді: "...Адам деген күрделі жаратылыс қой. Оның ішінде әйел ақынның жан дүниесі - өз алдына бір әлем. Мен өз жырларымда сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерлерім-

әйелдер; Олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы-өлеңдерімнің арқауы..." [123, 6 б.]

Өлең өлкесінде әйел психологиясын жеке адам ретінде зерттей жырлауды және одан тағылым аларлық дәстүр жалғастығын кейінгі толқын Фаризадан үйренсе керек-ті.

Бүгінгі поэзияда өз үндерімен танылып қалған Б. Бекетова, Ш Жұбатова, Г.Салықбаева, Г.Өмірзақова, Т.Оразбаева, Р. Қараева және басқа да ақын-қыздар лирикасында Фариза суреткерлігінің қолтаңбасы бары байқалады. Әйел жанының нәзік те терең қалтарысына үніліп, өмір соқпағының көңіл сыздатар тұстарын, сондай-ақ шат-шадыман қуаныш мезеттерін өлең-сөзде мүлтіксіз шынайылықпен жеткізуде ақындар стилінде бір ізділік бедері, көзқарас бірлігінде жақын-туыстық жиі ұшырасады. Мәселен, Баянның:

*Қонарылып жатса да тереңдерім,
Мен сонда да тістеніп, жеңем дедім.
Сен келгенде суықтау көрінгенмен,
Есігімді қақса деп елеңдедім [124, 63 б.]*

- деген шумағынан жүрекке жылы тиер жастық шақтың Фариза мәнеріндегі (стиль) бізге таныс әуен-үні естілсе, Гүлнәрдің:

*Телефонға ұмтылсам - бұйырмасын,
Мейлі, сенсіз өмірім қиындасын
Сұп-суық боп сыртыңнан сынап өтем,
Мен деп енді жүрегің жиі ұрмасын! [125, 60 б.]*

- деген жолдары Фариза өлеңіндегі қолтаңбаны ("Телефон шыр етеді", "Телефоны құрғырың") еске түсіреді. Осы сияқты Розаның:

*Әр тайып енді бар маңнан,
Қалыпты бақ та мызғымай.
Тілекші, ізгі арманнан
Адасып қалдық біз қалай?! [126, 96 б.]*

- деп келетін сырлы жолдарынан да Фариза ақынның өнерден ізбасар сіңлілері бар екенін байқаймыз. "Шәкіртсіз ұстаз - тұл" демекші, өнер айдынында қанаттас келе жатқан қаламдас қарлығаштарға өнегелік сөзін айтуды ақын абзал борыш санайды. Әрдайым жас ақындардың шығармашылық жолына назар аударып, сәт сапар тілеп, ақ батасын беруден жалықпаған

ұстаз ұлағаты нәзік жанды халықтың (әйел затына байланысты) поэзиясына үнемі зер салып, пікір білдіріп отырады. Мысалы, Б. Бекетованың өлеңдер кітабына жазылған алғы сөзде: "Өлең - дерт. Өлеңнің киесі қыз балаға, әйел затына қонса, ол дерттің азабы жараға тұз құйғандай ащырақ ... Осы кейбір қыздар өлең жазса, ылғи жылап-сықтап, аспан астындағы бүкіл азап пен тауқыметті солар арқалап жүргендей әсер етіп, әбден сілеңді қатырады, - деушілер де табылар. Поэзияға, жалпы өнерге өмірдің тек күлкісі мен рақатын емес, көз жасы мен қасіретін көретін көз берілген. Сондықтан да ол - поэзия" [127, 3-4 б.б.] деген екен.

Демек, ақын ой-тұжырымының түйіні бірдің емес, көпке қаратыла айтылған пікір-тілекпен ұштасып жатқанын да аңғарып, абайлаймыз.

Автордың өзі атап айтқандай әйел жанының күллі күйкі тіршілігі ұзақ жылдар бойына Фариза ақындығының басты арқауы болып келе жатыр. Әйел халқының еңбектеген баладан еңкейген қариясына дейінгі образын лирикада кесек те тұлғалы қаһарман дәрежесіне көтерген ақынның суреткерлік сарабал қуатының өзі осы нәзік жандылардың бейнесін сомдауымен ерекшеленеді. Әйелдер әлемінің қоғамдағы рөлін, олардың жеке бас проблемаларын ұлт шеңберінен әрі асыра, жалпыхалықтық дәрежедегі санатқа көтеру де ақын Фариза Оңғарсынова шығармашылығына жазылған тағдырдың тарту-таралғысы. Қаламгердің алдына қойған үлкен мақсаты - әйел халқының жан-дүниесіне тереңірек үңіліп, жете жырлау екенін С. Қирабаев былайша өте орынды байыптаған: "Фаризаның көп өлеңдері әйел тақырыбын қозғайды. Бұл - заңды да. Өзі де сол жынысқа қатысты болғандықтан ол әйел психологиясын, оның басындағы өмір фактілерін көбірек біледі, айқынырақ түсінеді. Ол әйелге тән төзімді, өткір сезім күйлерін, кейде сол сезімге малтығып қалатын әлсіздікті, көңілдің нәзіктігін, адал махаббатты тереңірек жырлайды. Оның сезімі де мұңды, ойлы" [65, 143 б.].

Әйел затының зары мен мұңын, қуанышы мен құдіретін заңғар биікке көтере жырлаған ақынның шығармашылық зертханасында аталған тақырып аясы айрықша орын алады.

Жаратылысы күрделі, жұмбағы мол әйел жанының сезім сырларын шым-шымдап сыртқа жайған суреткердің сөз сарайына енген сайын әйел хақындағы бұрынғы көзқарастың байырғыға айналғанын аңғарасыз. Ақындық мұраттың айдынында айқұш-ұйқыш айшықты із қалдырған қаламгердің жыр-өлеңі әйелдер қауымына арналған ән ұран есебінде ширек ғасырдан астам уақыт, әлі күнге айтылып, жарығын шашып келеді.

Фариза лирикасындағы әйелдер әлемі - ақын музасының жалын шашқан мәңгілік Прометейі. Ендеше, ақын шығармашылығына үңілейік, зер салайық!

Атам қазақта қыз баланы әдетте «нашар бала» деп те атай береді. О да бір бейкүнә көк өрім қыз балаға көзден, тілден сақтасын деген балажандылықтың жетелі салт-санасының бірі болса керек. Солай бұла өскен "нашар баланың" - тал мүсін сұлу қыздың алғашқы шырын сыры "тәкаббарлық оты ойнап көздерінде" - Жеңіл ойлы жігіт - желеңнің өрекіген өктемдігіне қарсы бой көтереді. Оқып көрелік:

*Жігіттердің жүрегін
Ұрлай бергім келмейді,
Сүйдім деген тілегін
Тыңдай бергім келмейді.
Кез келгенін ғашық қып,
Әлек еткім келмейді
Аз күндік жай машық қып
Және де өткім келмейді.
Алғашқы арман-тілекті
Шетке ысырғым келмейді.
Бірді сүйген жүректі
Көпке ұсынғым келмейді. [117, 6 б.]*

Он жетідегі арудың көңіл толқыны, қалтқысыз қыз сезімі боз өкпе боз-баланың қыр көрсеткен батылдығын бұғаулап тастағандай. Аз-кем күндік қызық үшін уақыт ұрлау болмашы бос қиялдың жетегінде жүріп "қыз келгенді ғашық қып, әлек ету" - кіршіксіз көңілді бейкүнә бойжеткеннің табиғатына жат баянсыз шаруа. Алғашқы арман-тілекті таңдап айтар ақмаңдайлының байлауы бір ғана жанды сүйеді, "бірді сүйген

жүректі көпке ұсынып" қор етуден бойын аулақ салған, сертке берік, бір сөзді бәс.

Махаббат мәселесінде ақын кейіпкерлері кінәратсыз ашық көңілден сыр ақтаруға асық. Өмір-өзеннің аумалы-төкпелі жел қайығына мініп алып, арман мен бақытқа қол созған, өкіну мен өксудің өртіне орана жүріп, көп құсасы ішіне сыймай, сыртқа тепкен талайлардың психологиялық ахуалы ақын өлеңдерінің өткір өзегі болған. "Ғашық жайлы мұңды өлеңдер жазбауға" мүмкін болмайтындығын баса айтқан ақынның байқампазға бағытталған барометрі сықылды мына өлең:

*Сүю - сезім улары,
татпақ түгілі қайғысын,
Ғашық болып тугалы
көрмесің-ау, байғұсым!
Кетісудің кілті- егес,
қозғамайық ол жайлы.
Махаббатың - күлкі емес,
мұңсыз сүю болмайды! [117, 25 б.]*

- деп, ағынан ақтарылады лирикалық бейне. Дәл осы сезімге құрылған "Диалогте" сүю машақатының азапты сапарын бастан кешірмеген сабаздың:

*- Сенсіз қалай күнелтем,
үйленейік, жүр, еркем!*

- десе, бойжеткен жауабы:

- Мен сүймесем не етеміз ?

- деп, іңкәр емес көңілін ізетпен іріксе, жігіт-сылқым турасына бір-ақ көшеді:

*- Әлі-ақ сүйіп кетеміз,
үйренісіп күні ертең!*

Шын махаббат қандай жағдайда туады? Құлай жақсы көрумен, ішкі сезімін сыртқы күштің әсерінсіз көрсе қызар әсіреқызылдық жарға соқтыруы мүмкіндігін өлең түйінінен түсіндік:

*Сүймей, күймей, зар қылмай
өмір құру- бір қайғы:
сыйласудан тағдырдай
шын махаббат тумайды. [117, 12 б.]*

Көңіл-күй лирикасы ақын өлендерінің өміршең өзегі десек, Фариза әйелдерінің ғажап сыр-сандығының сиқырлы кілті кестелі сөздің көкжиегінен көрікті орын алады. Сүйіспеншілік сезімнің соқпағында жүріп сертке жетпеген екеудің монолог-мұңында тағдыр тәлкегіне бой ұсыну ауаны байқалады. Ол ынтық болған жан көз сүріндірер сұлу емес, көңіл аулар сүйкімді сықылды. Мұндайда халық даналығы ойға оралады. "Сұлу - сұлу емес, сүйген - сұлу". Бақыты сол - "Өмірлік жүрегімде ол тұрақтады". Үмітін үзбей үздігумен бақытын тосқан кейіпкер толғанысында тағаты таусыла күтумен өткен ғұмыр жыры бар:

*Төбіреніп жүрегіңнен жыр арнадың,
Көп мезгіл жылылығын ұға алмадым*

"Сан қилы тағдыр жолын сезбеген" сәулетайдың ой-қиялы өзгемен әуре, басқамен әуейі. Сараланған "Не деген ғажап еді" атты екі тармақты өлеңнің үлгі-өнегесі поэзияның өмірдегі ырғақ-әуенінің әдемі аяқталуымен өрнектелсе, екінші ұтымы-әйел психикасының парасат-байлауы бейнеленген:

*Сен жүрсің ынтық болып күлкіме бір,
Не деген ғажап еді шіркін өмір! [117, 11 б.]*

Әйел қауымының қадыры - сүйіспеншілік сезімінің мәрттігімен тулаған қызу қанды көңілдің көрігімен қарсылас жынысты атаулының алдында аса құнды бағалы мәртебелі көрінеді. Талай ұр да жықтың жанын жаулап, басын байлаған қыз-шіркіннің керім жігітті іздеп таба алмай, тапса да таңдайына татымай талайлардың тауын шағып, жағасы жайлау жайдарман көңіл күйінен сыр шерткен әзіл-шыны аралас өлең - "Табылмай бір керім жігіт" аталыпты.

*"Сізге ғана құштармын",- деп,
Көп жігіттер ғашық болды.
Бір "керімін" ұстармын деп,
Қыз көңілі тасып толды.*

Осылайша еркектер жағрапиясынан жігіттің жампозын іздеп сабылған бой жеткен "сараптауынан" еркек кіндіктінің сүзілмей сау қалғаны аз-ау. Үміткерлердің күмбіген көңіл желігін басқан себеп-сылтаулардың (дұрысы кемшіліктері) бірқатары мынадай: "біреудің бойы қысқа", "біреудің мұрны жаман", біреуі "өте

алып ұшпа", біреуі "тым тұнжыраған", келесісінің... жұмысы тексеріліп, ұнамады т.с.с. Соңында өкініп, саусақ тістерін болжай алмаған сұлу бикештің жеке басындағы бопса ғана емес, жалпы қыздар атаулының кемшілігіне тән көкейтесті проблемаға айналғаны өтірік пе?! Таңдау мен тағдырдың талайына тап болып, ақыр соңында "таз да" табылмай, тұйыққа тіреліп, тұсалып қалған "қыз-ғұмырлар" аз ба?! Теңін таба алмаған арудың монологынан ақынның айтпақ ой-ақиқатын тап басып аңғарғандай болдық:

*"Маған тең жоқ жігіт",- деді,
Таба алмады еш керімді",
Орны бар жас, кәрінің де
Сүйе білсе теңін біліп
Сол ару жүр әлі күнге
Табылмай бір "керім " жігіт. [117, 19 б.]*

Фариза поэзиясының парасат-парқы психологиялық пәлсапамен үнемі тығыз байланыста өсіп-өрбіп келеді. Ақынның өнерпаздық құдірет-таланты бұл тұста да жарқ етіп жарығын шашады, нұрын төгеді. Әйел жынысының жіңішке жолын сәулелі соқпаққа қайтсем де айналдырам деп, байыз таппаған ақын "мені" оқырман жүрегіне сыз түсіруге бар. Әйтсе дағы ақындық айқындама (объективтік идея) әйел затына аянышпен қарауға, мүләйім мүсіркеуге атымен қарсы. "Қыз бала деген ізетпен қарасаңыздар қарсы емеспін, бұлданбаймын да" дегенді ту қылып көтерген кейіпкер пікірімен үнсіз келісесіз. Әйел табиғатының осал мініне "оғаш мінезбен" үн қатқан лирикалық қаһарманды тауып айтты демеске де лаж жоқтай:

*Тілемеймін өмірден жеке несін,
(Мықтылармен күнелтпен жетелесін).
Жолы қысқа, қыз бала десеңіздер
Кішіреймеймін , мен қайта кетем өсіп. [117, 24 б.]*

Осы шумақ ақынның өз айтары емес пе екен?! Елі, халқының аманатын арқалаған ақын алқалы топтарда "азаматсып" шешенсіп, "билік құрып", сыйлағанға масайрап әдеп бұзудан" аулақ. Өзін әрдайым ұстамды ұстайды, сый орнын білетін сыпайы жан. Сөйте тұра біреулерге сәл жұмбақтау, біреулерге бұйығылау сияқтанады, тіпті қайсы

біреулердің "салқын" деген пікірлерінен де шындықтың ұшы шығып тұрғандай. Жайдарылық күтіп жан-жағын қоршаған замандастарына Әйел-ақынның айтары айдан анық: ақындықты, азаматтықты паш еткен позиция:

Етсем жырды киініп - ішінерім,

Кешірімесін осыным үшін елім.

Асқақ-асқақ жыр күтіп жүрсе менен

Сыйлағаны осы деп түсінемін. [116, 24 б.]

Суреткердің қаламынан туған әйел тағдыры, оның өмір түйткілдерінен сыр тартқан сан қилы поэтикалық дүниелердің ауқымы да қомақты. Әйел психологиясын әр қырынан танытуда тарихи «төңкеріс» жасауға ұмтылған ақынның шығармашылық сапарында сәтті шыққан туындыларының саны да аз емес. Мысалы, ақынның "Сенің махаббатың" (Әйелдер әлемі жыр кітабы, Алматы, 1979) тұтасымен әйелдер жаны жұмбағының қыр-сырына арналған шапағатты шумақтардан тұрады. Кейіпкер тұлғасын сомдауда ақын ел мәдениетінің өткен тарихына тоқталмай өтпейді. Отанға әйгілі, елге белгілі тарихи тұлғалардың көркем образын реалистік сипатта қайталанбас талантымен жарқырата жазып шықты. Айталық, Сараның ("Сайраған Жетісудың бұлбұлымын"), Динаның ("Күй"), Майраның ("Тартады бозбаланы магнитім"), Маңғыстау аңызындағы Ақбөбек ("Ақбөбек жырлары"), домбырашы, ақын қыз Жантолы ("Жантолының монологы"), «Ақ әже» атанған Ақкенже («Ақкенженің өсиеті»), қари қыз Айбала («Қари қыз хикаясы»), батыр қыздарымыз Әлия мен Мәншүк ("Тыңдаңдар, тірі адамдар"), ақын мен анасы ("Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы"), Мариям Хакімжанова ("Жыр анасы"), Роза Бағланова ("Назқоңыр") мен Бибігүл Төлегенованың ("Бибігүл-ән"), Ғазиза Жұбанова ("Дыбыстар әлемі"), соғыс зардабына ұшыраған жас келіншек трагедиясы ("Қасірет пен ерлік жыры"), жесірдің зары ("Аңсау"), келіншектің ызасы ("Кек"), жас ананың әндері ("Шаңырақ туралы жыр"), тракторшы Кәмшат ("Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген"), аңыз ізімен жазылған ("Айша бибі"), ("Баба әже"), әженің әңгімесі ("Қырдағы айқас"), грециялық ақын әйел ("Сапфомен сырласу"), "қара континент" әйелдері туралы ("Қарғыс"), "Әйел", "Әйелдің монологы",

"Әйелінің маскүнемге айтқаны", "Күйеуіне ашуланған әйелдің сөзі", "Әйелдің шешімі", "Қыз-тағдыр", «Әйел тілегі», «Жеңгелерім», «Қызыл тымақты қыз», «Сунақтың сұлу қыздары», «Қыз махаббаты», «Қыз сөзі», «Шығыстағы ару қыз», «Парсының сұлулары», «Зүбайда», «Қыз ғұмыр»... Міне, осы ұзын-шұбақ алқалы атаулар - Ф. Оңғарсынова шығармашылығынан мәңгілікке орын алған - әйелдер әлемі.

Жанрлық ерекшелігіне келсек, аталған туындылардың көпшілігі поэмалар мен толғаулар, диптих пен триптих, толғаныс пен арнаулар, цикл өлендер шоғыры. Олардың қаһармандары әр қилы жастағы, әр дәуірдегі әйел затының өкілдері. Мұнда алқалы топта сөз бастаған ақын қыз, "бозбаланы магниттей тартқан" әнші қыз, махаббаттың түрмесіне түскен мұңды қыз, серілер мен көсемдерді бұғаулаған шешен қыз, соғыс ертіне оранған батыр қыздар, жаны жаралы келіншек, жыр анасы мен күй анасы, сөз анасы мен ән анасы, аңыз анасы мен еңбек анасы, ішкі сыры мен шерін ақтарған әйелдің шешім- монологы, қыздың жұмбақ тағдыры... тағысын тағы, бір сөзбен айтқанда, әйел жыныстылардың қазақ топырағындағы толайым тарихы мен тағдыры тоғысқан. Ұлттық мақтаныштарымыздың көркем өнердегі белгілі портреті бар мұнда, сол сықылды, тіпті шет жұрттық өзге құрлық әйелдерінің (негр, грек., ауған, түрік, парсы, сыған, үнді) шым-шытырық қилы тұрмысы мен замандық зары да әлем әйелдерінің трибунасынан сөз алған ақын жанарынан жасырын, қаламынан қалыс қалмаған.

Әйел болмысының күнделікті өмірдегі жай-күйі, рухани келбеті мен динамикалық қозғалысы нендей дәрежеде? Әйел баласы жеке адам ретінде қоғамдық ортадан нені қажет етеді? Ішіп-жемі, киер киімі, үй-ішілік, от басы, ошақ қасының шаруасын күйттеуде кемеліне жетіп жүр ме? Сонсоң әйел басында проблема бар ма? Сансыз сауалдардың толымды жауабын тақырып аясы аса кең ақын лирикасының көкейтесті күрең жырларынан таба аламыз. «Адам-ата, Хауа-ананың қасиетті қағидасының құзыр-қүдіреті әйел баласын жат жұрттық қып жаратса-дағы, оның көз жасын көруге тыйым салған» дейді екен баяғыда көне көз кәрі құлақтар. Мұхамбет пайғамбардың

қадистерінде: "Алла әйелдермен жақсы қарым-қатынаста болуды мәслихат етеді, өйткені олар: аналарың, әжелерің, қыздарың, әйелдерің, әпкелерің, қарындастарың" (131-хадис) - деген имандылықтың шарттары түзілген. Ана күш-қуатының құдіреті 115-хадисте тіптен тамаша жазылған: "Әуелі анаға, тағы да анаға, тағы да анаға, содаң соң Отаныңа жақсылық жаса" [127, 14-16 б.б].

Әйел табиғатының иіріміне терең бойлап, оның ішкі жан-дүниесін ұғынуды, болмысына байыпты байлам айтуды ақын әр уақыт баға жетпес борышындай сезініп, үлкен ізденіспен көтеріп келеді. Қаламгер шығармаларының лирикалық кейіпкерлері балиғатқа жетпеген қыз атынан сөйлесін, мейлі, атой сезімге бой ұрғыш келіншек болсын, ақыл тоқтатқан ағараң жаулықты ана бола ма, немесе ақ кимешекті әже атынан сөз алсын, әйтеуір, әйел атты жандардың сезімін жеткізуші герой (қаһарман).

Әдебиетті көркемөнердің бір асыл бұтағы деп бағаласақ, оның сыршыл саласы, түлегіш тегі лирика саналса керек. Ал, осы лириканың пырағы поэзия деп түсінсек, ондағы өлең сикқыры әйел әлеміне таудай қызмет қылса, ақын үшін одан бағалы қандай сый-сыяпат болуы мүмкін. Лирик Ф. Оңғарсынованың әйел проблемасын қозғайтын күрделі де көлемді туындысының бірі - "Қыз-тағдыр" атты цикл. Өлең-циклдің алғашқы:

*Жақындамай жанымда ойнар шабыт
Жүргенде өзім миымды ойлар шағып,
Қырық түрлі тағдырмен қыздар келіп
Өміріме жүреді ойран салып*

*Жарайтындай мен өмір тіреуіне,
Жеткізбеген арман ба, тілеуі ме-
ақтарады мұң, өкпе, қуанышын-
маған соқпай кетпейді біреуі де, [117, 331 б.]*

- деген шумақтардан-ақ әйел біткеннің басына түскен ауыртпалықтар мен "қырық түрлі тағдырмен келген қыздардың" жоғын жоқтаушы, мұңын мұндаушы ақынның қаламгерден-қайраткерге айналғанын көреміз. Әйел тағдырына араша тұрып, қыз-келіншектің "кем-кетігіне" қайтсем дәнекер боламын деп,

шақша басы шарадай болған ақын дананың ғазиз көңілі әлем-жәлем күй кешеді: "Мен оларша күштімін шын атомдай, Қыз біткеннің тағдырын даналықпен жөні түзу арнаға бұратындай". Қиюы қашқан "қыз-тағдырдың" алынбаған қамалы, жеткізбеген арманы, тілеуі, бәрі-бәрі... мұң, өкпе, қуаныш болып ақын алдында ақтарылады. Тән жарасына емес, жан жарасына ұшыраған жолы жіңішке жандардың өкілдері жарым көңілдеріне сөзден шипа, жырдан ем іздеп әуре. Алыстан ат сабылтып, маңдай тіреп келгендерді қарсы алмауға ақында амал да, себеп те қалмағандай. "Өзіңізге тағдырын тапсырам" деп келеді ана балауса қыз жетелеп" немесе "Мен ғанадай қыздағы намысты ұғар, Баласына бақшадан орын беріп, тастап кеткен жігітпен табыстырар" сықылды "сәлемшілердің" тағдыр-талайының жыртық көңілін жамап әуре. Әйел біткеннің бақытын бағалаушы бағбаны болған қаламгердің лирикасы:

...Әрбір тағдыр - бір әлем, еніп алып

Шақша басым шырға боп мен отырам

- деген мұңлы да мазмұны мағыналы жұмбақтардан өрілген. "Қыз-тағдырдың" тақырыбы тұрмыс-күйдің күйкі тырбаңы емес, тұтас тағдырлардың тұманды тіршілігі, тат басқан көңілдің сәтсіз күндері мен тоң мінез түндері деп ұққан ләзім. Ақындық позицияның поэзиядағы пәрменділігі авторлық идеяның ой-өзегінен байланыс табады:

Деп келгенде: "жырыңмен" өшімізді ал!

көрсете алмай қиналам тосын ызғар,

Жүрегіме еніп ап ойран салып,

мені өлтіріп тынады-ау осы қыздар!

"Лирика тілсіз түйсіктерге ой беретінін" (Белинский) ескерсек, Фариза өлеңдеріндегі әйел табиғатының тылсым сырына терсең бойлау керек. "Қыз тағдыр" циклінің мазмұны ақын мен өлең кейіпкерінің диалогіне құрылған. Қыз баланың болмысын, өмірдегі өткел-өкінішін, қайғысын, мұң-мұқтажын, сондай-ақ көл-көсір қуанышын, жаны жаз жайдары шақтарын, шуақты күндері, қысқасы сезім-сырдың интимдік құбылысының шындығын көтерген лириканы сөз сарасының шырайы деп түсіндік. Мәселен, бірінші тағдыр иесіне қойылған сұраққа назар аударайық:

*- Қалқам, сені қандай ой жүрелеткен,
Жауап:...кеудемізге осынша құдірет құйып,
бізді неге жаратқан сүйек-еттен ?*

Нәзік жыныстылардың жаратылыс-жалғанның құпиясына құмар жұмбақтарының жүйесі мұнымен бітпейді. Табиғаттың тылсым сырын ұғынудың (бұл жерде адамзатқа байланысты) азапты сапарына бойлаған бойжеткеннің бұлдыр сауалдарына байсалды жауапты жыр иесінен табамыз. Бұла көңіл бал дәуреннің думанды дүрмегіне ілескен қыз-тағдырдың қу ғұмырдан алар сыбағасы аз болмапты.

Адамгершілік тәрбиесінің парасатты парқы қоғамда болып жататын кесірлі құбылыстар мен оқиғаларды сын тезінен өткізіп барып қабылдайды екен. Ендеше өмірдің өзіндей болған өлең-өнердің де қабылдаушысына қасиет болар қағидасы бар. Фаризаның өлеңдер шоғырында ("Қыз-тағдыр") көңіл-күй лирикасының бірте-бірте дамып, асқақтай келе үлкен философияға, әлеуметтік мәнге ие болғанын байқаймыз:

*- Күліп, күтіп көрдіңіз...күрсініп те...
айтыңызшы ірікпей бір сыр ішке:
менмен Әлем иеді кімге басын?
-...құрсақта төңбекшіген тіршілікке!*

Байқайсыз ба? Ақын өлеңінің тақырыбы - әйел психологиясы, идея өзегі - әйел затының проблемасын қозғауды, оны көтеруді, әйел затын ардақтауды мақсат етеді. Сыншы, зерттеушілер пікіріне ден қойсақ, лирикалық поэзия онша ұзақ болып келуді сүймейді. Бұл тұрғыда ұлы сыншы Белинский: "Лирикалық шығарма тезбе-тез түйсіктен шыққанмен, рабайсыз ұзақ болмауға тиіс және болмауы да керек. Әйтпеген күнде ол тартымсыз және сылбыр боп, ләззат бермек түгіл, оқушыны жалықтырмақ" [108, 73 б.] дейді.

Ғұлама ілімінің түп қазығы – «лирика - сол мезетте, сол бойда жарқ еткен отты сезімге, қысқа-қысқа шабытты шумақтарға құрылуға тиіс» дегенді аңғартады. Фаризаның бұл шоғырлы (цикл) өлеңі қысқа қайырымды ұзақ жыр сықылды оқылады. Ақын мен кейіпкердің өзара ішкі сыры, назы, бұл - өлеңнің сыртқы құрылымы. Ал теренірек үңілсек,; бұнда кейіпкер біреу-ақ сияқты. Оқып көрелік:

*Мұны ұққандар жазғырмас, демес "неге",
махаббат бар сенетін елеске де,
бәрі де бар. Бірақ та бұл өмірде
ана сезімінен зор жоқ ештеңе!
Жоқ ештеңе!*

Адамдар, ол есте ме?

*Қабырғам да қайыссын ұлы жүктен,
жалт етпенің бәрінен түңіліп те ем
(бәрі өткінші і- ұзынғам үңіліп мен,)
өтсем деймін өшпейтін сезіміммен -
дүниені жібітер жылылықпен,
жылылықпен мәңгілік мұзын үккен.*

Ұзақтау өлеңді осылайша әр қырынан қарастырып талдай беруге болар еді, бірақ олайша жіктеу өлеңге көлеңке түсіруі мүмкін. "Қыз-тағдыр" Фаризаның лирикалық поэзиясындағы ақындық платформасын айқындайтын, өмір шындығын, қоғам тынысын танытатын шығармалардың бірі саналады.

Жалпы әйел характерін сомдауда Фариза қаламынан жүздеген өлеңдер, яғни лирикалық туындылар дүниеге келген екен. Қазақ әйелінің психологиясын әдебиет атты арғымақ өнерде, оның ішінде поэзияда сан қырынан сапалы қасиетте жырлау көптеген ақын-жазушылардың еншісіне бұйырса, соның көш басында Ф. Оңғарсынова тұрады.

"Қыз-тағдыр" бірді-екілі жанның өткінші өткелі емес, көптің тағдырына арналып жазылған ақынның мәртебесін өсірген жыр-жалауы, қара көз қарындасқа арналып, өлеңмен өрілген ескерткіш-белгі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ әйелінің тұлғасын ақын қалай сомдады?
2. Әйел психологиясы – ақын өлеңдерінің өзегі.
3. Ұлт тарихындағы өнерлі әйелдер туралы не білесіз?
4. Әлем әйелдерінің келбеті ақын жырында қалай берілген?
5. Ақын-қыздар лирикасындағы Фариза суреткерлігінің қолтаңбасын қалай ажыратамыз?

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) «Әйелдер әлемі – ақын музасының Прометейі» (Ой

толғау).

2) «Қыз-ғұмырды» жырлай берші «Жыр-ғұмыр» тақырыбында ән-жыр кешін ұйымдастыру.

3) Ақынның «Жүрегіме еніп ап ойран салып, мені өлтіріп тынады-ау осы қыздар!» деуінің сыры неде? Мәнін ашыңыз.

Әдебиеттер

Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. А., 1996. - 391 б.

Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. А., 1997. - 168 б.

Оңғарсынова Ф. Шілде. А., 1978. - 320 б.

Бекетова Б. Жалғыздық. А., 1994. - 160 б.

Өмірзақова Г. Жапырақ-ғұмыр. А., 1993. - 112 б.

Сариева Ұ. Жапырақ ғұмыр. Орал, 2010. – 184 б.

Таубаева А. Құлын дауысты жыр-әлем. Орал, 2018. – 348 б.

Бөпежанова Ә. Өрнектер. А., 1991. - 200 б.

Қирабаев С. Талантқа құрмет. А., 1988. - 248 б.



§5. Махаббат лирикасы

"Лирика - барлық поэзияның қаны мен жаны; лирика - поэзияның поэзиясы" - дейді Белинский [108, 31 б.]

"Лирикада мінез болады. Ол - ақынның мінезі: өлеңім өзіме тарт дегендей, әр өлең тек иесіне ғана тартады" (З. Қабдолов.) [2, 313 б.].

Ақын Оңғарсынованың мінезді жырларының ішінде жалпыға жаққан тақырып әуені - жастар жайы, яки махаббат тақырыбы. Қыздар романтикасы туралы: бойжеткеннің басындағы сүйіспеншілік сезім, сағына сарғаю, өткенге опыну, дала, жайлау қызықтары т.с.с. ақынның "Сағына түссін дедің бе?", "Ақ боз атты жолаушы", "Қыз қуу", "Соңғы махаббат" атты лирикалық жырларында әдемі көрініс тапқан. Бұл өлеңдерден ақындық "меннің" көркем бейнемен біте қайнасқан біртектілік, бірізділік бедерін аңғарамыз. Махаббат лирикасы дегенде автордың "Соңғы махаббат" аталған өлеңі тілге оралады:

*Менің бар мұңдарымды,
ешкімге де айтылмас сырларымды
Көкіректегі қасірет, қуанышымды,
өкінішім мен ұмттті, жұбанышымды
саған ғана үн қатпай ақтарамын* [117, 121 б.].

Лирикалық кейпкердің "соңғы махаббатына" ақтарылған ішкі сезім сыры, назы, ақ адал жүрек, таза да періште жанның ыстық ықыласы болып төгілген. "Түсіне тұрып (аяйсың, қимайсын мені), түсінбеген боп кетесің, қинайсың мені, ойлайсың, көңілі түңіліп қалса деп менен" - мұның бәрі шын сүйген сорлының жан азабы, жан айқайы сынды естіледі, періште пәктікпен жырланады. "Онсыз да өмірден көп қалған көңілімді менің тым болмаса сен ғана қалдырма, жаным,..." Сыр ақтарыла, жыр оқыла келе оқырман ақынға айналады, ал ақын лирикалық кейіпкердің өзі емес пе екен? Міне, ақынның (кейіпкердің) жанды жүдеткен жыр пырағы сөйтіп, отты өлеңге, жыр маржаны жалынға, бірдің емес (мыңның махаббатының емі осы болса не істейсіз) көптің әлеуметтік үніне осылайша айналып отырады. Өлеңде жеңіл-желпі жылтырақ жалаң ой жоқ, жыр байсалды, сезімі жаралы жанның айтар соңғы

жалынышы, өтініші, талап-тілегіндей талғаммен айтылады (тыңдалады). Ой-қиялдың қазанында әбден пісіп қайнап шыққан өлеңді махаббат бекетіндегі лириканың озық үлгісіндей көрдік те, көз тастадық сөз салдық. Осы өлеңнің заңды жалғасындай немесе прологындай оқылатын лирика "Сағына түссін дедің бе?" делінеді. Мұнда да қыз сыры, сергелдеңге түскен, сарғая сағынған сәулетайдың жүрек тербер терең сезімі сүйіктісін қимай қинала қоштасу ретінде көрінеді:

*Кеттің зой сонда көп күнге,
Қолымды неге қыспадың?
Тіледім самолеттің де,
Кешігіп барып ұшқанын.
Несіне тіктің көзіңді
Сүйілмей қанған ерінге
Сарғая күтіп өзіңді,
Сағына түссін дедің бе! [117, 72 б.]*

"Махаббат, қызық мол жылдардан" (Абай) шертері мол жырлар Фаризада молшылық. Әйтсе дағы тақырып тірегі бола тұра, айтылғанды қайталау - Фариза ақында жоқ. Жазылған жайға қайта оралу, оған басқа қырынан келу, ойлампаздыққа салынып, идея мақсатын екшеп айту - Оңғарсынова лирикасының басты бұлақ бастауы.

Ақын шығармашылығына назар салған кейбір әдебиет зерттеушілерінің әр жылдардағы еңбектерінде авторға "өзін-өзі көп қайталайды" деген сын да айтылған-ды. Мәселен, сыншылар Ә. Жәмішевтің, Т. Тоқбергеновтің ескертпелері ақын шығармашылығына оңды өзгерістер алып келгенін, шын сынның суреткердің шеберлік нәшін көтеруде елеулі пайдасы болғандығын да айта кеткен абзал. Сөз өнерінің арын ойлаған олардың бірі: "Біздің Фаризаға да айтарымыз: өлеңдеріндегі элегиялық ноталардың жүрегіңнен бұлқып, қайнап шығып жатқаны жақсы-ақ, тек соларды көп қайталамасан екен, бір айтылғанға оралып соға бермесен екен демекпіз" [91, 40 б.] десе, екіншісі: "Рас, Фаризаның өзін-өзі қайталауын, кейде тіпті көбірек қайталауын құптауға болмас та. Әйтсе де, сол қайталауға баруында да жыр тұлпарды қамшылап, тани түссем

деген таразы көңіл тағы жатады" [92, 133 б.] деп бастапқы ойды қуаттаумен бірге, жаңа бір пайымның да көзін ашады.

Демек, сыншылар айтқан мәселелердің тақырып пен мазмұнға қатысты екі ұдай пікір туғызатын жағы да бар. Махаббат лирикасында әдетте жыр ішкі кейіпкердің характеріне орай құбылып келіп отырады. Сүю азабы, айнымалы, толқымалы сәттер. Мұная ажырасу, қуана табысу, сағына сарғаю, аз күндік наз-өкпе сияқты екеудің басында кездесетін тағы басқа да эмоциялық ситуациялар лирика тілінде біріне-бірі егіз қозыдай ұқсас шоғыр (цикл) өлеңдер тудырады. Лирикалық кейіпкерлері бірнеше жиынтық бейнелерді құрайтын бұндай өлеңдерден оқырманға бұрыннан таныс тұлға бой көрсетеді. Ал Фаризаның поэзиясындағы әйел, махаббат тақырыбы қаламгердің ақындық айлағының құрметті төрінен аумақты орын алған мәңгілік мұраты емес пе?! Ендеше, жалынды жырдың отын лаулатқан лириктің аталмыш тақырыпқа әр мезгілде түрлі қырынан тың тұжырым, соны серпінмен қайта айналып, оралып соғуын занды құбылыс деп ұққан жөн шығар. Мысалы, ақын шығармаларының "Таңдамалысына" (1987) енген "Жантолының монологы" аталған туындыда кейіпкер ақын қыз аузымен айтылатын:

ортаңа кеп ем жиналған жер деп сорпаға шығар

жақсылар,

Көруге бір сәт бәйгеге түсіп, бақ сынап.

Отырсыңдар ма біріңді-бірің қызғану менен
күндеуден

Жарылып кетпей шақ шыдап! [117, 169 б.]

- дегенге ұқсас, сабақтас ойлар "Тістену" атты өлеңде төмендегі тұрғыда тағы да кездеседі:

Күндеңдер мына мені -

кішіртудің сол шығар бір-ақ емі.

Мен түгілі мерт болған күндестерден

Ақанның Құлагері [117, 284 б.].

Бұны айтқан - палуан жігіт, кедей өкілі Сарығұл. Екі туындыдағы кейіпкерлер - екі адам, екі жыныстың өкілі. Әйтсе де өмір сүру кезендері шамалас, яки олар тарихи тұрғыдан алғанда тағдырлас жандар. Автор олар ғұмыр кешкен дәуірдегі

қоғам шындығын күрескерлік келбетке сыйғызған. Тақырыбы бір, өзара үндес осы өлеңдердегі ой өзегі әп дегенде ұқсас оқылатыны да бар. Ф. Оңғарсынова шығармашылығына тән ерекшелік - қандай тақырыпты жырласа да, көңіл қабатында жүрген мәселелердің иін қандырып барып, тереңнен толғап, жүректен қозғайтыны. Мазмұны мәндес, тақырыбы түбірлес бұл сынды өлеңдер ақынның тек қана саяси-әлеуметтік немесе махаббат лирикасында ғана емес, туған жер, Отан туралы туындыларына да тән құбылыс, ерекшелік. Мәселен, "Ұлытау жатыр" (1987 жылғы жинақта) өлеңіндегі:

*Ұлытау жатыр қойнына
шежірелерін жасырып.*

*Қастерлі мұнда ой, жыра -
кердеңдеп бассаң - асылық [118, 103 б.].*

- деген жолдардағы іңкәр сезім, өскен өлкеге деген көл-көсір махаббат "Ұлытауым" (1996 жылғы кітапта) атанған ән-өлеңде жалғасын тапқан:

*Ұлытау ұлылықтың байрағындай,
Даламның алтын жалы, айдарындай.*

*Қастерлі, қасиетті тағдырымның
Қалдырған тарихтарға айғағындай [122, 20 б.].*

Міне, осы қос өлеңдегі уақыт айырмашылығы болмаса, біз бұл туындыларды бір күнде, бір мезетте жазылды деп қабылдауымыз да мүмкін. Сыншылар (Ә. Жәмішев, Т. Тоқбергенов т.б.) атап көрсеткен "бір айтылғанға оралып соға беру" (91, 40 б.) сияқты ескерту - пікірлердің де бір парасы суреткер стилінің соны сыр-сипатына тереңдеп бармағандықтан болса керек.

Ақын лирикасын тексеруден туындайтын басты мәселенің біріне ақынның мендік үнін, яки өзіндік қолтаңбасын айқындап, аңғартатын дара стилі болатындығын да ескеріп, ұмытпаған жөн. Қалаған тақырыпты ашуда, мазмұн байлығын жеткізуде ой мен тілдің жұмсалу тәсіліне жүгінсек, автор суреткерлігіне жіті үңілу аса қажеттілік. Бұл қажеттілік зерттеу жұмысының негізін құрайды.

Түйіп айтқанда ақын лирикасындағы өмір құбылыстарының қадари - халі (көрінісі) уақыт өте келе қайта жанданып, белгілі

мерзім ішінде толысып, кейіпкер жүрегiнiң үнi, лүпiлi болып қайта соғады да, суреткер шабытының қайнарына айналады.

Ақынның ардақ тұтқан, мейлiнше құштар көңiлмен жырлаған өрiсi кең жайлауы - махаббат тақырыбы екенiн айттық. Бозбала мен қыз жайы лирика жанрында өзгеше өң алып, түлеп салатыны және бар.

Атам қазақ "қыз балаға қырық үйден тыю" дейдi екен бойжеткен тәрбиесi хақында. Сезiм шiркiндi сыртқа шашпай, көңiлдiң құлпында ұстау да қазақтың қызына жарасқан жағымды қылық. Үлкеннiң алдын кесе өтпеу - халықтық педагогиканың пәрмендi ықпал-тәрбиесiнiң тағылымы десек, бойжеткенi бар үйдiң жолаушысы жыртылып-айырылатыны несi екен? Қызы бар отаудың шайы артық қайнап, бiр асы да артық асылады екен. Ендеше "Ақ боз атты жолаушы" аталған өлең - оң жақта бой жетiп отырған арудың атынан сыр суыртпақтайды. Өлеңдi басында үздiгiп оқисың да, соңынан оқығанына өкiнесiң... Неге? Себебi сол - кейiпкер қызға жаның ашиды, бүйрегiң бұрады. Алдына қонған құстан айырылған аңшының аңғалдығын, мүлт кеткен мергеннiң пұшайман халiн бастан кешесiң. Оқылық:

Ақ боз атты жолаушы

Бiздiң үйдiң сыртынан қырындады.

Көрмеген боп көрсем де үңiлмедiм

Қызарып күлiмдедiм. [117, 74 б.]

Одан әрi ақын қаламының күдiретi бойжеткен басынан кешкен iңкәр сезiм, құштар көңiлдi сипаттап кетедi. "Құдық жаққа кетсемшi.," деген ойды iштей қайталаған лирикалық кейiпкердiң iшкi мазасыз монологын ақын қапысыз бередi. Тiрi, жанды сурет дерсiз. Екiнiң бiрiнiң басында кездесетiн психикалық күйзелiс, бiр ысып, бiр суыған сәттер, әйел табиғатына тән намыстың назға айналуы қыр қызының, яки, нағыз қазақы болмыстағы арудың характерiн байқатады. "Көрiнуге тырыстым үй-iшiн елемей отырған боп". Сүйiктiсiн сүйе тұра сырт көзден сезiм шiркiндi жасырған боп, өз амал-айласын асырған боп отырған бойжеткеннiң дәл бұл сәтiн ешкiмнiң (әрине, қыздарға) басына бермесiн. Қолындағы кестесiнен жаңылып, құрып кеткiр жiптiң өзi де қырық үзiлiп,

қыз шіркінді әбден састырды, абдыратты. Өз-өзінен тынысы тарылып, күйі қашқан қайран, бойжеткен, ақыры сыртқа шығып кетуге мәжбүр болды. Бұдан әрі тәптіштеп, ежіктеп түсінік берудің, шұқылап шұқшиюдың жөні жоқ сияқты, олай етсек, лирикаға обал болар. Белинскийдің айтқаны бар-ды: "Ақынды зерттеу - дегеніңіз оның шығармасымен шұқшия оқу арқылы танысу ғана емес, сонымен бірге, оның суреттегендерін өз басыңнан кешіре білу" дей келе, сыншы ғұлама: "Ақынның шығармасын өз басыңнан кешіру деген сөз оның байлығына сүйеніп, мазмұнына терең бойлап, ауыратын жерінде ауырып, қайғысына қайғырып, қуанышына, үмітіне, шаттығына рахаттану деген сөз. Біраз уақыт ерекше ақынның ықпалында болып, соның тілімен сөйлеуді, соның көзімен қарауды, соның құлағымен тыңдауды жақсы көрмейінше оны түсінуге болмайды" [108, 110 б.] деп толымды түсінік береді. Ендеше аталған өлеңді көңіл салып оқып, іштей түйсініп түсінелік:

*Мен сол күні өзгердім
Әшейінде еркелеу, батылдау да ем...
Сезбеппін де сол күні түс аузанын
Дастарқанның шетіне отырғанмен,
Шайымды іше алмадым.*

*Кетеріңде жеңешем,
атыңды ұстап міңгізді бар қамың жеп
Сыбырладың - ол маған сөзің дедім
Аттандырып неге өзім салмадым деп
сол түні көз ілмедім*

"Ақ боз атты жолаушы" - лирика дегеннің нағыз пісіп-жетілген, үріп ауызға салардай сұлу үлгісі десек, асыра айтқандық болмас. Қыз сезімінің қырық қабат қалтарысын бүгешүгесіне дейін жырлау да әйел ақынның ғана қаламынани туылар дүние болса керек.

Қыз сезімінің құпия құбылыстарынан әсершіл көңілдің иірімінен шым-шымдап сыр тартатын өлеңнің бірі - "Қыз қуу" деп аталады. Өлеңде қазақ қанына тән қызулық, жасқа тән табиғи мінезбен қатар психологиялық әдеп-ғұрыптың заманға лайық лебі еседі. "Қыз қуу" - қазақы қалыпқа құрылған өлең.

Жаз жайлаудың қонағы, қаланың ат көрмеген ерке қызы «Қыз қууды» көргенде жездесінің қарсылығына қарамастан:

*"- Ертте, жезде, ең жүйрік сәйгүлікті,
Басталуға "Қыз қуу" аз-ақ қалды !*

- деп, "бойында қазақ қаны қызып", белді бекем буып, сайысқа түседі. Тәуекелдің жел қайығына мінген қыздың мәрт-мінезі "орамал тартқанның намысы бір" дегендей оқушысын от-жігердің жалынына жаниды. Автор сәйгүлікке мінген сұлу қыздың монологы арқылы өлең идеясының иін қандыра қорытындылайды. Өлең өрімінде өзгеге көп көріне бермейтін және бір тәлімдік тәрбие түзілген. Ол - намысқой, өжет, батыл бойжеткеннің еркек кіндіктінің өкілі - бозбаланың алдында кісілікпен кішіреюі. Ендеше қыз қалжыңының (нақтысы - шындық қой) қалтарысына үнілейік те, ой-сөзін тыңдалық:

*Арғымаққа жөнелдім қамшы басып,
(Қарап қоям қауіппен артыма шын).
Мені қуып жеткенше, ей, жігітім,
Қара терге өзің де малшынарсың!*

*- Обалсыз деп, есекке сеніп мінген!-
Қамшы ойнаттым қайтарда төніп бірден.
Неге екенін білмеймін, жігітті емес,
Атын ғана сабалай беріппін мен... [117, 76 б.]*

Өлеңдегі "- Обалсыз деп, есекке сеніп мінген!" деген тармақтан шабандоз жігіттің намысына "қамшы ойнатқан" кейіпкердің көкейіндегі авторлық көзқарасты танығандай болдық. Қаламгер лирикасындағы әйелдер әлемінің бет-бағдары, поэзиядағы әйел психологиясының ажар-айшығы ашыла айтуды, жеткізе жазуды қажет ететін зерттелуі жетімсіз кесекті дүниелер.

Әйел тақырыбының лирикадағы көрінісі қаншалықты тереңнен толғана жазылды десек те, түбірінен тарқатыла арнайы зерттеу объектісіне айналмағаны да шындық. Лирик ақындарымыздың әйел-ана жаратылысына соқпай өтуі қалай мүмкін болмаса, аталған тақырып - әрісі ауыз әдебиетінде, кейіннен жыраулар поэзиясы мен ұлы Абай арасындағы алтын көпірден нәр ала бұл күнге жеткені мәлім. Ақын Ф. Оңғарсынова шығармаларының шамшырағына айналған қыз

баланың қадыр-қасиеті (психологиясы) оның көптеген өлеңдеріне арқау болған. Ұлттық ұғым мен үрдістің бояуы қанық болмысын кейіпкер келбетіне барынша сыйғызуға ұмтылған суреткердің сарабал өлеңінің бірі - "Ауыл қызы". Сұлу қыздың сырт ажарын суретші қыл қаламмен, бояумен айшықтайды. Ол да - өнер, бейнелеу өнері - әсемдік дарындылығы. Ал, қаламгердің құралы, жазушының бояуы - сөз екені белгілі. Сөзбен салынған сурет - жазушы-суреткер шығармашылығындағы өнерпаздық дарын-талантты белгілейтін құбылыс. Прозадағы портреттің пішіміне теориядағы ұғым - түсініктің көмегі көп, эпикалық дүние тудыруға да жәрдемі аз емес. Эпостың құлашы ұзын, "құрал-сайманы" да мол әрі қолдануға ыңғайлы, талантың жетсе, майын тамызып жазып шық. Ал, поэзия патшалығындағы қағидада артық-ауыс, олпы-солпы кесектерді (сөз, сөйлем делік) лирикаға лайық деп таппаған. Өйтсе "бөтен сөзбен былғанса сөз арасы" сынды қатаң талап қағидасына кезігуі мүмкін. Мәселен, қыз портретін "тілге жеңіл, жүрекке жылы ...", "теп-тегіс жұмыр" қылып кестелеу де - құдай берген талантпен танылмақ. Қазақтың қызы қандай болуы керек немесе қазірде ше? Оған біз жауапты ақынның "Ауыл қызынан" табамыз. Тамаша туынды бес-алты шумақтан өріліп, тігісі тұйықталған, жиегі көмкерілген әсем дүние боп шыққан. Қыз келбетінің сырт пошымын (бітімін) бедерлеуде ақын Абай суреткерлігінің үрдісіне сүйенген.

Эстетикалық талғамы жоғары оқырманға ой тастар өлеңде ақын-суреткердің халқымыздың ару қыздары осындай болса екен деген арман-тілегі қоса өрілгендей. Ақындық шеберліктің нышанындай шынайылықты танытар туындыны үзіп-жұлып қайшыламай толық бергенді жөн көрдік:

*Қос жанарда тұрады арай күліп,
Қадалмайды, жалт етіп қарайды үркіп.
Сұқтанады сан көздер сұлулыққа,
Толықсиды қағылмай талай кірпік.*

*Ақша бетке жарасып пісте мұрын,
Балғын жүзден мөлдіреп іштегі нұр.
Бала мінез, пәк көңіл тамсандырып,
Деседі іштей жігіттер "түс пе мұным?!"*

*Жұмыр кеуде жарасып иықпен тік,
Тұр талдырмаш денесін биіктетіп.
Жалғыз жатыр жотада жалғыз бұрым,
Нәзік белге кей-кейде тиіп кетіп.*

*Қынай белді көйлегін етегі кең,
Қуыршақтай қомпитып кетеді жел
Ақ маржандай тізілген сұлу тістер
Көмкеріліп алқызыл екі ерінмен.*

*Шыдам жетсе, жігітім, қызбай қара,
Қадалсаң да, тоймайсың жүз қайтара
Мынау дала жердегі жұмақ болса,
Періште деп дәл осы қызды айтады, ә!*

"Ауыл қызы" тек даланың ғана емес, қаладағы да құрбыларға үлгі болатын, нақты айтқанда, бұл өлең - қазақтың кара көз, сүмбіл шаштарының сүйкімді де сымбатты суреті бола алса керек.

Махаббат лирикасы, қыз жайын сөз еткенде ұлы Абай тағылымын еске алмай, ақынның туындыларына тоқталмай өту мүмкін емес. Абай лирикасын зерттеген М. Әуезов ақынның "Қақтаған ақ күмістей ақ маңдайлы" өлеңі туралы "Өлеңнің тақырыбы - қазақтың бой жеткен қызының сырт көрінісін, пішінін, келбетін суреттеуге арналады. Жас атаулы қызығарлық, сүйсініп, тамаша етерлік, ерекше сұлу қызды сипаттайды. Абай бұл тұста өзінше үлгі көрсетеді. Ол сұлудың сыртқы портретін береді», - дей келе, ақын кемшілігіне әділ пікір білдіреді: "Біздің байқауымызша, Абай бұнда жанды, тірі адамды бейнелеудің орнына, жансыз сурет беріп отырған сияқты. Суретшінің қағазға түсіріп отырған портреті айқынырақ сезіледі. Әсем сұлудың сыртқы көркімен қатар сезімін, ақыл-мінезін, адамдық ішкі дүниесін беруді ақын ескермейді, паспорттық сипаттау жасайды [129, 84-85 б.б.] деп, сол заман, өткен дәуір көзқарасында пікір білдірген. Ал З. Қабдолов "Абай лирикасы" атты мақаласында Әуезов пікірін толықтыра түседі: "Қысқасы, бұл айшығы толыққанды адам образына айнала қоймаған. Адамның ішкі сыры мен сезіміне терең бойламай, сырт бедерін ғана қызықтап

статикалық портретпен тынған. Бұған қарап, әрине, өлеңнің поэзиялық қуатына нұқсан келтіруге болмайды. Ұлы ақынның бұл шығармасы да өз дәуірінің өлең сөздерінен озық, алда, биікте тұр [12, 28 б.] - дейді.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды - Әуезов те, Қабдолов та Абай лирикасындағы эстетикалық таным биіктігін барлау барысындағы ұлы ақын суреткерлігінің бір үзік мезетіне берілген талдау- пікірі деп ұқтық.

Ендеше, ақын Оңғарсынованың аталмыш өлеңіне де сын зергерлері пайым-талдауының (жетістік, кемшілігінің) өресімен қарағанды қолайлы көрдік. Неге? Себебі сол - "Ауыл қызында" "Қадалсаң да, тоймайтын жүз қайтара" сынды:.. бір сұлу қыздың бет-пішіні пайда болады. Бар сән-салтанатымен, ажар-көркімен, міне, көз алдымызда қиылып тұр. Бірақ, бары сол ғана. Сұлу бір жарқ етіп көрінді де, көлеңкедей қатып тұрып қалды, тірі кісіден гөрі түрлі-түсті бояумен келістіріп салған жансыз сурет сияқты үнсіз, тілсіз..." [2, 318 б.].

Екіншіден, өлеңнің алғашқы шумағының бірінші тармағындағы "қос жанардағы арай күлкі" екінші тармақта "қадалмайды, жалт етіп қарайды үркіп", яғни лексикалық-грамматикалық мағынасы жағынан алғанда бастапқы ойды екінші тұжырым жоққа шығарған. Күліп тұрған ауыл қызының әп-сәтте жалт етіп үркуі ақылға сыйымсыз көрінеді. Алайда, Абай арнасында жазылған бұл өлеңнің өнегесі сол - "жас атаулы қызығарлық, сүйсініп тамаша етерлік ерекше сұлу қызды сипаттайды" [66, 103 б.].

Махаббат лирикасы Фаризада қыз сезімі, қыз қуанышы мен күйініші, кейіпкердің ой-толғаныстарының сап алуан қыры бар болмысымен байланысты бажайлап көрініп, кестеленіп отырады. Көңіл күйсандығынан күміс күлкілі бойжеткеннің кінәмшіл сырына үңілсеңіз, махаббат мәселесінің тұңғығына еріксіз сүңгісіз. Бірде жаз боп күлімдеген, бірде қыс боп қаһарланған көңіл-күйдің күн шуағы, қыз мінезінің күйреуік шөлкес шақтары

ширыға, пісіп-толыса келе лирикалық шумақтардың өмірге келуіне себепші бола алған. Айталық лирикада кейіпкердің келбеті (ішкі сезім, сыртқы сипат) оқырман ой-елегінен өтіп,

бірге дараланып, дамып отырады. Фариза лирикасының ең бір елеулі тұсы ақын кейіпкерлерін сөйлетуде адам жанының терең білгірі, нәзік психологы ретінде сөз алады. Қылықты қыздың қырық құбылған сезім сырларын оқырманына жеткізуде шеберлік шырайы кемеріне жетіп, шиыршық атып шабыттанады. Ақын "мені" кімнің атынан сөз алса да кісілікті, кішілікті күмбез етіп көтереді. Ой-арманын от қарыған, махаббаттың күйігіне шыдай алмай қиналған жанның ішкі сезім-толғаныс сырларын ерекше көркемдік мәнерімен жеткізетін өлеңдерінің бір шоғыры "Бойжеткеннің сөзі", "Әйелге деген махаббат", "Басқа қызды жар еттің" деп аталады. Бұл өлең-сырларда әйел тағдырының кез келгенге айтыла бермес жүрек шымырлатар мұң-қайғысы, ләззатқа бөлер балдай тәтті тылсым сәттері, бұла көңілдің кірбеңі жоқ мөлдір мезеттері жыр болып желкен тартқан. Өлең- жырдың құдіреті сонда - кейіпкердің ішкі монологынан махаббат маусымының маздақ отына күйіп-жанған бойжеткеннің сөзін, жігіт-желеңнің әйелге деген махаббат назын, қыз-қырқын тарапынан еркек кіндіктілерге бағытталған еркелік ескертулерді оқығандай, тындағандай әсерде боламыз:

*Басқа қызды жар еттің. От жалынмен
мені сүйген жүректі аямай-ақ [117, 158 б.]*

- деген тармақтардан қыз тағдырының ашу-мұңы мұз болып ызғар тартса, енді мына жолдардан қыз сезімінің шоқ болып жанғанын сеземіз:

*Саған деген сезіммен есім кетіп,
Өртеніп-ақ жатамын қызғаныштан.*

Келесі бір иірімдерде әлі де үміт жібін үзбеген бойжеткеннің бір уақ тәкаппар тұлғасына сүйсіне қараймыз. Қараймыз да, ақынның адам психологиясының үзіліп түсер нәзік қалтарыстарының құлпын ашқанын шынайы суреткерге лайық шеберлік нәші деп бағалаймыз.

*Білем: әлі жүректер ұғысарын,
Бірақ көрсем жалынды басып-жаншып,
асқақ қарап өтуге тырысамын,
сенен өзге біреуге ғашық жансып.*

"Басқа қызды жар еткен" жігіттің опасыздығы бойжеткенді күйеу-сүйеу азабынан құтқармайды. Тағдырдың тұсауына бой ұсынған жанның өмірдегі соқпағы өз дегенінен қайтпаған.

Жұртқа жұмбақ, болды да мендегі елес,

Біреулерге бұл күнде мазақ та өзім...

Махаббаттың күйігі - ерлер емес,

Әйел гана шыдайтын азап-төзім.

Қыз махаббатының мұңын шерткен ақынның әйел психикасының жай-жапсарына жіті көз тастап, ақтарыла, беріле сыр ағытуы - лириканың тегіне тән терең табиғи процесс сияқты. Айтарын айтып қалуға асыққан ақын емес, осы күйді тудыруға объект болған оқиға себеп. Белинский: "Поэзия адамның қарапайым сөзі арқылы берілетін әрі үн, әрі картина, әрі айқын да ашық бір ұғым" - деп жазған. Яғни, ақынның ой қыртысындағы ұғым мен сезім тудырар сөзі - лирикалық қаһарман, лирикалық кейіпкер, лирикалық бейне дегеннің бірі бола алары хақ. Сөз өнеріндегі лирикалық тұлға көптің көрсеткіші бола алуымен қатар автордың өзі толғап тудырған, ақын қиялымен қанаттанған өмірде бар образ болса керек.

Ақынның "Әйелге деген махаббат" атты өлеңі - автордың психолог-суреткер санатындағы шеберлігін айқындайтын ерекше туынды. Аталған өлеңнің мазмұны көңілде екі ұдай сезім қалыптастырады. Талайлардың тар құшағынан өтіп, "тәтті төсектің" дәмін татқан, махаббат мұхитында тәжірибесі толысқан әйелді құлай сүйген жігіттің ішкі сыры дейсіз бе, әлде іштен қайнап шыққан зары сияқты ма, әйтеуір қызық өлең, қылықты жыр. Сүйіктісінің "өткен-кеткен" өмір тарихын біле тұра, махаббаттың құлына айналған бозбаланың "басқа түссе баспақшы" болған сезім күйі оқырманын елең еткізбей қоймайады.

Түндерде жалын боп өткен,

біреуді жаным деп өпкен,

сенің гүл еріндеріңнен

әйтеуір жерінбедім мен [117, 184 б.]

Абайдың "Махаббат, қызық кім көрер, оның да дәмін татпаса?" - дегенін оңтайлы ұғынсақ, бұл өлеңдегі кейіпкер азабының ақиқаты да сүйіспеншілік нышандарына тіреледі. Өр

көңілдің қалтқысыз адалдығында шек жоқ. Сөйте тұра кінәмшіл көңіл сүйіктісінің "айып-кінәсін" бетіне баспаққа бекінген. Солай бола тұра сүю азабының тоң-мұзынан мейірін қандыра құмарланады да, айыпты жүректі жаралауға асығады. Жақсы көре тұра, жек көрудің машақатын бастан кешеді. "Жұттым да көзде жасыңнан, төсіңнен өзгеге ашылған басымды ала алмадым мен, (қайғым ба ең, жанар бағым ба ең?!) Басқа да сүйген еріннен "ашқарақ күймен" ләззат алған жас өрімнің махаббат жолындағы азапты сапары әйелге деген көзқарасын аз-ақ сөзбен айқындайды.

*Ең алғашқы құшқаным да - өзің,
балқытқан күш- жалын да - өзің,
Ең алғаш сүю дегенді
Үйреткен ұстазым да өзің.*

Алда қанша кедергі тосқауылдар тұрса да әйелге деген махаббаттың тұрақтылығын, тазалығын таразылаған ой-өзекті өлеңнің соңғы шумағынан табамыз.

*Жанымнан мұңым кеткелі
сен болдың күнім көктегі
...Қайғым тек - осының бәрі
басыңнан бұрын да өткені...*

Поэзиядағы махаббат тақырыбының табиғаты туралы Белинский: "сезім, махаббат - романтикалық поэзияның негізі" деген болатын. Белгілі ғалым Е. Ысмайылов "Ақындар" (Алматы, 1956) атты монографиясында: "Егер ақын махаббат туралы жазады екен, ол махаббат кіршіксіз өзінің сұлулық бейнесінде жырлануға тиіс" [69, 302 б.] деп жазды.

Ендеше Фаризаның "Бойжеткеннің сөзі" атты өлеңіне жоғарыда айтылған биік ой-пікір, талап тұрғысынан қараймыз. Болашақ қосағының қандай боп жолығарын болжай алмаған бойжеткеннің махаббат туралы баынасы аталған өлеңге арқау болған. "Ғашықтық - қиын жол" (Абай) екенін жете аңғармаған бойжеткеннің балаң көңілі арман-құсына қиялмен қол созғандай болады. Әдемі ой, тәтті қиял айнымас адал махаббатты аңсайды. Сөйте тұра махаббат мәселесінде кейіпкердің өзінше қояр өтініш-тілегі бірде арман, қайсы бірде заңды талап тұрғысындай жалт етіп көрінеді. Махаббатта қатып қалған қағида, өктем

ереже болмайтынын ұғынған бойжеткеннің кіршіксіз ақ көңілі өлең-сөздің өн бойына шым-шымдап тарап кеткен.

*Сен маған көктем боп кел,
нәзіктеу жанымды ұғатын.
Отты махаббатыңмен өктем боп кел,
Асқақтығымды табындыратын [117, 123 б.].*

Лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесі жанды жадыратар жылылыққа зәру етеді. Сүю-күюдің әлі дәмін татпаған пәк көңіл көз қуанышын алдан, болашақтан үздіге күтеді. Нәркес көзді, нәзік жанды қыз бойында ерекше бір еркелік, жарасымды наздылық бар. Болашағы бұлдыр күндерден бақытын күткен "Бойжеткеннің сөзінен" өзі қалаған "отты махаббатты" жанды кәміл табатынына толық сенімділік серпіні аңғарылады:

*Табындыр тауып тізгінін бұла көңілдің,
Сол шақтан мүмкін өзіңе ғашық етпегің.
Сен әйтеуір ұмыттыр мынау өмірдің
мені толғандыратын қасіреттерін.*

Лирик ақын Фаризаның жоғарыда талданған өлеңінің занды жалғасы сынды шағын шумақтарға сыр артқан қысқа туындысы "Қуанышты мендегі" аталады. Сыншылар сезімен айтсақ, көңіл-күй лирикасына лайық бұл өленде сүйіспеншілік сезіміне уланған махаббат иесінің "сырты бүтін, іші түтін" жай-жапсарын аңғарамыз. Басқаның құшағында отырып, өзгені ойлау, шынында да - "сорлылық". Сүйгеніне қолы жетпеген сыр иесінің кім екені өлеңде ашық айтылмаған. Автордың соны, ширақ стилімен көмкерілген лирикалық шумағынан шебер психолог екендігін тағы да тап басып танимыз. Махаббат соқпағында екінің бірінің басында кездесетін ситуациялық сәттерді ақын таланты өлең-жырға айналдырған. Қуана отырып - қайғыру, сүйе тұрып - жирену сықылды сезімдерді лирика сынды періште өнерде өрнектеу - ақынның дарындылық қасиетін айқындаса керек.

*Қуанышты мендегі
сенің қайғың улайды

Ешбір адам жердегі
білмейді бұл мұң жайлы*

Бетке шіркеу, сезімге селкеу болар құпиясын сырт көзден жасырудан әбден шаршаған мұңлы шерлінің алаң көңілі қордаланып келген көп жылғы улы запыранын ақтарып салды да, бір ауық өзін жеңілденгендей күйде сезінді.

*Аяз шарпып денені
сүйген болам бекер кеп.
Сені іздегім келеді
қай жерде отыр екен деп.*

*Сен жайлы ойды жасқадым
қалмасын деп ол біліп.
Құшағында басқаның
сені ойлаймын. Сорлылық [117, 125 б.].*

Ф. Оңғарсынова лирикасындағы қыз тағдыры, әйел затының көпке жұмбақ, нәзік те терең тылсымын (психологиясын) тану үшін де ақын поэтикасына жан-жақты, толық тоқталу қажет-ақ. Ақын шығармашылығын алға қойған мақсат тұрғысында тексеріп, зерттеу объектісіне айналдырғанда ғана біз сол ой-мұраттың үрдісінен шықпақпыз. Суреткердің ақындық стилі жарқырай көрінетін, шеберлік машығы анық байқалатын тұс Фаризаның әйел хақында жазылған өлең-жырларымен байланыста барынша биіктей түседі. Әйел жыныстылардың арман-мұраттарын жырлауды өмірлік идея еткен ақынның аталмыш тақырыпты терең меңгергендігі соншалық - әйел біткеннің өздері айтып жеткізе алмайтын өмір шындығын жырлады, соны лирикада шынайы бейнеледі. Ақын шығармаларын құлағына ен тағып қыз тақырыбы, әйел тақырыбы, ана тақырыбы, әже тақырыбы деп сұрыптасақ та, мұның бәрі - шарттылық. Қосылғыштардың орыны ауысқанмен, қосындының өзгермейтіні сияқты - шарттылық. Негізінен, жалпы атауы - әйел психологиясы, әйел этикасы, түйіні - әйел проблемесы. Оның ішіне бәрі, бәрі... кіреді, сөйтіп, ұстанған бағыт-бағдар тұрғысында қарастырылады. Педагог Макаренконың: "Сүйе білуді үйрету, махаббатты тани білуді үйрету, бақытты бола білуді үйрету - өзін-өзі құрметтей білуге, адамгершілік қасиеттерге үйрету деген сөз болып табылады" [130, 268 б.] деген ишараты әлі күнге мәнін жойған жоқ. Екеудің басында ғана болатын сезім құбылыстарының құпиясын "сыртқа

жаятын да өсекші - өлең шіркін" емес пе?! Бірін-бірі кінәлаған, алайда белді бекем буып кетуге жоқ, сүйген жүректердің сыршыл мінездерінен еркеліктің елегізер самалы еседі. Бірін-бірі сынағандай, жүйке жұқартар жүдеу жауаптар мен көңіл көкжиегінің шілтерінен шымшылаған жырларға "Екеу-ақпыз. Отырмыз тіл қатыспай", "Налып келдің соншалық, тұнжырадың", "Сен үшін сонау алыстардағы елес ем", "Келесің дәйім шілденің", "Алыстарға кетейік" сынды өлеңдер жатады. Бұл лирикалық дүниелердің көбіне тән ортақ ой-жүйе - махаббат меридианындағы мөлдір мұхиттың кемесіне мінген жұптардың жағдаяттары баян болған. Табиғаттың адамзатқа тарту-таралғысының тұғыры биік сый-сыяпатының бірі-сүйіспеншілік сезімді бастан кешіруді жазымыш етсе, одан бас тартудың өзі бос әурешілік шығар. Махаббаттың бал кемесіне мініп алып, қашаған қиялды ескек етіп, бұл дәуреннің дүрмегінен безіп, алыстарға аттануды армандаған екеудің жай-күйін бастан өткергендер ғана түсінеді. Аламан-тасыр тентек сезімнің илеуінде кеткен мұраттастардың ертегі-жырынан үзінді келтірелік:

Алыстарға кетейік.

*Қаланың бізді көп жалықтырған күйбеңдерінен
жыраққа,*

*Ақ бас тауларға аймалап жатқан күміс шолпылы
бұлақтар.*

Сен гажайып ертегілердің батыры

Астындағы арғымақ атпен айшылық жолды бір аттар,

Өзіңе гана табынған ессіз мен нәзік ару болайын

дозақ боп сенсіз көрінсін тіпті жұмақ та! [117, 167 б.]

Қыз қиялы қапысын тауып сүйіктісінің ықыласын ынтызарлықпен жаулай бастады. Ыстық махаббаттың мамыражай маусымына мас болған арудың албырт та асау көңіл - құсы адам аяғы тимеген биіктерді аңсайды:

Өңгеріп мені ап кетші

көк ормандарға тылсымын аяқ баспаған,

Бұл - лирикалық сезімнің бір сәттік қана бұлқынысы. Өр көңілдің шартарапқа құйқылжыған қанатты қиялы қыз-қырмызыны өмір-өзеннің асау, ақ жал толқындарынан жыраққа

жетелейді. Жүрдек ой жетелеп қана қоймайды, "ұмытпайық біз сонда мынау жалғанда біреулер барын жер басып жүрген айла қып, өсек-аяңнан пайда алып"- деп тәуекелшіл түйдек оралыммен түйіндейді:

*Дүниенің бәрі біз екеуіміздің жанымыздай мөлдір
болсын деп,
арманның ақ боз арғымағын Айға байлалық.
Рахаттан сонда жылайын күліп жатып мен
өмірден мың-мың айналып! [117, 168 б.]*

немесе:

*От махаббатыңнан өртенген маған еркек еместей
көрінсін - жалғыз өзіңнен басқа адам*

- деген тармақтардан таразының екі басын тең ұстаған ақынның өлең өнеріне мәңгілікті үлес қосқанын толық аңғарамыз. С. Қирабаев "Талантқа құрмет" атты зерттеу кітабында: "Фариза суреттейтін әйел осалдығы – ол махаббат алдында бас ию, сезім нәзіктігі, сүюдің азабына көну" [65, 143 б.] деп көшелі ой түйген. Ал сыншы Т. Тоқбергенов өзінің "Ай мүйізінде": "Қашаннан бері айтылып келген бір шындық - ақын адамның үлкен сөзі махаббатқа арналмақ. Өйткені, "Махаббатсыз - дүние бос". Фаризаның бұл тұрғыда айтары да өзінше, өзгеше. Ол махаббатқа берік. Сыр-сезімге шомғанда шым-шым нәзік қалтарыстарға барады. Ешкім айтпаған, айта да алмайтын жәйттерді ақтарсам, арылып айтсам, артылтып айтсам дейді. Сүйген жүректің сағыныш-мұңын кім жырламаған. Бірақ олардың бәрінен асырып айтсам деген асқақтық бар" [92, 135 б.] - деп, Оңғарсынова шығармашылығындағы махаббат лирикасының сан алуан қырынан бір үзік сыр ағытады.

Демек, сыншы, зерттеушілердің қырағы көзі мен қаламының күдіретінен тысқары қалмаған ақын поэзиясындағы әйел, махаббат, сүйіспендік туралы өлең-жырлардың толық мәнін ашу - әлі де күн тәртібінен түспеген тұрлауы тұрақты тақырып деп ұққан ләзім.

Тағдыр тәлкегімен жолы болмай, сүйгеніне сүрінбей қосылуды армандаған бойжеткеннің монологы ақын лирикасында бірыңғай, бір ізді жүйелі жырлардан жиі көрініс табады. Аталуы әр түрлі, әрқалай болғанымен, мазмұн-пішіні

бір төркінді өлеңдердің өзегі - өмірдегі өкініші көп, бебеу тірліктің түйткілдерінен сыр шертіп, ой қозғайды.

*Неге-неге осынша алыстадық,
өліп-өшкен жүректі жаныштадық,
Сен отырсың жігіттік өрлігіңмен
иілуге алдымда намыстанып [117, 164 б.]*

Қыздың назы жігіттің намысында ойнайды, сүйген жанның кіршіксіз көңілі татулықты тілейді, қосылуға, табысуға құштар. Жаны жаралы бойжеткен бір мезет бар кінәні өзіне алғандай адал, пәк тазалықпен толғанады:

*Менде ме деп бар кінә, мұңға баттым,
құптамаппын бас иіп, тыңдамаппын.
Көтергендей аспанды мен де отырмын,
нәзік жыныстығымды бұлдап-ақ тым.*

Енді бір сәт махаббат маздағына күйіп-жанған арудың шарт мінезіне тап боламыз. Басын жоғары ұстап, намысын ешкімге жібермейтін тәкаппар қыздың қылығы жігіттің менмен, өзімшіл асқак, асау құлқын басып-ақ тастағандай болады.

*Сен үшін сонау алыстардағы елес ем,
Осынша мені арман қып келдің неге сен?
"Сыртыңнан сүйіп жүретінімді сезуші едің ғой "
демесең, мен саған ғашық емес ем; [117, 165 б.]*

Сүйгенінен бұндай тосын жәйтті күтпеген жігіттің сері қимылы жайына қалғаны өз алдына, паң кеудені басып жаншыған қыз әңгімесі талай бойжеткеннің ұпай санын түгендегендей әсер қалдырады. Сылқым серінің сертке тұрмас, уағда бұзғыш әрекетін бетке басқандай болды ару қыз.

*Бас иген көп-көп бозбалаларға паңдана,
асқақтау басып, бақытты болдым. "Сонда да
жан-жүрегіңді толтырар бір жан жетпей жүрді
ғой " демесең,
Мен саған ғашық емес ем;*

Махаббаттың «тұмауына» ұрынған қыздың ой-сезімін лирика тілімен сөйлетуде ақын сынампаз суреткерлік танытады. Мәселен, жоғарыдағы талданған өлеңдердегі қыз психологиясына тіптен қарсы жыр шумақтарына көз жүгіртелік.

Налып келдің соншалық, тұнжырадың

*өсегімен біреулердің
Мен де өзіңмен қосыла қынжыламын,
мұндайда жүдеулеумін [117, 164 б.]*

Бағанағы паң, шәлкес мінезді арудың ендігі айтпағы басқаша. Кеудесін керген жігіттің аптығын басқан қарындастың жоғарыда айтылған біз білетін тәкаппар характерінен түк қалмағандай жігітіне қосылып езіле, егіліп жылап отыр. Жылай отыра аяулысының көңіл ауанын аулайды, сүйгенін жұбатудың жолын да біледі.

*Қабағыңнан
менен артып жан ұққан ба -
іздеймін күлкі таңын.
Табынарым - сен бұлай жабыққанда,
мен кімді пір тұтамын?..*

Лирика - адам жанының айнасы десек, бұнымыз қате болмас. Тілмен айтып жеткізе алмағанды поэзияда безбендеу ақындардың еншісіндегі дүние болса керек. Әйел затының көңіл жұбанышына айналған ақын шығармаларынан өз бейнесін, өз тағдыр-талайын, өз өмір жолының картасын көрген ақ жаулықтылардың ақынға көрсетер құрметінде шек жоқ екені мәлім. "Нәзік жыныстылардың" атынан сөз алған ақын - қайраткердің әйел жаратылысының бар бітім - тұлғасын поэзияда ту қылып желбірете көтеріп келе жатқанына да ширек ғасырдан асты.

Махаббатта тұрақты, уәдеге берік, сертке адал әйелдердің еркек кіндіктілерге айтар демеу сөзі өз алдына, сондай-ақ жігіт-желеңнің осал тұстарын (кемшілігі десек те жөн шығар) да дәл, дөп басқанын қайтерсің. Әйел затының еркектерге қарағанда төзімді, шыдамды (физиологиялық-психологиялық тұрғыдан), тәсілқой, амал тапқыш, шешім қабылдауда қарсы жыныстылардан бір саты жоғары тұратындығы т.с.с. ғылымда нақты фактілермен дәлелденген. Сезім құйылысының қайнар көзінен нәр алған жоғарыда талданған өлеңнің соңғы шумақтарында біз дәлелдеуге тырысқан қарапайым логиканың шешуші факторына лайық шындық сыры бар. Көз жүгіртелік:

*Жақсылықтың бәрінен түңілмеші
бір-екі жаман үшін.*

*Қайғы қылдың, жаным-ау, мұның несін
болмаса жалаң ісің ?*

*Тұңілер сәт шындықтан өтер кейде,
өшетін үміт, сенім...*

*Бірақ өмір шарт мінез. Көтермейді
күйректігін жігіттердің!*

Айтылған пікірлердің пәрмен-тұрақтылығын дәлелдеу үшін лириктің "Ат мінсем, құйындатып" деп аталатын өлеңіне үңілейік. Бұл туынды қыздың құр мақтанышы емес, жігіт атаулының жігерін жану, қайрау құралы есебінде қызмет қылар төте сөз. Қазақ қызына тән ұлттық мінез, салттық дәстүр өлеңнің өн бойына жинақталып, он алты жолға сыйып-ақ кеткен. Бірдің емес, мыңның атынан трибунаға көтерілген қыздың автохарактерінде танымдық сөз тіркестері түзілген. "Ат мінсем, құйындатып қалмаймын жігіттерден. Айтыссам жиында, тек жеңістен үміттенем. Жіңішке жол қадамым қызбын деп жасымадым. Өзілмен бозбаланың аузын ашырмадым. Жеңе алмас сорлы бала тағылау қыр үркегін! Күй тартсам домбырада Динаны тірілтемін" [117, 194 б.].

Сұңғыла ойдың қазығы қыз сөзімсің көмкеріле келе "мендік" байламын арнайы соңғы шумаққа сақтапты.

Іздеймін батыр мықты

көз салып үміткерге:

мендегі батылдықты

берменгі жігіттерге!

Ақын поэзиясының бай палитрасын паш етер, ұшқырлық пен ұтқырлық қасиетті тең танытар өлең-жырлар Фаризада жетерлік. Қыз-қалқаның жеке бас проблемасын қозғау, оның қуаныш-арайын да, мұң-қайғысын да лирикада там-тұмдап тамшылатып жеткізіп қоймай, әйел тағдырының тереңіне бойлап, кесек те тұлғалы образ жасау - Фариза ақындығына тән құбылыс. Ол- ақын шығармаларының шырайы мен жаны, мұрат-мүддесі де сол. Лирикадағы тұлға проблемасын зерттеуші Т. Шапаев "Ой түбінде жатқан сөз" (Алматы, 1989) атты кітабында: "Ақынның оқырман алдында пердесіз, ашық шығатын сәттері - оның ақындық тұлғасына, адамдық, азаматтық парасатына сын. Ішкі әлемі бай, кісілік келбеті кесек

творчестволық тұлғаның ақтарыла сыр ашуы - өнер үшін қашан да өлшеусіз ырыс құт,» дей келе: «Фариза жырларынан өмірін өлеңге байлаған трагедиялық тұлға бой көтереді» [20, 37-38 б.б.] деп ақын туындыларындағы лирикалық кейіпкер тұрпатын да, ақын поэзиясының ерекшелігін де дөп басып айтқан. Біз де осы пікірді құптаймыз.

Лириканы танып-білуші, оның тәлім-тарихын тексерген ғалымдар пікірінің бәріне тән, ортақ келісім бар. Ол суреткердің лирика аталған әдебиет тегінің арнасында табиғи дарындарлығымен қоса талантты еңбекті қажет қылатын ізденісізгілігі, тыңнан түрен салуға ұмтылысы. Онсыз поэзияның поэтикалық ауқымы тар шеңберден шыға алмасы анық. Өлең шығарғанның бәрі ақын болмайтыны сияқты өлең біткеннің барлығы да лирика санатына кіре бермейді.

Бүгінгі күн лирикасындағы әйел-ана тақырыбы дәуір тынысының басты мәселесіне айналды. Қазақ әдебиетінде "Әуезовтің әйелдері", "Мүсіреповтің әйелдері" деген мағыналы ұғымдар бар. Мұның өзі өткен ғасырдағы орыс әдебиетіндегі "Тургенев әйелдері" дегенге жай салыстырылып қана айтылмаған. Проза мен драмалық жанрларда үлкен суреткерлердің авторлық этикасының болатыны сияқты, лирикада да өзіндік творчестволық келбет болуы - заңдылық. Поэзия патшалығында өзіндік қолтаңбасын белгілеген ақынның бірі - Фариза Оңғарсынова. Ендеше, лирикада "Оңғарсынова әйелдері" әлемінің этикасын (жаратылыс-болмысын) зерттеу - қажеттілік. Әйелдер әлемінің поэзиядағы көрінісін сөз еткенде ақынның өзге де туындылары қатарында оның поэмалары мен циклдерін еске аламыз. Алайда, лириканың зерттеу аясына көлемді дүниелердің ене алмайтынын ескерсек, әйелдер хақындағы поэмаларды жан-жақты қарастыру - өзге уақыттың үлесінде деп білдік.

"Сағыныштан да тәттірек мұңдарды көрем, о, алау жастығым менің" деп албырт жастықтың шық тимеген шаттық шағынан сыр суыртпақтайтын өлеңдер Фаризада жиі ұшырасады. Қыз-қызғалдақтың алаң болған көңіл-күйін қоспасыз сипаттайтын екі өлең-жыр - "Телефон шыр етеді" және "Телефоны құрғырың үндемеді" деп аталған. Екі өлеңдегі

ситуациялық жағдай екі түрлі болса да, деталь өлшемдері, мазмұн бірлігі бір тектес ұғынылады. Телефон - сұлу қыздың сүйген жігітінен хабар беруші, екі жүректі табыстырушы заттық деталь. Солай бола тұра телефонды армандастардың ара қатынасындағы байланыс көзі ретінде құрал қылған. Шыр еткен телефон алаң көңілдің кілті, бірде табыстырып, бірде жалықтырып, күтуге тағаты таусыла тынбай соғатын жас жүректердің сәтті кездесулерінің куәгері. Ақын телефон арқылы бойжеткен бойындағы сезім сәттерін символдық мәнде сырлы жырға айналдырған. Махаббат тақырыбы Фаризада таусылмайтын өлең-жырдың қазынасы.

Қылымсыған қыз, ақылман ана, өз тұтар әйел - мұның бәрі әр қилы, алуан сипатты санатта, әр тарапты хикаяда Оңғарсынова лирикасының кіндік - тамыры болып баян тапқан. Қысқа күнде қырық құбылған қыз сезімі, қыз болашағы өз алдына, тұрмыс рақатының дәмін татқан, есік керген келіншек-әйелдің проблемасы мен трагедиясы да ақын лирикасының тұшымды тұстарын құрайды. Айталық, отының шырқы бұзылып, отбасында отағасынан айырылысып, бейбіт ғұмырдың берекеті кетіп бебеулегендердің әңгімесі өз алдына, сырт көзге сыптай көрініп, «сырты бүтін, іші түтін» қанша жандардың жан азабы лирика логикасына сыйып кеткен десеңізші?! Әйел жанының құпиясына қадала үңілген ақын қаламының алдында қам көңілді, кең пейілді кейіпкерлердің трагедиялы тағдыры, тосын сыры өз құлпын ашып, кілтипанын ақтарады. Әйелдер әлемінің әр сипатты характерін де осы өлеңдерді оқып-талдау арқылы ұғынамыз. Кейіпкердің көңіл түкпіріне ой жүгірту, одан сыр тарту - ақын шығармашылығындағы шеберлік бастауының бірден-бір дағды-дәрібі. Ақын кейіпкерлері әйел болмысының бар жұмбағын барлаушысына мәлім етіп қоймайды, ішкі құпиясына жетелей жүре, оқырманына ізгілік даруын егеді, адам тәрбиелеудің таңғажайып процедурасын ұсынады. Әдетте, мамандық мәселесі, оның қыры мен сыры сөз болғанда дәрігерді-адам жанының инженері деп жатады, әйтсе де сәл-пәл ойланып, сөз сырына үңіліп барып сөз саптасақ, былай болып шығар еді. Дәрігер - адам тәнінің инженері, ақын - адам жанының инженері. Тәнді емдеу ақ халатты абзал жандардың

еншісіне тисе, адамның жаралы жанын емдеу - сөз өнерінің үлесіндегі ізгілікті іс деп бағалаған келісті сияқты. Әйел затының өмірдегі зіл батпан жүгін өлең өнерінде дамытып, шығармашылық бағдарламасының басты мақсат-мұраты есебінде ғұмырлық жырға айналдырған Фариза қаламгердің қайраткерлік тұлғасының тарихы да осыдан бастау алса керек. Ақынның әйелдер тағдырын ұлттық болмыста, қазақы қалыпта жырлауының идеялық жарқындығы оның суреткерлік сарабдал мақсатынан туындап отырады.

Алға қойған мұратының мұзарт шыңына көтерілген ақынның маздақ шашқан от-жалынды жырлары әйелдер әлемімен тығыз байланыста өсіп-өрбіп, кемеліне жетіп келеді. Әйел біткеннің бақытын кейіпкерімен қосыла іздеген ақын жанарынан өз жұртынан өзге жұмыр жердің басқа топырағындағы жыныстастарының жай-күйі де сырт қалмайды. Айдай әлемнің, төрткүл дүниенің түкпіріндегі әйел атты жаратылыс өкілдерінің тұрмыс-тіршілігінің тұрлаусыз, татымсыз, өңсіз сәттері суреткерді бей-жай қалдырмайды. Өз көзімен көрген көпіршік атқан көңілсіз көріністер, әділдіктің әміршілдікке қол көтере алмай бұққан мезеттері ақын жүрегін жаралайды. Қаламын қару қылып, әйел келбетінің кіршік шалған пердесінің пәранжысын жұлуға, әйел азабының арашашысы болуға қай уақытта болсын, ақын әзір. Ақынның шығармашылық жыр-сандығындағы інжу-маржандары қатарында "Сапфомен сырласу", "Аңсау немесе жесірдің зары", "Кек немесе келіншектің ызасы" сынды өлендері қазақ қалпынан тыс, жат елдегі әйел затының құпия сырын ішіне бүккен шымыр жырлар. Бұл лирикалық туындыларда автордың жат елдік әйел ақынға сыр ағытуы арқылы суреткерлік ұстанымы аңғарылса, екінші туындыда ерте опат болған махаббатын жоқтап зарлаған әйелдің зары, келесі өлеңде мұң мен кекке тұншыққан келіншектің ызасы лирикалық кейіпкер сезімінің, ойлау өресінің дәрежесінде таразыланған. "Сапфомен сырласуда" суреткер:

*Пірі өзің өнер құған бүкіл қыздың,
Сен нүкте, қалғанымыз үтірміз мың.*

Бірақ та налып өттің бұл ғұмырдан,

Сорлы емес тірлігіміз, шүкір, біздің! [118, 247 б.]

- деп, б.з.д. VІІ - VІ ғасырлар шамасында өмір сүрген грециялық әйелге бас иіп, тағзым етеді. Өткен дәуір ақынының айтулы қайғысын бүгінгі күн ағымында салыстырады да, тоқтам-шешімін шер ғып шертеді:

Өнер - шың,

Шығу - әйел адамға сын,

Шыдамай сындарына тамар жасым.

Әйтсе де өлең түйінінен ақынның болашақ бағдаршамының бет алысы жарық екенін байқадық.

Бел буып қилы-қилы күнге бекем,

Жырыммен әлем шарлап түнделетем.

Өтсең де құдайлармен кеңес құрып,

Өзіңнен менің күйім ілгері екен!

Баста аталған "Келіншек ызасында" махаббат тұзағының торына шырмалған әйелдің өмір зұлымдығына қарсы қимыл-күресі монолог мәнерінде мазмұндалған. Хор қаласына (Иран) сапар әсерінен дүниеге келген жырда жарық дүниеде өзін жалғыз қалғандай сезінген әйелдің сүйгеніне рақымсыз көзқарасы арқау болған. Өлеңде мұңды әйелдің өр көкіректі ер қылығы "Мақсатым, бар қиялым бұл күндегі - мөлдірлік, пәктігімнің кегін алу; тамырын қырқу тұрса қыр гүлдері. Мейірім, сезім күтпе менен, адам, өйткені өзің зұлым қылдың мені..." деген шумақтардан адамзат баласының қас қылығына қаны қарайған сұлудың кек-ызасы жинақталып берілген.

Қаламгер қарымдылығының құтты ұтысының бірі-ұзақты-қысқалы, мерзімді-мерзімсіз жолсапарларды шығармашылық табысқа айналдыру. Қорытылуы кемшін кейбір дүниелердің қиялда қайнап келіп, өмірдің өзіндегідей таза суретін көргенде, пістім күйге көшетіні де бар. Ақынның Ыстамбұл сапарынан сыр сыздықтатар туындысының бірі - "Аңсау немесе жесірдің зары". Зират басында опат болған күйеуін азалап жылаған әйелдің зарында сыңары өліп, жалғыз қалған аққудың сыңсуы сынды сұмдық сыр бары байқалады. Жаны жаралы жас жанның "Жалғыз ойы маза бермей қамайды ұдай". Ол - "Өзіңсіз, сенің

ыстық құшағыңсыз мен енді жүре аламын қалай бұлай?" Әйел үшін бұдан артық өмір жазасы болмас та?!...

Құдайына құлшылшық ұрған жесірдің ендігі алданыш-үміті сезім шіркінге тежеу салар, сұм жалғанға сүйеу болар болмашы бірдене сияқты көрінеді.

*Сен неге жалғыз кеттің, бірімізсіз
біріміз жүре алмайтын емес пе едік?
Сен ең зой жаңа туған тұңғыш айым,
мен сорлы сенсіз енді кімге ұсайын?
Аңсадым, аяулым- ау, тым болмаса
түсімде келші армансыз бір құшайын. [117, 254 б.]*

Ақын Оңғарсынова лирикасының тағылымды тұғыры әйелдер әлемімен байланысты деген кезде тарихтағы әйел-ана бейнесі көз алдымызға елестейді. Тарихи тұлғалардың (әйелдер) ақын поэзиясындағы орны негізінен поэма, толғау, цикл сияқты ұзақ туындылармен қатар шағын шығармалардан да (диптих, триптих) көрініс табады. Мәселен, күй анасы Динаға арналған "Күйде" (диптих), Мариям Хакімжанова жайлы жазылған "Жыр анасы" (триптих) жырларын лирикалық шығарма, лирикалық дүние дегеннің ұлттық нақышпен, ұлттық бояумен көмкерілген ең үздік үлгісі осы деуге толық негіз бар. Айталық, "Күй" - диптих өрісіне сай "Мінез" және "«Ескерткіш басында" деп аталып, екі бөлек екшелгенімен лирика талабына толық жауап беріп тұр. "Мінезде" ақ шағылға көмілген асау толқындай айбатты мінез бар. Аласұрған жыр екпіні нәзіктіктен де қашық кетпейді, іргелес қонған. Күй құдіреті лирикаға әсем өң бергендей. Дүниені дүр сілкіндіріп, табиғаттың ақ шағыл, ақ сағым, долы құйыны арнасы құт туған жер төсінде толғатуда"... көрсетіп тосын қылық, жер-көкті жосып жүріп, алатындай аспанның төсін жұлып". Лириканың асқақ әуені шарасынан асып төгілердей екпінімен есесін ешкімге жіберер емес. Сұлу сөздің сымбаты да, сиқыры да анау-мынау тәңіріні елердей емес. Жұлдыздай жанып, жорғалай ағып, желкенін ақ жал толқындарға қарсы қойды :

*...құдайды да көзіне көрсеткендей,
оны да бөлшектердей,
тәубаға келтіреді*

жаныңды шошындырып.

Міне, лириканың ләззат алар құдіреті. Бұны айтқан ақын ба, күй анасы Дина домбырасының тілі ме, өзің оқы да түсін, түсін де таразыла. Диптихтің екінші арнасында ақын стилі шұғыл өзгеріске түсіп, басқаша бір баппен жырлай бастайды. Мақамы халық ауыз әдебиетіндегі сұрай арнау сазына келгенімен, нақышы жыраулар поэзиясының төкпесі. Шеберліктің алдаспанын табиғи талантының тас қайрағына жаныған ақынның лирика сарайының күмбезін көтеріп, уығын шанышқандардың алдыңғы сапында тұратындығы да - шынайылықтың белгісі. Лириканың жанын жадыратып, өңін кіргізетін немесе тегін түлететін осындай жырлар болғаны қандай бақыт! "Ескерткіштің басында" ой тоғытқан ақынның күй анасына арналған өлеңінің өрімі оқырманын рухани биіктерге көтеріп тастайды.

*Жазылмай жүрген жыр ма едің,
айтылмай жүрген сыр ма едің,
еске алып ерен күндерін
күмбір күй кеуде жоқтай ма
сайрандап соғар қыр желін? [117, 278 б.]*

Лирика көкжиегінің кернеу күшінен от алған отты өлеңнің көркемдік құлашы мен қасиетінен-ақ автордың өнер анасына деген қадыр-құрметінің шексіздігін қапысыз танимыз. Өнер мен өнерпаз жайынан хабардар еткен өлеңнің құлақ қағысын қабылдаудың, түйсінудің жөні бір басқа, талант пен дарынның дәнекер сөзі мен сырын ұғу - бір шарт.

*Таланттар туар шын алмас,
бағалап алмас, ұға алмас
дарыннан жырақ тұлғалар*

Өлеңнің Дина күйшіге арналғандығында сөз жоқ, әрине, ақынның айтары күй анасының басына қойылған ескерткішті көргендегі ой десек те болар. Бірақ та лирикаға лайық сын тезімен пайымдасақ, өлең өрісінің өзегі өнер адамдарына құрметпен қарау, оларды аялау өнегесін үлгі етеді. "Дарыннан жырақ тұлғалар" таланттарды неге бағалай алмайды? Өткір сауалға жауапты ақынның өзі бергендей. Өнер өлкесінің жыртысын жыртар жан - біреу, екеу емес, ол - тұтас әлем -

халық. Халқың бар да "төгілген әсем әуен" аспанда мәңгілік қалықтамақ. "Күй" құдіретінің қас-қағымдық лирикадағы көрінісі осылайша үн қатып, қиял құлжасы алшысынан тұрған.

*Дүниеге даңқың жатса өрлеп,
ұрпағың келер қастерлеп
бас иіп сендей дарынға,
өмірмен мәңгі егіздей
күйлерің шалқар теңіздей,
даналар берген әлемге
данышпан халқың барында!*

Мәриям Хакімжанова жайлы триптих "Жыр анасы"- ақынның ақынға арналған ақ адал көңілі, кіршіксіз сезімі, аяулы ардақтысына ақтарылған жыр-сыры сияқты оқылады. Өнерде, оның ішінде әдебиетте ғылыми талдау методологиясының басты шартының бірі - объектінің өмір-өрісі, ақындық айналасы, шығармашылық ортасы делініп бағамдалып жүр. Ендеше, Фаризаның шығармашылық жолында жанартаудай жалын оты, жөн сілтер желкенді қайығы ақын М. Хакімжанова болғаны да. "Жыр анасы" деп атап, өнердегі, өлеңдегі ұстазы сынды санаған ақынға көрсетілер құрмет те зор болмақ. Өнер өлкесінде өрлеуіт шыңға көтерілу - қас таланттарға тән құбылыс. Қиыр-шиыры мол өнер өңіріне өркештау да бір күнде тұрғызылмайды. Ақынның азапты сапарындағы сүйеніші, пір тұтар сфинкісіне арналған сүбелі сөзінде рухани мұраттас көңіл басым: "Қиқулы жыр - жарыста қандай жақсы алдымда сен болғаның!". Бұршақ жырдың буына буырқанған бұла көңілден шыққан шатқал ойдың шарықтау шеңбері күлдібадам құрғақ ойдан ада, кінәратсыз. Әдебиет атты арғымақтың жалынан тартып мініп жүрген әйелдер қауымының алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде қаламдас анаға деген құрмет, тағзым - жырдың негізгі желісі. Фариза ақынның өмір мен өнердегі жүрген жолы, салған ізі жыр анасына ақтарылған адами көзқарасы тұрғысында өрнектелген.

Мариям - ана тек қана бірдің, екінің емес, көптің, халықтың қалаулысы, жұртшылықтың құрметтісі дегенді жыр иесі әсерлі де әсем лирика тілімен айтып, жеткізген. Қалам ұстаған нәзік жандылардың арқа сүйер тірегі, алаң көңілдің қамқоры, жөн

сілтеп үлгі көрсетер өнердегі ұстазы, ақын тілімен айтқанда "өлең деген өлкеге ғашық еткен" немесе "айтқызбай іштей сезіп, жайды ұққан", "тауы шағылса алғашқы боп қайғырған" ... ана Мариям - ел анасы, жыр анасы. Халық атынан сөз алған ақын мыңның мейір-шапағатын мұқым жұрттың көңіл-қошымен қорытыпты:

*Халқымның ән - жырындай тылсым ағын,
жасайды жүректерде сыршыл әнің
Өскен ел, өр ұрпақтар мақтан етер
қазақтың Мариямын - жыр шынарын!* [117, 282 б.]

Айтып өткеніміздей Ф. Оңғарсынова лирикасына тән және бір үлкен ерекшілік - ақын өзге жат жұрттықтар атынан да әйел психологиясына барлау жасады, әлем әйелдерінің атынан планеталық проблемаларды көтеріп, көрсетуге, қозғауға ұмтылды. Сондай соны сапардың жемісі деп "Қарғыс" атты өленді өзгешелеп, ерекшелеуге болады. Аннотациясында айтылғандай "Қарғыс" еркіндікке ұмтылған "Қара континент" әйелдері туралы толғау түрінде жазылған. Лирика табиғатының теориясына қайшы келмейтін толғау-жыр "Там-там ырғақтары" және негр қызының монологы түрінде іштей тоғысқан да, соңы автордың "Мен қалай тынши аламын?" деген көзқарас-қайырымымен қазық бауланған.

Лирикадағы "Оңғарсынова әйелдерінің" этикеткасын тану - ақын шығармашылығының шырайлы шындығының шарайнасына үңілу деп түсінсек, бұл тақырыпта қаламгердің қадап айтар авторлық ой сөзі де жоқ емес. Ақынша айтсақ: "Әйел көркін қызықтау не мадақтау емес менде..."

Фариза ақынның лирикалық кейіпкерінің ішіндегі басты тұлға, көрнекті образ - әйел заты десек те, суреткердің тақырыптық - идеялық тұрғыдан туғызған кесекті бейнелерінің, қарасы қомақты көрінеді. Мазмұн байлығы сан қилы, тура өмірдің өзінен алынған адам бейнесі, яки, басқаша айтқанда жұмыр басты пенденің туа бітті характерін жан-жақты ашып көрсеткен өлеңдерінің төл туындыға айналып кеткеніне өткен уақыт, ойлы оқырман куә. Замана сазының салқынына, саясат тұмауының ауруына бірде шалдығып, бірде ұрынбаған қаламгерлер қауымының күллісіне ортақ жәйт - өмір шындығын

жырлауды басқа бір тәсілде, өзге бір әдіспен өзіндік стильде жеткізіп, ашып айта алуы десек, соның нақ ортасында Ф. Оңғарсынова да бар. Мәселен, жоғарыда айтылған "Қарғыс" және басқа да туындыларға байланысты авторды өзі былай дейді: "Мені ақын еткен - жұрт бүгінде "тоқырау кезеңі" атап жүрген коммунистік идеология жылдары. Цензураның үлкейткіш көзәйнегімен қарайтын ақынның біреуі мен болдым. Бірақ, ол кезде "бір сәулеге - шындықтың шырағына жетеміз" деген үміт үзілген емес. Сол жылдардың қоғамына, қоғамның биліктілеріне айтылатын сөзді өткен ғасырларда немесе басқа қоғамдарда болған көрініс ретінде суреттеуге мәжбүр болдық. Менің "Қарғыс" деген поэмамның негр қызы Анжеланың атынан баяндалуы, "Зындандағы қарақшының сөзі", "Вионның ызасы", т.б. шығармаларым осындай себептермен шыққан. Алайда, айтатын ойды ебін тауып айта білу де қасиет қой. Мен ол жылдарыма өкінбеймін" ("Ана тілі" газеті, № 43, 29.10.1998.)

Демек, ақын жасаған образдарда өткен қоғамның нақты шындығы, өмір өткелінің бұлтартпас дәлелі жатқандығында дау болмаса керек. Ақын көңілінің әрдайым жай таппай, мазасыздануынан-ақ - дәуір үнімен сәйкес келмейтін көптің көкейіндегі кейбір келелі мәселелердің мейлінше батыл көтерілуі өз стиль - мәнерін тапқан суреткердің қаламгерлік кредосын, объективтік ұстанымын айқындайды. Фариза тундыларындағы кейіпкерлер әлемінің аясы өте кең. Олар - әр қилы жастағы, әр замандағы адамзат өкілінің ұрпақтары. Лирикалық тұлға (образ) қаһарман атын иеленген олардың толыққанды бейнесі "лирикалық кейіпкер" табиғатына сай ақын "менінің" атынан сөз алып, оқырманымен бірге жасасып келеді. Лирика тегін тақырыбына қарай азаматтық, философиялық, көңіл-күй, саяси-әлеуметтік, табиғат, махаббат т.б. деп сұрыптасақ, осының барлығы да Ф. Оңғарсынова шығармашылығының шырайы, суреткерлік сазы бола алары анық. Біз сөз еткен ақынның азаматтық лирикасының шығу, туу төркіні басқа да тақырыптарды қоса қамтитынын жоғарыда айттық. Мәселен:

Жер!

Үстің қылмыс пенен жаза кілең,

*менше, сенен дозақтың азабы кем.
Жылап келіп,
қойныңа жылап кетем,
сенде тозып мендегі гажсап ірең [122, 72 б.]*

немесе:

*Әділет деп қылыштарын қайраған,
Арыстан Ер жағалауын жайлаған
Арал қайда, Сыр қайда?
Жағымпазды жаумен қоса тақымдар
Жангожадай батырлар
енді бізде тумай ма? [122, 73 б.]*

- деген өлеңдерде азаматтық әуенмен қатар философиялық сарын басым. Осы туындыларды түгесіп оқып, толық ақтарсақ, лирикалық кейіпкердің көңіл-күй, сезім сырларына қанығып қоймай, Жер-ананың зарын ұғынып, табиғат тылсымына үңіліп, ғасырлар қойнауына сүнгіміз. Аталған шығармалардың бас-аяғын түгендеп, жиып-түйіп, асықпай көз жүгіртсек, саяси-әлеуметтік лириканың ауылы да алыс емес. Бұдан шығар қорытынды поэзиялық шығармалардың поэтикалық бірлігін тексеруде жанрлық ерекшеліктермен қатар тақырыптық, мазмұндық байланыстарға да назар аударған жөн.

Фаризаның лирикалық кейіпкерлері қоршаған ортаның, қоғамдық болмыстың отына күйіп, суығына тоңған, қуаныштың шат күлкісіне оранған, қайғының мұң-тұманына тұншыққан жандар, яки жер басып жүрген адамдар әлемі. Ақын кейіпкері кімнің атынан сөз алса, соның көкейтесті келелі мәселесін ашып көрсетуге, кінәратсыз жеткізуге ұмтылады. Ақын шығармаларының маңызды мәні сол - қаламгер туындыларынан азаматтық пайым мен таным, адамгершілік, тазалық сықылды биік қасиеттерге үндейтін, уағыздайтын өлеңдер дүниеге келді. Өмір шындығын көркем дүниеге айналдыруда автордың өзіндік қолтаңбасы, дербес үні бар. Кейіпкерлер келбетін, болмысын лирикада сомдау - асқан шеберлікті, үлкен ізденісті қажет ететіндігі белгілі. Бұл сапарда ақын шабыты сарқылмақ емес. Жұртқа аян, жалпыға ортақ белгілі жәйттерді жаңаша соны стильде сындарлы жеткізу де суреткер шеберлігін сынайтын серпінді сәт. Мінез-құлқы әр алуан кейіпкер тұлғасын танытуда,

өлең-сөзде образдылық тудыруда тек қана талантқа сену аз, сондай-ақ таудай талап пен ерен еңбек те қажет. Ал олардың басын қосып, ізденіс сүрлеуіне түссе ғана, қаламы қарымды қаламгер атанбақ. Фариза ақындығының ажары сол - жеке өзіне тән мінез-үні, дара даусы бар. Қандай тақырыпты толғамасын, лирикалық кейіпкер шын көңілден сыр ағытуға, ой бөлісуге асық. Мәселен, сүйіспеншілік жыры бола ма, немесе елдік, ерлік мәселесі ме, ақын беріле, ағынан ақтарыла төгіледі. Фариза кейіпкерлеріне жасандылық, жалаң ұғымдар жат. Мысалы, махаббат мұңын шертушілердің қайсы бір монологына үңілсеңіз, жеңіл-желпі селкем сезімге орын жоқ. Лирикалық бейне барынша шындық болмысқа жақын сыр шертеді, көңіл сендіре сыр ақтарады, сол арқылы оқырман жүрегін жаулай жайғасады. Көркем бейненің бірте-бірте өмір шындығынан алыстап, қаһармандық сипатты иеленуі де лирикада шінэра болса да кездесетін құбылыс. Эпос туралы сөз басқа, алайда оқиғалы (сюжетті) өлеңдердің жанрлық ерекшеліктерін құрайтын бұндай лирикалық туындылардың көбіне тән дәстүрлі үрдіс ақын шығармашылығының поэтикалық шырайы дер едік. Бұл да болса ақын қолтаңбасын аңғартар дәстүр және жанашылдық шарттарының төл арнадан өрбіген жаңа бір қыры деуге мүмкіндік беретін сияқты. Өлең-өмірдің нұрлы жолынан өз соқпағын тапқан, тауып қана қоймай оны сәулелендіруге бел буған ақынның шығармашылық әлеміне еніп, жиһазды жыр-сандығынан сыр тартуды, ондағы сөз күмбезінің көркемдік - шеберлік өрнектеріне зер салып, сөз саптау - келесі тараудың жүгі болмақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Махаббат тақырыбын ақын қалай жырлады?
2. Әйел затының көпке жұмбақ, нәзік те терең тылсымын (психологиясын) танытуда ақынның жаңалығы неде?
3. Ақынның "Сағына түссін дедің бе?", "Ақ боз атты жолаушы", "Қыз қуу", "Соңғы махаббат" өлеңдерін құрылысына қарай талдаңыз.
4. Қазақ қалпынан тыс, жат елдегі әйел затының құпия сырын

ішіне бүккен жырларын атаңыз.

5. Сыншы-ғалымдар С. Қирабаев, Т. Тоқбергенов ақынның махаббат тақырыбындағы жырларын қалай бағалады?

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) «Қуанышты мендегі сенің қайғың улайды» тақырыбында әдеби толғау.
- 2) "Әйел көркін қызыққау не мадақтау емес менде...". Ақын ойын одан әрі жалғастырып, тарата түсіңіз.
- 3) «Прозадағы Мүсіреповтың әйелдері», «Поэзиядағы Оңғарсынованың әйелдері» деген ұғымдарға түсінік беріңіз.

Әдебиеттер

Оңғарсынова Ф. Сенің махаббатың! Әйелдер әлемі жыр кітабы. А., 1979. - 160 б.

Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. А., 1999. - 168 б.

Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. А., 1996. - 391б.

Оңғарсынова Ф. Жүректер тілдескенде. А., 1990. - 344 б.

Жәмішев Ә. Кезең кестелері. А., 1984. - 208 б.

Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. А., 1990. - 336 б.

Қирабаев С. Талантқа құрмет. А., 1988. - 248 б.



*Суреткер шындықты сұлулықпен
ұштастыруы тиіс.
Л. Фейхтвангер*

Төртінші бөлім

КӨРКЕМДІК-ШЕБЕРЛІК ӨРНЕКТЕРІ

§1. Дәстүр мен жаңашылдық

Ақын Ф.Оңғарсынованың шығармашылық шырайының көркемдік күш-қуаты табиғи талантқа тән тағылымдық процестерден түзіледі. Парасат мен парыз параметрінің тізгінін тең ұстаған суреткердің сезім сүзгісінен өткен өлең-жырларының қадыр-қасиеті өміршендік өнегесімен құнды саналады.

Ақын-лириктің адамдық адаптациясын аңғартқан жыр шумақтары поэзия патшалығынан пана тапқан келелі де кесекті дүние. Өлең технологиясының әдіс-тәсілдерін жете меңгеріп, лириканың шәйі шымылдығын айқара ашумен бірге оның ажарына айналған ақын шығармашылығының көркемдік қуаты өзіндік ойып алар орны бар отты дүние - уытты жырмен ұштасқан. Фариза ақынның сөз саптаудағы шешендік шеберлігі мен өнерпаздық өнерінің қадыр-қасиетін ежелгі түркі халықтары әдебиетінен және классикалық Шығыс поэзиясынан іздеген жөн. Өлең-сөздің өрімін кестелі ойдың көкжиегіне көмкеру, қысыр уақыттың қомшасына мазмұны маржан мағына сыйғызу - қас суреткерге ғана тән шеберлік тәлімі болса керек. Ф. Оңғарсынова лирикасының ой-өзегіне тереңірек үңілген сайын, жарқырай көрінетін кең тынысты, дербес диапазонды, бояуы қанық тәсілдермен ақындықтың ажары айқара ашылып, айқындала түседі.

Суреткерлік шеберліктің шырқау шыңына құлаш ұрып, қол сермеу - қаламгерлік ұстанымның түпкі қазығы десек, бұл тұрғыда Фариза еншілеген шындардың едәуір биік екендігінде сөз жоқ. Ақын туындыларының ендігіне тереңдеп барып, тәлімі тәрбиелі, негізі нәзік, оралымы ойлы өлеңдердің о бастағы үлгісіне үңіле зер салсақ, Фариза шығармашылығының

(лирикасының) дәстүр көздерін құрайтын негізгі екі арна бар. Олар: төл әдебиет және түркі, Шығыс поэзиясы дәстүрі дер едік. Төл әдебиет дәстүрінің ақын шығармашылығына ықпал-тәрбиесі өз алдына айтылады, ал түркі дүниесінің әсер-әрекеті қандайлық дәрежеде екен, соған келелік.

Әдеби процесте суреткер даралығын саралауда, қаламгер қарымын анықтауда бүгінгі поэзияның өткен тарихына көз жүгіртудің еш артығы жоқ, қайта маңызы зор. Ақынның өнерпаздық талантының қыр-сырын тексеруде қалыпқа түскен белгілі бір әдіс-тәсілдер тұжырымы болады. Әдебиетте (лирика жанрында) ақынның образ жасау шеберлігін танытатын, сөз байлығы мен ой тапқырлығының мүмкіндігін байқататын бейнелі сөздер жиынтығы бар. Ежелгі түркі шайырларының жыр-дастандарындағы көріктеу құралдарының бай шоғыры бүгінгі поэзияда ақын Ф. Оңғарсынова лирикасында да мол ұшырасады. Мысалы, сондай бейнелеу құралдарының бір түрі троптың (құбылтудың) шығу тегінің тарихына үңілсек, алғашқы элементтерін түркі халықтары әдебиеті атанып жүрген ежелгі түркі шайырларының шығармаларынан да жиі кездестіреміз. Мәселен, Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген аты мәлім ақын Хорезмидің "Мұхаббат-наме" дастанында айшықтау (фигура) түрлері, теңеу сөздер мен айқындау (эпитет) мол ұшырасады. Зерттеу объектісіне алынып, алда сөз болатын өлеңдердегі метафоралық (ауыстыру) өрнектерден үлгілер келтіре кетсек, қазақ поэзиясы жұлдыздарының алғашқы ұстаздары ежелгі түркі классиктері екендігіне көз жеткізгендей боламыз. Мәдениеті мен әдебиеті тең дамыған ежелгі түркілердің сөз өнеріне мейлінше сергек қарағаны да төмендегі үлгі-мысалдардан аңғарылады. Теориялық тұрғыдан келгенде әдебиет қисынына толық бағынбаса да ажарлы сөздің (бұл жерде тек метафораға байланысты) алғашқы авторларының туындыларындағы нысаналы үлгіні салыстыру есебінде санамалап бергенді жөн көрдік.

*1 а) Пері сұлуларының көрікке байы,
Жүзің- наурыз, қасың- мейрам айы.*

*ә) Сәлемімді гүлге жеткіз, ей таң самалы
Ай-құлы, жұлдыз да-қызметшісі болып жүрген.*

б) О, күн сияқты әлемнің шырағы,
Жүзіңіздің сәулесі - жұмақ бағы.

в) Жанымның тізгіні сүйіктімнің қолында,
Сен-күнсің, сенің атың-көк күмбезі.

г) Жүзің бейне ақ гүл тікенексіз,
Жұмақ та дозақ болар маған сенсіз.

(Хорезми. "Мұхаббат-наме"). Аударғандар: Ә.Дербісалин,
М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев [131, 52-54 б.б.].

2. а) Тіл - арыстан есік баққан ашулы,
Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды!

ә) Сөзді ұлыма арнадым мен, ер-батыр,
Ұлым, тыңда, менде алтын-кен жатыр.

(алтын-кен - тіл өнері деген мағынада - З.М.)

б) Ақыл- шырақ, қара түнді ашатын,
Білім-жарық, нұрын саған шашатын.

(Жүсіп Баласағұн. "Құтты білік". Аударған: А. Егеубаев),
[131, 40-41 б.б.].

3. а) Жеті орда - жеті жаһан боп көрінді,
Жеті жұлдыз секілді жеті нұрлы.

ә) Ұланым! Даналардың ұқ ақылын,
Мектебің зой сол ақыл, сара зылым.

(Низәми Гәнжәуи. "Жеті Ару". Аударған: Қ. Бекхожин)
[131, 79-85 б.б.].

4. а) Көзің сенің бейне түнгі көк жүзі,
Ай, жүзіңе гашық болған ай өзі.

ә) Сен- хор қызы яки пейіш нұрысың,
Хас перішпе, сыр-сымбатты дүррісің
("Злиха ")

б) Дұшпандары бейне қызыл түлкі,
Салауат батыр-құдды арыстан.

(Салауат Юлаев. "Салауат батыр". Аударған: Б. Аманшин.) [131, 107-109 б.б.].

5. ә) Әділдік бақытына жаралғансың,
Көркің-нұр, демің-жұпар, газжап жансың.
(Әлішер Науаи. "Ескендір қорғаны". Аударған: Н. Айтөв)
[131, 185 б.].

6. а) Тәуекел бір - шаршамайтын желмая,
Тәуекелсіз кетеді өмір құр зая.
(Мақтымқұлы Фраги. "Сен". Аударған: Ғ. Орманов.) [131,
211 б.].

Байқайсыз ба, неге мұншалықты ұзақ-сонар мысалдар көшіне кезек беріп отырмыз. Ұтымдылығы неде? Соған келелік. Зерттеу тәсілінде қаламгердің суреткерлік шеберлігін, өзіне тән стильдік тәсілін, шығармашылық әдісін, эстетикалық талғамын тағы сол сияқты сан алуан толып жатқан машық-мәнерін анықтайтын белгілі бір жүйеге түскен реттілік, тәртіптілік бар. Оның кейбір белгісі әдебиеттің өткені мен бүгінгі жәйіне көз тастау арқылы ажыратылады. Көз жүгіртіп қою аз. Оңдысы - өткеннің үлесіндегі сөз өнерінің інжу-маржанын бұл күннің кемері келіскен кестелі өнеріндегі ажар-көрікпен салыстыру, сараптау, сөйтіп қорытынды пікірге келу.

Тілге тиек етіп термелеген түркі халықтары поэзиясындағы көріктеу құралдары мен қазіргі қазақ өлең-өнеріндегі иірімдер, сөз кестесіндегі бірізділік бедері, үндестіктер мен өзара жақын табиғилық тәлімдерінің түп тамыры тарихи арнадан тарайтын дәстүр және жаңашылдық болса керек.

Классикалық әдебиеттің негізін қалаған Махамбет, Абай поэзиясынан бермен Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Мағжан, Ілияс, Сәбит түрлеген өнерді түлеткен Асқар, Әбділда, Тайыр, Қасым, Әбу, Хамит, Сырбай, Жұбан, Қалижан, Ғафу т.б. салған өлең-сөз әлемінің қазіргі көрнекті өкілдерінің барлығына тән дерлік ортақ келісім - ежелгі дәуір яғни түркі дүниесінің жыр-бұлағынан нәр ала, одан үйренуден бастау алады.

Қазіргі қазақ лирикасының дарабоз жүйріктері Мұқағали мен Төлегеннің, Жүмекен мен Жұматайдың, Кеңшілік пен Күләштің, Тұманбай мен Қадырдың, Олжас пен Мұхтардың,

Ысрайыл мен Иранбектің жырларынан жоғарыда айтқан ай мүйіз айшықтардың барлық элементтері, әсем өнердің әдемі жалғасы табылатындығында сөз жоқ. Кейінгі толқын-жастардың поэзиясында да ата-баба дәстүрінің ізгілікті ізі, өткен жолы сайрап жатыр. Түркі даналарының сұлулық сәулесін шашқан, әшекейлі сөз қолданыстары Фаризада өзгеше бір өң алып, табиғи тектілігін жоғалтпай, жаңаша мәнге ауысып, құлпырып келіп отырады. Жоғарыда үлгісі берілген мысалдарға назар аударсақ, көркем сөз зергерлерінің әдеби тілді құбылтудағы әдіс- тәсілдерімен Ф. Оңғарсынова лирикасындағы бейнелі сөздер өзара қоныстас қонған.

Мәселен, Хорезмидің лирикалық кейіпкерлері күнге, көк күмбезіне телініп, ондағы сұлулардың ажар-көркі "жүзі - наурыз, қасы - мейрам айы", "ай - құлы, жұлдыз - қызметшісі", "жүзінің сәулесі - жұмақ бағы", сол сияқты "жүзің бейне ақ гүл тікенексіз" түрінде келіп отырса, Фариза ақынның ауыстыруларындағы жіктеу есімдігі түрінде айтылатын қаһармандар бейнесі "мен - үкілі құс, сен - құсбегі", "мен - жез едім, өмір өзі шындады алмас қылыш" (ауыстырудың ұлғайған түрі), «сен - Күншығыс, мен бейне Күнбатыс», "сен - жасын" тәрізді түрленіп, ерекшеленіп келеді. Ал, Жүсіп Баласағұн, Низами Гәнжәуидің поэзиясындағы бейнелі сөздердің өріміне көз жүгіртсек: "тіл - арыстан есік баққан ашулы", "ақыл - шырақ", "білім - жарық", "жеті орда - жеті жаһан, жеті жұлдыз", "ақыл - мектеп, сара ғылым" тәрізді қанатты сөздер жиі ұшырасады. Фаризадағы ауыстыруларды тізсек, "ақын - алтын қазық", "сана - мұзарт таулардай, ой - сәйгүлік", "ойым - тау, санам - айдын", "жаным - ат, түтін - кеудем" т.б. сияқты өрнек сөздерге толы.

Түркі халықтары әдебиетінің және бір жампоздары: башқұрт Салауат Юлаев пен өзбек Әлішер Науаиден, түркімен ұлы Мақтымқұлы Фрагиден ақын Ф. Оңғарсынованың оқып, үйренері көп тәрізді. Олардың шығармаларымен танысып қана қоймай, дәстүр-үлгіні одан әрі дамытқанын, ізденгенін төмендегі салыстырулар арқылы паймдауға болады. Мысалы:

Салауатта:

Сен-хор қызы яки періште нұрысың,

Хас періште, сыр-сымбатты дүррісің.-

("Злиха ")

десе, Фаризада:

Мен жұрт айтып жүрген хор қызы сынды

болсам да сұлулығыңнан сенің аса алман

("Қыз Жібектің соңғы сөзі")

Науаиде:

Көркің-нұр, демің-жұпар, гажсап жансың.

Фаризада:

жанары - айдын, сезім - от, пүліш – дене

Тақырыбы әр қалай болғанымен, ажар-көрік құралдарындағы қарайластық, троптық тіркестер мен айшықты ауыстырулардың Ф. Оңғарсынова поэзиясының көркемдік қуатын танытудағы өзіндік ерекшелігі түркілер поэзиясының, жалпы түркілер дүниесінің ақынға қаншалықты шығармашылық ықпалы барлығын да дәлелдейді. Ұлылардың ұлағатты өсиет-өнегесінің ақық асылдарын армансыз тамашалап, кәусар бұлағының тұнығынан қанып ішкен ақынның жыр-жақұтында кездесетін "Көрұғылының мұң сазын жастан ұғам, Өскем Мақтымқұлының дастанынан" деген шұрайлы шумақтар да яғни, тегін айтылмаған, автордың түркі поэзиясынан қандайлықты хабардар болғандығын, одан шығармашылық тағылым, нәр алғанын аңғартса керек.

Ақындық өнерге ден қойып, қанат қаққан талайлардың алғаш оқып, құлай ұнатқан, көкірек көзінің құрты болған түркі халықтарының бай поэзиясының бір тіні Шығыс жұлдыздарының жауһар жыр-дүниесімен байланыста өрбіп, өсіп отырады. Ұлы Абайдың өзі сұлу жыр-маржандарының мәуелі бағынан тәтті шырын татқандардың нақ қатарында Фариза ақынның болмауы мүмкін еместей. Ақындық мұраттың шыңына шыққандардың біршамасы тамсанып қана қоймай, сыртқы әшекейінің әдемілігімен қоса ішкі ой-өрнегінен образды айшықтар іздегендердің сапында ақын Фаризаның болуы да сөзсіз. Ежелгі тәжік-парсы шайырларының эстетикалық таным-талғамдарының тәлімдік, тәрбиелік әсері ізденіске ұмтылған қай ақын үшін болса да поэзия атты сиқыр дүниенің сырын ашып біліп-тануға ықтиятты ықпал ететіндігі даусыз шындық. Шығыс

классиктерінің әлемді таң қалдырған рубаяттары мен ғазалдарының ғажайыбына сүңгіген Фариза ақынның "Омар һайяммен әңгіме" атты өлеңіндегі мына бір шумақтар оқырманын еріксіз елітіп, Шығыс поэзиясының іңкәр әлеміне сүйрейді. Оқылық:

*Ортасы өзге, арманы бір, жан аға!
Қанша ғасыр жатыр сұлап арада,
қаншама сыр жырың құйды санама!*

*Жырларыңды оқысам да тамсана,
мен өзіңе дау айтамын қарсы, аға!
Мейлің мені дозақтағы жан сана!*

*Жырларымды, ойларымды сарала,
мына жұрттың көп сөзіне қарама,
тек өзіңдік өлшеміңмен бағала!*

*Жұмбағым мен жаңбыр жасым - өлеңім,
сен болмасаң билік айтар төре кім?!*

Мен өзіңді тағдырласым көремін [117, 266 б.]

Бұл монологтар Фариза ақынның Омар һайямның «Рубаяттарындағы»:

*Жақсылардың кім бере шын бағасын...
Достым, дозақ бар-ау деп мұңданадың
Қадір білмес ортада азаппенен
өмір сүрсең сол нағыз дозақ деген!*

- өлең-сырына жауап әрі пікір жарыстыру ретінде айтылған ой-түйіні, пікір-пайымы. Өлеңде данагөй тұлғаның тіршілік түйткілдеріне берілген философиялық байлауына арсы жүзген ақынның таным даралығын көреміз. Ойлары ұялас, өнерлері тағдырлас дана мен дарынның ой-сұхбаты, пікірталасы жас өскін тал шыбықтың емен бәйтеректің қолтығынан дегеніндей дәріпті де дәйекті, әсем де шынайы әңгіме-шумақтармен шілтерленіп, шұғыла шашқан:

*Ұлылығын бұлдамайды ұлылар,
жүрегі - мұң, өзгелерге нұры- нәр,
жақсылықтың сатылмайтын сыры бар.*

*Сұрап алған атағы да, даңқы да
шапағатын тигізбейді жалпыға.*

*"Тірлігімнің құнын бер!" деу-құнсыздық
өзін туған халқына!*

Туған халқының бай мұрасы - ауыз әдебиетінен нәр алып қанаттанған, тілі, діні, ділі төркіндес ежелгі түркі жырларынан жарастық тауып, өнерпаздығын ұштаған ақынның және бір қайнар бұлағы - Шығыс поэзиясы десек, қаламгердің одан үйренген поэтикалық өрнек-үлгісіне келейік. Ол үшін тағы да асыл сөз иелерінің тіл байлығы мен ой-қуатының көркемдік келісімін Фариза лирикасынан іздейміз де, салыстыра саралаймыз.

Поэзиялық шығармалардың әрін келтіріп, көркін арттыратын құбылту (троп) мен айшықтаудың (фигура) небір түрі Шығыс классиктерінің туындыларында терең орын алады. Ежелгі тәжік-парсы поэзиясының дүлдүлдері- әрі философ, әрі ұлы ақындары Әбілхасан Рудаки, Омар һайям, Жәлаләддин Руми, Мүслихәддин Сағди, Шәмсәдди Хафиз, Әбдірахман Жәми сынды ойшылдардың әдеби мұраларындағы жоғарыда келтірілген кейбір айшықтар мен құбылтулардың (теңеу, эпитет, ауыстыру, шендестіру т.б.) аударма түрінде болса да Ф. Оңғарсынова поэзиясындағы өрнек өрімдерімен үндестіктері бары байқалады. Бұдан туар ой - ақын Фаризаның Шығыс шайырларының шығармаларын оқып, танысып қана қоймай, оларды өзіне ұстаз тұтқанын, көркемдік-шеберліктің қай қырынан болса да олардан үйренгенін дәлелдейді.

Үнемі ізденісте болған ақынның бір уақ көркем аудармамен айналысқанын білеміз. Әлемнің маңдай алды ақындарының үздік туындыларын ана тілімізге тәржімалаған қаламгер қаламынан "Жүректер тілдескенде" (1990) атты өлеңдер кітабы дүниеге келді. Осы еңбектің алғы сөзіне ақын аударма мақсаты туралы: "...Әр тіл - өзінше құпия әлем. Оның өзіне ғана тән бояулары болады. Мен осы ғұмырымда сол әр халық ақындарының өзіме ұнаған, өз жүрегіммен үндес шығармаларын туған тіліме өз бояуымен жеткізуді мақсат еттім. Бұл жолда өзім де көп жайларды үйрендім" [132, 5 б.] деп ақтарыла оқырманмен сыр бөліседі. Автор аталған аударма кітабында Еуропа, Африка, Азия құрлықтары ақындарының алдыңғы

қатарында ертедегі түркі дүниесінің ірі өкілі, ұлы филолог Махмұд Қашқари жырларын да тәржімалаған болатын.

Ақын Фариза лирикасындағы Күншығыс бояуының бедері мен ізі әдебиет зерттеушілерінің де назарынан тыс қалмады. Ол туралы кезінде Ә. Жәмішев ("Кезең кестелері", 1984) пен М. Ысқақбай ("Шығарма шырайы - шындық", 1994) жазып, жете көңіл бөлді. Ә. Жәмішев ақынның "Мен сенің жүрегіндемін"! (1975) өлеңдер кітабына өз пікірін білдіре келе:

"Жинақтағы:

Сенің жүзің мен үшін ай нұрындай болмаса,

Өзің барда жанымға жайлы мұндай болмаса,

- деп басталып, Шығыс поэзиясының классикалық үлгілернің дәстүрімен, әуенімен жазылған өлең өзінің сырлылығымен, наздылығымен және саздылығымен көңіл арбайды" [91, 40 б.] деп ой тоғытса, М. Ысқақбай: "Фаризаның ақындық ұшқыр қиялы Низамидей ұлы шайыр орбитасына қарай қанат сермеп, оның ғажап әлемі маңынан қылаң бергені жаман нышан болмаса керек" [50, 153 б.] - деп қуанышты таңданыс білдіреді.

Сөз жоқ, жоғарыда айтылған пікірлерден шығатын қорытынды - ақын суреткерлігінің бір қыры, яғни дәстүр көзі Шығыс поэзиясында жатқандығы. Әлемдік дамудың мәдениетінде шоқтығы биік тұратын ежелгі парсы-тәжік классиктерінің әдеби тілді қолдану өнегесі Фаризаға шығармашылық тұрғыдан ерекше ықпал еткен, бұл - бірінші ерекшелік. Әрине, аудармашылықтың да себеі бар. Екіншіден, бұл енді ең бастысы - ой үндестігі. Лирикада жетекші роль атқаратын да осы ой бірлігі, яки идеялас, мұраттас дегенді білдірсе керек. Әйтпесе, Фаризаның Омар һәйямға "Мен өзінді тағдырласым көремін" дегенін басқаға жорымай, заманы бөлек, адамы басқа қоғамдағы ақындардың рухани мақсаттас, түйіп айтқанда шығармашылық бірлігі деу орынды. Идея-мұрат, бірлік десек, оның сыңары - тақырыптың бірге жүретіні өзінен-өзі түсінікті. Мазмұнды да әдебиетте күрделі мәселе дейміз ғой. Оның да бірнеше мағынасы бар. Көркем туындыны тұшынып оқып, оның мазмұнына таңғалу, тамсану, оған қызығу, еліктеу, үйрену яғни, суреткерге жаңа образ жасауда, нақтырақ

айтқанда, жазуда мазмұнның да мөні орасан көмек екен. Бұл - Фариза суреткерлігіндегі үшінші ерекшелік.

Тіл құнарлылығы, ой бірлігі, мазмұн байлығы, тақырып таңдауы - міне осы белгілердің Шығыс поэзиясындағы көрінісі Фариза ақындығының, қаламгерлік шеберлігінің шырайына шыр бітіретіндігінде сөз болмаса керек. Шығыс поэзиясы және Ф. Оңғарсынова лирикасының байланыс-болмысын осы арнада, яғни дәстүр аясында тексеріп, қарастырған абзал болмақ.

Махаббат, сүйіспеншілік жыры поэзиядағы мәңгілік тақырыбы десек, оны лирикада шығыс үлгісінде, шығыс мақамында өрнектеу дәстүрі Фаризада ұлылар мұрағатымен тығыз үндесіп жатады. Мысалы, Шәмсәддин Хафиздің "Ғәзәлдарындағы":

*Саған деген махаббатым - жүрегімде ақ маржан,
Тотықпайды ол бұл дүние қызығының біріне,-
(аударған Ә. Жәмішев) [133, 166 б.].*

түрінде келсе, Фаризада:

*Саған деген махаббатым, жаным-ау,
өлшенбейді аспанмен
өлшенбейді дастанмен...*

("Өкініш немесе үнді мүгедегінің әйеліне айтқаны")

- үлгісінде дәнекерленіп кетеді. Осы сияқты сезім сырларын паш ететін жыр шумақтарындағы үндестіктер мен жақындықтар ақындарда жиі ұшырасып отырады. Мысалы, Хафизде:

*Жүрегімді тұтқын етіп ала кеттің, сүйіктім,
Көрінбепсің, қайда жүрсің, қалай ғана ұмыттың?*

Фаризада:

*Жүрегімді тәтті қиял, арманмен үлгілдеген,
сағынышым, ойым мен күлкім, денем-
бәрін алып қойдың сен, енді сенсіз
жүре алатын емеспін бір күн де мен.*

("Ұрлық")

Хафиз поэзиясындағы махаббат тақырыбының Фариза лирикасында жаңа сипат, тың айшықтармен түрленгенін дәлелдейтін бұдан асқан да мысалдар көп. Шығыс әдебиетінің жауһар жұлдыздарының бірі Әбдірахман Жәмидің "Махаббат туралы аңыздарындағы" (аударған І. Мәмбетов) мәнер-өрнектер,

Әбілхасан Рудакидегі ғашықтық ғаламаты мен философиялық иірімдер, Мүслихәддин Сағдидегі "Әдемілік пен ақылдылық", "Сыпайылық" атты өлеңдер және тақырыбы сан алуан "Әңгімелер", "Өкініш және ақылды өмір кешу туралы әңгіме" (аударған Ж. Нәжімеденов) сияқты туындылардың кей жағдайда мазмұны жағынан, кейде идея бірлігінің ұқсастықтары ақын Ф. Оңғарсынованың Шығыс поэзиясына аса ден қойғандығын оларды сүйіп оқып, мұқият танысқанын, сөйте келе өзіне рухани ұстаз тұтқандығын көрсетеді. Оны біз дәйекті дәлелдемелер мен толымды салыстырулар арқылы ажырата аламыз. Мысалы ақынның «Қыз-ғұмыр» (Алматы, 1996) кітабына енген «Иран-бақ жырлары» атты топтамасында Шығыс поэзиясына деген қадір-құрметтің риясыздығын дәлелдейтін көптеген өлеңдерге кезігеміз:

*Ақындарға нәр берген,
ұлы рухтар қуат берген, әл берген
қасиетті топырағын Иранның
көрсем деп ем, арманым ем -
енді, міне, тұңғыш рет мен бүгін
басып тұрмын жан-дәрмен.*

*О, армысың, киелім,
иран бағым, ғашықтардың күйі едің,
әулиелерге мінәжәт қып, алдыңда
шыр айналған басымды мен иемін!*

*Маған таныс жыр бағы,
ауа таныс, әуен таныс мұндағы,
естілгендей Хұсыраудың мұңды әні...
Жаным дертті - өзің емде, дәру бер,
ұлы Хафиз құндағы! [122, 132 б.]*

«Ақындар топырағы» аталған осы өлеңдегі «ұлы рухтар қуатына» табыну тағылымы ақын біткеннің баршасына тән - шынайы өнердің (поэзия) Отанын ардақтау дәстүрінен туындап жатады. Омар Һәйям мен Рудакидің, Руми мен Сағдидің, Хафиз бен Жәмидің жыр - жайығынан қанып ішкен ақын Фаризаның «Шығыс ұлы», «Қаралы күн», «Мәшһәттағы киелі түн», «Ішкі сыр», «Намазшы», «Хафиздің ізімен», «Қаңбақ-тағдыр»,

«Шығыстағы ару қыз», «Парсының сұлулары», «Ширазға сәлем» аталатын туындылары Шығыс поэзиясы мен қаламгер Ф. Оңғарсынова шығармашылығының арасындағы дәстүрлі тығыз байланысты толықтыра түседі. Автордың «Ширазға сәлеміндегі»: «Атасы шайырлардың Хафиз ақын, өсіп ем ғазалыңнан сусын алып» деген әсем ой-өрнектердің:

Тербетті бесігім боп дала мені,

өзіңді Абайым да аға деді.

Мені де бұл өлкеге ғашық еткен

өзіңнің жырларың мен анам еді [122, 139 б.]

- сынды тәлімді тармақтармен тұтаса ұласып жатуы да ұлыларда ғана кездесетін үндестікті аңғартады, бауырмалдықты үндейді. Топтама өлеңдердің жазылу, өрілу мәнері тақырыпқа сай шығыс дәстүрінің үлгісіне құрылған. Түйіп айтқанда ғажап ғазалдар мен рухты рубаилардың табиғатын танытқан үлгіде жазылған Фариза ақынның өлең-жырларынан Шығыс мақамының жылы шырайлы лебі еседі.

Ақын атаулының шығармашылық негізінің бұлақ-бастауы, өркенді өзегі ең алдымен төл әдебиет дәстүрінен қуат алып, бүршік жаратыны бесенеден белгілі үрдіс. Төл мұраның түп-төркіні ауыз әдебиетінің байлығымен, жанрлық ерекшеліктерімен байланыста бағаланса, сондай асыл өнердің бір түріне бата да кіреді. Танымдық ерекшелігі ерен бұндай сөздердің өнегелік тәлімі өнерлі ұрпақ тәрбиелеуді шешуші рөл атқаратынын ескерсек, бата өлеңдердің өміршеңдік ұлағаты өз мәнін жоймақ емес. Ақын Ф. Оңғарсынова өлеңдерінің бірқыдыруы ауыз әдебиетінің бір түрі үлгісінде жазылған бата-тілек тұрғысында келеді. Ата-баба аманатына қылау түсірмеуді мақсат еткен ақын-батагөйдің ақ батасының мазмұны да әр алуан, тақырып түрлеуі де түрлі-түрлі. Анықтап ажыратар болсақ тәй-тәй басқан баладан қалт-құлт еткен қарияға дейін, өркенді ұл мен қылықты қызға, отау құрған жастарға арналған ізгі де игі тілектер тізбегі әдебиет атты асыл өнердің адам тәрбиелеудің нағыз гумандық құралы бола алатындығын әйгілесе керек. Айталық, «Ұл балаға бата», «Қыз балаға бата», «Жас жұбайларға бата», «Қарияларға бата» деп келетін лұғатты ой-шумақтар қатарын «Ұлағат», «Тілек», «Тілеу», «Ақыл»

сынды парасатқа толы өлеңдер толықтыра түседі. Ұлттық мінез, халықтық қағида, салиқалы салт-дәстүр, әдепті әдет-ғұрып сияқты бай ұғымдармен суарылып, тамыр жайған бұл туындылардың тәрбиелік тәлімі мәңгілікке мәртебесін жоймайтыны айдан анық. Әр тармағына имандылық ұялаған бата өлеңдердің өріміне көз жүгіртсек, ұлға берілер патиха:

*Жүсіптің дидарын берсін,
Мұхамбеттің иманын берсін,
Жаныңа даланың кеңдігін берсін,
Әзірет Әлидің ерлігін берсін,
Абылайдың байрағын берсін,
Бауыржан батырдың айбарын берсін!* [122, 92 б.]

- түрінде келсе, қыз балаға арналған батадан нәзіктік пен пәктіктің самалы еседі. Оқылық:

*Талдай бой берсін,
Сұңғыла ой берсін,
Жаздай жамал берсін,
Қардай жанар берсін!
Анаға шуақ болсын,
Ағаға қуат болсын,
Нәзік жаны болсын,
Елінің ары болсын,
Басына өнердің бағы қонсын,
Ақ орданың шамы болсын!* [122, 103 б.]

Осы сынды қарияларға арналған батада: «Түндерің тыныш болсын, Үйлеріңе ырыс толсын! Келіндерің есті болсын, Ұлдарын сесті болсын» сияқты сыпайылық сарыны, «Жас жұбайларға батада» сезімнің пәктігі мен көңілдің ақтығын, сәбидің шаттық үнін беруді сұраған ақ жарқын тілекке ұласып жатады. «Отауларың елге сән болсын, өмірлерің бал болсын, Бибі Фатима анамыздың аруағы өздеріңе жар болсын!» деген бата сөздердің дәуірлік маңызына ешкімнің таласы болмас.

Бата сөздердің (өлеңдердің) тек-төркініне тереңдеп барған зерттеуші ғалым С. Негимов: "Тілек - бата сөздері жеткіншек жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды -басты, дәулетті, бақытты, кекшіл емес,

кешірімді болуын тілейді, жерін, елін қорғауға талапты тастүлек боп ер жетуге талпынтады" [134, 5 б.] - деп жазады.

Ғалым пікірінен шығар қорытынды қай дәуірде де, қандай қоғамда да бата-тілек сынды этетикалық танымы жоғары ұлағат сөздердің насихаты нұрлы, тәлімі тиянақты болмақ. Ақын Фаризаның ауыз әдебиетінің бір түрі - тұрмыс-салт жырларынан үлгі теріп қана қоймай, оны одан әрі түрлендіріп, дамытқандығын дәлелдейтін мысалдарға «Жар-жар», «Беташар» аталған өлеңдері куә бола алады. Заманға лайық жаңаша мәнге ие бұл туындылардың қоғамның болашағы - жастарды тәрбиелеуде ролі зор болмақ.

Тамыры тереңге кеткен халық ауыз әдебиетінің күллі жауһар-жаһұты ақын атаулының сусынын қандыра мөлдір бұлақ бастауы десек, жыраулар түлеткен поэзия ақындық ауылының ақ жолына айналар екінші арнасы сынды саналып та жүр. Әрісі Асан қайғы, Қазтуған, Бұхар, берісі Махамбет, Дулат жырларынан үлгі терген Фариза ақынның Абай мектебі арқылы қазақтың қазіргі поэзиясының көркемдік нәрінен нұр алғандығында сөз болмаса керек.

Ақын лирикасының тақырыптық ауқымының активтілігіне бойлаған сайын, өткен ғасыр өнерпаздарының сөз өнеріндегі әдіп-үлгісін, дәстүр-үрдісін Фаризадан тапқандай боламыз. Ақынның аса бір аңғарымпаздығы сонда - нені жазса да, қалай жазса да тарихи дәлдікті сақтайды және заман шежіресінің шындығына сүйенеді. Тарих қатпарларының қалтарысында қалыс қалған оқиғалардың Фариза шығармашылығында ауызекі аңыз әңгімеден әрі асып, көркем дүниеге айналуы - шығармашылық қуаттың шырайлы көрінісі болса керек. Ондай шығармаларға "Жантолының монологаы", "Тістену", "Өсиет", "Сиыну", "Мұқан жыраудың екі өлеңі", "Досаттың Саулық болысқа айтқаны", "Ақан сері аңыздары" (цикл), "Асан қайғының толғауы", "Қорқыт қобызының сарыны", "Бөрібектің екі өсиеті", "Қабанбай батыр", "Жігіттерге", "Ақкенженің өсиеті", "Үміт және үкім", "Ақ пен қара туралы ақиқат", "Қаңбақ-тағдыр", "Кит туралы ертегі" сынды өлеңдері жатады. Аталған туындылардың мазмұнына тереңірек үңіліп, бойлаған сайын жыраулар толғауындағы патриоттық сезім, елдік,

көрегендік пен көсемдік, ел қамын жеген ерлердің ерлік ісі, жан азабынан ар азабын жоғары қойған ділмәрлық пен шешендік т.б. еске түсірерлік әуен-сарындар көзге түседі.

"Ала жағым кетсе де, айта жағым кетпесінді" аңғартқан өлеңнің бірі - "Өсиет". Осындағы Қаржау керемет шешен, батыр, Нарын елінде аты мәшһүр адам деседі, сондай-ақ қайырымдылығы да халық аузында жүр. "Өсиеттің" өнегесі сол - өлер шағында ел-жұртымен қоштасқан Қаржау "үш арыстаны-арысы" балаларына елге қамқор ер болуды, ата мен ар намысын қастерлеуді өсиет етеді:

Мен, бүгін өлдім демеймін:

тұлпар тұяғы сендер тұрғанда

көңіл де бүтін, бас аман,

алаңсыз аттап өлім қақпасын аша алам [117, 173 б.]

- дегенді ашып айтады. Осы идея, осы тақырып, яки кейінгі ұрпаққа келелі сөзді арнап айту - жыраулар жәмиғатының барлығына тән дәстүр десек, Ақтамберді:

Балаларыма өсиет:

Қалмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айырылма,

Бірлікте бар қасиет [135, 67 б.]

- деп, жырласа, Фариза кейіпкері былайша тіл қатады:

Ал, ертең сендер

қатынша күндеп, бықсық ойлармен

жүрсеңдер абзал досыңның

ту сыртынан көздеп тасадан;

күңкіл күйбеңмен жер ошақ басының

қамы үшін жүрсең қырқысып ,

ондай ездерден ел былай тұрсын, қашады аң

...Қаржаудың нағыз ит өлімі деген сол болар,

сондай қазадан сақтаған мені жасаған!..

- деп, айбарлы да асқақ үнмен дауыстаса, Ақтамберді жырауда айтар ойдың түйіні төмендегіше түйдектеледі:

Татулық болар береке,

Қылмасын жүріп келеке,

Араз болсаң алты ауыз

Еліңе кірген әреке -

- деп ел ішіндегі ала ауыздық әрекеттерден сақтандырады. Бұл сақтандырудан шығар қорытынды - ақын өлеңдеріндегі жиі ауызға алынып жүрген дәстүрлі жыраулар поэзиясындағы үлгі өрнектердің Оңғарсынова оралымдарында оңтайлы қолданыс тауып, құлпыра дами түсетіндігі. Сөз саптау стилін жыраулар мақамынан алған ақынның көптеген лирикалық жыр шумақтарында суреткер Фаризаның қаламгерлік кредосынң басты қасиеті айқындалып, танылып отырады. Осыдан келіп өмірдегі құбылыстың көрінісін шынайы шыншылдықпен қоспасыз, боямай көрсету дегеніңіз - Фариза шығармашылығының да реалистік реуішін, тұғырнамалық бағдарын белгілейді.

Ақын, жыраулар мақамының үлгісінде жазылған жырлар Фариза ақында молшылық. Мәселен, ақынның "Досаттың Саулық болысқа айтқаны" аталған өлеңі Дулат Бабатайұлының "Кеңесбайға" өлеңімен сарындас, мазмұндас оқылады. Ақындарға ортақ тақырып біреу: өткен заманның озбыр билеуші шонжарларының бәтуасыз іс-әрекеті, қу мен сұмдардың басқарудағы әділетсіз айла-шарғысы т.с.с. әлеуметтік жағдайлар шығарма желісін құрайды. Дулатта лирикалық кейіпкер:

О, Кеңесбай мырза, тыңда сөз!

Айтатұғын келді кез.

Көкіректеніп паңданбай,

Сырттан көріп таңданбай,

Менің сөзім құйылса,

Кеудеңе шырақ жанғандай [136, 321б.]

- деп, тіл қатса, Фариза кейіпкері Досат:

Ей, Малбайдың ұлы Саулық-ау,

Ұят пен ардан жасқанбай,

Кердеңдеп қадам басқандай,

Тарландай тарпаң ерлердің

Құм етіп оттай жігерін

Тағдырына күлді шапқандай

айтшы сен өзің кім едің? [118, 154 б.]

- деп, түйіліп алады да, халыққа қатыгездігімен аңыз боп кеткен Саулық болыстың зорлық - зомбылығын әшкерелейді:

Біз білген атаң Күдері

*шала қазақтың бірі еді
жоңғардан алған көп күңнің
бірінен туған ұл еді.
Аз күндік баққа мастанып
басына шықтың халықтың,
туғызып түнек,
тамұқ-күн
тексіздігіңді таныттың.*

Ал, Дулаттың Кеңесбайға айтылар уәжінде арғы-бергі аталарының (Нарынбай, Құттыбай, Ақтайлақ) ел басқарудағы : адалдық пен әділдік, батырлық пен даналық қасиеттері термелеп айтылады да:

*Тұқымың дегдар болғанмен,
Кеңесбай, азғын туғансың.
Тістеуік айғыр секілді
Үйіріңді сұйылтып,
Тай -құнанды қуғансың.
Ел билерлік ісің жоқ,
Дегдар емес, будансың.*

*Будан дейтін себебім:
Айналаңды торисың.
Түзден тоят тілемей,
Өлексені қорисың.*

- сынды теріс қылықтары бетіне басылып, сол дәуір, сол кезең пайымында айыпталады. Бұл салыстырулардан туындар түйін Фариза ақынның Дулат мұрасының мазмұнды тұстарын өз шығармашылығында дәстүр тұрғысында игеріп, одан әрі байытып, жандандыра түскендігі дер едік. Дулат пен Фариза өнерпаздығындағы мұндай дәстүр мен жаңашылдық жалғастығы біз сөз етіп отырған ақынның басқа да туындыларында жиі кездесіп, бірін-бірі толықтырып, өлең-сөз өнерінің өрісін кеңейтіп отырады. "Сөз - жібек жіп, жыр - кесте" (Дулат) екенін жете түсінген жыраудың:

*Шешендіктің сәні жоқ:
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,*

Басына бақыт қонбаса; [136, 48 б.]

- деп келетін данагөйлік ой-толғауы Фариза туындысында ("Асан қайғының толғауы") түлемелі серпін алып, түйдекті екпінмен жырланған:

Шешендігің не керек -

сөз ұғатын елің жоқ.

Көсемдігің не керек -

адамдарға сенім жоқ [122, 149 б.].

Жыраулар жамиғатына тән, тәлімі сан тарау, түбі бір түгел сөздің өріміне көз жүгіртсек, тағы да таныс әуен, мақам-саз жылы ұшырайды. Көркемдік қуаты мол ой маржанын кестелі сөздің қомшасына артқан ақынның ата-баба мұрасынан үйренері көп. Дулат абыз бен Фариза ақынның өнер жолында тарихи тамырлас дәнекеріндей заман болмысын дөп басып, аңғартқан жыр шумақтары бірі екіншісін қайталамай, жаңаша бір арнада құлпырып, қанатын кеңге жая түседі. Асан қайғы жыраудың атынан ой толғаған Фаризадағы:

Билікпен жаншып жеңгенге

шіренер шәртік бегің көп.

Тепсініп дұшпан келгенде,

шебініп шығар ерің жоқ.

- сынды өткір оралымдардың Дулаттың жыр-дүниесіндегі: "Би мен бектің сәні жоқ: Елін қорғай алмаса, Тура жолға салмаса, Ыстығына күймесе, Суығына тоңбаса" [136, 48 б.] деп келетін түйдекті жыр маржандарымен мәндесіп, төркіндес, сабақтасып жатқандығын байқауға болады.

Шеберлік нәшін жетілдірудің әдемі де тиімді әдіс-тәсілдері Ф. Оңғарсынова поэзиясында ақын-жыраулар әлеуметімен тығыз байланыста өсіп-өрбиді. Аталған үрдіс төңірегіндегі тақырыпты тереңдете түссек, Фариза шығармашылығына шырай берер жыраулар тағылымы Ақтамберді, Дулат әсерлерімен ғана шектелмейді, басқа да әр қилы замандарда өмір сүрген Шалкиіз жырау, Шал ақын, Жанақ ақын, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сияқты тарланбоз жыршылар қайнарынан бастау алады. Аттары аталған жыраулар поэзиясындағы кейбір кестелі өрнектер (мазмұн, тақырып, стиль, түр, көркемдік қуат т.б.) Ф. Оңғарсынова лирикасында

лайықты жалғасын тауып, бүгінгі заманның көкейкесті мәселелерін көтеріп, қозғауда жетекші рольге ие болған. Өткен дәуірдегі қазақ поэзиясының жаңашыл қасиетін терең ұғынған ақын-қаламгер өз ізденісінде тарих қойнауында қалыс қалған оқиғаларға жан бітіру арқылы, бүгінгі өмір тынысын терең жеткізеді. Ұлылар арнасынан тарайтын табиғи дәстүрдің қуат көздеріне жіті үңіліп, бедері өшуге айналған сұрлеу-соқпақтардың ізін аршу да Фариза суреткерлігінің бір қырын танытады. Мысалы, Шалкиіз жырауда бар:

*Жапырағы жасыл бәйутерек,
Жайқалмағы желден- дүр,
Шалулығы белден - дүр,
Төренің кежігуі елден - дүр, [135, 36 б.]*

- деп келетін ежелгі дәуір шайырларының жырларында ғана ұшырасатын эпифоралық қайталаулардың өңделіп, өзгерген түрі жаңаша сипатта Фариза өлеңдеріне өң бере түскен:

*Керегі сол деп көз қысқан,
сыпсыңдап жүрген көп дұшпан
жеріме назар салып тұр,
нысанаға алып тұр,
тағдырыңды шешсе нөпір жау,
ертеңі елдің тамұқ - дүр [122, 69 б.].
("Қорқыт қобызының сарыны")*

немесс:

*Ем іздесең көңілге,
талқан болма - талап қыл.
Мұның бәрі өмірде
бастан кешкен сабақ - дүр [122, 191 б.].
("Сабақ")*

Бұл "дүр" жұрнағына байланысты дәстүр ағымының төл әдебиетіміздегі қолданыс қаракетін жыраулар поэзиясын зерттеуші ғалым Қ. Сыдиқов былайша ұғындырады: "Бұл көне түркі халықтары әдебиетінен келе жатқан қазақ даласына Сүлеймен Бақырғани, Қожа Ахмет Яссауи шығармалары арқылы да бой көрсеткен көмекші етістіктердің көне түрі. Бұл түрдің ақын, жырауларда кездесуі әдеби көркемдік тәсілдердің

қазақ даласында ауызша поэзия мен жазба шығармаларда бір-бірінен әсер алып қатар дамығанын да танытады" [137, 58 б.].

Демек, ежелгі әдебиет туындыларындағы бұрыннан бар поэтикалық көркемдік құралдардың жыршы-ақындар мұрасы арқылы қазіргі поэзияда да дәстүр сабақтастығын жоғалтпай, тамырын тереңге жібергені хақ. Жырау-ақындар мұрасының мол байлығын сарқа пайдаланып, халқымыздың рухани асыл қазынасының тұнығынан шайқап ішу үрдісі қазіргі поэзия жұлдыздарының көпшілігіне тән өнеге - дәстүрі десек, солардың нақ ортасында Фариза ақынның болуы да заңды құбылыс.

Өткен ғасырлардағы жыраулар мұрасымен мұраттас көркемдік әдіс - үлгілердің біраз шоғыры Фариза лирикасында жиі ұшырасатынын жоғарыда айттық. Алайда, жыраулар ұлағатымен байланысты ой орамын Өтемісұлы Махамбет мектебінсіз сөз ету мүмкін емес, дұрысы - міндеттілігі басымырақ. Ақын Фаризаның өнерпаздық таланты, дарындылық даралығы, дәлірек айтқанда, күллі шығармашылық әлемі Махамбет дәстүрінен бастау алады, шыны сол - Махамбет рухымен қаруланған поэзия Махамбет өнегесімен өркендеп, Махамбет атымен ардақты көрінеді. Махамбет пен Фариза поэзиясындағы байланысты сөз ету - дәстүр мен жаңашылдық жайын тексеріп, қарастыру сияқты күрделі мәселелерге бастайды. Әдеби - рухани байланыстың түп - төркінін әріден тексерсек, Фаризаның ұлы ақын туған топырақта дүниеге келуін тарихи тамырластық дейміз де қоямыз. Әйтсе де осы тарихи тұлғаларға тән тектіліктің тіні "қызша киінген Махамбет" (А. Сүлейменов) Фариза табиғатына жат емес екен: "Біз, қырдағы ауыл балалары, кішкентайымыздан Махамбеттің жырларын құлағымызбен естіп, жанымызға сіңіріп естік. Сондықтан ба, жоқ халқымыздың тәрбие дәстүрінен бе - әйтеуір, ер-азаматтың бәрі, Исатай, Махамбет секілді, ел-жұртына тірек, кесек мінезді, бір сөзді, ұсақ-түйекпен ісі жоқ, тура айтатын батыл, жан-дүниесі кең болады деп ұғатынбыз" [138, 160 б.].

Бұл - ақынның өмір соқпақтарының бір үзік мезетінен алынған, балалық дәуреннің сыр-суреті. Өмір шындығының көркемдік шындыққа айналуына жол бастар алғашқы ұмтылыс,

талпыныстың түбірлі түйіні ақын тұлғасының бітіміне барлағанда ғана тарқатыла түсетіндей. Ақындық болмыс, бітім дегеніңіз Фаризада (поэзиясында) тақырып таңдамайды. Туған жер, өскен орта, табиғат, көңіл күй, махаббат, философия, саяси және әлеуметтік жырлар т.т. ақынның айналып соғар қазығы, табан тірер тұғыры - Ұлы Отанға бас иіу миссиясынан түзіледі. Айталық, Махамбеттің Нарындағы найзағай - ғұмыры намысты ерді налытты:

*Мен Нарыннан кеткенмін,
Нарынды талақ еткенмін.
Қуатымның барында
Ағыны қатты Жайықты
Тіземмен бұзып өткенмін [139, 77 б.]
("Мен Нарыннан кеткенмін")*

Фариза ақын туған жері Нарынның өткен тарихынан сыр шертіп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтудан жалықпайды. "Бабамның тері тамған топырағыңнан әрқашан жас жаныма сусын алам". Ардақты ердің атын ұмытуды, әрдайым естен шығармауды қасиет көрген кейіпкер үні:

*Ардагер Махамбеттей ақын ұлың
Шөлдеген құмдарыңды жырға малды.
Талай жан сенде азаттық аңсап өтті
Исатай бостандық деп жар сап өтті [117, 7 б.]
("Нарын")*

- деп жар салады. Жырларының желісі Нарынмен мұңды-шерлі көрінер батыр ақын Махамбеттің күрескерлік мүддесі де қалың жұрт - қара орман тағдырына алаңмен, "құсалықпен өтті ғой"...

*Алақандай Нарында
Ата менен ана бар,
Іні менен аға бар,
Қатын менен бала бар,
Қарындас халқым жана бар [139, 90 б.]
("Нарында")*

Нарын жұртының кешелі - бүгінгі тарихын баяндау арқылы қоғам дамуының кескін-келбетін поэзия тілінде жарқ еткізіп, жария етудің эмоционалды лирика тудыруда стильдік ерекшелігі де бар. Махамбет дәстүрінің екпінді, әуенді мақамын

бұзбай, тіпті тақырып, мазмұн барысын да толықтай сақтай отырып, одан әрі дамытқан ақынның бірі - Фариза екенін төмендегі шумақтар тағы да дәлелдей түседі:

*Еділдің бойы - ен тоғай -
Жайлаған біздің ел талай.
аймағым десем, кім сенер?
Бытқылда қалған Нарынды,
қыздары көркем, әні - үлгі.
жігерін жаудың құм етіп,
егеулі найза қолға алған
атаны көріп оқ жонған... [122, 142 б.]
("Ей, құм Нарын, құм Нарын ")*

- деп келетін үрдіс үлгісі бүгін де сақталғандығына куә боламыз. Махамбет арман еткен "ел қондыру, мал толтыру" сынды "ұлы арман" мұрагерлерінің шаттық қуанышы, салтанатты тұрмысында әлі де мұң басым. Лирикалық кейіпкердің аруақты ерге айтар назын алаң көңілдің ала бұлты торлаған:

*Тазарар түрім жоқ менің
жанымның кірін жумай бір
Махамбеттердің рухымен.*

Бұл айтылған бірдің емес, мыңның атынан сөз алған лирикалық қаһарманның сөзі деуге толық негіз бар. "Лирикалық герой - ақынның өзі, ақын өмір сүрген ортаның, оның замандастарының жиынтық, типтік бейнесі" [140, 16 б.] деп жазады филолог-ғалым М. Дүйсенов.

"Махамбеттің жырлары қазақтың мол өлең қазынасында тек сұлулығымен ғана емес, қызулығымен қиып түсер өткірлігімен ерекше тұрған дүние" [141, 15 б.] екенін ескерсек, дәстүр арнасының тұнығынан қанып ішкен ақынның баба өнегесін сақтай келе, одан әрі түлете дамытқандығына куәміз. Махамбет жырларындағы күрескерлік рух, сөз саптаудағы ерен еркіндік, ерлікке үндер қатулы мінез, сол сықылды аздаған мұң жалатқан қаһарлы ашу т.с.с. ақындық ажыратымды анықтар стиль айқындығының біраз белгілері Фариза ақын поэзиясында молынан ұшырасады.

Жалпы жыраулар табиғатының тәлімінен өз соқпағын тауып, жол салған және сол соны даңғылдың арна-жиегін көне

сөз сүлейлерінің әшекей-асылдарымен безендіру - ақын Ф. Оңғарсынова суреткерлігінің бір қыры. Ақынға ақынның еліктеуі бар да, сол еліктеудің ізімен жүре отырып, жаңа бір форма тудыру бір басқа. Фариза лирикасының Махамбет дәстүрін дамытқандығын сөз еткенде, біз осы ерекшелікті ескеруіміз керек. Ақын, жыраулар поэзиясына тән үдемелі екпін Махамбет өлеңдерінде өткен дәуірдің күрес күндеріне сай үгіт-насихат есебінде туындап отырса, Фариза жырларында сол жалынды уағызды қажет қылар өсиетті сөз өрнегі сақталған. Төмендегі өлең үзіндісінде Махамбетше толғаған ақын кейіпкерінің өз үні, өз дауысы мығымдау шығатыны аңғарылады:

*Аруақтарын шақырып,
арыстандай атылып,
жауларын қуған ақырып,
батырлар туган бұл жерді
әулие тұтсам, шетін бе?
Өмірі өткен желдің өтінде
Исатайдан бір белгі
қалды ма жердің бетінде?*

Қалса, бір барып түнейін... [122, 142 б.].

Фариза өлеңдерінің өріміне ендеген сайын Махамбет мектебінің тәрбие-тағылымы барынша биіктей түседі. Өнердің қыран құсы боп қалықтаған мұзбалақ ақын қай бір кезде Фаризаның түсіне кіріп, аян береді. (Қараңыз: "Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім" поэмасы [117, 115 б.]). Үш кездесуден тұратын ақын түсінде Махамбет - кейіпкерге автор мынаны айтқызады:

*Үмітім сенсің, жас құсым,
түлеп ұшатын тұғырдан.
Тек шындық күтем мен сенің
ақ алмас жүзді жырыңнан!*

Бұл - аталған эпикалық туындының соңғы шумағындағы ой түйіні. Жауынгер ақын, сарбаз суреткер, қазақ өлеңінің ақиығы Махамбетке арналған ақ жарқын тілектердің тоғысы батыр баба рухына, аруағына табыну сықылды сипаттармен сараланады. Махамбет салған дәстүр тылсымынан нәр алған ақынның шабыт

шақырар бойтұмары да ер бабаның, азаткер саңлақтың дәл өзі. Олай деуіміздің себебі мен дәлелі - Махамбет есімі ақынның көптеген шығармаларында аталып отырады. Ол үшін ақын поэзиясының галереясынан қысқаша ғана үзіктер келтірсек керек:

а) *Қиянаттан күрсінсе*

Батыр - уақыт,

Махамбетше турайтын қақыратып

Айбалта - жыр керек-ақ адамдарға [117, 160 б.].

ә) *Дауыл екпіні тасыған бойда*

Махамбеттердің ерлігі.

Революциямен жалғасып [117, 190 б.].

б) *Мынау ұрпақ ішінен шығар сонда*

Махамбеті, Абайы, Кенендері [117, 300 б.].

в) *Өнер десе бір тыным таппай жаны,*

Махамбетті жас-кәрі жаттай ма әлі? [118, 37 б.].

г) *Әділетсіз дүниенің қабырғасын*

Махамбетше сөгер жан кездесер ме...

ондай жыр - ем кеселге [118, 75 б.].

ғ) *Махамбетті, Блокты жылытқан Күн*

тұр мінеки маған да құйып нұрын (118, 163 б.].

д) *Ойлаумен жерін, сор халқын,*

іздеген түнде жол жарқын

шам-шырақ еткен жапанға жайдай жырларын

Махамбет шығар ол бәлкім? [118, 178 б.].

е) *... жайлылық таппай жер - көктен,*

өзіңе тұстас бір мұңлық

Махамбет - сынды ер де өткен.

.....

Махамбеттің де өр басын

ауылдастары қаққан-ды [118, 308-309 б.б.].

ж) *Далаға кеп Абайлар, Махамбеттер*

бүгін кездестіргендей іңкәрларын [118, 343 б.б.].

Өмірдегі және ең бастысы өнердегі үлгі тұтар ұстазы санаған Махамбет тұлғасының ақын Фариза үшін өнеге - ұлағаты ұшан теңіз. "Шын ақын болсаң тартынба, найзағай болып жарқылда" деп түсінде аян берген батыр бабасының аманатына қылау түсірмей келе жатқан ақынның ақ алмас жүзді жыр-семсерін абыроймен жоғары ұстары және анық. Фариза лирикасында Махамбет үлгісімен жиі қолданылатын метафоралық айшық- өрнектердің өрім-өрісін салыстыра тексеруді еңбектің алдағы беттерінен таба аласыз.

Ақын, жыраулар мұрасының ақын Ф. Оңғарсынова шығармашылығына ықпал-тәрбиесін өткен дәуір әдебиетінің дәстүр арнасында мейлінше таразыладық. Көшпенділер әдебиетінің көне замандағы жыр-мұрағатынан үлгі теріп, өз өлең -күмбезін көтеруге керекті әшекей-өрнектерді екшеп алып, жарату да шеберлік танымын аңғартса керек. Төл әдебиетіміздің ортақ арнадан тарайтын дәстүр-жәдігерін жаңа заманға сай жасандырып, жаңғырту, сөйте келе сөз өнерінің өрісін кеңейтіп, өресін биіктету - нағыз таланттарға тән сын болмақ. Қазақ әдебиетінің өткен тарихына терең талдаулар жасап, зерделеген М. Мағауиннің: "Қазақ әдебиеті қазіргі Қазақстан жерін жайлаған тайпалар туғызған бай рухани қазынаның заңды мұрагері. Ол өзіне дейін ғасырлар бойы жасалған мол мұрадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, соны соқпақ-сораптар қалыптастыру нәтижесінде кемелденді" [142, 236 б.] - деген тұжырымы бағзы заман мұраларына қаратыла айтылса да, бүгінгі дәуір дидарында әлі де мәнін жоймағаны белгілі, жоймақ та емес.

Қорыта айтқанда, ақын-жыраулар мұрасының өнеге-үрдісі, жарқын жалғасы Фариза лирикасына жемісті желі болып тартылған, өзіндік (стильдік) қолтаңбасын белгілеген.

Ізденістің шыңырау тереңіне түркі халықтары әдебиеті мен Шығыс поэзиясы арқылы бойлау - Фариза ақындығының бір тіні десек, халық ауыз әдебиетінің әсері, сондай-ақ жырау ақындар мұрасының ықпалы мен Махамбет дәстүрінің мектебінен өту -екінше қыры делік. Енді осы айтылған жалпы атауы төл әдебиет аталатын арнаның алыбы Абай тағылымының қай ақын үшін де берері мол, үйретері шексіз. Қазақ өлеңінің

қаймағы Абай бұлағына бас қоймаған, Абай қайнарынан қанып ішпеген ақын бар ма, сірә да алашта. Олай болса, Махамбетке мұң шаққан ақынның бір сәт Абай ағасын іздеуі де ой-идеялары мұраттас өнер алыптарының рухына тағзым ету, аруағына табыну, тұлғасына сиыну салтынан туындап жатады:

Абай аға!

Биікте ме - қайда жүр аруағың?

Құлағыңа жете ме шағым - әнім?

Көкті кезіп іздер ем - Жерде мені

шырмап қойды шырғалаң шаруа - мұң.

Жердің беті балшық пен былық әлі,

жол табады жылпос пен ұры-қары.

Жұртың даңғой әм надан баяғыша,

Мәз болады бір-бірін жығып әлі.

.....

Қалқиды әнің - рухыңның кептері ме,

ұстаймын деп әуремін текке, міне.

Дарыныңнан, ойыңнан бермей, маған

тек дертіңді жұқтырып кеткенің не?

[122, 198 б.]

("Абайды іздеу")

Абайша толғанған ақынның ұлы хакімнің:

Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын?

Халқым надан болған соң,

Қайда барып оңайын?!

- деп торығатын әйгілі өлеңіне жалғас жауап сынды оқылады осы өлең. Өмір философиясы, әлеуметтік жай-күй, саясат ағымының сарыны, көңіл-күй кірбіні мен шырайы, табиғат тамашасы, қызығы мол жылдар, адамзат ажары мен адами тәрбие т.с.с. жіктей берсең жүйесі сарқылмас тақырып пен идеяның тізгініне тәуелді лириканың күллісінде және баршаға Абай - ұстаз. Абай үлгісімен жазылған туындылар шоғыры өзгелер сынды Фариза поэзиясында да жиі ұшырасады. Әсіресе, Абай үрдісімен жазылған шығармаларға ақынның "Қыр келбеті", "Күз көрінісі", "Елес", "Даланы жалғыз жайланып", "Күздің соңғы суреті", "Толқындар бұрқанады", "Жаз",

"Қырдағы қыс", "Ағаштардан әр тайып", "Нөсер", "Күз", "Жыл мезгілдері" т.б. өлеңдері жатады.

Табиғат тартуын Абайша жырға қосқан ақын лирикасынан поэзия патшасының қолтаңбасы айқын аңғарылады. Абайдың "Жазғытұрым" аталатын өлеңіндегідей бедерленген пейзаждық суреттер картинасы Фаризаның төмендегі туындысында ұлы суреткер дәстүрін жаңғырта қайталайды:

*Мал өріп: сиыр сайға, жылқы - қырға,
жазыққа түйе атаулы ұмтылуда.*

*Қой - ешкі көк беткейде жамбастайды
кіргендей шалғынға емес ұрты құмға.*

*Күн нұры шашып бүкіл аймаққа құт,
сайларда бу кілکیدі қаймақтанып.
Құнанға жайдақ мінген бозбалалар
келеді, малды өріске айдап салып [122, 191].*

("Елес")

Ұлы Абайда табиғат құбылыстарын жансызға жан бітіріп - кейіптеу тәсілімен өрнектеу басты роль атқарса, осы үрдісті бұлжытпай түрлендіре, өң бере бедерлеу - Фариза ақындығының және бір қыры. Мысалы, Абай:

*Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.*

Фариза:

*Жер - ару серпігенде түн көрпесін
Маужырап қарап тұрды күн елжіреп.*

Абай:

*Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашар, бола алмас бұрынғыдай.*

Фариза:

*Таң бұзып тынышымды жіберді деп,
Жазғы түн кетерінде түнерді кеп.*

Абай:

*Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су.*

Фариза:

Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа,

Өзен де мың бұралып, жатыр ағып.

Абай:

*Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді - өзі.*

Фариза:

*Гүл бөлеп хош иіске атырабын
Ағаштар жайып салды жапырағын.*

Кейіптеудің келісті үлгілерін Абайдың аудармаларында жиірек кездестіреміз:

*Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?
(Крыловтан)*

Фаризада:

*Ақ қайыңдар жылайды жапырағын
Байқаусыз шашып алып.*

Жыл маусымының мейір-шапағатын немесе сүреңсіз мезеттерін суреттеуде Абай ақын теңеу сөздерді ұтымды пайдаланса, сол тәсіл, сол әдіс Фариза лирикасына да тән. Мәселен,

Абайда:

*Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.*

Фаризада:

*Түнімен долы дауыл құрыстанған
Секілді арыстандай жыны ұстаған.*

Абайда:

*Анамыздай жер иіп, емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер.*

Фаризада:

*Құрақ әлсіз сыңсиды, ардағынан
айырылған аналардай.*

Абайда:

*Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп
Жапырағынан айырылған ағаш, құрай.*

Фаризада:

*түнерді аспан, кірпігін таңға жұмбай.
Ашуланса, өш алар кемпірінен*

қазақтың шалдарындай.

Абайда:

Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда.

Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Фаризада:

Толқындар бұрқанады

бірін-бірі тепкілеп шалып жығып,

буралардай тістескен санын жұлып.

Осы үзінділердегі теңеулер ақындардың тек табиғат лирикасынан ғана алынған. Егер де тақырыбына қарай сұрыптап, теріп, тізсек, құнарлы сөз әшекейінің сарқылмасы және анық.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан Абай ақындығының Фариза лирикасына қатысты әсер-әдібін аңғарғандаймыз. Табиғатты жырлауда қазақ өлеңін классикалық дәрежеге көтерген Абайдың дәстүр-тәлімін (кейіптеу, теңеу, суреттеу тәсілдері мен амалы) ақын Ф. Оңғарсынова өз туындыларында жаңарта жаңғыртты. Көңіл-күй, философиялық толғамдар мен қоғамдық - әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерде де Абайдың Фаризаға жақындығы бар. Замана жайынан ой толғаған сондай едеңдердің сыршылдығынан гөрі сыншылдығы басым боп келеді. Көңіл күй қошынан азаматтық әуенге ауысу мәнері Абай лирикасына тән қалып болса, бұл жерде Фариза дана - ұстазға кәдуілгі шәкірт. Адамның ішкі сыр - әлемін қоршаған ортаның әсері арқылы жеткізу, психологиялық ахуалдың аужайын өзге тіршілік нышандарымен құбылта бейнелеу - шын суреткердің талайына сын. Мысалы, Абайдағы:

Көк ала бұлт сөгіліп

Күн жауады кей шақта,

Өне бойың егіліп,

Жас ағады аулақта

- деп келетін көңілдің сан алуан түйткілдері лирикада сұлу, шебер, нәзік оралымдармен әдемі көрінсе, осы сынды әсем де сырлы, мұңлы өрімдер Фариза ақында:

Жуса да жас омырауды,

жоқ ешкімнен келер көмек.

*Өмір көші қоңыраулы
көшіп жатыр сенен бөлек*

- деп жырланады. Дәстүр жалғастығы Фариза лирикасының тіліне де сәулесін шашқан. Абайша ой толғаған ақынның кейбір сәттерде сөз саптау қолданысында да данагөй дарынның өрнекізі аңғарылады. Мысалы, Абайдағы "Сәулең болса кеудеңде, Мына сөзге көңіл бөл" деп келетін өлең-сөз сүрлеуі Фаризада "Сәулең болса санаңда, жаңсақ басқан жандарға шалқаңнан түсіп шамданба" түрінде түрленген. Осы сықылды ұлы ақын өлеңдерінің ұйқасына ұқсас немесе соның екінші бір нұсқасындай сыңғырлаған тармақтар Фариза ақында біркелкі бар екен. Абайдағы "Көңілде алаң басылса", "Көк бұлттан ашылса", Фаризада "Көңілдің бұлты ашылды", Абайда "Жас жүрек жайып саусағын, Талпынған шығар айға алыс", Фаризада "Бір жәрдем содан болардай, санаға созып қолдарын" т.б.

Лирика табиғатында жүрек сөзінің көп қолданылатынын ескерсек, Абай түрлеген ажарлы айқындаулардың (эпитет) көшелі жалғасы Фариза туындыларында толымды сипат танытады. Мәселен, Абай туғызған "жас жүрек", "жүрек кірсіз", "асау жүрек", "жүрекке жылы тиіп", "жүрегі жаралы", "қысылды жүрек", "ыстық жүрек", "шын жүрек - бір жүрек", "жүрекке ыстық", "өз жүрегім", "жүрегі жұмсақ", "жүректің көзі", "жүректе айна", "өртеңген жүрек", "ит жүрек", "сорлы жүрек", "жау жүрек жомарт", "жалын жүрек", "үрпиген жүрек", "шошыған жүрек", "жүректің қаны", "айнымас жүрек", "арыстан жүректі", "ет жүрек", "кірлеген жүрек", "ынталы жүрек", "ақылды, асыл жүрек", "жүрегім мұз", "жүректе қайрат", "ауру жүрек", "қан жүрек", "жылы жүрек", "ғаділетті жүрек", "сұм жүрек", "жүректің отты шағы", "ақ жүрек", "қапаланған жүрек" тәрізді сипаттамалар ақын Фаризада да кеңінен өркен жайып, өзгере, өңдене тамыр жайған. Айталық, "нәзік жүрек", "өзімшіл асау өр жүрек", "албырт жүрек", "жас жүрек", "теңіздей жүрек", "аналық жүрек", "жабыққан жүрек", "қос жүрек", "жүрек оты", "дірілдеген жүрек", "жүрегім кекті", "талықсыған жүрегім", "сүйген жүрек", "тас екен жүректерің", "жүректің жасы", "жүрегімдегі қорғасын", "шыңғырған жүректей", "титтей жүрегің", "жүрек емі", "мұңы бір жүректер", "жүректер

махаббаттай", "күйттай, жалғыз жүрек", "жүрегін оттай", "жүрегім егіз", "байғұс жүрек", "жұдырықтай жүрек", "қызыл жүрек", "жүрек көзім", "жалын жүрек", "балапан жүрек", "дарын жүрек"... тағысын тағы теріп, термелей берсек, түгесілмесі анық.

Жоғарыда байқағамыздай осы мысалдардан дәстүр ынтымақтастығы айқын аңғарылады. Әр алуан лирикалық шығармалар тудыруда "жүректің" қаншалықты ұғым мен мәнге ие болып, жаңа мазмұнды эпитеттердің өмірге келгенін байыптадық. Ой-образды ойнатуда ауыстыру (метафора) мен теңеудің де ролі жүрекке байланысты бейнелілік мағынасын байыта түскен. Мысалы, Абайда "Жүрегі - айна, көңілі - ояу" деп келетін тіркес Фаризада "Жүрек - күн, жаны - сырнай" немесе "Жүрек - қырау сен жоқта, мұз - денем" деп келеді.

Сол сықылды Абайда "Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі - асыл тас" делінсе, Фаризада "Жүрегім - алау, от дене", "Жүрек - қыз, сезім - жеңге" болып түр түлеген. Жүрек сөзімен байланысты құбылтудың не бір түрін жасап, байытуда Фариза шеберлік байқатады. Абай көзін ашқан бастаудың арнасын кеңітіп, ағысын түзеген ақын- лириктің бейнелеу-суреттеу амалы сан тарау: "Жүрек - жаз", "Жүректер - жалын", "Жанартаудай - жүрегі", "жүрегім - тұйық мекен", "жүрегім - желкен", "жүрегі – ашық жарадай", "жүрегін оттай жандырып", "жүрегім - жалғыз құс-бағым", "Жүрек емес жүрегім - антеннадай", "Жүрегінде - от сезім", "Жүрегі - мұң", "Жүрек - темір жылымай", "Жүрегі жолбарыстай" т.с.с. бірде ауыстыру, бірде теңеу кейде екеуі де араласып келетін өлең - сөз құралдарының Ф. Оңғарсынова поэзиясында жайқала жапырақ жайғаны анық. Жүрекке қатысты Абай тағылымын жаңғыртудың ізгі ізденістері Фариза лирикасында поэзия алыбының аталы сөзімен, асыл ойымен орайлас, сабақтасып отырады. Абай өрнегі:

*Жүрегімді қан қылды
Өткен өмір, өлген жан.*

Фаризада:

*Мәз екен деме күлгенге-
қансырап қалған жүрегім.*

Абайда:

Көздің жасы, жүректің қаныменен

Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Фаризада:

*Қайғылы, шерлі жаныммен,
жүректен аққан қаныммен.*

Абайда:

*Қор қылуға құдіреттен
Жүрегіме түсті өрт.*

Фаризада:

*Жүректің бәрін өрт етпес
шерменен шыққан жалын дем...*

Абайда:

*Жүректегі жалынды көзден жас қып,
Ағызғаным болады ол неге сеп?*

Фаризада:

*Жүректің жасын жасырып,
күрсініп тұрса жыр - кеудем?*

Ұлы Абай мұхитының тереңіне бойлаған сайын аңғарылар бір байлам даралығы - ол жүрекке арнап сөз айту. Қай тақырыпта толғанса да, жүрекке жүгініп ой тоғыту, жүрекке сеніп сыр ағыту, жүрек арқылы мұқым жұрттың жағдаятын жеткізу - Абай ақындығының асқар биік шыңы. Абай данагөйдің философиялық трактатындағы (Он жетінші қара сөз) қайрат, ақыл және жүрек үшеуінің өнерлерін айтысып, ғылымға келіп жүгінуін былай қойғанда, поэзиядағы жүрекке қатысты өлең атауларының өзі-ақ мен мұндалайды. Оқылық: "Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек" (он жетінші қара сөздің нұсқасы), "Жүрегім, ойбай, соқпа енді...", "Жүректе қайрат болмаса...", "Ауру жүрек ақырын, соғады жай...", "Жүрегім менің қырық жамау...", "Жүрегім нені сезесің...", "Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі - асыл тас...", "Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы..." (аударма).

Міне, осылайша өлең тізгінін жүрекке бағындыра ұстау үрдісі Фариза стиліне де тән тәсіл. Оқылық: "Лүпілдей соқты жас жүрек...", "Өзімді жүрегіңнің есі қылдың...", "Жүрегім алқынады...", "Тынбайды жүрек алқынып", "Өзіңменен жүрегім...", "Шаршадым жүрегіме...", "Жүректі қайрау", "Жүрек

сенсің...", "Жүрегімнің келеді жорамалы", "Жүректі оймен қамалап".

Абай игерген жүректің ақылмен, қайратпен айтысы тәрізді идеялық мұраттастық Фаризаның "Айтыс" (цикл) атанған туындысында кездеседі. Сол шығармада Ақыл: "- Ей, жүрек! Есіңді жи, күніренбе, жаранды жаспен жума, күліп емде!" деп Жүрекке келелі кеңес береді. Ал Абайдың айтары бәрімізге жақсы таныс: "Жүрегіңнің түбіне терең бойла!" атты аталы қағида, баталы сөз. Жүректің адамтанудағы басты қуаты мен қызметінің ерекшелігіне келсек, өнер данасы Әл-Фарабидің: "Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді" [143, 289-290 б.б.] деген тұжырымына бас шұлғитынымыз және рас.

Демек, тірі адам санасының тәңірі - жүрек болғаны да. Абай жүрегінің сыр-сипатына назар аударған абайтанушы ғалымдардың: "Абайдың жүрекке ерекше мән бере қарайтын соны көзқарасы жалпы қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды орын алмаған философиялық - гуманистік негіздері тың құбылысты, жаңа бағытты аңғартады. Жүрек жайында пікір қозғағанда ақынның алға қояр басты мұраттарының бірі - жүректің адам өмірінде атқарар қызметіне айрықша гуманистік мән-мағына бере жырлауында жатыр" [144, 113 б.].

"Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа бейнелі сөздер өте көп кездеседі. Мысалы, Абай поэзиясында жүрек, көңіл секілді ұғымдарға берілген тың анықтамалар, эпитеттер мол екені зерттеушілер назарын айрықша аударып келеді. Осылардың көбін ақын өзі туралы өз көңіл күйін, сезімін жеткізу мақсатымен айтқан" [112, 197 б.].

"Ақын жүрегі! Өзге адамның көкірегі тек өз сезімінің ғана ұясы болса, ақын жүрегі баршаның кеудесін кеулеген жел-құздың өтінде тұрады, солардың дертінің тамыршысы, сертінің сарапшысы болады. Барлық жүректердің дүбірі мен дүрсіліне ол өз пернесінің дірілін қосады. Барлық адамдар қылығындағы

жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық ақын жүрегінен жаңғырық табады. Соны текетірес күрес алаңына айналдырады. Онсыз ақында тіршілік жоқ" [145, 245 б.].

"Адамның ішкі дүниесі абстракт нәрсе болса, оның символы материалдық дүниеден алынып отырғандығын күшейте түсу үшін Абай жүректі "заттандырып" алады: жүрек киім, төсек сияқты жамаулы болып та келеді (Жүрегім менің қырық жамал қиянатшыл дүниеден), жылқы сияқты асау болып та келеді (Асау жүрек аяғын шалыс басқан), адамның өзі сияқты асыл болып та келеді (ақылды, асыл жүрек сөзі майда), сондай-ік жылы да, ыстық та, мұз да, сұм да болып келе береді. Бұл сипаттардағы жүректердің барлығы - адамның, лирикалық кейіпкердің өзінің символы" [146, 92 б.].

Бұл айтылған қағида - тұжырымдардан жүректің Абайдағы бар болмыс - бітімін, қадыр - қасиетін танығандай боламыз. Абай жүрегінің Фариза Оңғарсынова лирикасындағы лұғатын дәстүр жалғастығының әдемі көрінісіндей қабылдаған жөн сияқты. Ендеше, зерттеушілер пікіріндегі зерделі ойлардың Фаризаға да, оның шығармашылығына да толық қатысы болғаны айдай анық, күндей ажарлы шындық.

Қоғам өмірінің әлеуметтік көрінісін жырлауда Фариза ақын Абаймен әр уақыт үндес, әрдайым бауырлас. Бұл тақырыптағы әңгімені автордың өзі былайша өрбітеді: "Әдебиет тарихында өздерінің алдына қоғамдық - әлеуметтік мәселелерді қойған ақындар бар. Әдейі қойған. Мәселен, Некрасов, Маяковский, қазақ топырағында Абай, Махамбет. Бұл - лириканың үлгісі. Өйткені поэзия жан күйі мен ақыл - ойдың ұштасуынан туады. Мұндай ақындардың көпшілігі реалистік үлкен поэмалар жаза алды" [138, 186 б.].

Сөз жоқ, қаламгердің мұндай пайым-танымының жемісіндей болып, талай тұшымды туындылары дүниеге келді. Лирикада саяси - әлеуметтік мәселелерді заман шындығының айнасындай етіп, сыншылдықпен жырлауды қалыпқа салған Абай жаңашылдығының бір қыры десек, сол дәстүрді жоғалтпай, жеткере жалғастырушы ақындар ішінде, әрине, Фариза да бар. Мысалы, Абайдың әлеуметтік тақырыптағы лирикасының биік дәрежедегі дамуы, шоң шыңы "Сегіз аяққа"

шоғырланғанын, жинақталғанын байқай алсақ, осылайша (яғни, Абайша) заман жайынан ой аңдату, сыр шерту - Фаризаның "Абайды іздеу", "Жолдан таю", "Тамұқтың табалдырығы", "Заман құлқы", "Араша түспесе де адалдыққа", "Ойға шақыру", "Шындық", "Жағымпаздар", "Заман", "Әкімдер", "Адам құны", "Тақ маңы", "Биліктіге айтылар сөз", "Әкімнің ойы", "Әкімдік", "Қара өлең", "Менің халқым", "Тақ пен тіл", "Құзыр" аталған шығармаларында ұлы ақын дәстүрін дамыта түскен. Аталған өлеңдерден дәуір шындығының самал желі еседі. Бұл туындыларда ел басқарған ақылсыз әкімнің, бәлеқор мен жалақордың, сөзге ерген ерменің, жағымпаздар мен жылпостардың Абай заманынан таныс "бойы бұлғаң" қысқа күнде қырық құбылған пенделердің бейнесі қылаң береді, "Шарасыздық" аталған өлеңдегі "Мұңдасым да қалмады, сырласым да, жалғыз қалып отырмын қыр басында" деген жолдардың:

.....
Сөзімді ұғар елім жоқ
Моласындай бақысының
Жалғыз қалдым - тап шыным!

- сынды элегиямен ұштасатынын аңғару қиын емес. Терең барлап, анық аңдап үңілген сайын, Абай әлемінің сөнбес Күні өз шәкірттеріне тағылымдық шапағатын, өнерпаздық өнегесін, суреткерлік сәулесін аямай, шаша түседі.

Өлең - өнер. Өлеңнің өнегесі, ақындық өнердің мерейін тасытатын шақ - ақынның айнала қоршаған ортадан алар әсері өткен мен бүгінгінің байланысы арқылы өрбісе ғана баянды болмақ. Бұл қиын да күрделі әдеби процесс Фариза лирикасында абырой биігінен қоныс тапқан. Ақынның қаламдас аға ұрпақтан алар үлгі - дәрібі мен үзеңгілес әріптес - өнерпаздардан үйренер тұстары да бар. Тәжірибе жинақтап, өлең - сөздің ажарын кіргізіп, айбынын арттыруда қазақ лирикасы жарық жұлдыздарының ұлағат - тағылымы теңдессіз. Дәстүрді жаңарту, заманға лайық салт-сана тудырудың мүмкіншілігін зерттеген ғалым М. Дүйсеновтің пікірінше "Жаңа дәстүрлердің өзі сол бұрынғы бар дәстүрлер негізінде туады" [147, 91 б.] екен.

Осы бағыт, бұл ұстанымды әдебиет зерттеушілері Н. Ғабдуллин мен Х.Әдібаев та жөн көреді. Ғалымдардың "Әдебиет тарихындағы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалық ақиқат - жаңашыл әдебиеттің қайнары озық дәстүрді игеруден бастау алатындығы" [148, 567 б.] деген пайымын ақын Ф. Оңғарсынованың өзі де растай, толықтыра түсетіндей. Сыншы Ә. Бөпежановаға берген сұхбатында ақын:

"- Жаңашылдық туралы ұғым, менің түсінігімде, өте күрделі мәселе. Өз басым жаңашылдық туралы сөз ете қалсам немесе ойласам, Махамбет пен Абай сияқты қазақтың поэзия топырағындағы тұлғалар бірден есіме түседі. Жаңашылдық деген - аспаннан аяғы салбырап түсетін бірдеңе емес, ол заңды жалғас, - дей келеді де, - жаңашылдық деген ұғымды кейде біз бір жақты түсінеміз, түсіндіреміз. Оны тек түрден іздеп, көретініміз бар. Шын мәнінде жаңашылдық тұтас творчествода болу керек: дүниені өзінше тану, адамның сезім құбылысына, жан дүниесіне өзінше ене білу т.б." [138, 188 б.] деп мәселені кеңірек ұғынатынын байқатады, яки дәстүрді игеру мәселесіне автор бей-жай қарамайды.

Қазақ поэзиясында лирик-ақындар сапының көрнекті өкілдері қатарында М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев және басқаларды алдымен ауызға алатынымыз бар. Лириканың өскін жайып, жайқалуына зор үлес қосып, өзіндік стилі, дәстүрлік мектебі бар ондай ақындардың кейінгі толқын шығармашылығына әсер еткені де жақсылықтың белгісі. Әдебиеттің өсімтал жанрында жойқын тер тегіп, жасампаз мұра қалдырған поэзия дүлейлерінің жыр мұхитынан інжу терген кейінгі толқын ақындарының таланттар мектебінен үйренері де шексіз көрінеді. Шығармашылық ізденіс сапарында аға ұрпақ дәстүрінің поэтикалық байлық көздеріне жіті үңіліп, бұрыннан бар өрнек, айшықтарды дамыта жетілдіру - нағыз ақынға, шынайы суреткерге сын. Осындай қастерлі парызды қадыр тұтқан Фариза ақынның алдындағы ұстаз-ұрпақ өкілдерінен алар тәлімі де мол. Қай уақытта да өлең-сөз қадірін жете бағалайтын ақынның көркемдеуіш бейнелеу құралдарына, поэтикалық құрылымға, жалпы сөз өнерінің талап-мұраттарына адалдық - автор ұстанымының темірқазығы. Алайда,

суреткердің көркемдік шындықты жазудағы амал-тәсілінің сан алуан машығы да бар. "Қай ақын болғанда да бейнелілік, суреттілік секілді көркемдік тәсілдерді қолданғанда, алдымен, өлеңнің көркемдік қуатын, эстетикалық-эмоциялық қасиетін арттыруды мақсат тұтады. Ақындық өнердің мәнділігі осындай ақындық мұраттың мәнділігінен басталады" [149, 152 б.] деген зерттеуші пікірін құптауға болады.

Лирика тегіне тән құбылыстың қатарына қаһарманның характерін ашып көрсететін, әрекет-тіршілігін танытатұғын көркемдік тәсілдің бірі - монолог мүмкіншілігі дер едік. Монолог молдығының образ жасаудағы жетекші ролін ғалымдар М. Дүйсенов [150, 165-190 б.б.], Ә. Тәжібаев [151, 7-26 б.б.], З. Қабдолов [152, 424-430 б.б.] т.б. кезінде жазған болатын. Ф. Оңғарсынова шығармашылығындағы шешендік ұсталықтың ұтымды тұсы да монологпен мәнерлі көрінсе, бұл ретте Ә. Тәжібаевтың мына пікірі еске түседі: "Поэзиядағы үлкен күш монологтарда жатыр... Монологтық элементтер біздің көптеген ақындарымызда бар. Тіпті мен жиі айта беретін Қасым жырларындағы қуатты монологтар бізге күшті әсер етті дер едім. ...Сондықтан болу керек, мен өзімді Қасымға туыстай сезінемін. Маған іні боп жабысқан Тұманбай да осы жағынан жақын. Тіпті әдебиетке кейін қосылған Фариза меи Мұқағалиларды көп айтатыным да сондықтан болу керек" [151, 18-20 б.б.].

Ғалымдардың ой-пікірінен шығатын қорытынды сол - яки, поэзия патшалығындағы, лирика көкжиегіндегі көркем сөз құдіретінің көрінісін монологсыз мандыту мүмкін емес. Олай болса, жазушылық, ақындық бітімінің түп-төркінін, тіпті, бүкіл шығармашылық болмысының күллі жетістігін монологпен байланыстырған Ә. Тәжібаев өз шығармалар жинағының алғы сөзінде: "Мен бар ғой достар, монологқа ғашықпын! Егер мен поэзия майданында зәредей ғана салмағым болса, еміс-еміс ғана есті сөз айта алар болсам, әлсіз де болса да адам сезіміне сөзіммен даритын болсам - осы монологқа қарыздармын" [151, 19 б.] дегенді баса айтқан болатын.

Түп-төркіні халық ауыз әдебиеті мен Шығыс поэзиясының классиктерінде кездесетін монологтық мәнердің негізі

толғанысқа толы драматургия жанрының жанды жері екендігінде сөз жоқ. Сахналық шығарманың (ол комедия немесе трагедия бола ма) сән салтанаты да пьесадағы кейіпкердің психологиясын, характерін, яки геройдың бет пердесін монолог, диалогсыз тарата таныту мүмкін емес сықылды көрінеді. Алайда, ұлттық сипаттағы әдебиетте, оның ішінде поэзиядағы монологты М. Дүйсенов былайша түсінген: "Ақынның жан тебіренісін дүниеге, қоғамға, жеке бір құбылыстарға деген көзқарасын іркілмей ағытатын, ішкі драматизмі күшті толғаулары, европа тілімен айтқанда - монологтар ғой" [153, 66 б.].

Ақын Фариза туындыларының басым деңгейіне тән құбылыс - ақын поэзиясы лирикалық монологтардан тұратындығы әрі жоғарыда айтылған ғалымдар пікірімен ұштасатындығын айтып өткен ләзім. Кейіпкерлері үнемі толғаныстарда жүретін ақын өлеңдеріндегі лирикалық бейненің өмірге, қоғамға көзқарасы авторлық талғамды тұжырымдайды. Талас пен тартыстың тезін тартқан, ақ пен қараның ара жігін ажыратудың амал-қаракеті үшін күрескен жандардың жігерлі қимыл-үні ақын өлеңдерінің желісін құрайды, шығарма мазмұнына ұйытқы болады. Мәселен, ақынның ондаған монологтық поэмаларын сөз етпегеннің өзінде автордың өзі ен салып, атаған "Бақыттының монологы", "Әйелдің монологы", "Жастық шақ монологы", "Жантолының монологы" тәрізді және "Ұрпаққа", "Жігіттерге", "Бауырластарыма", "Ішкі сыр", "Биліктіге айтылар сөз", "Әкімнің ойы", "Сыр", "Түңілу", "Жабығу", "Тілеулестерге", "Түрмеге хат", "Қарғыс", "Тілек", "Абайды іздеу", "Тілеу", "Адам ұрпағының сөзі" сынды лирикалық өлеңдері мен бірнеше циклдері монологтың ақын шығармашылығындағы негізгі нәр беруші көркемдік құрал қуаты екендігін анықтайды.

Лирикадағы поэтикалық шеберліктің шырқау биігіне көтерілген ақынның сөз өнеріндегі өзіндік стилі - суреткер туындыларының даралық қасиетімен ерекшеленеді. Ақын поэзиясындағы көрікті көрінер алтын көмбе - шынайылық пен танымдық иірімдері. Қас суреткерге тән осы айтылған тағылымдық үрдістің үддесінен көріну - "биік сезім ақыны"

(С. Қирабаев) Фаризада бар тәлім. Лириканы поэзиялық ендіктің еншісіндегі асыл дүние деп білсек, оның тұнығына терендеген сайын Фариза суреткерлігінің сан алуан сыры мен қыры зерттеушісін қызықтыра түседі. Қоршаған орта мен табиғи тіршіліктің байланысу диалектикасын ақын көзқарасында сөйлету, түсіндіру, ондағы тылсым дүниеге тіл бітіруді зерттеушілер қазақ классикалық әдебиетінің атасы Абайдан бермен түсіндіріп жүр. Олайша пайымдаудың жаны да бар. Абай лирикасындағы дүниені тану даралығы біз айтып отырған шынайылық пен танымдық процестерден түзілмей ме?! Бұдан шығар қорытынды сол – «жер шары - дөңгелек» деп жүргендердің пәлсапалық қиялына еріксіз елтитініміз сияқты өлең-сөздің (поэзияның) сиқыры да ой-өзектің эрудиясын жаулай жайғасады. Ақын көзі қашанда қырағы. Қырағы жанардан жасырын қалған жәйттерді көзбен емес, ішпен сезген суреткерлік көрегенділік - шынайы лириканы дамытады, жасартады. Көкейдегі көп ойдың лирика тілінде өскін жайып, жайқалуы - жай ғана жаза салу, әшейін айта салу емес сияқты. Ойлар шоғыры шамадан тыс төркіндеп, салмағы арта келе, жанды жарып шыққан толғаныстан кейін ғана әдемі де әсем сұлу образдар дүниеге келеді. Фариза жырларынан сыздықтатып сыр тартқан сайын, ақын кейіпкерлерінің өзіндік келбеті, келісті мінезі барын байқаймыз. Кейіпкер мінезі демекші, кейіпкер даралығының дербес дәрібі де осы мінезде жатыр. Сәт сайын бұлқыныс атып күретамырды қуалай жөнелген қан тамырларының жүйткіп соғуына қарсы тұрар күштің жоқтығындай мінез даралығы Ф. Оңғарсынова лирикасының шоқтығын биікке көтеріп тұр.

Асыл өнердің ауыр жүгін өрге сүйреп шығару - ақындардың ақынына ғана сын, берекелі бейнет, зейнетті қиямет. Нар жолында жүк қалмастың кез келгенге айтыла бермейтіні сияқты, Фариза сомдаған тұлғалардың тәуекелге бел буғандар болып келуі де "шығарма шырайы - шындықты" (М. Ысқақбай) дәріптесе керек. Шындыққа суарылған ақын өлеңдерінің оқырмандар жүрегіне жол тауып жатуы да көп жағдайда кейіпкерлер әлемінің әсемдігімен тығыз байланысты. Шеберлік, көркемдік келісімдері дегеніміз суреткер дүниесінің

дүниетанымдық астарына үңіліп, бажайлағанда ғана көрінетін көріпкел кереметі сияқты. Қисыны мықты дәлелмен қақыратпаса, көбесі сөгілмес өлең-сөзден шеберлік өрнегін іздеу, оны тауып, ен тағу - қиюы қашқан қиын шаруа. Жоғарыда сөз болған танымдық, шынайылық қасиеттердің басын қосып, оған әсемдік, көркемдікті жетектесек қана суреткерлік, ақындық шеберліктің шет пұшпағы көрінердей.

Эстетикалық мұраттарға адалдық, оның ауылына ажар-көрік қондыру - Оңғарсынова оралымдарында оңды көрініс тапқан. Лирика табиғатының түп-төркініне тереңірек бойлаған ғалымдар З. Серікқалиев [154], Т. Ибрагимов [155], А. Егеубаев [42], С. Дәуітов [59], М. Ысқақбай [50] т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі ортақ түйін аталған өнердің өміршең мұраты - қоғам көрінісіндегі замандас бейнесі, ондағы шындық, ең бастысы - адам тұлғасын сомдау дегенге саяды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі түркі поэзиясының дәстүр-көздері ақын шығармашылығына қалай әсер етті?
2. Шығыс жұлдыздарының жауһар жыр-дүниесімен байланысына назар аударыңыз.
3. Төл әдебиет дәстүрін игеріп, дамытудағы жаңалықтарын атаңыз.
4. Ақынның лирикадағы монолог элементін өрістетудегі ізденісі.
5. Дәстүрлі жыраулар поэзиясындағы үлгі өрнектер Оңғарсынова оралымдарында қаншалықты қолданыс тапқан ?

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) *«Жаным дертті - өзің емде, дәру бер, ұлы Хафиз құндағы!» тақырыбында ақынның Шығыс поэзиясымен байланысын ашыңыз.*
- 2) *«Мынау ұрпақ ішінен шығар сонда Махамбеті, Абайы, Кенендері» тақырыбында дәстүр мен жаңашылдық мәселесін талқылаңыз.*
- 3) *Ой толғау: Суреткерлік шеберлік және эстетикалық мұраттарға адалдық.*

Әдебиет

Оңғарсынова Ф. Жүректер тілдескенде. А., 1990. - 344 б.

Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз. А., 1990. - 336 б.

Өтемісов М. Жыр-семсер. А., 1979. - 136 б.

Абай. Қалың елім, қазағым. А., 1995. - 384 б.

Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы. Бес томдық. Бірінші том. А., 1978. - 752 б.

Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. А., 1983. - 465 б.

Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. А., 1995. - 208 б.

Мақырұлы С. Қазына. А., 2004. – 320 б.



§2. Ақын поэзиясының тілі, бейнелілік жүйесі

Өлең-сөздің өңірін кестелі өрнекпен көмкеру тәсілі Ф. Оңғарсынова лирикасының тілі мен ой құдіретінде жатыр. "Ойшыл ақын", "сыршыл ақын" деген тіркес-дәйектемелердің бүгінде ескіріп (ойшыл болмаса, сыршыл болмаса ақын бола ма?), айтылудан қалыс қалып жүрсе де, автор идеясын танытуда қажетті жері де бар, реті де кездеседі. Халықтың бай тілін қарапайым қолданудың мың бір машығын шебер игерген суреткердің қазіргі қазақ лирикасында қалыптасқан өзіндік стилі бар. Қаламгер шығармашылығына шырай берер тың теңеулер мен бейнелі сөздер сілемі ақын Ф. Оңғарсынова поэзиясының жаңашылдық қырын танытады. "Қуаты күшті нұрлы сөз" (Абай) құрап айтудың не бір үлгісін жасауға, поэзия мәдениетін көтеруге ат салысқан ақынның жыр-күмбезінен жекелеген үзіктер келтірсек керек. Тақырыбы жағынан табиғат лирикасына келіңкірейтін "Күз суретіндегі" ой мен тіл көркемдігіне назар аударалық:

*Өтеді күндер зулап, жыр алмасып,
Қалыпты көк аспанды мұнар басып.
Алтын күн бірде шығып, бірде бұғып,
Жөңкілген бұлттарменен тұр арбасып.*

*Кешегі еркелеген жүз қылықпен
Самал жел ауысыпты ызғырықпен.
Жағасын көтеріп, ай жастық-ай,
Бұрышта жігіт мынау қызды күткен.*

*Аптапты шуақ күндер қалды қашық,
Қалады таңғы тұман тауды басып.
Жаздағы жанға сая жапырақтар,
Тапталып жатыр жерде жаудырасып.*

*Құрақтың құрағаны - күз жеткені,
Алқызыл алмалар тұр үз деп мені,
Баяғы базар кеткен керуендей
Барады тырналардың тізбектері. [117, 80 б]*

Осы өлеңде бір оқығанда байқалар пәлендей ештеңе жоқ қарапайым көркем тілмен Абай үлгісінде жазылған. Образды

тіркестер де көпке таныс "алтын күн", "самал жел", "аптапты шуақ", "алқызыл алма" сияқты дүйімдік эпитеттер. Ұйқасы - он бір буынды кәдімгі қазақы кара өлең нұсқасымен жазылған. Біздің айтпағымыз аталған өлеңдегі ой көркемдігіне назар аудару.

Ұлы Абайдың "Күзіндегі" кемерлі келісім, образды суретпен шілтеріленген табиғат тамашасы Фариза лирикасында жалғасын тапқандай. Екі өлеңге ортақ ойдың желісі бір тақырып төңірегінде өрбігенмен, идеялық мақсаты екі бөлек туынды. Ұлы суреткердегі көңілсіз күз суреті Фаризада көтеріңкі әуенмен жырланған, Абайдағы заман сықпытына сай жастар күлмей, бала біткен жүгірмей, шуламай жатса, Фаризада жағасын көтеріп алып, бұрышта қыз күзеткен жігітке тап боламыз. Өлеңдегі алтын күн мен бұлттардың арбасуы суреткердің кейіптеу тәсілін сәтті қолданғанын аңғартады. Қазақта күз тақырыбын жырламаған ақын сірә да жоқ, әр суреткер өзінше өрнектеп, өзінше оюлап, сөз санатын, ой күдіретін танытты. Мәселен, Абайдағы "дымқыл тұман":

*Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,
Ат ойнап, құлын қаиққан, тай жарысқан [156, 55 б.].*

("Күз")

- түрінде келіп, өнерпаз ұрпаққа өлең-сөз өнерінен өнеге сәулесін шашса, Тайыр ақында "бозғыл тұман":

*Тау басына бусанып
Бозғылт тұман оралып,
Сарқырап агып шу салып,
Өзені мың бұралып [157, 53 б.].*

("Күз")

- тәрізді тармақтардан өрілсе, ақын Тұрсынхан Әбдірахманова суреттеуінде "бозғылт тұманға" айналған:

*Ауада баяу ұшады қалқып,
Төгіліп тынбай жапырақ-жаңбыр.
Жаздағы дала жап-жасыл барқыт...
Оранған бозғылт тұманға бұлдыр [158, 194 б.].*

("Күз")

Ал Фариза қолданысындағы табиғат құбылысы "таңғы тұман" болып өрнектелген. Ұлы ақын үрдісінің үлгісіне сүйеніп, жыл маусымының берекелі мезгілінің әдемі суретін басқа да ақындар жырға қосқан. Олардың баршасының шығармашылық лабораториясына еніп, термелеп кетсең, табыла беруі кәдік. Демек, ой мен тілдің образ жасаудағы күштілігін әр ақынның айрықша дербес стилі деп бағалаған жөн шығар. Ф. Оңғарсынова туындыларының көркемдік нәрін байыптаған академик С. Қирабаев өзінің зерттеу еңбегінде: "Фариза не айтса да осылай нақтылай, сурет тілімен, образбен айтуға ұмтылады, қарапайым жазады. Қарапайымдылық пен нақтылық, суреткерлік пен бейнелілік - нағыз талантты туындының белгілері. Ол әсіреқызыл, жылтырақтықтан, сөзуарлықтан аулақ. ...Ол сөзді үнемді пайдаланады, ... көбінесе метафоралық бейнелер жасайды да, құбылысты суреткерлікпен көрсетуге ұмтылады" [65, 147 б.] - деп дәл атап көрсеткен болатын.

Ал, сыншы С. Жұмабеков "Сын пернесі" кітабында Фариза поэзиясындағы метафоралық бейнелі сөздердің сан алуан тізбегін тізіп көрсетеді: "Мысалы: жыр-Шолпан, шырпы-ғұмыр, ажал-мерген, жыр-құрық, өмір-шеңбер, түн-түрме, жыр-жеңге, мұң-желек, жыр-толғақ, кеме-жүрек, құрақ-ну, ой-мұра, сылаң-ой, қыз-толқын, шуақ-шабыт, сынап-өмір, сағым-нұр, қаза-құда, үміт-кеме, киік-тыным, ару-сезім, өмір-дана, от-сезім, сезім-жүйрік, жер-бесік, өмір-жеңге, жыр-әлем, гүл-сезім, көңіл-мұз, тағдыр-жыр, жантақ-қайғы, құмай-жалған, жайлау-жан, ой-теңіз, ән-шағала, үміт-айдын, айбалта-жыр, баба-мұра, жыл-жапырақ, дода-алаң, жер-жөргек, кеуде-көгал, өмір-көген, ой-сәйгүлік, сана-мұзарт, шағала-жан, жүрек-желкен, өрт-оқ, арман-үн, сағым-арман, сана-қақпан, жыр-жебе, лағыл-аспан, ақын-дана, жыр-жақұт, ән-пырақ, семсер-жыр, сағым-іс, таңғашық және тағысын тағы болып үздіксіз тапқырлықпен жалғаса, кездесе береді" [95, 173 б.] деп, үлкен ізденіс үлгісін көрсетсе, бұл шоғырға ақынның соңғы жазған туындыларында кездесетін қыз-тағдыр, қыз-ғұмыр, қаңбақ-тағдыр, жер-қарагер, қыз-көңіл, фәни-бақ, жыр-азық, түтін-баған, жыр-жайлау, күнбағыс-қыз, көктем-сезім, аққу-тағдыр, сенім-сері, шер-түтін, тіл-нұр, көңіл-қалқан, гүл-ерін, жыр-шырақ, қылқан-күдік,

құзыр-заман, ақыл-шал, жүйке-шыны, бұлт-күнә, ауыл-құндақ, ғасыр-жұт, ақыл-емен, ашу-сел, нұр-жақұт сынды метафоралық қосарлы айқындауышты қосамыз.

Қазіргі лирикада өте зор шабытпен жырланған тақырып - туған жер, өскен ел, Отан тағдыры. Оның ішінде туған өлке, дархан дала образы көрнекті орын алады. Қасым, Жұбан, Әбділда, Тайыр, Мұқағали, Қадырлар түлеткен дала бейнесі туған поэзиямыздың қастерлі де қымбат қазынасына айналғалы қашан. Ақынның шеберлік нәшін ширатып, суреткерлік мүмкіндігін, қаламгерлік келбетін танытатын да - дала жыры, дала тағдыры. Бұл жерде біз дала сөзін кең мағынада, яки ұлттық болмыстың, халық атының қадыр-қасиетін таныс ету, жариялау, жырлау сықылды нұрлы насихат үлгісінде алып отырмыз. Сан ғасырлық тарихы бар ұлы дала хикаятын лирика тілінде сөйлету, дала төсіндегі тіршілік түйткілдерінің табиғатпен, қоршаған ортамен байланысын пайымдау пәлсапасы нағыз ақынның ғана мұраты бола алар - ерекшелік еркіндігі. Фариза өрнектеген үлкен өнердегі ой мен тілдің, шынайылық пен танымдық толқындары ақынның терең толғаныстан туған туындыларының тұла бойында тұнып тұр.

Ақын Ф. Оңғарсыноваға тән даралық қасиеттердің бір сарасы - өлең-жырдың өн бойындағы мұңды сезімнің сәулесі құбыла, түрлене келе, қайрат-жігермен қосыла егіз еретіні. Көркем бейне бітімі кейіпкер мінезінің болмыс-бедерін безбендеп қана көрсетпейді, яғни, жазыла, түрлене келе, сом тұлғаға - қаһарманға айналады. Әдетте әдебиетте қаһармандық бейне эпикалық жанрдың туындысы десек те, лирикадағы сәт қағым уақыттың уысына сыйып кеткен көркем образдың тұлғалық сипатты иемденіп, шешуші рольге ие болғанын байқай аламыз. Фариза лирикасында образ ойлылығын суреткер шеберлігімен тіркестіре айтудың да өзіндік өлшемі бар. Лирикалық кейіпкерлердің сан алуан характерлі портрет галереясын жасаған ақынның шығармашылық лабораториясына батылырақ бойлаған сайын, әсемдік әлемінің әшекейлі суретіне тап боласыз. Халық тіліндегі қарапайым бояу нақыштардың ақын суреткерлігінде өңі өзгеріп, сырлы да сымбатты сұлу дүниеге айналғанын көреміз. Табиғат тамашасын тамсана

жырлаумен бірге кейіпкер келбетін көтере көрсетуге де үлкен шеберлік, кемерлі суреткерлік керек сияқты. Ал, ондай асыл қасиеттердің қалыптасуы болғанды баяндай салумен көлбең ете қалмайды. Сезім-түйсікке ұялаған сөз қадірін түсінуші қауымға қарата айтылған ақындық идеяның, авторлық көзқарастың астарында салмақты ой мен танымдық түйіннің жатқанында дау жоқ.

Жоғарыда айттық, дала тағдыры ақын шығармаларында көрнекті орын алады. Оған қаламгердің "мен даланың қызы едім, жазықтығында жатпайтын көз ілер қара, жазира мен жанымның өзі де дала" деп жырлауы куә. Өзін әлдилеп, мәпелеп өсірген дархан даласына арналған шумақтардан ақынның ата мекенге бағытталған махаббатының мазмұнды ойлардан маржан сөздерге айналғанын аңғарамыз:

*Дархан дала. Көлбеңдеп сағым қырдан,
Жанарында от ойнап жалын нұрдан.*

*Перзенттері жүреді дала десе
еткісі кеп бойдағы барын құрбан.*

Әйтеуір бір мінез бар бұл далада

алды-артыңды ойлатпай табындырған [117, 201 б.].

Осы шумақтардағы дала мінезі - ақын позициясын белгілейтін бағдаршам болса, далаға қаратыла айтылған арнау сөздер мен монологтардан, әсем де айшықты бейнелі баламалардан суретті гүлдесте жасауға болады. Мысалы: "Бозаң дала жатады томсырайып баладай ашуланған", "Сағынып жеткен шағында жаз жайлау - атамекенге, дала боп дарқан жаның жадырап қалады екен де!", "Жұмақ-ау мына дала шын, көңілдің бұлты ашылды", "Далама бүгін далиып бей-жай жатқан кең көгілдір көктем, өрім гүл көктем жетті ғой", "Бұл даламың от мінез жігіттері сүйеді ылғи осылай күйіп-жанып", "даланың дарқан жігіттері құшқан арулар осындай ылғи деп білем", "Далаға теңеп жүруші ең, неге хат болдың бүгін сен?", "тұла бойымда тулаған даланың қаны", "жердегі жұрттың бәріне бермейді екен деп неге осы дала кеңдігін", "Далам менің, жаутаңдап өзің жаққа сағынышымды өлең қып жиі арнайтынмын", "Сонау күздің бір күні менің қимайтын далам да қалып", "Кешегі бозаң қатыгез құм дала - мекен", "дала көңіл

мен ақ дастарқанымдағы ас-дәмім", "Жиһан даланың сай-салаларын сағалап", "Өзіме әсте бұйырмағандай жазира дала - бесігім", "Көне көкірек, ей, менің жыршы далам!", "Менің өмірбаяным - мұнды даламның қасіретінен туған", "Ананың көкірегінен, даланың от іреңінен", "Сонда да жалтармаған, о, менің дарқан далам!", "о, менің сорлы далам", "о, менің аңғал далам!", "еркелесін далам мұнды", "Біздің даланың жігіттеріндей айбатты", "Даланың кеңінен не пайда, көңілдер көрдей тар болса", "Даланың асқақ арулары, даланың өртті күніндей ыстық», "Далада өстік арғымақ аттың жалынан тартып мінуді біздер армандап", "Даланың жұпар ауасы, Мен даламды да қызғанып, өліп-өтем", "Сен далаға тартқансың» ... міне осындай жанды бейне, өрнекті өрім, сұлу тіркестердің тасқыны Фариза поэзиясында мол ұшырасады.

Қаншалықты теріп тексерсек те, соншалықты бай мазмұнға толы сөз сүрлеуінің соны сипаты бірін-бірі қайталамайды, қайта керісінше, түрленіп, құлпырып "сылдырап өңкей келісім, тас бұлақтың суындай" (Абай) болып, өлең-сөздің сәні мен әрін арттыра түсетіндей. Арнайы теріліп аталған айшықты тармақтардың ақын лирикасының ажарын көтеруде, тақырып ауқымын кеңейтіп, күрделі тіркестердің образды оралымдар тудыруына септігін тигізіп тұр. Ақын ерекшелігі сол - қай тақырыпты жырласа да дала құдіретіне табынбай, дала көркіне көз салмай, дала тарихына тағзым етпей, ондағы текті жұрттың жағдаятынан хабар салмай өте алмайды. Ақынның тек өзіне ғана тән мұнды монологтары мен сезімді селт еткізер не қытықтар не күйдірер өлең-жырларында мазмұны мәңгілік маржан ойлары жатыр. Фаризаның поэтикалық бай мұрасы сан алуан шеңберлі штрихтермен безендіріліп, бір «дала» сөзінің өзі әр түрлі рең алып, құбылып, оқырманын қызықтырып, еліктіріп отырады. Бір туындыда қолданылған тіркес екінші шығармада өзгеше бір өң, сипат алып, тың теңеулер өмірге келіп жатады. «Менің өмірбаяным - мұнды даламның қасіретінен туған" дегенді қадірлей айтқан ақынның лирикалық кейіпкерлерінің жан айқайы бірдің емес, мыңның даусы, көптің үні сияқты естіледі... Кең сайын даланы мекендеген мұқым елдің трагедиялы тағдыр-талайының толғақты сәттерінен де ой

өрбітіп, толғанысты туындыларымен замана сазынан сыздықтата сыр ағыту да - ақын өнерпаздығының бір қыры. Ондай дүниелерге ақынның "Дала тағдыры", "Қырдағы айқас", "Алмас қылыш", "Ақбөбек жырлары", "Қасірет пен ерлік жырлары", "Тыңдаңдар, тірі адамдар" сынды поэмалары мен "Жастық шақ монологы", "Ақан сері аңыздары", "Поэзия, «Үй - менің Отаным", "Революция және мен", "Айтыс" т.б. с.с. өлең циклдері жатады.

Жер-жиһанның жаратылысындағы дала бейнесі қазақ поэзиясында Дулат, Мағжан, Сәкен, Ілияс салған сүрлеуден өтіп, бүгінгі әдебиетте құлпырып-түлеп, тамырын тереңге жіберген тұрлаулы тақырып. Талай-талай тарихи сырды бауырына бүккен дала тұлғасын дәріптеуден тынбаған Фариза ақынның жыр сандығында аталған тақырыпқа арнайы тоқталып, ат басын тіреген туындылар да жүйелі жинақталған. Мұның бірінде дала образы ой ордасынан ақтарылар сыр мен жырға құлақ күй болса, келесісінде ой өзегіне бел ағаш, үшіншісіндегі дала қорытынды ойдың қазығына байланған. Жекелеп тоқтар болсақ, туынды атын иеленген ондай лирикалық өлеңдердің де шоғыры қомақты көрінеді. Мәселен, "Жаным-дала", "Даланы жалғыз жайланып", "Құлазып жатыр құм дала", "Қарсыз дала! Бізғырық", "Дала -менің қазынам", "Қазақ даласы", "Біздің мынау даланы-ай", "Дала түні", "Дала жайлы айтыс", "Дала даусы", "Дарқан дала", "Далада гүл жүдейді" міне, осының бәрі Фариза өрнектеген дала даналығы, суреткер даралығы.

Адамзатты аялаған дүниенің кескін-келбеті: күн мен түн, ай мен жұлдыз, тау мен тас, өзен мен көл - бір сөзбен айтқанда қоршаған ортаға жан бітіріп, лирика тілінде сөйлету - ақын сынды сезімтал, сергек жандардың жаратылысына бұйырған болмыс. Табиғат әлеміндегі әшекейлі бітім, әрекетті қимыл, қызықты құбылыс, әрлі бояу Оңғарсынова лирикасында сол қалпында көшіріле салмаған. Әр зат, әр дененің дәл көрінісі сөз өнерінің әсем жанрына әдемі де әсерлі суретке айналады... Көңіл-күйдің кіршіксіз кінәратынан туындаған сезім сыры шынайы шындықпен суарылған кезеңде ғана оймақтай ой арқалаған асыл сөздер өмірге келіп жатады. Әр сөздің өріміне ойлы қарайтын лирик ақын Фаризаның өмір туралы

тұжырымдары тылсым сырларға толы. Сол тылсым тұңғықтың тереңіне жасырынған суретті сөзден (образ) метафоралық тіркестер мен әдемі теңеулер туындап, жарық көріп жатады:

*Әуезі-ән, жаны-раушан, күй-жүрегі,
Шел басқан сезімді де идіреді.*

Асқардай алпыс жігіт ынтығатын

Қазақтың бүгінгі Айша бибілері! [118, 290 б.]

Арнау түрінде жазылған бұл өлеңдегі кейіпкер жанынын сұлулығын суреткер мейлінше нәзіктікпен барынша әсерлі жеткізе алған. Алғашқы тармақтағы метафоралы әуенді ырғаққа екінші жолда мүлдем жаңа тіркес түзген. "Шел басқан сезімді идіру - біздіңше, тың тіркес. Көзді шел басу, шел қабық деген сөздер сөздік қорымызда бұрыннан бар. Айталық, "Мал шелді болмай, төлді болмас" деген мақал ауыз әдебиетінің мұрасы болса, автор оны жаңа қолданыста тың мазмұнды эпитетке айналдырған.

Фариза лирикасында суреттеу құралдарының түрлері өте көп кездеседі. Олардың қолданылу аясы да алуан штрихті ауыстырулармен шілтерленіп отырады.

*Дос-топан су ағатын сайға тұрмай,
балаң- ойы далада бәйге атындай;*

жар жылуы-қоғаның қызуындай

жауың-жалтақ, жүрмейді айла қылмай [118, 276 б.]

Бұл - "Мұқан жыраудың Мойнақ батырға айтқанынан" алынған монолог. Осындағы алмастырудың ұлғайған түрі бірте-бірте күрделеніп, бүтіннің төртке бөлінген бөлшегі біртұтас ойдың көрсеткіші сияқты образ жасауға ықпал еткен. Мұндағы "дос-топан суға, бала-бәйге атына, жар жылуы-қоғаның қызуына, жау-жалтақ, айлакерге" айналып, ұлғайған метафора туындының көркемдігін көтере алған. Сол сияқты "жұртың-шабақ қайранда тыпырлаған", "сатқын-атқа мінері, байы-керең", "елің надан-қаймаққа таласады білегі үстем немесе тірегі үстем" тәрізді тармақтар да метафора жасап тұр. Ақын Ф. Оңғарсынова лирикасындағы осындай сөз қолданысын өндендіріп, құбылтып айту ерекшеліктері біріне-бірі ұқсамайтын тіркестермен түрленіп отырады. Мысалы, "Алма - сезім, ал Сіз мені сүймейсіз...", "...Қызыл алма жүректегі қан сынды". Осындағы

алма сөзі екі түрлі ұғым, екі түрлі түсінік, екі түрлі сурет ұсынады. Тек қана "қызыл" сөзінің құдіреті сын есімдік қызметімен-ақ сапалық, сипатты иеленген. Мәселен, "қызыл алма-сезім" "десек, ешқандай көркемдік әр көрмейміз, ал "жүректегі қанды" "қызыл алма" түрінде көрсету - шендестірудің бір түрі бола алады.

Бұл күнде дамып жетілген ұлттық поэзиямызда өлең-сөзді ажарлаудың мың сан машығы, сан алуан тәсілі бар. Үнемі өрлеу, өсу үстінде болған қазақ лирикасының поэтикалық мүмкіндігі құлашын кеңге жайды. Қазақ поэзиясының қазығын қағып, ірге тасын қалаған классик ақындарымыздағы шеберлік шүйгіні бір күнде немесе бір ғасырда көктеп шыққан жоқ. Тәлімі тәрбиелі үлкен поэзияның тәй-тәй басқан тарихи бастауын әріден іздеген жөн. Сөйткенде ғана біз ойға алған істің үддесінен шықпақпыз. Ендеше, өткен ғасыр мен бүгінгі дәуір классиктерінің туындыларындағы тропалық тіркестердің ажарына көз салалық. Мәселен, ұлы Абайдағы:

Сен - жаралы жолбарыс ең,

Мен - киіктің лағы ем.

Махамбетте:

Мен - тауда ойнаған қарт марал,

Табаным тасқа тиер деп,

Сақсынып шыққан қиядан,

Сұлтанмахмұтта:

Мен – ұжмақ періштесі көңілім таза,

Қандай нәрсе білмеймін бәле, қаза.

Сәкенде:

Мен - отпын, жанамын!

Мен - отпын

Мен - нажағай -

жарамын!

Мағжанда:

Мен ақынмын - ағынмын,

Сылдыраймын, сүйемін.

Мен ақынмын - жалынмын,

Шатшып көкке тиемін.

(«Жас сұлуға»)

Бейімбетте:

*Мен - астана, мен - ордаңмын!
Мұнда түгел тілегің.
Сенсің - сүйеу, шын тірегім,
Кел, көтеріп күрегің!
(«Астана»)*

Қасымда:

*Семья - шағын мемлекет,
Мен - президент, сен - премьер
Арттым саған көп міндет
Премьер жолдас, бер пример.
("Семья - шағын мемлекет")*

Тайырда:

*Сен - шөкім бұлт, біз - күнбіз,
Құр үмітті тез ұмыт!
Құртамыз сені батырып!
("Вулканы от шашқан ба?")*

Жұбанда:

*Мен - тұз гүлімін,
Сендер - нөсер жаңбырсыңдар
Сендерге сусап шөлдегем
("Бәрекелді, армандарым ")*

Мұқағалида:

*Мен - түн болсам, сен - таң болдың жаңа атқан,
Мені - қола, сені - шойын жаратқан
Мен - ашу да, сен - ақылсын нәрі аққан,
Сен - Адамсың, мен - аждаһа зәр атқан.
("Күрсінбеші")*

Тұманбайда:

*Мен - жастық,
Мен - Гагарин тұңғыш рет
Космостан Москваны жалғастырған.
("Жастық жолы ")*

Ақұштапта:

*Сендер - аспан болсаңдар,
Біздер асқақ қараймыз*

*Сендер - дастан болсаңдар,
Біз жаттауға жараймыз.
("Ағалар")*

Міне, осы сынды қазақ лирикасын не бір түрлі әдемі әшекейлермен байытқан құбылудың (троп) түрлері телегей-теңіз. Оның барлығын жіпке тізіп атап шығу да мүмкін емес, міндет те емес. Жоғарыда үлгісі берілген, шендестірумен байланысты келетін метафоралық троптар коллекциясына кіретін әсем өрнектер Фариза ақында қандайлық, соған көз салалық:

*Қуып жетіп, кес-кестедің алдымнан
шыға келген көрші әйелден қысылмай,
сен-құсбегі, мен-үкілі құсыңдай,
қойдың сосын ұшырмай*

Өлеңге ерекше екпін дарытар бірінші және екінші жақтағы жіктеу есімдігі түрінде айтылатын метафоралар шоғырын жинақтасақ, ондай сәулелі сөздер, ойлы образдар Фаризада төгіліп тұр, түрлері де мол. Және кей жағдайда метафорамен қатар теңеу, эпитет сәтті иықтасып келіп отырады. Мысалы:

1) *Мен әлі нүкте де емен, үтір де емен,
Қидаймын жаңбыр сіңіп түтіндеген.*

2) *Мен жез едім.
Өмір өзі шыңдады алмас қылып,
Отыра алмаймын қаперсіз малдас құрып.*

3) *Сен көктемдегі көк айдын сағым ба едің,
Селт еткіздің-ау даладай сабырлы едім.
Қасіретіңді де қасқайып қарсы аламын,
қайталанбайтын мазасыз шағым менің!*

4) *Екеу-ақпыз. Отырмыз тіл қатыспай.
Сен - Күншығыс, мен бейне Күнбатыстай*

5) *Сен маған жасын болдың көктемдегі,
Қақ жарған жүрегім мен от кеудені.*

6) *Жабығамын.
Сенсіз қалай бұл күйден арыламын.*

*Асып-тасып қалайыншы алғаш рет
Көріскендей, тез келші ақ лағым!*

7) *Рас, мен әзір балапан құспын
қанатым әлі қатпаған,
Әлемнің аппақ алақаны ғана баптаған.*

8) *Сені іздеймін,
(Мен шағала, сен әлде шалқармысың?)
еш нәрсеге жанарым тұрақтамай.*

9) *Аққу ем, қос қанатым қырқылды да
қансырап талпындым да, ұша алмадым.*

10) *Сен ең зой жаңа туған тұңғыш айым,
мен сорлы сенсіз енді кімге ұсайын?*

11) *Сендерше, мен шынармын - шыңда тұрған
жел құлатпай, жаңбыр мен тұман алмай.*

12) *мен, сендерше, жүрген бір періштемін
(о, періште көңілді тілеулестер,
бұл өмірде мен не жеп, нені ішпедім!)*

13) *Мен жалғыз түп жусанмын, тамыр жаяр
сендерсіңдер құнарлы топырағым.*

14) *Түк емес шарбы бұлттай даңқым, жебем
сен менің болат бауыр алтын кедем.*

15) *Мен - қылмыскер, сен - дозақ, мәңгілікке
екеуміз де осылай өртенеміз.*

16) *Болмақ емес біздерде ашық өкпе,
мен - тамыры, сен - қайың - басы көкте.*

17) *Қаламын кейде өзімді басқара алмай,
мен - айдын, мынау дүние тас қамалдай.*

18) *Пірі өзің өнер құған бүкіл қыздың,
сен - нүкте, қалғанымыз - үтірміз мың*

19) *Сенің маған құлаған сезіміңмен
құрыш қанат кішкене қаршығамын.*

20) *Мен - қайықпын теңізде шыр айналған,
күйім - қоян бүретін құмай - жалған.*

Өлең өріміне аса сақ қарайтын және ерекше мән беретін ақынның "Қоштасу" (Қыз Жібектің соңғы сөзі) аталатын туындысында бірте-бірте күшейіп, күрделеніп, ұлғайған метафораның бірнеше нұсқасына кездесеміз:

а) *Мен - Атыраудың ақ маралы болғанда, сен қырағы мерген ең.*

ә) *Мен-Атыраудың көлеңкеде өскен гүлі едім,
Сен - нұр-шапақ құйып алаулап тұрған күн едің,*

б) *Мен - өмірдің ләззатын сүйген балауса нәзік гүл едім,
Қимайтының бар, семсерді неге сыйладың?!*

в) *Айналайын, Ақжайық!
Сұлулық тұнған ақ төсіңнен сенің ақ маржан болып жаралдым,
Аққуың болып тарандым.*

г) *Сен - Атыраудың ақ еркесі болғанда,
Мен - жағалауыңда жайқалып өскен балауса ем.*

ғ) *Туған жердің төсінде сарқылмас махаббатындай
сылдырап аққан бұлағым,
Мақтаныш едің маған сен.*

д) *Арманымдай менің мөлдірсің өзің қашаннан,
Мен жұрт айтып жүрген хор қызы сынды болсам да,
сұлығыңнан сенің аса алмай.*

Бір лирикалық туындыда осыншалықты ой-образды әсерлі де әдемі ойнатқан ақын суреткерлігінің сымбатты жыр жиһазы қыздың жиған жүгіндей сұлулық өрнегін алдымызға жайып салады.

Фариза лирикасындағы осыншалықты мол ою-өрнектердің кең қанат жайып, өркендеу өрісіне ой тоқтатсақ, ежелгі ақын-жыраулар мұрасымен қатар Махамбет және Абай дәстүрінің шырайлы лебі еседі. Мәселен, Шалкиіздегі:

*Сен алтынсың - мен пұлмын,
Сен жібексің - мен жүнмін,*

*Сен сұлтансың - мен құлмын,
Сен сұңқарсың - мен құмын.*

Бұқардағы:

*Сен - бұзау терісі шөніксің,
Мен - өгіз терісі талыспын.*

Шал ақындағы:

*Мен бір шапқан жүйрік ат,
Бір желіксем басылман*

немесе:

*Атыгай, Қарауылдың кені едім,
Асқар таумен тең едім.*

- деп келетін метафоралық тіркестер заман тіршілігіне байланысты өз кезеңінің шындығын танытса, Махамбет поэзиясындағы қолданыста ерлік пен өрлікке суарылған жыр күдіретіне кезігеміз. Ақын Фариза Махамбет дәстүрінің игі ықпалын өз бойына сіңіріп, оны одан әрі дамыта түскен. Ал Махамбеттегі үлгі төмендегідей бай мазмұнды құрап, бүгінгі поэзиядағы ауыстырудың алғашқы үрдіс-нышаны ақын-жыраулар әдебиетінде жетекші орын алатындығын аңғартады:

*Шамдамсам, шалқамнан түсер асаумын,
Шамырқансам, шатынап сынар болатпын.*

*Мен - қарақұстан туған қалықпан,
Сөйлер сөзге жалықпан.*

*Мен атайы жүйрік баласы,
Алты үдірім жер шаптырсаң да жалықпан!*

*Боз ағаштан биік мен едім-
Бұлтқа жетпей шіарт сынбан.
Томағалы сұңқар мен едім*

.....

Бір озғанмын жұртымнан.

*Мен - ақсұңқардан туған құмаймын,
Бір сұңқарға жұбаймын.*

*Мен бір шарға ұстаған қара балта едім -
Шабуын таппай кетілдім.*

*Мен - ақсұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам, тақсыр, кетермін.*

*Мен кескекті ердің сойымын,
Кескілеспей басылман.*

*Келелі қара бұлтпын,
Келе жаумай ашылман.*

*Сүйегім тұтам қалғанша
Тартынбай сөйлер асылмын.*

*Ей, тақсыр - ау, ей, тақсыр!
Бойың жетпес биікпін –*

*Исатапдың барында
Екі тарлан бөрі едім.*

*Ерегіскен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.*

Барлығы алты - жеті туындыда осыншалықты метафоралық образ ойнатқан Махамбет дәстүрінің берік дәнекері Фариза ақынның жоғарыда талдаған ("Қыз Жібектің соңғы сөзі") өлеңінде және т.б. шығармаларында әдемі жалғасын тапқан. Ақынның көп қолданатын ауыстыруларының көбіне тән ерекшелік шендестірумен байланыста келетінін біз жоғарыда әңгімеледік. Егер де аса мән беріп байыптай алсақ, жіктеу есімдігі (мен, сен, сіз, ол, біз) тұлғасында жасалған метафораның мұншалықты мол дәстүрін ақын Абай поэзиясынан да үйренгенін аңғара аламыз. Абайдың төл туындылары мен аудармасындағы поэтикалық, өлшем мен бірліктің ажырамас өнегесі қай ақын үшін де бастау - бұлақ болардай. Оқып, тізбелесек, Оңғарсынова оралымдарының о

бастағы үлгісі Абай туғызған айшық - бейнелермен өзектесіп келетіні күмән туғызбайды. Мысалы:

Сіз - жалын шоқ, біз - бір май

Сіз - қырғауыл жез қанат

Сен - шыққан жол үстінде жалғыз түп ши

Сіз - бір сұңқар шаһбаз

Біз - қырғауыл, сіз – тұйғын

Сенсің - жан ләззаты

Сенсің - тән шәрбәті

Мен - қажыған арықпын

Сен де - бір кірпіш дүниеге

Ол - перизат, ойла, өзің біл

Мен - жаралы жолбарыспын

Сен - тоты құс бақта жүрген

Мен - сынық жан, жамағанмен

Мен - көмірмін қалған өрттен

Ол - жас ағаш, бір қызыл гүл

Сен - ағашта піскен алма.

Міне, осы сынды Абай саптаған көркемдік құнары қуатты, түрі сан қилы метафоралар тізбегінің барлық элементі Фариза лирикасынан да табылып жатады. Ақын-жыраулар мұрасындағы және Махамбет пен Абай поэзиясындағы бейнелілік көркемдеуіш құралдарының бай да қыруар нұсқалары тынбай қазбалай түссек, Фариза туындыларынынан табыла бермек. Сөз жоқ, мұның барлығы, түптеп келгенде, әдебиет өнеріндегі

жаңашылдық пен дәстүрдің ұдайы бірлікте болатынын, жарасты жалғастықты туғызатынын дәлелдейтін мазмұны бай әдеби процестің бір ғана қыры деуге болады. Бұл тұрғыда М. Базарбаевтың: "Дәстүр мен жаңашылдық диалектикалық бірлестікте болады. Оның негізі - ескі мен жаңаның жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық тарихпен бірге өзгеріп отырады." [111, 149 б.] деген байламына толық қосылуға болады.

Зерттеу барысында ғұлама ғалымның теориялық дәйегінің әдебиеттің тарихи байланысын жоққа шығармайтынын да пайымдай алдық. Фариза лирикасында метафоралық тізбектердің қазақ әдебиетіндегі бес түрі (академик Қ. Жұмалиев атап көрсеткен) де кездеседі. Оның қарапайым жай түрінің ақын шығармашылығында үлкен бейнелілік сипатқа ие екендігін жоғарыда атап өттік. Метафораның жалғаулар арқылы жасалатын екінші түрі де, көмекші етістік арқылы жасалатын үшінші түрі де, төртінші түрі де (күрделі немесе ұлғайған ауыстырулар) аталып, ажыратылып талданды. Енді аталмаған бесінші түрі - "бейне бір", "тең" деген сөздердің жәрдемімен жасалатын метафоралар да Фариза лирикасында ішінара болса да кездесіп қалады. Мысалы:

*жұтып жатыр аппақ қар жылы қаннан,
адам бейне оққа ұшқан қара қарға.*

*Өртенуден дүние тыншымаған,
бейне күреп қойғандай мың сынадан:*

*Дала да бейне көк аспан
жетпейді қолым сермесем.*

*Жалғыздық, бейне жаман бай –
қамшымен қақтап сабардай.*

*Сөзі мен серті бораған,
болмысы бейне күн қысқы.*

*Балықшылар ер тұлға, бейне судың
астындағы келгендей патшалықтан...*

*Ерлерден бірлік кету - ел-жұртыңды
жауыңа өзің ұстап бергенмен тең.*

*Билік кетсе, жұрттағы күшікпен тең,
Мені мұндай дертіңнен сақта құдай!*

Осы "тең", "бейне" сөзінің көмегімен жасалатын бейнелеуіш құралдарына келгенде, талас тудыратын және бір күрделі мәселе бар. Бірқатар зерттеушілер (Т. Қоңыров, Б. Кәрібозұлы) "тең", "бейне" сөзімен байланысты қолданылатын бейнелеу құралын теңеуге жатқызады. Ғалым-тілші Т. Қоңыровтың "Қазақ теңеулері" (Алматы: Мектеп, 1978) аталатын зерттеуінде қазақ теңеулерінің 10 түрлі тәсілмен жасалатындығын, оның ішінде "тең", "бейне" сөздерінің көмегімен де теңеулер туындайтынын ғалым-әдебиетші Б. Кәрібозұлы өз еңбегінде ("Сырлы сөз сипаты", Алматы: Қазақ университеті, 1997, 178-бет) айтып өтіп, нақты мысалдар келтірген. Ал, академик Қ. Жұмалиев түзген белгілі теорияны аға ғалымдардың негізге алып келгенін де жоққа шығаруға болмас. Біз бұл еңбегімізде сол ұстаз ғалымдар негізін салған сүрлеуді басшылыққа алғанымызды ескертуді жөн көрдік.

Ақын Ф. Оңғарсынова поэзиясындағы метафораның қолданылу аясы өте кең, аса бай екендігі біз байқаған бірінші ерекшелік.

Екіншіден, ауыстырудың сан алуан тәсілін құбылтып, түрлендіріп образ жасауда көркемдік тәсіл-амалдың шығарма мазмұнын арттырудағы маңызын автор жете түсінген.

Үшіншіден, метафораның басқа да көркемдік-бейнелік құралдармен қатар араласып келуі туынды ерекшелігін, айрықшылығын танытатыны және белгілі.

Ақын шығармашылығының ажары тек қана метафорамен ғана көрікті емес, сондай-ақ құбылысты басқа нәрсемен салыстыруда теңеудің суреттілік сайман есебіндегі қызметі қадірлі саналады. "Поэзияда теңеудің үлкен суреткерлік шеберлікті танытатын, ақынның ойлау, сөйлеу мәнеріне, стиліне сәйкес туатын келісті үлгілері аз кездеспейтінін" (З. Ахметов) ескерсек, оның Фариза өлеңдеріндегі түрлері де толымды, бай,

шоғырлы көрінеді. Ақын теңеулерін қолданыс аясына карай топтасақ, төмендегідей жүйені құрайды. Мысалы, адамзат, жалпы адами қатынас пен туыстыққа байланысты келетін теңеулер: жас баладай, елдей ем өзiм рулы, сәбидей, жүректердей, ұямдай, қиялдай, балаша, достай, сезiмiндей, төзімiндей, өлердей, сұлу келiнiндей, қыз ұзатқан ауылдай, ұзатар қыздай, сақшыдай, өзiмше, шешендердей, балғын жесiрдей, құрбы қыздай, жас келiншектей, жас арулардай, көзiндей келiншектің, ананың көңiлiндей, ана менен сәбидiң сезiмiндей, бабалардың айбынды дүбiрiндей, селеу шаштай, бұрымдай, жетiмдей, әпкемдей, қошқар мүйiз әжемнiң теруiндей, қан-жосадай, жеңешемдей, қарақшыдай, сәбише, еркектей, мүсiндей, көз жасындай, аймалаған секiлдi сенiң ернiң, адамша, қазақтың шалдарындай, аспанды тiреп тұрған секiлдiмiн, тыңшылардай, батырдай, шабыттай, аңшыдай, жансыздай, қыз белiндей, ақымақтай, тақсырдай, перiштедей, қариядай, құрбысындай, жұдырықтай, атбегiдей, жас анадай, патшалардай, тәнiндей жас баланың, дидарындай, тас сарандай, перiштедей, хор қызындай, ұрылардай, құлдарымдай, қатынша күндеп, қу молдадай;

2) Үй-iшiлiк тұрмыс пен шаруашылыққа байланысты туындаған теңеулер: оттай, көмiрдей, көйлектей, балдай, қуыршақтай, керуендей, жаттаулы дара хаттай, найзадай, моншақтай, шырақтай, айрандай, көрдей, сүттей, қақпадай, кемедей, семсерiндей, наркескендей, бағандай, төсектей, доптай, таңбадай, жаймадай, қылыштай от секiлдi, қамалдай, диірменiндей, ескектей, жұмыртқадай, киiз үйдей, бiлезiктей, балтамен басқа ұрғандай, матадай, дәндей, үйдей, ұршықтай, сырығындай, сынаптай, тұздай, құдықтай, алтын қазықтай, көпiрдей, күмiс қамшыдай, сариiндей, түйiршiктей, тұмардай, тас қамалдай, шарадай, тегенедей, тоттай, ашытқыдан тұрғандай, сұр жебенiң ұшындай, желiмдей, қорғасындай, ескi жұрттай, күмiс теңге сыңғырындай, шыныдай, айнадайын, оймақтай, күмiстей, уын iшкендей, келте тондай, шамдай, иненiң жасуындай, қидай, қорамсақтай, найзасы сынды қыпшақтың, тай қазандай, жыртық үйдей, қаладай, туырлықтай,

тордай, қасаптағы төшкідей, айрандайын ұйымай, сабасындай, тулақтай;

3) Табиғат құбылыстары мен қоршаған орта, өсімдіктер дүниесіне байланысты туындаған теңеулер: қызыл туындай, күздай, Күндей, гүлдей, теңіздей, шыққандай батпақ-балдырдан, жаңбырдай, нұрдай, сусыз ағаштай, таудай, толқындай, жас кияқтай, көл бетіндей, түндей, тайыз өткелдей, көктемдей, ақ маржандай, қаһарлы бұлттай, бұлақтардай, тасқындай, жазғы жасындай, қақ суындай, ай нұрындай, айлы жайлы күндей, заңғар таулардай, ну ормандардай, шыныдай, құм борандай, жанартаудай, ақша қардай, қоңырқай күздей, сағымдай, айнадай айдын, шыңыраудай, секілдімін шөлдегі дара шыбық, найзағайдай, күзгі жауын секілді, сезім өткізгіштей, жұлдыздай, қос бұтағы секілдіміз, қырмызыдай, сандуғаштай, гүлзардай, асқардай, жапырақтай, талындай, аландай, шет елдей, тамшыдай, боз борықтай, қос сызықтай, от пенен мұздай, тамырдай, дариядай, жер секілді, обадай, тәңірдей, алтын бу жалағандай, жұмақтай, тұмандай, жылымындай, таңғы бақтай, балқұрақтай, қара тастай, қоғаның қызуындай, жасын түскендей, бір өзі мұхит сынды сел қаптағандай, қыраттай, құрақтай, бүлкіліндей, дүмпуіндей, жұтпадайын, жомарт күзімдей, қаңбақтай, құрлықтай, жаны шықтай, қоғадай, селеудей, өріктің сабағындай, бәйтеректей, теректей, сағым - жүйріктей;

4) Жан - жануар, хайуанаттар әлеміне байланысты теңеулер: секілді арыстандай, ақсұнқар құстай, аш қасқыр ұлығандай, лағындай боп еліктің, жаралы қорқау қасқырдай, құр асаулардай, аласыз қойдай, итіндей, итшілеп, аңдарша, бала қаздай, тайпалған әсем жорғаша, мысықша, қырандай, құсындай, бура нардай, қойға қасқыр тигендей, жүйріктердей, аққудың жанарындай, қас жүйріктей, тұлпарындай, аққудайын, жылқыдай, қозы-лақтай, жыландай, көжектей, арық тазыдай, еліктей, арландай, қыранша ағып, шағаладай, балықтай, құлыншақтай, жолбарыс жотасындай, тас кенедей, ыққан малдай, кәрі қойдың тісіндей, оясыз мақұлықтай, секілді бақырауық қайымалы інген, тұтқын құстай, тышқандай, жегі құрттай, торғайдай, ешкі етіндей, шапқандай аш көз арлан,

қаршығадай, аш арландай, бәйге атындай, үкілі құсындай, қос құлындай, ала өгіздей, құлжадай, қапсыраған аққудай, аруанадай, әб жыландай ордалы, аш бөрідей, шіл боғындай, миы кепкен тазыдай, киесіндей аққулары, қарғадай, секілді ұры мысық, суырлардай, еліктің жанарындай, қасқыр иттей, барыстай, құндыздай;

5) Ұлт кейіпкерлеріне, тарихи тұлғаларға байланысты туындаған теңеулер: Аяз бише, Махамбетше, Шыңғыс хандай, Қозы Көрпештей, Мәжнүңдей, Ақан серідей, қыз Құртқадай, Қарлыға қыздың сіңлісі, Қамбардың қарындасындай, Қыдыр ата секілді, Еңлік гүлдей, Қыз Жібектің анасындай, Ақан ағам секілдімін, қазасындай Құлагердің, келгендей бір тойына Төлегеннің, Құрманғазы, Мұхиттар тірілгендей, Әли батыр қайтадан туылғандай, Хафиздің жырларындай, анашым Прометей боп көрінетін, Виделадай, Гамлеттей;

"Суреткердің сөз қорын молайтып, тілін байытар тағы бір қайнар бұлақ - неологизм" дейді академик З. Қабдолов [2, 200 б.]. Прогресстік өрлеудің, ғылым мен техника жаңалықтарының нәтижесінде өмірге келген жаңа сөздердің теңеуге айналған үлгісі Фариза ақын лирикасында сәтті қолданыс тапқанын ескерсек, алтыншы топқа төмендегіше теңеулерді жатқызар едік: монументтей, нейтрондық бомбадай, шын атомдай, антеннадай, фонтандай, командиріндей, гербтей, мұз жарғыш кемедей, даладай көшенің фонтандары, Уақыт өзі кадрлардай;

Ақын Ф. Оңғарсынова поэзиясындағы ажары келіскен құбылтудың бірі - кейіптеу. Жансызға жан бітіріп немесе түрлі табиғат құбылыстарын тірі тіршілік нышанында суреттеу тәсілін еркін меңгерген ақын туындыларының тұшымды тұсын төмендегі кейіптеулер құрайды:

*Түнімен долы дауыл құрыстанған
Секілді арыстандай жыны ұстаған.
Жамылып ақ көрпесін енді гана
Маужырап байтақ дала тыныстаған.*

*Қалыпты қарауылда жыңғыл, құрақ,
Іліп ап ақ мамықтан бір- бір тымақ.*

*Мәз болып жас баладай, айналаға
Қарайды әр бұтадан күн жылтырап.
("Қырдағы қыс")*

*Таң бұзып тынышымды жіберді деп,
Жазғы түн кетерінде түнерді кеп.
Жер - ару серпігенде түн көрпесін,
Маужырап қарап тұрды күн елжіреп.
("Жаз")*

*... Ілезде тынып айнала
Сылқылдап күлді көк теңіз.
("Теңізде")*

*Түнек тұман түйдек кеп қырды құшып,
Қарау бұлттан кеткендей Күн де ығысып.
Жазғы күнге хош - хош деп мұңды жүзбен
дала жатты көзінен бұлбұл ұшып.
("Жайдары еді жаз деген...")*

Ақынның "Теңіз суреті" аталған өлеңі (төрт шумақты) тұтасымен дерлік кейіптеуге құрылған. Осы туындыдағы "Қартаймайтын күлегеш қыз – толқындар, Қытықтасып бір – бірін барады үркіп" деген тармақтардың немесе Алаяқ желдің көз ілмей жүріп, көз ұйқыға кеткенде бұғып барып, ұйқылы - ояу шошынған толқындарды шыбық алып, қуа жөнелуі сынды өрнектер қаламгердің шеберлік нәшін аңғартса керек. Табиғат тамашасының сан алуан құбылыстарын кейіптеуде автор бірін-бірі қайталамайтын пейзаждар ұсынған:

*Қайқаң қағып қара жол көсіледі
Мұнарлы қырларды асып.
Қызғалдақтар қалады тосып ерін,
Жанарларында тұнғанда шық.
("Жол")*

*Ақ түтек ойлардың ақпаны сақ- сақ күледі,
жалғыздығынан құтырып кеткен жесірдей.
("Қараңғы түндердің шапағаты")*

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, ақын түрлеуіндегі кейіптеулердің бір қатары теңеумен сабақтасып (арыстандай, баладай, жесірдей т.т.) келетіндігі. Сондай-ақ кейіптеудің ауыстырумен (метафора) сабақтасып келетін жерлері де бар. Мысалы :

*Қыз - көктем келіп,
Қызғалдақ қадап жүр белде.*

*Дән - балапан сапарға аттануда
даланың құндағынан.*

*Түн.
Аспан - жасыл жайма.
Жұлдыз - ақық,
Бұлақ - қыз шолпы таққан сылдыратып.*

*Сахна - жазық, арқалы дирижер - дауыл,
Қос дауысқа сап құрай мен жусан әндеткен.*

*Сахна - батыр қапыда кеткелі тұр,
қынабынан қылышын суыра алмай.*

*Іңір түсіп, қас қарайды,
күнбағыс - қыз шап тарайды.
Шығарып тұр шашу шашып
серуенге Аспан Айды.*

Бірде теңеумен, бірде метафорамен қоян-қолтық тіркесіп келетін кейіптеулер тізбегі ақын поэзиясында мол ұшырасады. Жалпы алғанда олардың бәрін тізіп шығу шарт болмаса да, кейбір жанды суреттердің кейпіне назар аударғанды жөн санадық:

*Бұлттар тоз - тоз жөңкіді. Күннен қашып
індеріне тығылған суырлардай.*

*Қалмады мөлдір бір бұлақ,
жейдесі жыртық, жаны ауру
жерді аяп жаны шығады,*

*сары уәйім шегіп Күн жылап,
шығады содан сарғайып,
батады содан тұнжырап.*

*Жүзін көріп айнадағы
көлге үңіліп Ай қарады.
Бақа шулап
бастарына көтереді айналаны.*

*Далада гүл жүдейді.
Есірік жел. Қараңғы түн де үрейлі
Тентек бұлттар ойнақтап аспан төсін
семсермен тілгілейді.*

.....

*Таусылып түн шыдамы
жанарында жасы тұр ыршығалы.
Жер, шыңғырған жүректтей жаңғырықсыз,
ызадан тұншығады.*

*Көз іле алмай дүбірден жондар жасып,
тоғайлар шашын жайған.*

.....

*Тракторлар шарлайды кең даланың
кеудесін қақыратып.*

*Тірлігімнің тегершігі шиқылдап,
қырылдайды домбырамның сағағы.
Көк жүзінде мен ұмтылған мәңгі Күн
жылдарымды домалатып барады.*

*Үрпіне Жердің сүт толып,
жүзіне мөлдір шық қонып,
тереңнен алған тынысы
қалқиды мақта бұлт болып.*

Фариза кейіптеулерінің өзіндік сипат, ерекшеліктері бар. Әсіресе, табиғат құбылыстарын кейіптеуде бейнелі сөз өрнегін танытқан. Мысалы, көктем қыз кейпінде белде қызғалдақ қадап

жүрсе, жасыл жайма - аспан астында түн қатып, бұлақ - қыз шолпы сылдыратып жүреді. Інір түсіп, қас қарайған шақтағы күнбағыс - қыздың шаш тарауы немесе аспанның айды шашу шашып серуенге шығарып салуы - акынның бейнелеу тәсілін еркін меңгеріп қана қоймай, о бастағы Лермонтов, Абай салған дәстүр-ілімді жаңғыртқанын айғақтаса керек. Жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп, жан бітіруде акынның белгілі бір тұрақты сөз қоры бар. Мәселен, күн, түн, ай, жер, көк, бұлт, аспан, теңіз, бұлақ, толқын, дала, жол, гүл т.т. болып, кейіптеу тәсілінің көркемдік қуатын көтеруге ұйытқы бола алған. Акын Ф. Оңғарсынова дамытқан "оқушыны еріткендей әсерлі және күшті боп келетін" (Қ. Жұмалиев) кейіптеулер үлгісінен жоғарыда біраз үзінділер келтірдік. Осы сықылды көркемдік бейнелеу құралдарының әдебиеттегі (поэзияда) қадірі қатты, акынның айтарын анықтауда зор қызмет қылар тәсіл - антоним саналады екен. Ғалым Т. Бекниязов: "... антонимдер акынның айтар ойын нақ түйіп, тұжырымдап, байлауын айқындап, өлең әсерін күшейтумен қатар оқырман мен авторды бір ұғымға ортақтастырып тұратынына" [111, 45 б.] назар аударған.

Фариза суреткерлігінің және бір шеберлігі осы антонимдік параллель арқылы сәнді көрінетінін төмендегі мысалдардан көруге болады:

Солай.

Өмір дегенің - айқас әлі.

Жақсылыққа жамандық жай шашады.

*қайтем, сенен жанымда түк қалмады-
қуаныш та, қайғы да - ештеңе де!*

*Кейде нәзік, кейде асау-шағыл - қылық
жай - күйіңді еріксіз бағындырып,*

*Бір кеіткік өмір көлін дауылда сын,
Досың - дос, сендік дұшпан - жауым, қасым.*

*Мен сенен, сен де менен аумай қаппыз,
бір туған аға- інідей, бауырласым!*

*Көңіліштеу - әжесі, ата - дана,
әке - жұмсақ, болса да қатал - ана.*

*Алыс - беріс, көбейіп есептері,
шешер ердің тағдырын өсек селі;*

*Бір - бірінің қимылын аңдып, әлі
Адалдық пен зұлымдық, арбасулы.*

*Бұл заманның ауруы - бала, шалы
Бақ құсы деп билікке таласады:
қия шабыс, айыру мүмкін емес
терең, тайыз, биік пен аласаны.*

*Өмір - өлім, жаз бен қыс көктемеңіз –
тіршілікпен о бастан өткен егіз.*

*Өмір сүрсек болғаны алжығанша -
ризамыз жақсыға, жаманға да.
... Мәңгі етпейтін күндерді ажал - дана .*

Осы соңғы мысалдағы ажал - дана бір жағынан метафора, екіншіден, оксюморон қатарына жатады. Әдебиет зерттеуші ғалымдардың айтуынша "антоним - өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі" [2, 197 б.] бола алады. Фариза түрлеген антонимдік тәсілдердің түрі мен тасқыны тарам - тарам тамыр жайып, тереңдей түседі.

*көптер де жоқ қазір - ақ қылғытардай
көз алартып қарайтын саны аздарға.*

*Үлкен - кіші бір - бірін аялайды
шұлғымай-ақ бас изеп, жалбалақтап.*

*Елдер - патша көңілді, арыстан жал
сол үйдегі ірі- ұсақ, данышпандар.*

Сенделеді: дос - надан, қас та - надан,
тіл алмайды кердеңдеп, ақыл ұқпай,

Айналаңда жандар да татшы бүгін,
апырмапсың досыңды, қасты бұрын.
Сен жүргенмен шындап деп күнде құлап,
бірде күліп балаша, бірде жылап.

Ол тыпырлап жан беріп жатқанында
жаным жылап өңіммен тұрдым күліп.

Қарып - жанып мені де от - мұзыңа,
жанымды ұғар жандардан жырақтаттың.

көкірегімде - тұлпар емес - шабан жыр.
Оның өзін басыр ойлар қамап жүр.

Мен үшін зауза ақпан бар,
қара сулар бар, ақ қар бар.

Ақынның бірегейі, ортасы ма -
бәрінде тәтті мұң бар, ащы мұң бар.

Адамда да құпия күштер қанша
өсіретін бір - бірін, өшіретін.

жақсы көрем, жек көрем,
орташалар жоқ менде.

Бір ысып, бірде мұздадым
қадалып мылқау мазарға.

Күнгейлі, көлеңкелі кең дүние
шынымен баратқандай әнге айналып!

Жалғанда жандар жоқ - ау жыламаған,
Сүймеген, қуанбаған, құламаған.

*Ғұмырда жек көру мен жақсы көру –
осындай қос сезімнен тұрады адам.*

*Шықпайды деп ойлама жастан дана,
Кәрі - жасы болмайтын тастар гана.*

*Тыңда - айтайын өмірден түйгенімді:
Жақыннан да, жаттан да үміт күтпе!*

*Білмен бұл аш гасыр ма, тоқ гасыр ма –
дүкен бос, жұрт жегенін мақтасуда.*

*Май жүректе лүпіл жоқ - кімнің адал,
кімнің арам екенін танып білер.*

*Жақсыларым жат болып бара жатыр,
Дұшпаныма айналды достарым да.*

*Туралық көз ілгенде,
Жалтақтық ән салады.*

*Бірде маңғаз, жүресің сайран құрып,
бірде - байғұс. Құбылған қайран құлық!*

*Ханы да, қарасы да қолпаштайды
айырмай даналық па, надандық па ?*

Ақын өлеңдерінен одан әрі қазбалай берсек, антонимдердің не бір шұрайы табыла беретіні анық. Антонимдер молшылығы суреткердің саналы да соны ой тудырып, өлең қадірін, мазмұн байлығын арттыруға себепші бола алған. Қарама-қарсылық, сипатындағы сөз сүрлеулерінің күллісі ой тереңдігіне жетелейді. Оқырманын еріксіз ойлануға мәжбүр етер антонимдік өрнектердің астарына үңілсеңіз, лирикалық кейіпкердің ішкі сезім толқыны дәуір тынысымен үндесіп жатады. Антоним сөздерді ақын әдейі теріп, пайдаланбайды, керісінше, заман шындығын дәлдеп жеткізуде осы тәсілдің өзі жиі-жиі қолданыс

әдісіне айналып, ақын шығармашылығының өн бойына тарап кеткен.

Антоним сөздерді қолдануда ақынның өзіндік стиліне байланысты біткен әдіс-тәсілдері бар. Суреткер сұрыптауынан өтіп, белгілі бір үрдіске түскен антонимдер шоғыры (мысалы, ақ- қара, нұр - мұң, түс - өң, адал - арам, жақсы - жаман, от - мұз, т.с.с.) автор туындыларында жиі-жиі қолданылады. Ақын жырларында антоним сөздерді қаншалықты мол пайдаланса да, өлең-сөздің мазмұнын ашып, көркемдік сапасын айқындауда соншалықты ой оралымдарымен толығып, толыса түскен. Ұдайы қайталанып келетін ондай антоним сөздер оқырманын есте жалықтырмайды, кейіпкердің эмоциялық сезімін, автордын айтарын жеткізуде теңдессіз бейнелеу құралы есебіндегі қызметі шексіз.

Ақын шығармашылығындағы көркемдік өрнектер өрісі өте кең және бай да мол. Лирикалық туындылардың ажарын ашып, дәмін келтіретін келісті тіл өрнегі Фаризада жеткілікті көрінеді. Автор бейнелеу құралдарын пайдалануда ұлағаты мен өнегесі зор халық ауыз әдебиетінің бай дәстүрінен үлгі тереді. Ақынның халық қазынасынан қаншалықты тағылым алғанын біз осы тараудың басында айтып өттік. Әсіресе, тұрмыс-салт жырларының о бастағы үлгісін бағдарға ала отырып, қазіргі заманның өнегесінде жаңғырта жырлау ақын туындыларында (бет ашар, жар-жар, наурыз әні, бата түрлері, т.т.) айқын көрінді.

Ақынның үйрену мектебінің бір арнасы Шығыс поэзиясы мен түркі халықтары әдебиетінен бастау алатынын және олардың шығармашылығымен жай ғана төркіндес жатпай, түрлі-түрлі әдеби амал-тәсілдер арқылы дамып, түлеп отыратыны да шеберлік нақыштың бір қыры болса керек.

Төл әдебиетіміздің ауызекі мұрасымен қатар аталатын, ақын атаулының ат басын ірікпей өте алмайтын бастау-бұлағы жыраулар поэзиясы екені белгілі. Асан Қайғы мен Махамбет, Дулат пен Шортанбай салған сүрлеуден ақын Фариза да өзіндік соқпағын тауып, өрнек-із қалдырды. Бұл жолдағы ақын ізденісі суреткердің соңғы жылдардағы өлең туындыларында сәттілік тауып, өткен ғасыр мен бүгіннің арасындағы алтын көпір іспеттес көрінеді.

Ұдайы талпыныс, қалманыс үстінде жүретін ақынның "Абайды іздеуі" поэзия пайғамбарына табыну мен тамсанудан тұрмайды, дұрысы - Абай биігіне ұмтылады. Абай рухымен сырласқан ақынның өлең-сөздің патшасына аса сақ қарай отырып, қиыннан қиыстыра дамытуында ұлының өнерпаздық өнегесін сіңіру үрдісі берік сақталған. Абай әлемінің жыр-маржанынан нәр алған ақын поэзиясының және бір мәуелі бағы Мағжан, Сәкен, Ілияс салған сара жолды одан әрі дамытып, меңгеруі дер едік. Фариза ақындығының өсіп-өрбуі мен кемеліне келіп, толысуында аға буын мектебімен қатар дәурені бір замандас, әріптес қаламдастардың да ықпал-тәлімі барлығын жоққа шығаруға болмас. Сөз жоқ, ақын үйренген мектеп тәрбиесінің суреткер шығармашылығына, оның өсіп-толысуына зор әсерін тигізетіні қалыпты құбылыс. Сол сықылды Фариза ақынның да қолтаңбасы кейінгі толқын шығармашылығында өзіндік із қалдырғаны хақ. Жоғарыда айтылғандай бірнеше сатыдан өткен әдеби-тарихи процестер арқылы түзілген түйін дәстүр мен жаңашылдықты туғызады. Жаңашылдық өрнектердің ұшар басындағы негізгі тәсілдің тірегі ақындық шеберлік арқылы ажыратылатынын ескерсек, стильдік даралық қоса жүретіні өзінен өзі түсінікті болса керек. Ал, ақынның стильдік ерекшелігін анықтау - қаламгерлік ұстанымды айқындаумен қатар қарастырыла сараланатын көркемдік ізденістің өлшем-қуаты бола алады деуге мүмкіндік береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Халықтың бай тілінің оралымдарын ақын өз туындыларында қаншалықты игерген? Өлеңдерінен мысал келтіре дәлелдеңіз.
2. Табиғатты жырлауда Абай өрнегін қалай дамытты?
3. Ақын туындыларында теңеудің қанша түрі кездеседі?
4. Автор бейнелеу құралдарын пайдалануда ұлағаты мен өнегесі зор халық ауыз әдебиетінің бай дәстүрінен қандай үлгі алды?
5. Прогресстік өрлеудің нәтижесінде пайда болған неологизмдер ақын қолданысында қандай сипатты иеленген?

Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар

- 1) Ұлт кейіпкерлеріне, тарихи тұлғаларға байланысты туындаған ақын теңеулерін теріп жазыңыз.
- 2) Ақынның стилін табуда көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарының ролін анықта.
- 3) Ақын үйренген дәстүр көздері мен әдеби мектептің суреткер шығармашылығына, оның өсіп-толысуына тигізген әсерін әңгімеле.

Әдебиет

Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар.1-2 том.

А., 1987. - 352 б.

Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. А., 1969. - 244 б.

Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1992. -353 б.

Ахметов З. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. А., 1998-384 б.

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Ас., 2003. - 344 б.

Кәрібозұлы Б. Сырлы сөз сипаты. А., 1997. - 281б.

Квятковский А.П. Поэтический словарь. М., 1966. - 185 с.

Жүсіп Қ. Әдебиеттануға кіріспе. - Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекетік университетінің Жаңа ақпараттық технологиялар орталығы. 2008. - 173 б.

Мақпырұлы С. Адамтану өнері. А., 2009. – 214 б.

Қамзабекұлы Б., Омарұлы А., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. А., 2013. - 192 б.



*Сөз өнері - өнер атаулының
ең қиыны да күрделісі.*

О. Бальзак

ҚОРЫТЫНДЫ

Суреткердің өнерпаздық қабілетін тану мен шығармашылық болмыс-бітімін анықтаудың, бағалаудың, жүйелеп зерттеудің дағдыға айналған, арнайы ізге түскен дәстүрі бар. Ол үшін сол кезең үлесіндегі, яғни авторды қоршаған орта мен уақыттың тыныс-тіршілігінен хабардар болып қана қоймай, өткеннің өнегесін ұғынып зерттеудің құндылығы зор болмақ. Қаламгер қарымының қандайлықты және қаншалықты қасиетке ие екендігін екшеп белгілеудің бір әдісі - салыстыра жүйелеп сараптау тәсілімен тиянақты танылады. Бұл тұрғыда ұлттық поэзияның тамыр - тереңіне бойлап барып, бұрынғының баянды тарихын білудің пайдалы тұстары да бар. Ақын Фариза суреткерлігінің өзіндік белесін, биігін зерделеуде осы өлшемді, осы бағдарды басшылыққа алдық. Нақты айтқанда оқу құралының бірінші бөлімі отандық яки ұлттық лириканың өсу, даму, жетілу жолын пайымдауға арналды. Лирика тегінің жанрлық ерекшелігі, оның арғы - бергі тарихын зерттеушілердің әр дәуірде айтқан ой-пікірлерін ұғына келе одан әрі дамытуды, жетілдіруді мақсат еттік. Лирика тарихынан сыр тарта отырып, аса мазмұнды өткені мен тағылымы мол өнегесі бар өнердің құнарлы қасиетін ақын шығармашылығын зерттеуде белгілі бір өлшемде үлгі ретінде нысана тұттық. Сан ғасырлық тарихы тереңге кеткен поэзия жанрының ғылыми негізде қалыптасып, жүйеге түсуінен бермен қарайғы дерек негізінің құндылығы сол саланы зерттеп, тексеруші ғалымдар еңбегімен бағалы саналады.

Саналы ғұмырын әдебиеттану ғылымының аталған саласын зерттеуге арнаған ұлт мәдениетінің майталман мамандарының ерен еңбектеріне арнайы тоқталып, сөз еттік. Қаламгердің шығармашылық өнеріне бұрын - соңды назар аударып, ой толғаған зерттеушілер пікірлерінің қайсыбір өзекті дәйектерін (мысалы, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, С. Қирабаев, Р. Нұрғалиев т.б.) салыстыра таразылап, тың тұжырымдар түйіндеуде негізге

алдық. Ақын тұлғасын танып-білудің әдіснамалық әлібі объектінің дерек - көздерін зерттеуден бастау алатынын ескерсек, лирика тегінің тарихи тәліміне сүйенудің еш артықтығы жоқ.

Әдебиеттің жетекші жанры - лирикада өзіндік үні мен қолтаңбасын белгілеген ақынның бірі - Фариза Оңғарсынова саналады. Ұлттық поэзияның белгілі бір дәуіріне қатысты бел-белесте ақын есімі елге танылып, шығармашылық өнері туралы айтылып, жазылды да. Ақынның әдебиеттегі алар орны мен өзіндік келбеті қаламгердің табиғи талантының шеңберінде өлшеніп, бағаланды. Ф.Оңғарсынова суреткерлігінің күдірет-қуаты ақынды қадір тұтар оқырманын тудырып, тәрбиеледі.

XX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай таныла бастаған ақынның терең ойлы, нәзік үнді, сырлы әуенді және өжет мінезді жырлары мың сан оқушы - жанкүйерін әлі күнге ертіп, жетелеп, демеп келеді. Халықпен, оқырман қауымымен бірге біте ғұмыр кешіп келе жатқан ақынның шығармашылық болмысы мен бітімі көптің көз алдында өтіп, өсіп-көркейді. Баршаның рухани азығына айналған ақын шығармаларының (кітаптарының) бұл күнде де қолға сирек түсетін туындыларға айналуы да ой-сөзіміздің нақты бір дәлелі болса керек.

Фариза, алдымен, лирик ақын. Оның ақындық әлемінің айшығы мен әшекейі де осы лирикасында жатыр. Басқаша айтқанда, лирика - ақын шығармашылығының негізі, түп қазығы немесе тұлғалық көрсеткіші де осы лирикадан танылады, табылады. Ф.Оңғарсынованың эпик ақын екендігі жөне рас, алайда дәл бүгінгі таңда белгілі поэмалардың авторы ретінде ақын аты аталғанымен, оқырман жұрт оны ең алдымен сыршыл не азаматтық әуеннің егесі есебіндс нақты біледі. Лирикалық поэзияның күрделі де қуатты бай түрін жасаған ақынның ең әуелгі ерекшелік дербестігі өмір шындығын көркемдік сатыға көтеріп, реалистік әдісті өркендетіп, дамытуы дер едік. Фариза лирикасының тақырыптық ауқымы өте кең. Ақын тақырып таңдауда өмірдің тіршілік түйткілдеріне терең бойлап барады. Өмір шындығының көрінісін шынайы бейнелеуді басты мұрат тұтқан қаламгер қоғамдық құбылыстардың қым-қиғаш күрделі

суреттерін лирикалық туындының қысқа қайырымды мазмұнына сыйғызуға шебер.

Лирикалық поэзияға тән әп сәтте жарқ еткен құбылыс пен сезім сәттерін шағын шумақтарға сыйдырып, сырлы сөзбен сурет салу - ақын талантының бір ғана қыры. Фариза стилінің реңіне тән осы қасиет ақын өлеңдерінің өрімінде бастан - аяқ байсалды қалпын сақтап отырады. Образ жасауда ақынның өзіне ғана тән даралық сипат ерекшеліктері барлығы аңғарылады. Қас қағым сәттік өмір көрінісі ақын жырларында көркемдік әрді иеленіп, образдық суреттер тудырады. Ақын кейіпкерлері қоғамның, заманның үнін танытушы сан түрлі характерлі бейнелер сапында керінеді. Бірнеше тақырыпта, әр түрлі сезімде, әр қырынан көрініп қалатын лирикалық кейіпкер тұлғасы бірте-бірте өсу, толысу үстінде үнемі биіктен көрініп, жан - жақты дамып отырады. Ондай жағдайда лирикалық кейіпкер қаһармандық бейнеге айналады. Мұндай өсіп-толысу бірлігі Фариза туындыларында ("Жантолының монологы", "Тістену", "Өсиет", "Сиыну" т.б.) жиі ұшырасады.

Ақын кімнің атынан сөз алып, ой толғамасын жұмыр басты пенденің, тіршілік иесінің мінез-құлқын ашып көрсетуге тырысады. Өлең өзегіндегі ой-мұраттың көздеген, діттеген жерден межелі мекен табуы ақын шеберлігіне байланысты болмақ. Фариза лирикасында жеке адамның жан дүниесі, тағдыр талайы, сыр толғанысы, т.т. сан алуан, көп қабатты маңызды мәселесі қоғамның тыныс-тіршілігімен сабақтастықта өрбиді. Қоғам шындығы, өмір айнасы ақын кейіпкерлерінің келбет-бейнесі арқылы көрініс табады.

Адамды қоршаған ортаның атмосфералық демалысынан хабар салған ақын өлеңдерінің өне бойында замана шындығының күллі суреті бар. Сол сурет, сол бейне ақын тудырған өлең- жырлардың өрімінде әлеуметтік, философиялық, көңіл-күй әуендеріне айналып, жалпы адамзаттық, дүниетанымдық көзқарасын баян етеді.

Лирикаға тән қасиеттің бірі - адам сезіміне әсер берер отты, жалынды эмоциялық сезімталдық екені белгілі. Құрғақ баяндау немесе сезімге құрылмаған жай әшейінгі жалаң тұжырым лирикалық шығарма тудыра алмайды. Фариза лирикасының

басты ерекшелігі - нәзік сезімге, ойлы толғанысқа құрылуымен ерекшеленеді. Таңдаған тақырыбының түп - төркінін терең зерттеп, баянды барлап барып, сезім сырын шерту - ақын шеберлігінің бір қыры. Ақын кейіпкері (лирикалық бейне) кімнің атынан сөз алса да оқырман есінде ұзақ сақталатын ерекше мінез даралығымен өзгешеленеді. Айталық, махаббат лирикасындағы бізге жете таныс бойжеткен мен бозбаланың бітім - кейпі сүйіспеншілік сезімнің биігіне көтеріле келе, лирикалық қаһарманға айналады. Мәселен, сарғая сарылу, қынжыла күйіну, таусыла қайғыру, өліп - өшіп сүю немесе шарт сынар кесек мінез, тауы шағылардай өкпе - наз, еш күтпеген ерке қылық, балаша қуану, романтикалық арман - қиял тағысын тағы жан-дүниеге қатысты өлшем-бірліктер (психологиялық характер) махаббат лирикасының нағыз болмысы саналады. Ал осы сынды жекелеген моральдық қасиеттер махаббат жырларында бірін - бірі толықтырып, ысыла, жетіле келе, типтік дәрежеге көтеріледі. Шығармашылық еңбекте осылайша жазылу, айтылу, жырлану стильдік даралықты, дербестікті анықтайды. Оны біз ақынның "Сенің махаббатың", "Мен саған ғашық емес ем" сынды жыр жинақтарындағы өлеңдерін талдау барысында жан-жақты тоқталып, көз жеткіздік. Фариза өлеңдеріңцегі аталған дәстүр, үлгілі үрдіс тек бір-ақ қана тақырыпты ғана қамтымай, суреткердің сан салалы туындыларында тұтасып кетеді. Ойлы оқырманның жүрек түкпірінен орын алып, автормен бірге жасасып келе жатқан өлеңдер сарасының бір алуаны азаматтық немесе саяси - әлеуметтік лирика.

Азаматтық жырлар ақын атаулының ар-ожданын танытар, өрлеу биігін байқатар ең бір байсалды тақырып екені белгілі. Абайдан бергі классикалық әдебиетте қоғам құбылысының даму жағдаяты осы азаматтық өлеңдерден көрініс тауып, замана сазынан сыр тартса, бұл дәстүрді Фариза ақын одан орі дамыта, сәулелендіре түседі. Азаматтық лириканың мазмұны мен мақсатынан халық қамының, ел тағдырының мәселелері ашық көрінуі тиіс десек, Фариза туындыларында бұл тақырып терең қозғалады. Ақын аталған тақырыпты жалаулатып, желбіретіп ұран сала көтеруден аулақ, керісінше, өмір шындығына

байыпты көзқараспен, нақты мысал, көрнекті идея-мұраттармен қаруланған туындылар беруге ұмтылады.

Ақын өлеңдеріне жітірек үңілген сайын, байқалар ерекшелік - азаматтық өлең-жырлар қаламгер шығармашылығында қоғамдық өзгеріс таңдамайды, яки нақты айтқанда, өткен социалистік құрылыс пен бүгінгі егеменді ел өміріндегі жекелеген әлеуметтік мәселелер бұл дәуірде де өз мәнін, құнын, өлшемін жоймағаны аңғарылады. Замана жайынан ой ұқтырып, қоғамның әлеуметтік халін шыншылдықпен сынап жырлаған қаламгер ұстанымында сыншылдық сарын әсте қалмай, өлең өрімінде бірге дамып отырады. Шырайы келіскен ондай туындылар шоғыры қомақты көрінеді. Мәселен, "Поэзия" (Махамбет аудармашысымен әңгіме циклі), "Семсер мен қалқан", "Қыз - тағдыр", "Заман перзентінің үні", "Өнер мен саясат", "Тақ пен тіл", "Жерге наз" т.с.с. жырларда ақынның азаматтық ажары айқын танылып, күрескерлік, сыншылық көзқарасы анық аңғарылады. Ондай өлеңдердің өрімінде заманауи, өміршең мәселелер батыл көтеріліп, автордың өзіндік ой-түйіні, өнердегі дербес даралық қасиеті салмақты пайымға айналып, оқырман жүрегіне жол тапқан. Мұндай өлеңдердің тінінде жер үстіндегі болып жататын қылмыс пен жазаның, жұмақ пен дозақтың ара қатысы туралы кейіпкер түсінігі берілсе, екінші бір туындыларда туған тілдің тақ пен мансап астында тұншыққан қайғы зары автор идеясының мұрат - танымын дәл аңғартқан:

*Туған тілін білмеген тұлға болмас халқына,
думандатқан күнменен өте шығар даңқы да.*

*Не керемет күштің де ана тілсіз - бармақтай,
қара жердің үстінде тірегі жоқ қаңбақтай.*

("Тақ пен тіл")

Осы сынды азаматтық әуеннің сазын шерткен шығармалар қаламгердің өнерпаздық лабораториясынан сан алуан сипатта сыр боп ақтарылады. Сондай-ақ, жер, тіл мәселелерімен қатар ұлттық өнер мен әдебиет атты рухани байлықтың жай-күйі де ақын назарынан тыс қалмай, ізденіс сапарынды ұдайы бір қырқадан қылаң беріп, көрініп қалып отырады.

Ақынның азаматтық жырларында лирикалық кейіпкер аузымен үстіміздегі дәуірдің қайшылықтары мен кемшіліктері терең айтылады, жетістік - жемістері туралы айтуға келгенде автор сарандық танытады. Бұл да болса стиль даралығының ерекшелігі деуге негіз бар. Әйтсе де өлең өрімінен белгілі бір дәрежеде үміт шырағын жағардай нұрлы насихат та сырт қалмайды. Арман-мақсат, болашақ бағдарына жетудің тиімді жолдары мен әдіс-амалдары ақынның азаматтық лирикасында шым-шымдап түйін-тұжырым ретінде септесіп келіп отырады. Азаматтық лириканың өзегінде саясатпен байланысты туындаған дүниетанымдық көзқарастар да біте жымдасып, тың тақырыптар түрлеп, игеріледі.

Қоғамның жаңаруы, демократияның тууы, ой мен сөз бостандығы ақын шығармаларының астарында көп жылдар бойы жасырынып келген тұңғық сырларды ашуға бастау болды. Жат жұрттық кейіпкерлер атынан баяндалып келген (социалистік қоғамнан тыс) ұлттық, ел ішілік әлеуметтік мәселелер ақынның соңғы жылдардағы өлең - жырларында өзіндік дәрежесінде еркін тыныс алып, оқырманын бұрынғыдан да көбейтіп, үлкен сұраныс пен қолдауға ие болды. Қаламгердің жыр кітаптары қолға түспейтін асыл мұраға айналды. Ақынның бірқатар өлеңдері жариялылық сәулесі нұрын әлі толық шашып үлгермеген дәуірде өмірге келгендіктен басқа материк өкілдері атынан немесе өткен бағзы заманның кейіпкерлері болып үн қатты. Мысалы, "Вионның ызасы", "Шекспир шындығы", "Мұқан жыраудың екі өлеңі", "Сапфомен сырласу", "Досаттың Саулық болысқа айтқаны", "Мұқтаждық", "Бақыттының монологы", "Сиыну" т.б. көптеген туындыларының астарында тарихи оқиғалармен қабат ақын өмір сүріп отырған қоғамның көлеңкелі тұстары да айтылып, ишарамен жеткізіліп отырды. Ол туралы автордың өз пікірі де ("Ана тілі" газеті, № 43, 29.10.1998.) ескеріліп, қорытынды ой түйіндеуде негізге алынды.

Ф.Оңғарсынова лирикасындағы ақындық шеберлік пен көркемдік қуаттың басты құндылығы суреткердің кейіпкерлер әлемінің кендігі мен тақырып молдығы екенін айттық. Ақын кейіпкерлерінің шоқтығы биік шыңы - әйелдер дүниесімен

қатысты болуы қаламгер тудырған жаңашылдық белгілеріне барып тіреледі. Әйелдер әлемі - ақын лирикасының басты арқауы. Әйелдер тағдыры - ақын шығармашылығының өмір өзегі. Әйелдер трибунасынан сөз алған ақынның көзінен қалыс, қаламынан қалтарыста қалған әйел - ана, қыз - келіншек проблемасы жоққа тән болу керек. Әйел тақырыбын қазақта жырламаған ақын жоқ, алайда Фариза ақындай беріле толғаған ақын қазақта сирек екені және шындық. Оған ешкімнің таласы да болмауға тиіс. Әйел халқының өздері айтып жеткізе алмаған шындықты ақын Ф. Оңғарсынованың жете, жетістіре жырға қосуын суреткер шеберлігінің мың да бір машығы екендігін баса айту ләзім. Туа бітті таланттың ақындық өнеріндегі өзекті идея мен тұрлаулы тақырыпқа айналған - әйел психологиясы суреткер мұратына айналып, кең түрде жетісті қалыпта жырланды. Өмірдің өзінен алынып, көркем бейнеге айналған әйел жамиятының көкейтесті проблемасын ақын өз туындыларында жан - жақты ашып көрсетті. Қазақ әйелінің қадыр - қасиетін толыққанды образ санатына көтеруді мақсат тұтқан ақынның бірқатар жыр кітаптарының ("Мен сенің жүрегіндемін", "Сенің махаббатың", "Мен саған ғашық емес ем" т.т.) дені тұтасымен әйел затына арналғанын да білеміз. Фариза лирикасындағы әйел тақырыбының бай мазмұнында қазақ топырағында дүниеге келіп, аты есте қалған тарихи тұлғалардың өмір - өнерінен мол дерек ұшырасып отырады. Мысалы, есімі мәшһүр өнер тарландары мен тарихи тұлғалар: Сара, Дина, Майра, Ақбөбек, Айша бибі, Баба әже, Ақкенже, Айбала, Әлия, Мәншүк, Мариям, Роза Бағланова, Бибігүл, Ғазша, Кәмшат т.б. әйелдер мен қыздардың бейнелері ақынның жыр - поэмаларында көркем образға айналды. Сол сықылды өзге құрлық әйелдерінің (негр, грек, сыған, ауған, түрік, парсы, үнді т.т.) тағдыр талайы ақынның жазу шеберлігін аңдатып, алуан түрлі амал - тәсілдер арқылы оқырманна жетіп отырады.

Ақын лирикасы толысу, кемелдену сатысынан өте келе, тақырып әуені байсалды, байыпты түрге енеді. Ақынның соңғы жылдардағы жазылған әлеуметтік лирикасының өрімінде насихат, ғибрат өнегесінің өрнек - үлгісі де анық байқалып жүр. Бұл да болса, сөз жоқ, автордың қоғам өміріндегі саясатпен

байланысты жалпы жұрттық қызметінің әсерінен, ықпал - әрекетінен туындап жататын табиғи процесс болса керек. Жазылу мәнерінде, стилінде бірде терме, бірде толғау, енді бір уақыт нақыл сөз үлгісінде келетін өлең - жырлардың ("Аға рухымен сырласу", "Түрмеге хат", "Өнер мен саясат", "Парыз", "Бөрібектің екі өсиеті", "Ұрпаққа", "Қасірет пен өкініш", "Ескерту" т.б.) өрімінде автордың парасатты, байыпты көзқарасы лирикалық кейіпкерлердің бейнесі арқылы анық көрініп отырады. Өнегелі өсиетке толы ондай туындылар өткір ойлы, келелі кеңес пен бәтуалы ақыл - пайымға толы боп келеді. Адамгершілік уағызға құрылған тәлім - тәрбиелік мәні зор өлеңдердің жазылу мәнері жыраулар поэзиясының өрнек үлгісін тереңдете дамытқан ақынның ұлттық бояу-бедерді барынша анық, айқын қолданғанын аңғартады.

Ақын шығармаларындағы жыраулар үрдісінің кең құлашты ой еркіндігі мен сөз саптау амал - әдісі стильдік ерекшелікті даралап, суреткердің өзіне ғана тән тәсілді, мақам - машықты танытады. Ақын - жыраулар салған сара жолдың арнасын кеңіткен қаламгер бұл заман ағысындағы қоғам тіршілігінің кейпін танытар толыққан, жаңарған бейнелерді өмірге әкелді. Ондай туындыларда ("Қорқыт қобызының сарыны", "Жігіттерге", "Шашу", "Тақ маңы", "Заман", "Адам құны", "Сыр" т.б.) өмір шындығының болмыс - бітімі ашық көрініп, шынайы бейнеленді. Ақынның бұл үлгідегі ізденіс - шеберлік нәшінің нәтижелерін еңбек барысында тексеріп, бағамдап еттік.

Сондай-ақ, қай қаламгер үшін де тәлімі мол төл әдебиет дәстүрінің асыл арнасы - тұрмыс - салт жырлары үлгісінде жазылған әдет - ғұрып туындылары ("Жар-жар", "Беташар", "Наурыз әні", "Қара өлең" т.т.) мен бата өлеңдер ("Қарияларға бата", "Жас жұбайларға бата", "Ұл балаға бата", "Қыз балаға бата", "Өсиет" т.б.) табиғатына (көркемдігіне, жанрлық ерекшелігіне, тағылымдық дәрібіне) барлау жасалды.

Фариза лирикасының даму көздерінің бір арнасы ежелгі түркі халықтары әдебиеті мен классикалық Шығыс поэзиясынан нәр ала дамып, өркендей келе, өзіндік бет-пішімін, ерекшелігін танытады. Түркі халықтары әдебиетінің үлгілі үрдісі мен классикалық Шығыс поэзиясы дәстүрін жоғалтпай, одан әрі

дамытқан ақынның жыр сандығынан "Шығыстағы ару қыз", "Парсының сұлулары", "Ширазға сәлем", "Хафиздің ізімен", "киелі түн", "Шығыс ұлы", "Омар һайяммен әңгіме" т.с.с. сыңғыры сазды, әуезі әсем туындылар табыла береді. Поэзия патшалығындағы поэтикалық бірлік сабақтастығы жаңа бір қырынан көрініп, өзара үндесіп жатады. Өнер даңғылындағы туысқандық параметрін тең ұстаған қаламгердің шығармашылық қайнар көзі сол ізгі бастаулардан нәр алып, серпін атып жатады. Ежелгі түркі дүлдүлдері - Махмуд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Хорезми, Низами Гәнжауи, Әлішер Науаи, Мақтымқұлы, Фраги және Шығыс жұлдыздары - Әбілхасан Рудаки, Омар һайям, Жәлшіәддин Руми, Мүслихәддин Сағди, Шәмсәтддин Хафиз, Әбдірахман Жәми сынды шайырлар мұрасының құнарлы шүйгіні ақын шеберлігін арттыруға едәуір ықпал еткен. Бұны біз ұлылар үндестігімен байланыстағы бірінші ерекшелік десек, екіншіден, қаламгер қолданысындағы бейнелеу құралдарының (құбылту, айшықтау т.б.) ғажап үлгілері аталған дәстүр арнасының асылдарымен толығып, өрнекті сөздің өрісі кеңейе түседі.

Дәстүр жалғастығының жарасты жолын жаңғыртқан ақынның лирикасы Махамбет, Абай жырларымен сабақтастықта өрбіп - өніп, өзіндік даңғыл - нысанына бет алып, биігіне ұмтылады. Махамбет мектебі мен Абай әлемінің тәлім - әсерінен қуат алған туындылар ақында қалыпты мекен-тұрақ тауып, әрлене, жандана түскен. Заманы басқа, дәуірі бөлек өнер тарландарның текті тәлімі ақын Ф. Оңғарсынова шығармашылығының ізденіс сапарында рухани байлық көзінің негізіне айналды. Махамбет пен Абай өнегесінің нұрлы ғибраты ақын өнерпаздығының күллі өзегін бойлай жайғасып, суреткерге шабыт берер, бағыт сілтер дәрежелік сипатты иеленген. Ақын ұлылар биігі мен шыңына ұмтылуды қасиет көреді. Қаламгердің ұстаным - бағдары сөз алыптарының рухына сиынудан, өлең тәңірісіне табынудан күш - қуат алатындығын байқауға болады. Мысалы:

.....
*Тазарар түрім жоқ менің
 жанымның кірін жумамай бір*

Махамбеттердің рухымен

- деп келетін екпінді элегиялық әуеннің ақын мұратының көкейтесті кесімділігін көрсетсе, енді бірде серпінді сарын сағыныш сазына ұласады:

Абай аға!

Биікте ме - қайда жүр аруағың ?

Құлағыңа жете ме шағым - әнім?

Көкті кезіп іздер ем - Жерде мені

шырман қойды шырғалаң шаруа - мұң.

Ақын лирикасы мен ұлылар өнегесінің арасындағы шығармашылық байланысты (мазмұн мен түр, идея мен тіл ерекшеліктері т.т.) осы еңбектің төртінші бөлімінде кең түрде баяндадық деген ойдамыз.

Ақындық өнердің өркен жайып түлеуі үнемі қозғалыс үстінде болатын әдеби процестерден түзіледі. Бұл тұрғыда қоршаған ортаның суреткерге әсері байқалып, әдеби дүниенің сипатын айқындап, ажарын ашып, танымын аңдатады. Мәселен, ақын - жазушылар өз заманындағы әдеби ортаның әсерін тез қабылдап, түйсініп, өзара шығармашылық байланыста болуы заңды құбылыс. Дәуір тынысын терең барлап, замана ағымы тудырған құбылысты көркем дүниеге айналдыру - қаламгер кредосының басты мұраты болмақ. Осы шарттың жүзеге асуы үзеңгілес, қанаттас, "алдыңғы толқын - ағалар, кейінгі толқын - інілер" (Абай) сынды қаламгерлердің әріптестік байланысының барысына барып тіреледі.

Ақынның суреткерлік стиль ерекшелігін айқындап, қаламгерлік ұстанымын бағдарлауда жоғарыда сөз болған әдеби ортаның әсерін білудің маңызы зор. Бұл тұрғыда ақын айналасындағы шығармашылық мектеп өкілдері - аға буын (Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, М. Хакімжанова Т. Әбдірахманова), тел өскен тұтастар (М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, А. Бақтыгереева), кейінгі тыныс (Б. Бекетова, Ш. Жұбатова, Г. Өмірзақова, Р. Қараева) ортасымен үндес-жақындықты айыруды зерттеу жұмысымызда жанастыра сараладық. Сөйте келе ақынның стильдік ажыратымын (позициясын) бажайлап білуге, суреткерлік қолтаңбасын белгілеуге, қаламгерлік ұстанымын аңдап-

айқындауға мүмкіндік алдық. Айтылған мәселенің тұжырым-түйінін осы еңбектің өн бойында бірде жүйелеп, бірде шым-шымдап айтып өттік. Әдебиеттегі шығармашылық байланыстың өзекті өрімінің бір бағыты алдыңғы буынның кейінгі толқынға әсерінен көрінсе, екінші арнасы аға ұрпақтың соңғы өскіннің үйренері бар өнегесінен де әдемі жарастық тауып жатады. Бұндай құнарлы құбылыстың қалыпты қаракеті біз сөз етіп отырған суреткер мұрасында оңтайлы орнын алып, дәстүр жалғастығын берік сақтап, әдеби бірлік-байланыстың баяндылығын байқатады.

Ақыңдық шеберліктің игерілімі қаламгердің тіл байлығы мен ой сонылығынан да көрініп отырады. Образ жасаудағы суреткер машығының мың сан тәсілінің алуан-алуан қыры мен сырын бейнелеу құралдары аталып жүрген сөз қолдану әдісінен де белгілі дәрежеде байыптауға болады. Бейнелеу құралдарының баршасы дерлік тілдегі сөз байлығының сипатын анықтап, суреткердің сөз қорының да аз-молдығын хабардар етеді.

Фариза лирикасындағы бейнелі сөздердің (эпитет, метафора, теңеу, кейіптеу т.б.) өрімін зерттеу мұратына сай сөз еттік. Ақынның тіл өрнегіндегі бейнелеу тәсілдерінің тәлім-сырын барынша ұқтыруға күш салдық. Қаламгер қарымын, талғамын танытар бейнелі сөздер қолданысын сараптауда әдебиетіміздің өткені мен бүгінгі дамуының өлшемін көрсете, салыстыра зерттеп, жүйелеуді нысана тұттық.

Ақыңдық таланттың табиғи тәлімдік өнегесін танып-білу дегеніміз суреткердің стилін ажыратумен өзгеше көрінеді екен. Өзгешеліктің басты шарты өнерпаздық қуат пен қаламгерлік ұстанымды белгілейтінін ескерсек, ақынның стильдік ажыратымы суреткерлік қолтаңбаны, өзіндік тұлға-бітімді тудырады. Жазу мәнерінің күллі сипатын еншілеген басты - басты, қадау-қадау ерекшеліктердің (мысалы, сөздік, тілдік ерекшеліктер, сөз қолдану мен баяндау тәсілдері т.т.) түпкі түйіні айналып келгенде, қоғамдық-тарихи жағдайға, әлеуметтік мәселелерге барып тіреледі екен. Демек, стиль дербестігі мен даралығының көрінісі өмір шындығының көркем шындыққа айналуынан, эстетикалық талаптар мұратымен сабақтасып,

сонымен бірлікте баян тапса, ақынның стильдік ерекшелігін тану деген сол болмақ. Фаризаның стильдік дербестігін, өзіндік ұстанымын ажыратуды біз жоғарыда айтылған даралық қасиеттер аясында сөз еттік.

Ф. Оңғарсынова өнерпаздығының басты өлшемі оның лирик-ақын екендігімен екшеледі. Қазақ өлеңінің жасыл жайлауынан оты шүйгін, шұрайлы өрісін еншілеген ақын мұрасы мәңгілікті мұрат етері кәміл анық.

Жалпақ жұрттың жанына жағып, жүздеген оқырманын жырымен жылытып, ойға ой, ақылға ақыл қосып, жүрекке жалын беріп келе жатқан өлең иесінің поэзиялық мұрасы әдебиеттануда өз дәрежесінде толық зерттелмеген тың мәселе болатұғын. Біз осы олқылықтың орнын өзімізше толтыруға, мейлінше жүйелі жеткізуге тырыстық, соған ұмтылдық.

Ақын шығармашылығының көкжиегіне барлай қарап, өнерпаздық тұлғасының қыр-сыры туралы ой түйе келіп, әлі де шешімін таппаған мәселелердің де бар екендігін айтқан ләзім. Мәселен, қаламгердің эпикалық туындыларының поэтикасы немесе ақын өлендерінің құрылысы (өлшем-жүйесі) мен түр ерекшеліктері (жаңалықтары) теориялық тұрғыдан өз алдына зерттеу көзі боларлықтай басы ашық мәселелер.

Қорыта айтқанда, ақын Ф. Оңғарсынова лирикасы үстіміздегі ғасыр бедерінде лайықты орнын алар, ұлттық рухани байлықтың бірегейі деуге толық негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл Фараби Әбунасыр. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. Кітапта: Сөзстан. Алматы: Жалын, 1980. - 176 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 352 б.
3. Уалиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы : ҚМКӘБ, 1960. - 364 б.
5. Марғұлан Әлкей. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Өмірі мен қызметі (очерк). Кітапта: Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. 2-бас. Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б.

6. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991- 384 б.
7. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
8. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. Алматы: Жазушы, 1987. - 224 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалар. 2, 3 том, Алматы: Білім, 1996. - 512 б.
10. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Бес арыс. Алматы: Жалын, 1992. - 544 б.
11. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
12. Қабдолов З. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996. - 256 б.
13. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек (Алғы сөз). Кітапта: Ахмет Байтұрсынов. Алматы: Жалын, 1991. -464 б.
14. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Санат, 1994. -448 б; Кер заманның кереғар ойлары. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1995. - 168 б.
15. Ергөбеков Қ. С. Мұқановтың он алты томдық шығармалар жинағына түсініктеме. Кітапта: С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. Он алтыншы том. Алматы: Жазушы, 1980. -416 б.
16. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. Алматы: Жазушы, 1984. - 288 б.
17. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы - көркемдік кепілі. Алматы: Жазушы, 1989. - 184 б.
18. Нұрғалиев Р. Арқау. Алматы: Жазушы: 1991. - 576 б.
19. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға Алматы: Жазушы, 1969. - 444 б.
20. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. Алматы: Жазушы, 1989. - 192 б.
21. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: ҚМБ, 1969. - 244 б; Стиль - өнер ерекшелігі. Алматы: Жазушы. 1966. - 228 б.
22. Ысмаилов Е. Әдебиет теориясының мәселері. Алматы: ҚМБ, 1940; Ақын және революция. Алматы: Ғылым. 1983. - 430 б.
23. Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы. Алматы: ҚМБ, - 1955;

24. Ахметов З. Казахское стихосложение. Алматы: Наука, 1964; Олең - сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973. - 212 б.
25. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. А: Мектеп, 1970. - 380 б;
Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 352 б.
26. Базарбаев М. Олең - сөздің патшасы, сөз сарасы. Алматы: Жазушы, 1973. - 256 б.
27. Негимов С. Олең өрімі. Алматы: Ғылым, 1980. - 136 б.
28. Дүйсенов М., Сейдеханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты, Алматы: Ғылым, 1982. - 192 б;
29. Сейдеханов К. Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1974. -331б.
30. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі, Алматы: Ғылым, 1983. - 240 б.
31. Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Олең - сөздің патшасы. Алматы: Жазушы, 1991. - 216 б.
32. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы: ҚМБ, 1960. -488 б. Ақан сері. Алматы: ҚМБ, - 1963;
33. Шәріпов Ә. Ж. Саинның өмірі мен творчествосы. Алматы: Мектеп, 1964. - 200 б; Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. Алматы: Ғылым. 1973. - 286 б, С. Мәуленов творчествосы. Алматы: Ғылым, 1985. - 240 б.
34. Сейітов С. Қырық жылда. Алматы: ҚМБ, 1957. - 292 б; Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі. Алматы: Ғылым, 1966. - 171б; Олең өлкесінде. Алматы: Жазушы, 1984. - 256 б.
35. Әбдірахманова Т. Ақын сыры. Алматы: Жазушы, 1964; Қасым Аманжоловтың поэтикасы. Алматы: Ғылым, 1976. - 296 б.
36. Нарымбетов Ә. Дәуір және поэзия. Алматы: Жазушы, 1970. - 152 б.; Қазақ совет поэзиясы 50 жылда. Алматы: Ғылым, 1970; Қазақ поэзиясындағы замандас бейнесі. Алматы. "Білім" қоғамы, 1984. - 40 б.
37. Райымбеков Ә. Қазақ поэзиясындағы жұмысшы бейнесі. Алматы: Жазушы, 1971. - 160 б.
38. Күмісбаев Ө. Екі перне. Алматы: Жазушы, 1980. -155 б; Ортақ арна. Алматы: Жазушы, 1985. - 176 б; Терең тамырлар.

Алматы: Ғылым, 1994. -320 б; Абай және Шығыс. Алматы: Қазақ университеті, 1995. -320 б.

39. Рахымжанов Т. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. Алматы: Ғылым, 1982;

40. Жәмішев Ә. Жыр жанары. Алматы: Жазушы 1970; Биік мәртебе. Алматы: Жазушы, 1974.- 204 б; Кезең кестелері. Алматы: Жазушы, 1984. - 214 б.

41. Тоқбергенов Т. Үш тоғыс. Алматы: Жазушы, 1977; Ай мүйіз, Алматы: Жалын, 1990. -336 б.

42. Егеубаев А. Сыр мен сымбат. Алматы: Жазушы, 1981. - 224 б. Сөз жүйесі. Алматы: Жазушы, 1985. - 271б.

43. Ыбырайымов Б. Ой мен сөз. Алматы: Жазушы, 1985. - 248 б.

44. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Алматы: Жазушы, 1972. - 132 б; 1978. - 367 б; 1993. - 224 б.

45. Ахтанов Т. Керуен. Алматы: Жазушы, 1969. - 340 б. Көкейтесті. Алматы: Жазушы, 1980. - 360 б. Бес томдық шығармалар жинағы, т. 5, Алматы: Жазушы, 1985. - 400 б.

46. Нұрпейісов Ә. Толғау ("Раздумье"). Алматы: Жазушы, 1972. - 220 б. Жүрегі толы жыр еді, Алматы: Жазушы, 1978;

47. Мағауин М. Қобыз сарыны. Алматы: Жазушы, 1968. -154 б. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1991. -432 б.

48. Досанов С. Соны іздер. Алматы: Жазушы, 1970. - 184 б. Қазына. Алматы: Жазушы, 1987. - 328 б.

49. Әкімқұлов Е. Қазақтың жас ақындарының творчествосы. Алматы: Жазушы, - 1972;

50. Ысқақбай М. Шығарма шырайы - шындық. Алматы: Рауан, 1994. - 240 б.

51. Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұстастар. Алматы: Жазушы, 1985. - 440 б.

52. Бекхожин К. Дәстүр және жаңашылдық. Алматы: Жазушы, 1969. - 248 б. Өлең өткелдері. Алматы: Жазушы, 198 б. - 328 б.

53. Мәуленов С. Үркер төбеде тұр. Алматы: Жазушы, 1971; Телтолқын. Алматы: Жазушы, 1989. - 464 б.

54. Қайырбеков Ғ. Бір кеменің үстінде. Алматы: Жазушы, 1981;

55. Әлімбаев М. Қалам қайраты. Алматы: Жазушы, 1976.

- 224 б.

56. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. Алматы: Жазушы, 1982;

57. Нысаналин А. Параметры. Алматы: Жазушы, 1983;

58. Әбдірашев Ж. Парасат мен парыз. Алматы: Жазушы, 1973;

59. Дәуітов С. Ә. Тәжібаев лирикасы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1982; Көңіл сазы. Алматы: Жазушы, 1989. - 176 б.

60. Сариев Ш. 60-70 жылдардағы қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1993. - 33 б. Арайлы көктем. Алматы: Қазақстан, 1974;

61. Мұқанов С. Терең ғылымдық еңбек. (Бет ашар) Кітап: Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы: ҚМБ, 1960. - 364 б.

62. Қирабаев С. Шындық, және шығарма. Алматы: Жалын, 1981. - 252 б.

63. Қабдолов З. Жебе. Алматы: Жазушы, 1977. - 380 б.

64. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Өсу жолдарымыз. 14-том. Алматы: Жазушы, 1978. - 416 б.

65. Қирабаев С. Талантқа құрмет. Алматы: Жазушы, 1988. - 248 б.

66. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: Жазушы, 1967, Алматы: Санат, 1995. - 320 б.

67. Жұмалиев Қ. Махамбет. Алматы, 1948; Егеулі найза. Алматы: Жазушы, 1979. - 187 б.

68. Қаратаев М. Ілияс Жансүгіров. Алматы, 1961. - 56 б. Таңдамалы шығармалары. Үш томдық. Алматы: Жазушы, 1974;

69. Ысмайлов Е. Ақындар. Алматы: ҚМБ. - 195 б; Ақын және революция. Алматы: Ғылым, 1964. - 348 б. Алматы: Жазушы, 1983; Жамбыл және халық ақындары. Алматы: Санат, 1996.

- 240 б.

70. Кенжебаев Б. С. Торайғыровтың ақындығы. Алматы: ҚМБ, 1949; Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы: ҚМБ, 1957; Асау жүрек. Алматы: Рауан, 1995. - 160 б.

71. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. Алматы: ҚМБ, 1963; Бейімбет Майлин творчествосы. Алматы: Жазушы, 1966. - 324 б.

72. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы: Қазақстан, 1967. - 114 б.

73. Қожықов М. Ақын Ғали Ормановтың творчествосы. Кандидаттық диссертация. Алматы, 1968.

74. Мұсақұлов Ә. Әбділда Тәжібаевтың ақындық әлемі. Кандидаттық диссертация. Алматы, 1970; Дәуітов С. Әбділда Тәжібаевтың лирикасы. Кандидаттық диссертация. Алматы 1982; Шыныбекова А. Әбділда Тәжібаев поэзиясының көркемдік ерекшеліктері. (1974-1994 жылдардағы шығармашылығы негізінде. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1999. - 29 б.

75. Асылжанов Б. Ақын және өмір шындығы. (Әбу Сәрсенбаев творчествосы хақында). Кандидаттық диссертация. Алматы, 1971; Шайекенов Ж. Әбу Сәрсенбаевтың лирикасы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1999. - 28 б.

76. Мәмбетов О. Жұбан Молдағалиевтің ақындық шеберлігі. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1998. - 27 б.

77. Хамидуллаев Х. Мұқағали Мақатаевтың ақындық шеберлігі. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1994. - 26 б.

78. Аяпберген Р. Төлеген Айбергеновтың ақындық мұрасы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1996. - 26 б.

79. Юсипов Қ. Жүмекен Нәжімеденовтің ақындығы. Алматы: Ғылым, 1995. - 238 б.

80. Ержанова С. Сағи Жиенбаевтың ақындығы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1996. - 24 б.

81. Нұрахметов С. Қадыр Мырзалиевтің ақындық шеберлігі. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1994. - 22 б.

82. Жақыпов Ә. Қуандық Шаңғытбаевтың ақындығы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. Алматы, 1999. - 25 б.

83. Жастар жастар туралы. (Құрастырған С. Әшімбаев). Алматы: Жалын, 1981. - 205 б. Беталыс. Жастар жастар туралы. (Құрастырған Б. Әлімжанов) Алматы: Жалын, 1984. - 160 б.

84. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. Алматы: Ғылым, 1973. - 286 б.
85. Ахметов З. Өлең-сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973. - 212 б.
86. Қаратаев М. Ізденіс іздері. Алматы: Жазушы, 1984-376 б.
87. Тәжібаев Ә. Ой мен сезім нақыштары. // Қазақ әдебиеті, 1979, 5 қаңтар.
88. Тәжібаев Ә. Фаризаны оқысам, қанаттанып каламын. // Жетісу, 1989, 23 желтоқсан.
89. Мүсірепов Ғ. Екі ауыз сөз. Кітапта: Ф. Оңғарсынова, Сұхбат: Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1983. - 184 б.
90. Нұрғалиев Р. Мінезді жырлар. Кітапта: Ф. Оңғарсынова. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2 том. Алматы: Жазушы, 1987. -368 б.
91. Жәмішев Ә. Кезең кестелері. Алматы: Жазушы, 1984. – 208 б.
92. Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. Алматы: Жалын. 1990. - 336 б.
93. Досанов С. Қазына. Алматы: Жазушы, 1987. - 328 б.
94. Күмісбаев Ө. Ортақ арна. Алматы: Жазушы, 1985. - 176 б.
95. Жұмабеков С. Сын пернесі. Алматы: Жазушы, 1989. -240 б.
96. Бөпежанова Ә. Өрнектер. Алматы: Жазушы, 1991. - 200 б.
97. Сейітов С. Өлең өлкесінде. Алматы: Жазушы, 1984-256 б.
98. Мәуленов С. Телтолқын. Алматы: Жалын, 1989. - 464 б.
99. Кекілбаев Ә. Биік маздар оның нұрлы жұлдызы. // Арай, 1989, №12, 9-12 б.б.
100. Оразалии Н. Уақыттай - тынымсыз, мазасыз. // "Лениншіл жас", 1979, 25 желтоқсан.
101. Ахметова К. Ақынсыз бір сәті, бір күні аңыз. // "Лениншіл жас", 1989, 22 желтоқсан.
102. Қалижанов У. Уақыт үндестігі. Кітапта: Уақыт және қаламгер. Алматы: Жазушы, 13-кітап. 1988. - 240 б.
103. Ақбаев Б. Ақынның азаматтық дауысы. // Жетісу, 1989, 23 желтоқсан.
104. Елубаев С. Я завидую вашему страданию. // Казахстанская правда, 1989, 23 желтоқсан.

105. Ақдәулетұлы М. Фариза: [Ақын Ф.Оңғарсынованың шығармашылығы жайлы] // Дәуір, 1995, 23 ақпан; Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір... // Қазақ әдебиеті, 1997, 4 наурыз.
106. Беркімбаева Ш. "Қыз-ғұмырды" жырлай берші, "Жыр-ғұмыр!" // Қазақ әдебиеті, 2000 ж. 21 қаңтар.
107. Ақүрпекова Г. Ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың табиғат лирикасы жайлы сыр // Қазақстан мұғалімі, 1995, 26 шілде; Табиғат жырлары тіл қатса... // Атамекен, 1996, 27 наурыз.
108. Белинский В.Г. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1987. - 352 б.
109. Добролюбов Н.А. Том I, М., 1934, 123-б.
110. Чернышевский Н.Г. Том III. М., 1947, 626-627 б.б.
111. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушылар: Ахметов З., Шаңбаев Т. Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
112. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі, 1995. - 272 б.
113. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. Алматы: Жазушы, 1988. - 152 б.
114. Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. Алматы: Жазушы, 1979. - 162 б.
115. Кәрібозұлы Б. Сырлы сөз сипаты. Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 281 б.
116. Шапаев Т. Қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасы. Кандидаттық диссертация. Алматы, 1994.
117. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1-том. Алматы: Жазушы, 1987. - 352 б.
118. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-том. Алматы: Жазушы, 1987. - 368 б.
119. Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. Алматы: Жазушы, 1972. - 184 б.
120. Белинский В. Таңдамалы шығармалары. Алматы: ҚМБ, 1948. - 216 б.
121. Мақыпұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. - 69 б.
122. Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. Алматы: Жалын, 1996. - 391б.

123. Оңғарсынова Ф. Шілде. Алматы: Жазушы, 1978. -320 б.
124. Бекетова Б. Жалғыздық: Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1994. - 160 б.
125. Өмірзақова Г. Жапырақ-ғұмыр: Өлеңдер. Алматы: Жалын, 1993. - 112 б.
126. Қарлығаш: Жас ақындардың жыр жинағы. Құрастырған: Дүйсенбаев Е.), Алматы: Жалын, 1995. - 336 б.
127. Оңғарсынова Ф. Қыз-тағдыр. Кітапта: Б. Бекетова. Жалғыздық: Өлеңдер. Алматы: Жалын, 1994. -160 б.
128. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері. Алматы: Жазушы, 1994. - 64 б.
129. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы: ҚМБ, 1959. - 556 б.
130. Макаренко А. Ата-аналар кітабы. Алматы: Мектеп, 1968. - 412 б.
131. Келімбетов Н. Қанафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. Алматы: Рауан, 1996. - 256 б.
132. Оңғарсынова Ф. Жүректер тілдескенде. Алматы: Жалын, 1990. - 344 б.
133. Шәмсәддин Хафиз. Ғәзалдар. Кітапта: Шығыс жұлдыздары. Алматы: Жазушы, 1973. - 240 б.
134. Негимов С. Бата сөз туралы. Кітапта: Ақ бата: Бата сөздер. Құрастырған: С .Негимов, Т. Қазіұлы, Алматы: Жазушы, 1992. - 208 б.
135. Бес ғасыр жырлайды. 1-том. Алматы: Жазушы 1989. -384 б.
136. Зар заман: Жыр-толғаулар. (Құрастырған: С. Дәуітов), Алматы: Жалын, 1993. - 176 б.
137. Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер. (XV-XVIII ғасырлардағы ақын, жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері). Алматы: Рауан, 1992. - 80 б.
138. Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз: Мақала, эссе, повестер. Алматы: Жазушы, 1990. - 336 б.
139. Өтемісов Махамбет. Жыр-семсер: Өлеңдер. (Құрастырған: Б. Аманшин). Алматы: Жазушы, 1979. - 136 б.
140. Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы такырып пен көркемдік шешім. Кітапта: Жанр сипаты. Алматы: Ғылым, 1971. – 271 б.

141. Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры. Кітапта: Махамбет. Ерулі атқа ер салмай. Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1974. - 144 б.
142. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1991. - 432 б.
143. Әл-Фараби Әбунасыр. Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1973.
144. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. Алматы: Қазақстан, 1994. - 208 б.
145. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. Алматы: Ғылым, 1994. - 280 б.
146. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. (Монография). Алматы: Санат, 1995. - 208 б.
147. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. Алматы, 1962. - 211б.
148. Ғабдуллин Н., Әдібаев Х. Толысу. Кітапта: Р. Нұрғалиев. Екі томдық шығармалар. Монография. II том. Алматы: Жазушы, 1991. - 576 б.
149. Дәдебаев Ж. Өлеңдегі сөз. Кітапта: Уақыт және қаламгер. Алматы: Жазушы, 11-кітапта, 1985. - 272 б.
150. Дүйсенов М. Азаматтық әуен. Кітапта: Уақыт және қаламгер. Алматы: Жазушы, 1974. - 324 б.
151. Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы. Бес томдық. Бірінші том. Алматы: Жазушы, 1978. - 752 б.
152. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Алматы: Жазушы, 1983. - 465 б.
153. Дүйсенов М., Ә. Тәжібаев творчествосындағы стильдік бірлік пен жанрлық қосалқылық. Кітапта: Стиль сыры. Алматы: Ғылым, 1974. - 336 б.
154. Серікқалиев З. Ойлар, толғаныстар. Алматы: Жазушы, 1967. - 188 б.
155. Ибрагимов Т. Өлең өрісі. Алматы: Жазушы, 1979. -208 б.
156. Абай. Қалың елім, қазағым: Шығармалары. Алматы: Жалын, 1995. - 384 б.
157. Жароков Т. Таңдамалы шығармалар. Төрт томдық. Екінші том. Алматы: Жазушы, 1973. - 424 б.
158. Әбдірахманова Т. Ақшам: Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жазушы, 1987. - 384 б.

Тест тапсырмалары

1. Әбунәсір әл-Фарабидың поэзия туралы еңбектерін тауып көрсетіңіз.

- А) «Философиялық трактат»
- В) «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат»
- С) «Логика»
- Д) «Ғылымды жіктеу және анықтау»
- Е) «Бақыттың жетістіктері»

2. Қазақ өлеңін тұңғыш ғылыми негізде қарастырған ғалым.

- А) әл-Фараби
- В) Ш.Уәлиханов
- С) А.Байтұрсынов
- Д) М.Дулатов
- Е) М.Әуезов

3. «Уақыт» (1908), «Қазақ» (1914) басылымдарында жарияланған Абайға арналған мақалалар авторы.

- А) Ж.Аймауытов
- В) М.Әуезов
- С) М.Дулатов
- Д) Ә.Бөкейханов
- Е) С.Торайғыров

4. «Бір даусыз шындық: қазіргі қазақ өлеңінің теориясы Ахаңсыз аттап баса алмайды» деген кім?

- А) М.Дулатов
- В) М.Жұмабаев
- С) Б.Кенжебаев
- Д) З.Қабдолов
- Е) Р.Нұрғали

5. 1920 – 1960 жылдар поэзиясының даму дәрежесін көрсететін зерттеу еңбек.

- А) «Әдебиет танытқыш»
- В) «Өлең һәм айтушылары»
- С) «Әдебиет тарихы»
- Д) «Өмір және поэзия»
- Е) «Өсу жолдарымыз»

6. Қазақ лирикасының даму тарихынан сыр шертетін көлемді зерттеу-монография.

- А) «Әдебиет тарихы»
- В) «Өмір және поэзия»
- С) «Әдебиет сыны»
- Д) «Қазақ өлеңі»
- Е) «Өлең өрісі»

7. Мағжан ақындығын алғаш тексерген жазушы.

- А) М.Әуезов
- В) С.Мұқанов
- С) Х.Досмұхамбетов
- Д) Ж.Аймауытов
- Е) Б.Майлин

8. Әдебиеттің 1920-30 жылдардағы дамуын көрсететін «Кер заманның кереғар ойлары» сын кітабының авторы.

- А) Ә.Бөкейханов
- В) З.Қабдолов
- С) З.Ахметов
- Д) З.Серікқалиев
- Е) Т.Кәкішев

9. Ұлы Абай мен Пушкин сабақтастығын қарастырған еңбек атауы.

- А) «Өсу жолдарымыз»
- В) «Әдебиет танытқыш»
- С) «Туған әдебиет туралы ойлар»
- Д) «Әр жылдар ойлары»
- Е) «Ақындар»

10. Абай поэзиясының тілінен үлкен еңбек жазған ғалым.

- А) М.Дүйсенов
- В) М.Жолдасбеков
- С) М.Әуезов
- Д) Қ.Жұмалиев
- Е) А.Байтұрсынов

11. «...қырғи тілді Асқар, сырлы сазды Сырбай, салқын ойлы Саин» сықылды сұрыптай талдау негізін қалаған әдебиетші ғалым.

- А) Ә.Тәжібаев
- В) М.Қаратаев
- С) Б.Кенжебаев
- Д) М.Дулатов
- Е) М.Әуезов

12. «Қазақтың Белинскийі» (З.Қабдолов) атанған ғалым-сыншы.

- А) Б.Кенжебаев
- В) М.Қаратаев
- С) М.Әуезов
- Д) Қ.Жұмалиев
- Е) С.Қирабаев

13. «Поэзиядағы азаматтық әуен» (1976), «Ақынның азаматтық тұлғасы» (1987) атты зерттеу мақалалардың авторы.

- А) Е.Ысмайылов
- В) Т.Нұртазин
- С) Ә.Шәріпов
- Д) С.Қирабаев
- Е) М.Мырзахметов

14. «...60-80 жылдар аралығы қазақ поэзиясының «алтын жиырма жылдығы» болды десек, артық айтқандық емес» деген пікірдің авторы кім?

- А) А.Егеубаев
- В) С.Дәуітов
- С) Т.Шапай
- Д) Б.Ыбырайым
- Е) М.Ысқақбай

15. «Жұмбақ жан» атты зерттеу кітаптың авторы.

- А) Т.Әлімқұлов
- В) Ж.Ысмағұлов
- С) Т.Ибрагимов
- Д) С.Әшімбаев

Е) Г.Смағұлова

16. Ф.Оңғарсынованың алғашқы кітабының атауы.

А) «Сұхбат»

В) «Шілде»

С) «Сандуғаш»

Д) «Сенің махаббатың»

Е) «Дауа»

17. Ф.Оңғарсынованың Мемлекеттік сыйлыққа ие болған кітабының атауы.

А) «Мазасыз шақ»

В) «Маңғыстау монологтары»

С) «Асау толқын»

Д) «Қыз-ғұмыр»

Е) «Жүрек күнделігі»

18. «Мен ақын Фаризаны бүгінгі поэзиямыздың ең жоғарғы сатысында тұрған замандастарыме қарайлас биікте көремін» деген кім?

А) Ғ.Мүсірепов

В) Ә.Тәжібаев

С) С.Сейітов

Д) Р.Нұрғалиев

Е) Ә.Кекілбаев

19. «Фаризаны оқыса қанаттанып қалатын» ақын кім?

А) С.Мәуленов

В) Ә.Тәжібаев

С) К.Ахметова

Д) А.Бақтыгереева

Е) М.Райымбеков

20. Ақын өлеңдерін «мінезді жырлар» атаған ғалым.

А) У.Қалижанов

В) С.Досанов

С) Ө.Күмісбаев

Д) Р.Нұрғали

Е) Ә.Шәріпов

21. Белинскийдің пайым-пікірі қайсысы?

- А) Толғау қысқа болуға тиіс.
- В) Поэзия-өнердің асыл тегі.
- С) Ақындар-жұртты қасиетті сезімдерге бастайды.
- Д) Өлең-деген әр сөздің ұнасымы.
- Е) Өлең-сөздің патшасы.

22. Н.А.Добролюбовтың поэзия туралы тұжырымы.

- А) Нағыз толғаулардың көбі-ақ 4-5 ауыз өлеңнен аспайды.
- В) Поэзия-әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы.
- С) Поэзияның шынайылық тұлғалары үш нәрсемен: парасатты ой (разум), жақсылық (добро), сұлулықпен (красота) айқындалады.

- Д) Лирика жансызға жан бітіретін құдіретімен күшті.
- Е) Лирикадан сезімнің отты нәзіктігі сезіліп тұруы керек.

23. А.Байтұрсыновтың лирика туралы қисыны.

- А) Поэзия-өнердің асыл тегі.
- В) Лирика жансызға жан бітіретін құдіретімен күшті.
- С) Нағыз толғаулардың көбі-ақ 4-5 ауыз өлеңнен аспайды.
- Д) Лирикадан сезімнің отты нәзіктігі сезіліп тұруы керек
- Е) Поэзия-әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы

25. «Менсіз» ақын оригиналды ақын бола алмайды. Кімнің пікірі?

- А) С.Мұқанов
- В) Ә.Тәжібаев
- С) В.Белинский
- Д) Н.Чернышевский
- Е) Л.Гинзбург

26. Фаризаның «Семсер мен қалқан» атты өлеңі кімге арналған?

- А) Мұқағалиға
- В) Абайға
- С) Әбділдаға
- Д) Жүмекенге
- Е) Хафизге

27. «Мен білетін Фариза – күрескер тұлға.., бүкіл шығармашылығымен адам бойындағы жағымсыз қылықтарға қарсы ымырасыз күрес жариялауы тегін емес» деген кім?

- А) С.Қирабаев
- В) М.Ысқақбай
- С) Т.Токбергенов
- Д) Ә.Жәмішев
- Е) С.Мақпырұлы

28. «Жыр – менің жалғыз тарланым, аялап өтер ардағым». Қай өлеңінен?

- А) «Өлең»
- В) «Ақын»
- С) «Ұнатып ем»
- Д) «Наз»
- Е) «Поэзия»

29. «Рас, Фаризаның өзін-өзі қайталауын, кейде тіпті көбірек қайталауын құптауға болмас та». Сынның егесі кім?

- А) М.Қаратаев
- В) С.Қирабаев
- С) Т.Токбергенов
- Д) Р.Нұрғали
- Е) С.Жұмабеков

30. «Ақынды зерттеу дегеніңіз оның шығармасымен шұқшия оқу арқылы танысу ғана емес, сонымен бірге, оның суреттегендерін өз басыңнан кеше білу». Пікір авторы?

- А) Чернышевский
- В) Добролюбов
- С) Эйхенбаум
- Д) Белинский
- Е) Брюсов

31. «Азаматтық-ақындықтың ең түп табиғаты. Азаматтық-өлеңнің, өнердің табиғи болмысы». Пайым иесі?

- А) Н.Ғабдуллин
- В) Ә.Кекілбаев
- С) М.Дүйсенов

Д) К.Сейдеханов

Е) Қ.Өмірәлиев

32. «...Олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы - өлеңдерімнің арқауы». Ақын қай кейіпкерін меңзеп отыр?

А) тарихи тұлғалар

В) өнер иелері

С) балалар

Д) би-шешендер

Е) әйелдер

33. Ақынның «Жыр анасы» аталған шығармасы кімге арналған?

А) З.Елғондиева

В) М.Хакімжанова

С) Т.Әбдірахманова

Д) М.Айтхожина

Е) Н.Құлжанова

34. Ақын өлеңіндегі б.з.д. VІІ-VІҒ.ғ. өмір сүрген грециялық әйел-кейіпкері.

А) Анжела

В) Вион

С) Сапфо

Д) Жанна Д Арк

Е) Тұмар

35. Ақынның іздену, үйрену мектебі болған дәстүр арнасы.

А) Орыс поэзиясы

В) Еуропа әдебиеті

С) Неміс поэзиясы

Д) Франциялық ағым

Е) Шығыс поэзиясы

36. Сөзімді ұғар елім жоқ

Моласындай бақсының

Жалғыз қалдым тап шыным!- сынды Абай элегиясымен ұштасатын өлең.

А) «Шарасыздық»

В) «Шындық»

- С) «Адам құны»
- Д) «Ойға шақыру»
- Е) «Қара өлең»

37. Жүрекке арнап сыр ағыту әдісін қолдануда Фаризаға үлгі болған ақын.

- А) Бұқар
- В) Махамбет
- С) Абай
- Д) Жамбыл
- Е) Кенен

38. Фаризаға мұң-шерін ақтарып өлең арнаған қазақ ақыны.

- А) Қадыр
- В) Тұманбай
- С) Жүмекен
- Д) Төлеген
- Е) Мұқағали

39. Бейнелеу құралының қай түріне жатады?

...Ілезде тынып айнала,
Сылқылдай күлді көк теңіз.

- А) Антоним
- В) Оксюморон
- С) Метафора
- Д) Кейіптеу
- Е) Теңеу

40. Бейнелеу құралын тап.

Қыз-көктем келіп,
Қызғалдақ қадап жүр белде.

- А) Гипербола
- В) Кейіптеу
- С) Синекдоха
- Д) Метонимия
- Е) Символ

41. Қаратпа өлең кімге арналған?

Пірі өзің өнер қуған бүкіл қыздың,
Сен-нүкте, қалғанымыз-үтірміз мың.

- А) Вион
- В) Сапфо
- С) Анжела
- Д) Мария
- Е) Томирис

42. Айналайын, Ақжайық!

Сұлулық тұнған ақ төсіңнен сенің ақ маржан болып жаралдым,

Аққуың болып тарандым.

Кімнің әдеби дәстүрінің ықпалы байқалады?

- А) Дулат
- В) Шәкәрім
- С) Махамбет
- Д) Абай
- Е) Мағжан

43. «Фариза не айтса да сурет тілімен, образбен айтуға ұмтылады, қарапайым жазады». Кімнің пікірі?

- А) Ы.Дүйсебаев
- В) Т.Нұртазин
- С) Б.Кенжебаев
- Д) Е.Ысмайылов
- Е) С.Қирабаев

44. Оркестр. Скрипка. Литавра. Тромбон. Гобой. Флейта. Кларнет. Бөлімдері осылай аталған өлеңдер циклі кімге арналған шығарма?

- А) Майра
- В) Дина
- С) Бибигүл
- Д) Ғазиза
- Е) Роза

45. Фариза суреткерлігін «Жыр дүлей» атаған сыншы.

- А) Т.Кәкішев
- В) С.Әшімбаев
- С) Т.Тоқбергенов

- Д) Б.Сарбалаев
- Е) Б.Ыбырайым

46. Ей, әлем! Құшағыңды аш, тербет жанын-
Келеді Қарасаздан дауыл балаң! Өлең кейіпкері кім?

- А) Тұманбай
- В) Сағи
- С) Темірхан
- Д) Кеңшілік
- Е) Мұқағали

47. Ей, ақындар, серілер!

Отырсыңдар ма, алқалы топта
Сөз маржандарын тізбектеп,

Бұл дүниенің мықтылары мына біз деп тек. Кімнің
монологы?

- А) Жантолының монологы
- В) Әйелдің монологы
- С) Бойжеткеннің сөзі
- Д) Жастық шақ монологы
- Е) Бақыттының монологы

48. «Шын ақын болсаң тартынба, найзағай болып
жарқылда» деп түсінде аян берген батыр бабасы кім?

- А) Райымбек
- В) Сырым
- С) Махамбет
- Д) Кенесары
- Е) Бөгенбай

49. Жұртың даңғой әм надан баяғыша,

Мәз болады бір-бірін жығып әлі. Кімге қарата айтылған?

- А) Абай
- В) Махамбет
- С) Хафиз
- Д) Омар Һәйям
- Е) Қаржау

50. Жақсы көрем, жек көрем,

Орташалар жоқ менде. Көріктеу құралының қай түрі қолданылған?

- А) Литота
- В) Метафора
- С) Антоним
- Д) Неологизм
- Е) Кейіптеу

51. Әлия мен Мәншүкке арналған өлеңдер циклі қалай аталады?

- А) «Тіршілік тыныстары»
- В) «Өмір жырлары»
- С) «Тыңдаңдар, тірі адамдар!»
- Д) «Дыбыстар әлемі»
- Е) «Сағыныш»

52. «Сын пернесі» кітабында Фариза поэзиясындағы метафоралық бейнелі сөздердің сан алуан тізбегін тізіп көрсеткен сыншы ғалым.

- А) І.Омаров
- В) Д.Қамзабек
- С) Т.Шапай
- Д) Б.Кәрібаева
- Е) С.Жұмабек

53. Сырнай мен домбыраның үні шықса.

Жүрегін бозбаланың жыр кернеді. Өлең кейіпкері?

- А) Бибігүл
- В) Роза
- С) Майра
- Д) Дина
- Е) Айбала

54. Ақынның Роза Бағылановаға арналған туындысы.

- А) «Назқоңыр»
- В) «Аңсау»
- С) «Қыз-ғұмыр»
- Д) «Сағыныш»
- Е) «Поэзия»

55. Жалқы Темірқазығым – Махамбет те,
Жыр – Шолпаным – өзіңсің көгімдегі! Ол кім?

- А) Майра
- В) Сара
- С) Айбала
- Д) Айша
- Е) Ғазиза

56. Жұлдыздай шашыраған қалың елім,
Қалың ел қашан көрер таң іреңін?
Жаншылу, бейнет көру, бірлік кету
Жанымды жейді осының бәрі менің
Фариза ақынның қай өлеңінін алынған үзінді?

- А) «Арман»
- В) «Шыдам»
- С) «Ақиқат»
- Д) «Парыз»
- Е) «Ақыл»

57. Фариза өлеңдеріндегі туған жер, Отанды құрметтеу және ондағы лирикалық кейіпкер бейнесінің болмысына назар аударған әдебиетші ғалым кім?

- А) З.Қабдолов
- В) С.Қирабаев
- С) М.Ысқақбай
- Д) С.Мақпырұлы
- Е) З.Ахметов

58. Ә.Тәжібаевтың «Ой мен сезім нақыштары» аталған мақаласы Фаризаның қай өлеңдер жинағына арналған?

- А) «Ақиқат»
- В) «Қыз-ғұмыр»
- С) «Жалқы мен тобыр»
- Д) «Аға рухымен сырласу»
- Е) «Шілде»

59. Абай игерген жүректің ақылмен, қайратпен айтысы тәрізді идеялық мұраттастығы Фаризаның қай туындысында кездеседі?

- А) «Ақиқат»
- В) «Ақыл»
- С) «Айтыс»
- Д) «Елес»
- Е) «Жаз»

60. Фаризаның Абай үлгісімен жазылған шығармасы

- А) «Жыл мезгілдері»
- В) «Қыз-ғұмыр»
- С) «Қуанышты мендегі»
- Д) «Арман»
- Е) «Парыз»

61. Лирик Ф.Оңғарсынованың әйел проблемасын қозғайтын күрделі де, көлемді туындысын көрсет.

- А) «Өсиет»
- В) «Күз»
- С) «Ақиқат»
- Д) «Шілде»
- Е) «Қыз-тағдыр»

62. Түнімен долы дауыл құрыстанған
Секілді арыстандай жыны ұстаған
Жамылып ақ көрпесін енді ғана
Маужырап байтақ дала тыныстанған
Келтірілген үзінді де құбылтудың қай түрі бар?

- А) антоним
- В) метафора
- С) шендестіру
- Д) кейіптеу
- Е) теңеу

63. «Сын пернесі» кітабында Фариза поэзиясындағы метафораның бейнелі сөздердің сан алуан тізбегін көрсеткен сыншы кім?

- А) Қ.Сыдықов
- В) С.Қирабаев
- С) С.Жұмабеков

- Д) Т.Шапаев
- Е) Ә.Жәмішев

64. Ф.Оңғарсынованың өлеңдер жинағын ата?

- А) «Мен саған ғашық емес ем»
- В) «Тыңдашы»
- С) «Сағыныш»
- Д) «Жыл жаңарды»
- Е) «Сені ойладым»

65. Деп келгенде. «жырыңмен» өшімізді ал!

Көрсете алмай қиналам тосын ызғар,
Жүрегіме еніп ап ойран салып,
Мені өлтіріп тынады-ау осы қыздар!
Қай өлеңінен алынған үзінді?

- А) «Қыз-тағдыр»
- В) «Сағыныш»
- С) «Қыз-ғұмыр»
- Д) «Парыз»
- Е) «Сенің махабатың»

66. Ф.Оңғарсынованың «Мен саған ғашық емес ем» өлеңдер жинағы қашан жарық көрді?

- А) 1995ж.
- В) 1998ж.
- С) 1997ж.
- Д) 1996ж.
- Е) 1999ж.

67. «Дауа», «Мазасыз шақ», «Сенің махаббатың» жыр кітабының авторы?

- А) М.Мақатаев
- В) А.Бақтыгереева
- С) Ф.Оңғарсынова
- Д) Қ.Мырзалиев
- Е) Т.Айбергенов

68. Ей, әлем! Құшағыңды аш, тербет жанын –
Келеді Қарасаздан дауыл балаң ! –
деген өлеңдерін Фариза ақын кімге арнаған ?

- А) Қ.Мырзалиев
- В) М.Шаханов
- С) Т.Айбергенов
- Д) М.Мақатаев
- Е) Ғ.Мүсірепов

69. «Қазақтың жігітенен дос таба алмай
Қыз да болсам өзіңе мұң шағамын»- деп қай ақын кімге
арнау жазған?

- А) М.Мақатаев Фаризаға
- В) М.Мұқатаев А.Бақтыгерееваға
- С) Т.Айбергенов А.Бақтыгерееваға
- Д) Қ.Мырзалиев Фаризаға
- Е) М.Шаханов Фаризаға

70. «Жүрегім - гүл», «Аяулым», «Сенің құрбың» өлеңдерінің
тақырыбы.

- А) Еңбек
- В) Отан
- С) Достық
- Д) Балалық шақ
- Е) Махаббат

71. «Мен үшін сонау алыстардағы емес ең,
Осыншама мені арман ғып келдің неге сен?»
деген үзінді ақының қай өлеңінен алынған?

- А) «Мен саған ғашық емес ем»
- В) «Мен өмірдегі сен деуші ем»
- С) «Бір сырымды айтам»
- Д) «Аяулым»
- Е) «Жүрші анам»

72. Фариза өлеңдеріндегі
«Қыз-көктем келіп, қызғалдақ қадап жүр белде» немесе
«Аспан-жасыл жайма, жұлдыз-ақық» деген жолдарда
қандай троп түрі кездеседі?

- А) Теңеу
- В) Кейіптеу
- С) Метафора

- Д) Метонимия
- Е) Синекдоха

73. «Өмірдің өзі-мұз айдын,
Тайғанап кетпе!» деген жолдар қай өлеңнен?

- А) «Майраның әндері»
- В) «Қараңғы түндердің шапағаты»
- С) «Қоңырқай бұлт»
- Д) «Менде бір толғаныс бар»
- Е) «Мұзайдындағы ой»

74. «Мұзайдындағы ой» өлеңі қай жылы жазылған?

- А) 1973ж.
- В) 1974ж.
- С) 1975ж.
- Д) 1976ж.
- Е) 1977ж.

75. Ф.Оңғарсынованың «Сенің махабатың» өлеңдер жинағы қай жылы жарық көрді?

- А) 1977ж.
- В) 1978ж.
- С) 1979ж.
- Д) 1976ж.
- Е) 1975ж.

76. Бірақ бізге бәрібір, жоқпыз мәңгі
Біздер үшін шуақ та, шоқ та ызғарлы
Сіздер ұғасыздар ма жоқ қыздарды
Жоқпыз мәңгі, жоқпыз мәңгі»
Үзінді қай өлеңнен алынған?

- А) «Майраның әндері»
- В) «Сараның жырлары»
- С) «Мұқағалиға арнау»
- Д) «Менде бір толғаныс бар»
- Е) «Әлия мен Мәншүк жыры»

77. «Сенің махабатың» жыр жинағында негізінен қандай тақырыптағы өлеңдер топтастырылған?

- А) «Әйелдер әлемі»

- В) «Махаббат туралы»
- С) «Отан»
- Д) «Еңбек сүйгіштік»
- Е) «Майраның әндері»

78. Ақынның «Сенің махаббатың» жыр кітабындағы «Дыбыстар әлемі» бөлімі кімге арналған?

- А) Махамбет
- В) Ғ.Жұбановаға
- С) Мұқағали
- Д) Сара
- Е) Майра

79. Ғалым-сыншы Т.Шапаевтың лирикалық кейіпкер туралы ойы?

- А) әнде кездеседі
- В) шындық
- С) көркем-бейне
- Д) ерекше дүние
- Е) сын

80. Лирик ақынға тән шабыт құбылысы қалай аталады?

- А) синекдоха
- В) ирония
- С) ерекше дүние
- Д) поэзия
- Е) эмоция

81. «Елді сүю - асыл азаматтардың абыройлы міндеті мен борышы» - деген ойды Фаризаның қай өлеңінен айқын аңғарамыз?

- А) «Жақсы өлең»
- В) «Махаббат туралы»
- С) «Дала жайында айтыс»
- Д) «Еңбек сүйгіштік»
- Е) «Ер жігіт»

82. «Поэзия - өзінді, өз құпиянды ашу, жария ету, Абай тілімен айтқанда сырыңды жұртқа жаю». Кімнің сөзі?

- А) Қ.Мырзалиев

- В) Ф.Оңғарсынова
- С) М.Ысқақбай
- Д) С.Қирабаев
- Е) Ғ.Мүсірепов

83. «Ала жағым кетсе де, айта жағым кетпесінді» аңғартатын өлеңі?

- А) «Өсиет»
- В) «Отан»
- С) «Алмас қылыш»
- Д) «Поэзия»
- Е) «Ер жігіт»

84. Фариза ақын кейіпкері өзін қай жердің бұлбұлына теңеген?

- А) Жетісу
- Б) Ақжайық
- С) Сыр бойы
- Д) Алатау
- Е) Алтай

85. Арнау өлеңде Фариза жалқы Темірқазағым - Махамбет десе, Жыр -Шолпаным - өзіңсің деп кімге айтқан ?

- А) Төлегенге
- В) Біржанға
- С) Бауыржанға
- Д) Махамбетке
- Е) Сараға

86. Кейде нәзік, кейде алау-шағыл қылық
жан-күйінді еріксіз бағындырып,
ғашық қылып, жасартып, сағындырып,
дүниені бір әсем күй басады,...

- деген жолдар Фаризаның қай өлеңінен алынған?

- А) «Поэзия»
- Б) «Жыр анасы»
- С) «Күй»
- Д) «Бибігүл-ән»
- Е) «Өмір жырлары»

87. Махаббатым –
Мөлдір әуен, сұлу саз көктемдерім,
Көктемдерім-өзіңнің өпкен демің!
Тірлік әні-нұры боп көрінсе күн,
Жүрегімнің жалқы әні өзің сенің!
Өлеңнің қай бөлімінен алынған үзінді?

- А) «Флейта»
- Б) «Оркестр»
- С) «Тромбен»
- Д) «Гобой»
- Е) «Скрипка»

88. Фаризаның қайраткер, композитор Ғазиза Ахметқызы Жұбанова туралы толғаныс-кантатасы қалай аталады?

- А) «Тыңдаңдар, тірі адамдар»
- Б) «Сағыныш»
- С) «Дыбыстар әлемі»
- Д) «Өмір жырлары»
- Е) «Тіршілік тыныстары»

89. Майдан. Атыс. Қантөгіс. Жалын. Азан.
Керзі етік пен сұр шинель мәлеңдеген
көтерген әрең денең
Сәби-найза ұшында, досың жанып...-
Кімнің атынан жазылған өлең?

- А) Махамбет
- Б) Әлия мен Мәншүк
- С) Төлеген мен Бауыржан
- Д) Қасым Қайсенов
- Е) Хиуаз Доспанова

90. Жалғыздың малы құралмай,
Шырқауға шалқып шыға алмай,
Жалғыздықпенен күн кешер,
Шыңдағы шынар ағаштай
Ұйқастың қандай түрі қолданылған?

- А) Егіз
- Б) Шалыс

- С) Шұбыртпалы
- Д) Қара өлең
- Е) Кезекті

91. «Жыр анасы» атты триптих кім жайлы?

- А) Сара
- Б) Бибігүл Төлегенова
- С) Бекзада Оразбекова
- Д) Майра
- Е) Мариям Хакімжанова

92. ...Сонда менің жүрегім дір етеді,
Көйлегімнің желбіреп гүл етегі,
Жүгіремін. Не пайда сен емессің...

.....
Фаризаның қай өлеңінен үзінді?

- А) «Сен келмегенде»
- Б) «Тыңдайды жүрек алқынып»
- С) «Телефоны құрғырың үндемейді»
- Д) «Сағыныш»
- Е) «Телефон шыр етеді?»

93. Сыбырлай сүйіп самал жел,
Толқытты жанды несіне?
Жұпарын шашып көгал, бел
Шақырды кімді төсіне?
Ұйқастың қай түрі?

- А) Кезектес
- Б) Шалыс
- С) Қара өлең
- Д) Ерікті
- Е) Шұбыртпалы

94. «Кейде нәзік кейде асау-шағыл қылық»

«Жақсылыққа жамандық жай шашады»

деген өлең жолдарында Фаризаның қандай шеберлігі байқалады?

- А) Антонимдік параллель
- Б) Теңеу

- С) Эпитет қолданған
- Д) Метафора
- Е) Интонация

95. Фаризаның әзіл өлеңі

- А) «Екі бөлме»
- Б) «Жағынымпаздарға»
- С) «О, дүние - ай»
- Д) «Сен мені күтпе»
- Е) «Ұрлық»

96. Бала күндер тақым салған тайға күрең,

Жүдеу кез наны тапшы, айраны кем...

Бұрылып қош айтысты Қарасазбен,

Аршалы сайларымен, Қайранымен . Кейіпкер кім?

- А) М.Әуезов
- Б) Ғ.Мүсірепов
- С) М.Мақатаев
- Д) Б.Төлегенова
- Е) Қ.Мырзалиев

97. Жетер жолда шырқау көк арманына,

Қырандардай қайырылмас жан қамына,

Керегіп жүр маған да басқа бір ән

Ұмтылыс пен от берер бар маңыма!

Қай өлеңнен үзінді?

- А) «Керегін жүр жаныма басқа бір ән»
- Б) «Шаршадым жүрегіме әлім келмей»
- С) «Еш нәрсеге, ешкімге алаңдамай»
- Д) «Жүректі қайрау»
- Е) «Мен сізді ұнатамын»

98. Қолында билік барларға

Жағынып жалпаң қаққандар,

Секіріп оттан ардан да

Биліксіздерді таптаңдар

Бұл өлеңді Фариза кімге арнаған?

- А) Шыншылдарға
- Б) Ұлтшылдарға

- С) Әкімдерге
- Д) Жағымпаздарға
- Е) Ақындарға

99. Фаризаны «Қызша киінген Махамбет» деп атаған кім?

- А) Ә.Кекілбаев
- В) А.Сүлейменов
- С) М.Ысқақбай
- Д) С.Жұмабек
- Е) Т.Шапай

100. Шешендігің не керек -

Сөз ұғатын елің жоқ.

Көсемдігің не керек -

Адамдарға сенім жоқ.

Өлеңнен кімнің әдеби дәстүрі аңғарылады?

- А) Дулат
- В) Мұрат
- С) Бұқар
- Д) Шортанбай
- Е) Махамбет



МАЗМҰНЫ

| | |
|---------------|---|
| АЛҒЫ СӨЗ..... | 3 |
|---------------|---|

Бірінші бөлім

ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ДАМУЫ ТАРИХЫНАН

| | |
|--|----|
| §1.Қазақ лирикасы отандық әдебиеттану аясында..... | 6 |
| §2.Қазақ лирикасы сын назарында..... | 18 |

Екінші бөлім

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫН ЗЕРТТЕУ, ТАНУ ЖАЙЫНАН

| | |
|-----------------------------------|----|
| §1.Талантымен танылған тұлға..... | 25 |
|-----------------------------------|----|

Үшінші бөлім

ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР ӘЛЕМІ

| | |
|--------------------------------------|----|
| §1.Лирика – әдебиеттің бір тегі..... | 32 |
| §2.Ақын және лирикалық кейіпкер..... | 35 |
| §3.Азаматтық әуен-жырлар..... | 47 |
| §4.Әйел-ана бейнесі..... | 56 |
| §5.Махаббат лирикасы..... | 70 |

Төртінші бөлім

КӨРКЕМДІК-ШЕБЕРЛІК ӨРНЕКТЕРІ

| | |
|--|-----|
| §1.Дәстүр мен жаңашылдық..... | 100 |
| §2.Ақын поэзиясының тілі, бейнелілік жүйесі..... | 139 |

| | |
|----------------|-----|
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 169 |
|----------------|-----|

| | |
|-------------------------------|-----|
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР..... | 180 |
|-------------------------------|-----|

| | |
|------------------------|-----|
| ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ..... | 189 |
|------------------------|-----|

Көлемі 13,3 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы.



«ШұғылаПринт» баспасы
Орал - 2019